



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана
2007

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед М., *төраға*
Досжан А., *төрағаның орынбасары*
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов С.
Аяған Б.
Әбусейітова М.
Әйтімова Б.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.
Базылхан Н.
Байпақов К.
Биекенов К.
Бурханов К.
Ертісбаев Е.
Кенжеғозин М.
Қасқабасов С.
Нысанбаев Ә.
Өмірбеков Б.
Салғара Қ.
Сариева Р.
Сейдімбек А.
Сұлтанов Қ.
Таймағамбетов Ж.
Тұяқбаева Б.
Хұсайынов К.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Батырлар жыры



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,
Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Қирабаев С.,
Алпысбаева Қ., Әлбеков Т.

Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:
филология ғылымдарының кандидаттары:

Алпысбаева Қ. (*жауапты шығарушы*), Қосан С., Тастанов Қ.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2007.
Т. 44: Батырлар жыры. — 2007. — 496 бет.

ISBN 9965-35-436-7

«Бабалар сөзі» сериясының 44-томына «Ер Тарғын» жырының үш нұсқасы, «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Сайын батыр», «Қисса-и Қарабек», «Қарабек батыр» атты батырлар жыры енді. Жырдың сюжеті ноғайлы кезеңінің тарихи оқиғаларын баяндайтын қазақ аңыздарына құрылған.

Б $\frac{4702250205}{00(05)-07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-436-7 (т. 44)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2007
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2007

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған қырық үш томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының он бір томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының рухани қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.

Оқырман назарына ұсынылып отырған аталған серияның кезекті 44-томы батырлар жырына арналды. Бұл томға «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Сайын батыр» және «Қарабек батыр» эпостары енгізілді.

«Ер Тарғын» жырының негізгі сюжетін қазақ халқының ұлттық қалыптасу кезеңінен маңызды орын алатын ноғайлы дәуірінің тарихи оқиғалары құрайды. Аталған эпостың бірнеше нұсқалары сақталған. Жырдың халық арасында кеңінен таралған көркем үлгілерінің бірі — Марабай нұсқасы екендігі мәлім. «Ер Тарғын» жырының осы вариантын орыс миссионері Н.Ильминский ХІХ ғасырдың 60-жылдарында жыршының өз аузынан жазып алып, оны 1862 жылы Қазандағы «Универ-

ситет» баспасынан жарыққа шығарған. Сол уақыттан бері «Ер Тарғын» жыры 20-ға жуық рет қайта басылым көрді. Бұлардың арасында эпостың Ә.Диваев, Қ.Иманов, Н.Нұрғалиұлы, З.Бекарыстанов, Н.Саркин т.б. нұсқалары бар. Аталған кісілердің бірқатары Марабай жырлаған нұсқаның ел аузындағы үлгілерін жинап, жариялаған болса, енді біреулері эпосты жаңарта, жаңғырта жырлап, жырдың мазмұнын байыта, дамыта түскенін көреміз. Ұсынылып отырған томға Марабайдың Қазанда жарияланған вариантынан өзге Оспан Қисықұлы және Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқалары кірді.



Жинаққа еніп отырған «Ер Көкше» жыры халық арасында ертеден мәлім. Бұл — «Қырымның қырық батыры» тәрізді желілі, ұзақ жырлардың қатарын құрайтын эпикалық туындылардың бірі. Әдеби қорда В.Радлов нұсқасынан басқа Мұрын жырау, Мәшһүр Жүсіп, Б.Сарманов жинаған жыр үлгілері сақталған. «Бабалар сөзі» сериясының бұл томына «Ер Көкше» эпосының ең көне басылымы ретінде В.Радлов нұсқасы еніп отыр. Сондай-ақ осы томға Көкше батырдың ұлы Ер Қосай туралы жырдың Асайын Хангелдин жинаған варианты ұсынылды. Мұның өзі — «Қырымның қырық батыры» цикліне кіретін жеке батырлардың «әулеттік» династиясын толықтыра түсетін көрнекті мысал. Эпостану тарихындағы Орақ — Қарасай, Шынтас — Төрехан, Едіге — Нұрадын, Қобыланды — Бөкенбай т.б. әкелі-балалы батырлар елдік, ерлік мұраты жалғастығының айқын айғағы.

Кезінде бір нұсқасын алаш ұстазы А.Байтұрсынов Мәскеуде жариялаған «Ер Сайын» жыры да осы жинаққа енді. Ол да қазақ жырауларының репертуарынан тұрақты орын алған, байтақ сахара жұрты сүйіп тыңдаған батырлық эпостардың бірінен саналады. Жырдың ел аузынан В.Радлов, А.Байтұрсынов, М.Көпеев, Р.Игнатьев, Қ.Иманов жинаған бірнеше нұсқалары ОҒК және ӘӨИ қолжазба қорларында сақталған. Осы жолы «Бабалар сөзі» сериясының 44-томына енгізіліп отырған «Ер Сайын» жырының мәтіні В.Радлов жинағы бойынша (1870 ж) өзірленді. Томға ұсынылып отырған тағы бір халықтық шығарма — «Қарабек батыр» жыры. Бұл да ноғайлы дәуірінде өткен тарихи кезеңдік оқиғаларды кең қамтитын көлемді эпостардың бірі. Жинаққа кірген эпостың екі нұсқасы да бұрын әлденеше рет жарық көрген, әйтсе де арнайы зерттеу нысанына

ілінбеген. Олардың алғашқысы 1882 жылы Қазанда башқұрт елінің азаматы Мәулекей Юмашев (Жұмашев) жариялаған нұсқа болса, екіншісін 1940 жылғы «Арал экспедициясы» кезінде осы өңірдің тумасы Жаңабержен Бітімбайұлы атты жыраудан фольклоршы Марат Ахметов жазып алғаны мәлім. «Қарабек батырдың» соңғы нұсқасы — көлемді әрі көркем, кестелі тілімен жырланған кәделі туынды. 6720 жолды құрайтын жырдың бұл вариантын «безендіруге» белгілі бір дәрежеде жыршының жақын туысы саналатын ірі эпик ақындарымыздың бірі — Нұртуған Кенжеғұлұлы да қатысуы мүмкін. Ең бастысы 44-томға еніп отырған «Қарабек батыр» жырының екі нұсқасы да қолжазба материалдарымен салыстырылып, толықтырылып берілді.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, қырық төртінші том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 31 б.т.



رتبه قهر زماننده مر طارغن دیکان باطر اوزی ننگ فرغر خلقتان کس
لتروب خانونه قلمستی بولوب قاچوبدی قاچوب کیلوبدی فرق سان تریب
رطبینه اول وقتنه فریمن فرق منک مسحبار ایدی فرق خای نار ایدی
دل فرق خان نینگ ارلکای آغجه خان دیکان ایدی صول خان ننگ قول
ستنه کیلوب کردی صونک ابل اراننده جوردی بز طالای زمان بولدی
بدان آیلار اوتدی هیچ بر کسبده موننگ باطر انکانون بلمادی ننگ
ناف بولدی جوردی اول وقتک فریم جورطننگ آرضی جاغندک برجای
راهدی اون صان اویدلوت طوغرضان طورغاوت دیکان ایکی خان ننگ
لی ایدی اولالای بولالای دیکان نوعابدا کوب باطرلار اونسده اولالای
الای ننگ ایلم بورون آلعاننداری حوق ایدی بول وقتنه آجماهان
ب ایتوب آططانندی مه منک جریک آسکر بولوب صول طارغن
طانغان آسکرلار منین برکا آططانوب کنتدی هیچ بر کسبده اوغان
ردیب آبتهایاف اول طارغن ننگ اول آسکر ننگ اجمده ایکن ناعبده
کم بلمادی بول اطانغان آسکر طورغاوتغه ماروب هندی بولار
ماروب



МƏТИНДЕР



Ер Тарғын

(Қазан басылымы, 1913)

Ерте заманда бір Тарғын деген батыр өзінің қазақ халқынан кісі өлтіріп, ханына қылмысты болып қашыпты. Қашып келіпті қырық сан Қырым жұртына. Ол уақытта Қырымда қырық мың мешіт бар еді, қырық ханы бар еді. Сол ханының үлкені Ақшахан деген еді. Сол ханның қол астына келіп кірді. Сонда ел арасында жүрді. Бірталай заман болды, айдан айлар өтті, хешбір кісі мұның батыр екенін білмеді, тек қонақ болды да жүрді. Ол уақытта Қырым жұртының арғы жағында бір жауы бар еді. Он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт деген ханның елі еді. Олалай, Бұлалай деген ноғайда көп батырлар өтсе де, Олалай, Бұлалайдың елін бұрын алғандары жоқ еді.

Бұл уақытта Ақшахан талап етіп аттанды, неше мың шерік әскер болып, сол Тарғын аттанған әскерлеріменен бірге аттанып кетті, хешбір кісі де оған жүр деп айтпай-ақ.

Ол Тарғынның ол әскердің ішінде екенін тағы да хешкім білмеді. Бұл аттанған әскер Торғауытқа барып жетті. Бұлар барып жеткен соң, Торғауыт халқынан шың қағылып, барабан соғылып, неше мың көп әскер жиылып, соғыс қылды. Жер жүзіне қан сел болды. Олай болса да, хешбір бұзып ала алмады. Алмаған себебі, қамалдың ішіне кіре алмады, сыртында тұрып ұрыс қылды. Ол уақытта Тарғын батыр ұрысқан жоқ еді, хешбіреуі де мұны танып, «соғысқа бар» деп айтпаған соң, енді Ақшахан көп кісілерін өлтіріп, Торғауытты ала алмай, кері жұртына қайтпақ болды.

Ақшахан жұртына қайтпақ болып тұрғанда:

Тарғын сынды батырың
Қайтарын жұрттың біледі,
Алладан пәрмен тіледі.
Құйысқанын қысқартып,

- Екі айылын бек тартып,
 Енді атына мінеді.
 «Өлгенім жақсы, Құда деп,
 Тоғыз сандай Торғауыт,
 Он сандай Оймауыт
- 10 Барабан соғып, шың қағып,
 Алдымнан әскер жүргізіп,
 Бұйым болды бұ да» деп,
 «Аллалап» батыр шабады.
 «Жалғыздың жары — Құда» деп,
 Сары ала туы салбырап,
 Шапты батыр тебініп,
 Жалмауыздай емініп.
 Сырттағы жүрген әскерге
 Қарамайды бұл батыр,
- 20 Ішкі қамалға кірді желігіп.

Бұл Тарғын қамалға кірген соң, Ақшаханның әскерлері бұның Тарғын екенін танымаса да:—Е, тәйірі біздің ноғайымыздың бір батыры ғой, — деп, соңынан олар да кірді. Сонан соң бұлар қамалды бұзып алады, көңілдері ашылды. Ақшахан қуанып еліне қайтты. Елге келген соң, таранып тыныштанып көңілі қош болған соң, тағында отырып Ақшахан үкім қылды:—Сол жауды бұзып алған батырды тауып маған алып келіңіз, — деп. Онан соң ол Тарғын батырды тауып, хан алдына алып келді. Хан оныменен көрісіп, жөнін сұрап:—Сен кімсің?— дейді. Тарғын айтты:—Мен қазақпын, — деді. Хан айтты:—Сен қазақ болсаң, біздің жұртымызға неге келдің, не жұмысқа келдің?— деп. Онда Тарғын айтады:—Мен ханымыздың бір жақсы бегін шаһид еттім, онан соң жұртым тынышсызданды, сол себептен сіздің қоластыңызға қашып келдім, — деді. Сонда хан айтты:—Сен кешегі жауды бұзған қайратыңды сені тынышсыздаған жұртыңа көрсетпедің бе?— дегенде, Тарғын айтады:—Нақақтан өз жұртымды жылатуға шариғат қоспайды, — деді.

Онан соң Ақшахан үкім жүргізіп, Тарғын батырды әскербасы қылды. Бұл батыр әскербасы болған соң, күні-түні жарақтанып, сақтанып жүрді. Ол уақытта Ақшаханның бір қызы бар еді.

Шашын дәндерменен тараған,
Бектер мінген бедеудей
Бауырынан жараған.
Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Бет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған
Жарма бидай ақ ұндай.
Қасы сарыжадай керілген,
30 Кірпігі оқтай тігілген,
Бұралып белі бүгілген,
Қараған кісі үңілген.
Қолаң шашты, қой көзді,
Әйелдегі бір сөзді —
Ақжүніс атты ару еді.

Бұ мәрттің мұндай батырлығын, ерлігін, қайратын қарауылшы құлдары, қарауылшы күндері Ақжүніс аруға түсіндіріп айтты. Ол бозжігіттің асылын, қайратын есіткен соң, төзіп тұра алмады, бір құлын шақыртып алып, құлына мың ділдө беріп айтты: — Ділдөні беріп, сенің тіліңді кескенім, — деді, — осында бір қырғыз жұртынан келген Тарғын дейтұғын бір батыр жігіт бар деп есіттім. Сол жігітті һешкімге білдірмей, маған шақырып алып келіп жолықтыр, егерде өзіңнен басқа кісіге білдірсең, сенің неше жеріңнен кесіп өлтіргенімді көр, — деді. Егер де алып келсең, кісі жатпастан бұрын менің мынау ашпалы алтын тереземнің тұсына алып кел! — деді.

Бұл құл Тарғынға барып жолығып, қыздың айтқан сәлемін айтып, алтын терезенің тұсына Тарғынды алып келді де, қызға хабар берді. Қыз терезеден Тарғынды үйіне кіргізіп алып, жөн-жосықтарын сұрасып, ас-су ішкізіп, ойнап-күлісіп алты-жеті сағаттай отырысты. Онан соң Тарғын қайтпақ болғанда, қыз Тарғынға айтты: — Осы жұртымызда сіздей ерлігі болмаса да, қырық сан Қырымның мырзасы бір Жалмамбет дейтұғын жігіт бар еді, мен сол жігітпенен ашына едім, сол жігітті өлтірдім. Өлтіргенімнің мәнісі — «бір бөтен жігіт екен» деп, білмей қате өлтірдім. Соның күйігінен ішер астан, ұйқыдан айрылып жатушы едім. Сол мырзаның қайғысы менен һәркез кетпес еді, бұл уақытта сізді естіп, біліп, шақыртып алып сіз-

бенен сөйлесіп, ойнап-күліп отырдым. Сізден басқа һешбір кісіменен Жалмамбет мырза өлгенінен бері сөйлескенім жоқ. Енді сіз арқылы мырзаның қайғысы менен көтерілсін, менен хабар болған уақытта менің жаныма келіп жүріңіз. Менің сізді шақырған лебізімді һәркез жерге тастамаңыз, — деді. — Бұ айтқан жарлығыңызды қабыл алдық, — деді де, Тарғын батыр қайтып кетті.

Һәр заман Ақжүніс бұ Тарғын батырды уақытыменен шақыртып алып жүрді. Бір замандар болғанда, бұ қызды бір ханның баласына айттыруға жаушы келді. Сонда Ақшахан қызына кісі жіберіп сұратты: — Мына айттыруға жаушы келіп жатыр, менен рұқсат, қызымның өзінің күйеуге барғысы келе ме екен, келмей ме екен? — деп білмек үшін. Сонда қызы айтты: — Әкем маған үш күн фұрсат берсін, — деді. Қыз бұл үш күн ішінде Тарғын батырды шақыртып алды да, Тарғынға айтты: — Мына мені бір хан баласына айттыруға жаушы келіп жатыр екен. Әкем мені ол ханның баласына бермекші болып, менен рұқсат сұрай, маған кісі жіберіпті. Мен ондай хан баласына таңсық емеспін, өзім де хан баласымын, сұлуға таңсық емеспін, өзім де сұлумын. Мен сондай кісіге барамын, кімнің бақыты зор болса, — дейді. Енді мені осындай кісіге қор қылғанша, егерде батыр екенің рас болса, сен мені ал да қаш, мен саған тиемін, сенен басқа һеш кісіге тимеймін, көңілім бек саған ауды. Егер де маған келмесең, мен шыдап тұра алмай, сенің қайғыңнан өлемін, — деді.

Онан Тарғын бұ қызды Ақшаханның «қанатты қара» дейтұғын бір жорғасына мінгізді де, алды да қашты. Үш күн кетті, үш күннен соң, хан қызының қарауылшы құлдары Ақшаханның бір қазысына барып хабар берді: — Солай ханның қызы Ақжүніс сұлу сарайында жоқ, қашып кетіпті. Білмейміз, кімменен қашқанын, — дейді. Онан қазы барып Ақшаханға хабар беріп еді. Хан айтты: — Ол жалғыз қашқан жоқ шығар, бір жігітпенен қашқан-ды, жігіттерді түгендеңіз, — деді. Жігіттерді түгендеп қараса, Тарғын батыр жоқ болды. Сонан соң ханға хабар берді. «Солай, Тарғын батыр жоқ», — деп. Сонда хан айтты: — Мұнда оның ру-туғаны жоқ, өз жұртынан қашып келген жігіт еді. Ол жоқ болса, алып қашып кеткен-ді, — деді. Онан соң өзіне қараған бүгін ел-жұртын жиды да, һүкім айтты: — Мен бұ қызымның ол қазақпен кеткеніне риза емеспін, ол қара кісі

еді, қызым кетсе керек еді хан баласыменен, сүйек қорлап қара кісіменен кетті, сол қызымды кім қуып жетіп айырса, сол кісі алсын!

Құй, бай болсын, құй, ол жарлы болсын, құй, жас болсын, құй, қарт болсын, тек кім айырса, сол алсын, егерде қуып жетіп өлтірсе, құны жоқ болсын. Тек Тарғыннан айырыңыз да, өзіңіз алыңыз, — деді. Оның үшін қызыма бек қатты көңілім қалып өкпеледім, соның үшін айтамын, — деді.

Хан солай деген соң, жұрт құды, бір мырза екі атпенен, бір мырза үш атпенен, тапқан кісі атын жетелей берді, бір атым болдырса да, бір атпенен қуып жетермін деп, әскер былай далаға шыққан соң жиылып кеңесті: — Біз мұны қусақ та, ол бізге бермес, оны ала алмаспыз, — деп, егер де қаһары келсе, біздерге қырғын таптырар, — деді де, жұрт қорқып, құмай үйлеріне қайтты. Сол қуарға шыққан кісілердің ішінде алпыс беске келген бір қарт кісі бар еді, бір-ақ сол қайтпай қалды: — Мен үйден бір қуамын деп шыққан соң, құмай үйге қайтып барғаным да өлім, қуып барып өлгенім де бір өлім, мен қайтпаймын, қуамын, қазам жетсе өлермін, шамам келсе, ол қызды алармын, — деді де, қуып кетті. Бұл қуып жетіп келе жатқанда, кетіп бара жатқан Тарғынның астындағы Тарлан аты пысқырды. Ол ат артынан бір жау келе жатқанда пысқыратын еді. Тарғын аты пысқырған соң, артына қараса, артында бір жалғыз кісі келеді екен.

Сонда Тарғын сөйледі,
Сөйлегенде не дейді:
— Ақжүністей жолдасым,
Қыз да болсаң мұңдасым,
40 Қолаң шашты, қой көзді,
Әйелде ару сен едің.
Аш арыстан жүректі,
Палуан жолбарыс білекті,
Жігіттің мәрті мен едім.
Құдыреті күшті Құдайым,
Сындырмағай белімді,
Тарылтпағай жерімді.
Не дей заман білмеймін,
Арт жағыма қарасам,
50 Қайнаған қара ол бұлттай,

- Қайнап біткен болаттай,
Тұлғасына қарасам,
Сайдан шыққан құла аттай,
Қабағы тастай түйілген,
Лашын құстай шүйілген,
Жеңсіз берен киінген
Жалғыз қара көрінді.
Енді жүрсем, қашты дер,
Әруағым менің басты дер,
60 Менен қорқып састы дер.
Ажалым болса бұ жерден,
Жемей қоймас жебір жер,
Кіргізбей қоймас қазған көр.
Толғана мойнын бұрады,
Ақжүніспенен екеуі
Аз өңгіме құрады.
Жалғыз қара келгенше,
Қашатұғын қатын ба,
Қасқайып қарап тұрады.
70 Ертеңнен шапса, кешке озған,
Блдидан салса, түске озған,
Томаға көзді қасқа азбан.
Біткен сүйек дулантип,
Саурысын бедеу сылантип,
Дауылдай жалы суылдап,
Құйрығы құйындайын шуылдап,
Теріскейден төмен желеді.
Ақжүніс пен Тарғынды
Көріп көңілін бөледі.
80 Алпыс бесте жасы бар,
Қорқатұғын ер емес,
Салып жетіп келеді.
Келді, Тарғын көреді,
Бұ да өзіндей ер еді.
Қарсы алдынан қараса,
Алпыстан асқан ағасы,
Ақ сақалды бабасы.
«Жасы үлкен ағам, — деп,
Ақ сақалды бабам», — деп,

- 90 Тарғындайын еріңіз
Өлгі келген қартыңа
Иіліп сәлем береді.
Қарсы алдынан қараса,
Омырауы даладай.
Әлпетіне қараса,
Тамнан соққан моладай.
Ердің берген сәлемін
Жақсы құптап алады.
Енді Тарғын сөйлейді:
- 100 — Батыр, сынап жүрмісің,
Тамам таудың арасын?
Аруағыңды байқасам,
Қаптаған қардай борайсың.
Көк бүркіттей түйіліп,
Лашын құстай шүйіліп,
Қай сапарға барасың?
Сонда қартың сөйлейді:
— Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
- 110 Ажары сұлу көркем-ді,
Қыз да болса серкем-ді,
Ақжүністей аруды
Алып қашып барасың!
Беліме семсер ілемін,
Жазығым қарттау болмаса,
Бір Тәңірден тілеген,
Қазам жетсе өлемін.
Егер қазам жетпесе,
Қасыңдағы Жүністі
- 120 Айырып ала кетемін.
Сонда Тарғын сөйлейді:
— Асу-асу бел едің,
Асудан соққан жел едің,
Жолдасымды бергендей
Қай батырдан кем едім?!
Менен қызды алғандай,
Өзің қандай, мен қандай,
Айтшы жөніңді, кім едің?!

- Сонда қартың сөйлейді:
130 — Мен, мен-дүрмін, мен-дүрмін.
Мен де өзіндей кен-дүрмін.
Менің жөнім сұрасаң,
Қырық сан қырым елінде,
Асыл жауһар белінде
Арғы атам — Ер Күлік,
Өзімнің әкем — Қоянақ,
Мен — Қоянақ ұлы Қарт Қожақ.
Оза шауып олжа алған,
Таласты жерде жүлде алған,
140 Жасанған, жауға қол салған,
Ортадан ойып жол салған
Қарт Қожақ деген ер едім.
— Өзің үлкен данасың,
Өрттей қаулап жанасың.
Ерлігіңнен мінің жоқ,
Ер де болсаң бұл қызды
Нағылып менен аласың?!
Сонда Қожақ сөйледі:
— Алла тізгін оңдаса,
150 Көк сүңгіні салармын.
Балдағы алтын ақ берен
Қызыл қанға малармын.
Тәңірі тізгін оңдаса,
Не көрмеген бейбақпын,
Ер де болсаң алармын.
Жер жазығы төмен-ді,
Сені қорқақ демен-ді.
Әуелгі кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі,
160 Қалаған жерден атамын.
Айтпай туған ер болсаң,
Кезегімді бер енді.
Сонда Тарғын сөйлейді,
Толғай мойнын бұрады,
Әңгіме-дүкен құрады.
Бұл жанынан қорқар ер емес,
«Кезегін баба алсын» деп,

Қарт қояндай қасқарып,
Қарсы қарай тұрады,
170 Шошынып тізгін жимады.
Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды.
Жау жағадан алған соң,
Беренге батыр симады.
Бұ сықылды батырды
Қарт Қожақтай еріңіз
Атарына қимады.
Әруақты туған ер дағы
Тарғынды Қожақ сыйлады.

Тарғын бұ Қарт Қожаққа кезек беріп, «атсаң ат» деп, қарсы қарап тұрып еді, Қожақ мұны сыйлап атарға қимайды: — Не үшін десеңіз, мен алпыс беске келген, сақалым қуарған бір қарт шалмын. Қой, жас болса да қасындағы Ақжүністей сұлуды қиып, һәм өзінің жанын қиып, маған қарсы тұрды, бұл бек батыр екен, мұның өзін де атпайын, атын да атпайын, тек мұның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын жалғыз доғал оқпенен атып уатайын, соныменен өзімнің оны аяп атпағанымды білдірейін. Сонан бұл ақылды болса, ойлап білер де, қызды маған тастар да жүре берер, — деп, бір жалғыз доғал оқпенен салып қалғанда, Тарғынның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын шіл пара қылып, уатып кетті. Сонан соң Тарғын «кезегің болды ма?» деп, қылышын суырып Қожаққа дүрсе қоя берді. Қожақ айтты: — Тоқта! Менің кезегім біткен жоқ, — деді, — мен сені аяғаннан өзіңді атпай оғыңды атып едім, өзімнің ерлігімді білдірмек үшін. Егерде ақылы болса, менім аяғанымды білер де, қызды тастар да, жүре берер, — деп. Сен менің аяғанымды білмедің, ендеше барып тұр! Жаңадан өзіңді тура атамын, — деді.

Сонда Тарғын ойлады: «Мұның мұнысы рас екен. Бұл ғой менің өзімді байлап атса, таудай өзіме, таудай атыма тигізбей ме? Аяғаны рас екен, мен мұның қадірін білейін», — деді де, қызды тастады да жүре берді. Сонан Қожақ қыздың қасына келіп еді, қыз атынан түсіп, киімін басына бүркенді де жылай берді. Сонда Қожақ айтты: — Сен неге жылайсың, сен мені қарт деп жылаймысың, жә болмаса жаман деп жылаймысың? Әкеңнің айтқан уәдесі бар. Кім қызымды қуып жетіп айырса,

сол өзі алсын. Егерде өлтірсе де, құны жоқ деген, көп жылай берсең, басыңды қылышпенен кесіп жүре берермін, — деді. Қарт та болсам, мен жек көретұғын қарт емеспін, һешкімнен де кем емеспін. Сен бүйтіп жылай бергенше, тұр, жылама! Басыңдағы бүркенгенің [ді] ал, өзіңді маған көрсет. Басыңды да, қасыңды да, бойыңды да, қабағыңды да, жарасаң аламын, егер де бір жерің жарамаса да алмаймын, — деді. Сонда қыз толғап айтады:

- 180 — Ей, қарт Қожақ, қарт Қожақ!
 Атыңның басын тарт, Қожақ!
 Менің немді сұрайсың?
 Бұқар барсаң, қолаң бар,
 Қолаңды көр де, шашым көр!
 Зергер барсаң, қасында
 Алтыннан соққан түйме бар,
 Түймені көр де, басым көр.
 Молдаға барсаң, қасында
 Қиюлы жатқан қалам бар,
 190 Қаламды көр де, қасым көр!
 Емран барсаң, пісте бар,
 Пістені көр де, мұрным көр!
 Һәр шаһарға қарасаң,
 Құрулы тұрған күзгі бар,
 Күзгіні көр де, көзім көр.
 Самарқан барсаң, сандал бар,
 Сандалды көр де, тісім көр!
 Ұсталарға барсаң, қасында
 Тартулы жатқан сымдар бар,
 200 Сымды көр де, қолым көр!
 Тоғайға барсаң, тоғайда
 Домаланған қоян бар,
 Қоянды көр де, жоным көр!
 Қара жерге қар жауар,
 Қарды көр де, етім көр!
 Қар үстіне қан тамар,
 Қанды көр де, бетім көр!
 Мен Қырымның ішінде
 Ақшаханың қызы едім,

- 210 Ата менен анамның
Асыранды қазы едім.
Қойда бағлан қозы едім,
Жылқыда шаңқан боз едім.
Қытай менен Қырымнан
Тамам жақсы жиылса,
Аузындағы сөзі едім,
Менің немді сұрайсың?
Бұл уақыт болғанда,
Бұ заманның шағында,
- 220 Жылап тұрған көзім бар,
Жалынып тұрған сөзім бар,
Өксіп тұрған жасым бар,
Әуре болған басым бар.
Алғанымнан айырма,
Мені өзіңе қайырма!
Батыр Қожақпын десең,
Біз сықылды бейшара
Жылап тілек еткен соң,
Тілекті бермес болар ма,
- 230 Сіз сықылды асылдар!
Бес жасыңда Қарт Қожақ
Жас шыбықтан жай тарттың,
Жалғыз шиден оқ аттың,
Атқан оғың жоғалттың,
Көне шыққан мүйізің?!
Он жасқа келгенде,
Қызыл-жасыл киініп,
Қынай белің буынып,
Қызбалықты көрініп,
- 240 Бала болдың бір кезек,
Қане, шыққан мүйізің?!
Жиырма беске келгенде,
Ақ балтырың түрініп,
Оймақтай аузың бүріліп,
Қарт бурадай қамданып,
Қас батырдай шамданып,
Сыртыңнан дұшпан сөз айтса,
Шыныңменен арланып,

- Қызды бақтың бір кезек,
250 Қане, шыққан мүйізің?
Отыз беске келгенде,
Қоңыраулы найза қолға алдың,
Қоңыр салқын төске алдың,
Жауды көрсең, шүйілдің,
Жеңсіз берен киіндің,
Көк серек атты борбайлап,
Қамалды бұздың айғайлап,
Қане, шыққан мүйізің?!
Қырық бес жасқа келгенде,
260 Қырым деген шәһардың
Жел жағына қаласың,
Ық жағына панасың.
Қырдан қиқу төгілсе,
Елге таман үңілсе,
Мың кісіге бір өзің
Сұспай жалғыз барасың,
Қане, шыққан мүйізің?!
Елу беске келгенде,
Топқа бардың бой түзеп,
270 Дауға бардың тіл безеп,
Билік сұрадың бір кезек,
Қане, шыққан мүйізің?!
Алпыс беске келгенде,
Сақал-мұртың қуарып,
Бойға біткен тамырдың
Бәрі бірдей суалып,
Алайын деп тұрмысың,
Мені көріп қуанып?!
Өлтірсең де тимеймін,
280 Теңдік берсең, сүймеймін.
Бұрын батыр болсаң да,
Сенің басың бұ күнде
Жерде жатқан қу тезек!

Сонда Қожақ ойлады: «Бү ғой менің бес жасымнан елу бес жасыма келгенше, менің не қылғанымның бәрін де тапты. Енді тап менің өзімнің қасымда жүргендей асылзада патшаның ба-

ласы тағы енді менің бұ елу бес жасыма шейін не қылғанымды тапқанда, алпыс жасымдағымды таппай ма? Мұны мен алсам, обалына қалады екенмін», — деді. «Енді бұ асылзаданың баласының тапқан сөзін таппады демейін, мұны өзінің сүйгеніне қосайын!», — деді де, Тарғын батырға қосты да қоя берді. — Барыңыз, менен озған дәурен екеуіңізге құтты болсын! — деп.

Тарғын ол қызды алып, сол кеткеннен кетіп, Еділдегі Орманбеттің он сан ноғайына барды. Он сан ноғайдың он ханы бар еді, сол он ханның ішінде бір Ханзада деген ханы бар еді. Сол ханның қол астына барып бір бидің үйіне қонып еді. Би мұнан сұрады: — Сіздің асылыңыз кімнен? — деді. Тарғын айтты: — Біздің асылымыз қазақтан, — деді. Әмә, бұ уақытта асылым қазақтан болса да, Қырым жұртына жақынбыз, — деп. — Олай болса сіздің атыңыз кім? — деді. Сонда Тарғын айтты: — Менім атым — Тарғын, — деді. Ол би айтты: — Қасыңдағы жолдасың кім? — деді. Тарғын айтты: — Жолдасым — Ақшаханның қызы Ақжүніс сұлу, — деді. Бек айтты: — Ақшахан патшаның қызы Ақжүніс сұлу бұ болса, сахараға шығып, жұрт асып жүргені не себептен? — деді. Сонда Тарғын айтты: — Мен алып қашып жүрмін, — деді. Онда бек айтты: — Ақжүністей сұлуды алып қашып жүретұғын сен қай Тарғынсың? — деді. Онда Тарғын айтты: — Олалай ханның Торғауыт деген жұртын харап еткенмін, — деді. Енді бек бұларды бегрек те сыйлады. Сыйлаған себебі, мұның ерлігін есіткені бар еді, соның үшін сыйлады. Онан соң бұл бек Ханзада ханға барып мағлұм қылды. Хан есіткеннен соң, Тарғын менен Ақжүністі шақыртып алып, бір алтын сарайдың ішіне кіргізді де, хан бекке айтты: — Бұл батыр Ақжүністің қасында он күн, он бес күн отырған соң, жұртын, тағы батырларын, мырзаларын, шораларын сағынар, онан соң бұ дертті болар, іші шерлі болар. Бұл батырға менім қоластымдағы батырларымды, шораларымды, аралатып көрсетіп, үйір қыл! Сүйтіп аралатып болған соң, Ақжүністің қасына алып кел, сонан соң ол мұндағы жақсыларды көріп, таныс болған соң, өз жұртын сағынбас, — деді. Сонан соң бұ бек ханның жарлығы бойынша Тарғын батырды жұртын аралатып, жақсыларын көрсетіп таныс қылып, ханға алып келді де, үйіне кіргізді. Бұ Тарғын батыр жұртты аралап, қайтып келген соң, барша Ханзада ханның батырлары, мырзалары, жақсылары жиылып хандарына келіп, ханменен мәслихаттасып, сөйлесіп, Тарғынның

ерлігін, батырлығын ханнан сұрап білді. Сонда барша жиылып отырған мырзалар, билер айтты:— Бұ Тарғын батыр болса, біздер оны бек құрметтеп сыйладық, сіздің жарлығыңыз жерде қалмасын», — деп. Тағы да ханнан өтінді:— Бұ Тарғын батыр болса, біз мұны Шаған деген судың бойындағы қалмаққа жұмсалық, ол қалмақты Шағанның бойынан ығыстырып, бізге жерін тартып алып берсін, — деді.

Сонда хан Тарғынды шақыртып алып айтты:— Сен өз жұртыңнан қашып Қырым жұртына бардың. Ол Қырым жұртының Олалай, Бұлалай деген жауын алып бердің. Һәм сен біздің қоластымызға келген соң, мынау Еділден шыққан Шаған дейтұғын судың бойындағы қыл жалаулы көп қалмақты ығыстырып, солардың жерін біздерге тартып алып бер, — деді. Сонда Тарғын:— Бөлі, бас тақсыр, жарар, — деді— Алла тілесе, бірақ менің қасыма үш кісі жолдас беріңіз! — деді. Хан айтты:— Кімдерді аларсың? — деді. Тарғын айтты:— Бізге беріңіз Қарасайұлы Көбенді, Алшағырұлы Тегенді, Өмірұлы Себенді. Сол үшеуімен барып қарармыз, бізге айтқан жарлығыңыз жерде қалмас, — деді де, үш кісі жолдасын алып, Тарғын батыр қалмаққа барып жетіп, қалмақты Шағанның басына қарай бастырды. Қалмақтың әруағы қашып, бұларменен босқын тауып, ұрыса алмады. Қалмақты Шағанның басындағы белден асырды, қонысы [н] адыра қалдырды, сонан соң бұ батырдың көңілі бұзылып Шағанның басындағы белдің үстіне бір жалғыз біткен емен бар еді, сол еменнің басына барып шықты, егерде қалмақтың бізбенен ұрысарға ойлары болса, әскер жиғанда соны қарайын деп. Сол еменнің басында бір жалғыз-ақ көлденең біткен бұтағы бар еді, сол бұтағына атша мініп отырса, ол бұтақтың түбі шіріген екен, бұтақ сынып жерге түсті, Һәм Тарғын да бірге түсті. Тарғынның сонда бел омыртқасы буынынан шығып кетті. Сонда қасындағы үш жолдасы өздерінің найзаларын төрт бұрышты қылып қиындастырып, Тарғынның найзасының төртбұрышына екі аяғын, екі қолын байлап алдарына өңгеріп, екі айда Ханзада ханға алып келді. Ханзада бұл батырды неше кіре бақтырып қараса да, һешбір жазыла алмады. Жатқан орнынан қозғала алмады. Ол уақытта бұ Ханзада ханның елі Бұлғыр тау дейтұғын таудың ішін жайлайтұғын еді. Бұл Бұлғыр таудың ішінде алты бұлағы бар еді. Бұ Бұлғыр таудан ханның елі көшті де, баяғы қалмақтың жайлауы Шағанға

барып қонды. «Тарғынды Шағанның бойына барып қонған соң, қайтып келіп алармыз» деп, Ақжүніс сұлуды, Тарғынды Тарлан атыменен, атын арқандап жұртқа тастап кетті, алты-жеті күндік азығыменен. Бұл тастап кеткен азығы таусылды. Ханзададан һешбір кісі келмей, Тарғын менен Ақжүністің азығы жоқ, арқандаулы тұрған Тарлан атты бағатұғын кісі жоқ, бұлар аштан өлмекші болып өлім халіне жетті. Сол уақытта Тарғынға қайғы түсті. Мұның Қырым жұртында қырық құрдасы бар еді. Һәм бірнеше мырзалары бар еді. «Олардың қасында болсам, мұндай пәлеге ұшырамас едім, — деп, — менің бір қызға бола, өз жұртымнан айрылып, бұл жұртта жатқаным қате екен», — деп сөйлеп жылайды, жылайды да толғайды:

- Бұлғыр, Бұлғыр, Бұлғыр тау,
Бұлдырап тұрған құрғыр тау.
Қаптай қонар елім жоқ,
Елім, күнім кәрі боз.
Сөйлесетұғын тілің жоқ,
Ел таптырар ма екенсің?
- 290 Арысаң да, жануар,
Көрсетер едің бір қара,
Саған мінер белім жоқ,
Белге қылар емім жоқ.
Бұл шамаға келгенде,
Ажалым аштан болды ма,
Ауызға жеуге жемім жоқ?
Егер өлсем бұл жерде,
Сүйегімді ұстар теңім жоқ!
Көк шалғынның үстінде
- 300 Көгөріп келіп жатырмын,
Үстіме киер кебін жоқ!
Еңіреп жүрген ер едім
Қаптаған қара борандай
Өткені ме дүние боқ?!
Ащылы тоғай Алабас,
Ақ сары алдым Бозағаш,
Алтынды сарай, қара шаш.
Алабастан боран бораса,
Бозағаштан борамас.

- 310 Тұлпардан туған талаудың
Артынан телміріп қиқу таянса,
Қара терге боялса,
Алдынан найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтаңдап,
Жануар түсер жерін қарамас.
Қапыда өткен дүние-ай,
Тұяғына айдай таға қақтырып,
Еділдің күзгі қатқан көкше мұзында
Шауып кетсем тая алмас.
- 320 Қарындасы кімнің бар болса,
Жамандық жер кез келсе,
Көкіректегі жанын аямас.
Жаттың жаман болмағы,
Жамандық жер кез келсе,
Ат саурысын бір берсе,
Қайырылуға жарамас.
Шағанның бойын шаңдатып,
Кешегі кеткен ит ноғай
Жұртына тірі тастап кеткені,
- 330 Есімнен қалмас бүйткені!
Ақжүністей аруым,
Болғаным мұнан да
Ит тигендей арам ас.

Көк көгершін, көгершін,
Көк кештер ұшар жем үшін.
Баданамды баса бөктеріп,
Қасыма жаттан жолдас ертіп,
Күн-түн қатып жортқанмын.
Атаңа некес қалмақтың

- 340 Жайлау, қыстау жері үшін,
Еділден шыққан ен Шаған
Қалмақтан ноғайға тартып әпердім,
Атамнан арыстан туған ер үшін.
Атаңа нәлет, ноғай-ай,
Елемеді өзімді,
Сыйламады сөзімді.
Жаудыратып көзімді,

- Тастап кетті жұртына
Бір мәрттіккен бел үшін.
- 350 Қапыда өткен, дүние-ай,
«Тарғын, Тарғын» дейтұғын,
Қолынан сарқыт жейтұғын,
Жамандық жер кез келсе,
Қайрылмай кетпен дейтұғын
Қарасайұлы Көбенді,
Алшағырұлы Себенді,
Бірге жортқан жолдасым,
Бейілі жаман оңбасын!
Осындай қиын жерлерде
- 360 Келмей кетті не үшін?!
Аяукенің ауыр қол
Алты күндей атысып,
Қара қанға батысып,
Бәрін бірдей қырғанда,
Саяға шығып тұрғанда,
Балалы марал келгенде
Қоянақұлы Қарт Қожақ
Баласын байлай атқанда,
Атқанына жығылмай баласы,
- 370 Ақсай басып өткенде,
Біздің деңге жеткенде,
Тарғын созып тартқанда,
Атқан оғы маралдың
Атасының қос жауырынынан өткенде,
Иегін сүйей жатқанда,
Қасымдағы қырық жігіт
Суыра алмады оғымды —
Тасқа кірген тартқанда!
Қайда өткен, дүние-ай,
- 380 Басымнан дәулеттің құсы ұшты ма,
Фәлактің қайғысы мұндай қысты ма?!
Ішім оттай жанады,
Жалыны жүрегімді шалады,
Бұ істерді айтқанда.
Дін көуірге болмаған,
Оған тиген оңбаған.

- Азау деген аз қала —
Алпыс атын бақтырған,
Үлкені һәр не қылса жақтырған.
- 390 Ақ Сыбанның баласы
Ақ айуанды жүһүттың
Алпыс атын алған мен едім!
Сол сапардан үйге қайтқанда,
Балтаға бардым тал үшін,
Талды кестім сал үшін.
Айналасы алты айшылық Еділге
Тарланды талай-талай салғанмын.
Еділдің арғы жағында
Атаңа нәлет қалмақтың
- 400 Сыңсып жатқан малы үшін,
Аттанбадым олжа үшін.
Аттанғанмын көүірге
Атамның ежелден
Ескі кегі бар үшін.
Қолаң шашты, қой көзді,
Қастауыш қасты Ақжүніс,
Айттым сені Құдай жолына.
Кешегі ноғай жұртына
Тастап кеткенде,
- 410 Көкіректегі шыбындай жан үшін.
Айналайын, Тарланым,
Бектер мінген бедеуге
Сен тұрғанда бармадым!
Қырдан қиқу төгілсе,
Елге таман үңілсе,
Жалғыз-ақ сені қармадым!
Қиялай қиқу болғанда,
Қараңғы тұман толғанда,
Сеніменен еді дәрменім.
- 420 Мінбей, түспей қарыдың,
Арқанда тұрып арыдың.
Алдыңа келіп бітсейші,
Қамысты көлдің құрағы.
Суғаратұғын балам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ,

- Тәңірі қылды, шарам жоқ.
Маңдайыңнан ақсайшы
Құрғыр, Қаратаудың бұлағы!
Қаламдай қасы сүрілген,
430 Оймақтай аузы бүрілген
Ақжүністей арудың
Алғанынан айырып,
Сөнгені ме енді шырағы?!
Құдыреті күшті Құдайым,
Ақжүністей арудың
Көз алдында көлбектеп,
Ашыққаннан еңбектеп,
Көзіме менің көрсетпей,
Алдыма келіп өлсейші,
440 Киіктің жалғыз жетім лағы!
Менің бүйтіп жатқаным —
Өз шөһарымның жырағы!
Еңірей-еңірей кетейін,
Қырымда қалған ерлердің
Есіткей тағы құлағы!
Сол батырлар келмесе,
Жайымды солар білмесе,
Кеткен жақтан қайрылып,
Бір-бірінен айрылып,
450 Екеуімізге кім келсін?!
Атам қалды дейтұғын
Өзімнен туған балам жоқ.
Балам қалды дейтұғын
Атам менен анам жоқ!
Бауырым қалды дейтұғын
Ағам менен інім жоқ!
Белімнен басқа жарам жоқ,
Ауызға жерге парам жоқ.
Бір қайрылып келмеді,
460 Не болғаным білмеді,
Ер Тарғынды көрмеді.
Атаңа нәлет, ақсүйек
Ойлай-ойлай қарасам,
Ханзада ханнан сараң жоқ!

- Асыл туған Ақжүніс,
Күнді бұлт қоршайды.
Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды,
Айды бұлт қоршайды.
470 Айды байқай қарасам,
Түн жауарға ұқсайды!
Көгілдірін ериткен
Көлдегі қулар шулайды.
Шулағанға қарасам,
Көктен сұңқар соғылғанға ұқсайды.
Бойды байқай қарасам,
Қол-аяғым көсіліп,
Аузы-мұрным ісініп,
Алланың хақ бұйрығы
480 Маған таянғанға ұқсайды.
Көктен бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас не пайда?!
Көктегі жұлдыз сиресе,
Есептеп болмас не пайда?!
Көлденеңдеп тұрған тұлпарым,
Шабысыңнан маған не пайда?!
Көріп алған көрікті едің,
Таңдап алған текті едің,
Маған теңіңнен сенің не пайда?!
490 Алладан өмір болған соң,
Жас мезгілі толған соң,
Көрмеймісің жатқанын
Арыстаныңның бір сайда?!
Қолаң шашты, қой көзді,
Алшаңдаған аруым,
Ажарыңды салма көзіме!
Раушан нұрың көргенде,
Өлейін деп жатсам да,
Қай-қайдағым құрсайды!
500 Мінбей-түспей қарыдың,
Арқанда тұрып арыдың.
Айналайын, Тарланым,
Бектер мінген бедеудей

- Безектей басқан аяғын.
Сен тұрғанда бармадым,
Сен құлында емдің, тайда емдің,
Құнан жаста арда емдің.
Дөнен жаста үйреттім,
Алты қабат ала арқан
510 Жібектен өріп сүйреттім!
Бес жасыңа келгенде,
«Белдің қызығын көрсін» деп,
Бес бедеуге салдырдым.
Алты жаста ақтаттым,
Аттай мұрның танаттым.
Алшақтатып ойнаттым,
Арпа-бидай асаттым!
Жеті жасқа келгенде,
Жер төпелді желгенде,
520 Дұшпанның көзі қорықты
Көлденеңнен көргенде!
Қандай қатын қинайды
Таудан асқан, тұлпарым,
Иең Тарғын өлгенде?
От орнындай тұяқтым,
Омыртқаң бар отаудай.
Жаурыныңа қарасам,
Сыпыра шапқан тақтадай.
Құйрығыңа болайын,
530 Қынаптан шыққан қанжардай!
Жалыңа сенің болайын,
Күлтеленген жібектей!
Шықшытыңа болайын,
Оралып жатқан түбектей!
Құлағыңа болайын,
Көлге біткен құрақтай!
Қабағыңа болайын,
Қара албасты қабақтай!
Бауыздау жеріңе болайын,
540 Піскен алма сағақтай!
Екі көзіңе болайын,
Қорқыттан жанған шырақтай!

Танауыңа болайын,
 Тығынын алған шелектей!
 Бауыздау жеріңе болайын,
 Сарттың мақтадан соққан келептей!
 Омырауыңа болайын,
 Еділден шыққан аңғардай!
 550 Телміріп қиқу келгенде,
 Шұбар туды шұлғанып,
 Қара терге бұлғанып,
 Ақ сүңгіні қолға алып,
 Мінер ме еді заңғарды?!
 Сауырыңа болайын,
 Зәнтекті қара көмірдей!
 Сүбелік жеріңе болайын,
 Тастан соққан қорғандай!
 Жанбасыңа болайын,
 Ұста соққан сандалдай!
 560 Тұрпатыңа болайын,
 Тұлпардан туған жорғадай!
 Қартайғанша мінбедім,
 Өлгеніңше дәурен сүрмедім!
 Ойлап келіп қарасам,
 Жігіттегі мен бейбақ
 Болғаным тағы сор маңдай!

Енді Тарғын Ақжүніспенен, атыменен амандасып болды, сонда Ақжүніс ойлайды: «Мен Қырымда болсам, асыл ханның қызы едім, бұл ел-жұртынан, атасынан, анасынан айрылып, мені осындай алыс жерге жолдас қылып алып келіп еді», — деп, бұлғой өзі өлейін деп жатса да меніменен, атыменен толғауменен амандасты. Енді мен де, толғап, мұныменен амандасайын! Егер де дүниеден көше қалса, бұ батырдың маған көңілі қош болсын! — деді. Сонда Ақжүніс толғайды:

— Арыстанымның барында,
 Оқалы байпақ кигенмін,
 Оқасын жерге төгілтіп.
 570 Әлде, неден азғырдың,
 Асыл туған арыстанды

- Өзіз жаннан түңілтіп,
Атасы басқа жат ру
Жаман екен, дүние-ай!
Тастап кетті жұртына,
Екі бірдей асылды,
Асылдан шыққан нәсілді!
Екеуімізді үңілтіп,
Қосаяқтай көшкенде,
580 Қатар-қатар қара нар
Көш болып қашан түзелер?
Қыл жалаулы қалмақтан
Дүркін-дүркін қуалап,
Келіп тұрған көп жылқы
Қашан келіп күзелер?
Байлауда қалған ақсұңқар
Бұрынғыдай бола алмас,
Көлден үйрек ала алмас.
590 Күндердің күні болғанда,
Құрағытып барып түленер.
Кетпек болсаң, алғаным,
Нағылғаным сенен қалғаным?!
Кетемін деп шыныңды айт,
Артыңда қалып не етемін?
Алдыңда сенің кетемін!
Арыстан кетіп мен қалсам,
Артыңда қалған бейбағың
Құрсаулы шелек қолға алып,
Қай шәһардан тіленер?!
600 Сүйіп мінген Тарланың
Басын көкке қаратып,
Бауырынан жаратып,
Тұяқтан ұшқан тозаңын
Жауырынан жауған қардай боратып!
Арқадан соққан борандай
Жер түбіне желген ер!
Атасы нәкес көуірдің
Мәстегін айдап келген ер!
Бекіре ойнар ақ теңіз
610 Өңгеге терең болса да,

Сіз өгейін дегенде,
 Белгілі өткел болған ер!
 Ит мінезің ұстаса,
 Қайсардың қара тасына
 Қарауыл салмай қонған ер!
 Шыныңменен тілесей,
 Қайда кетті тілегің,
 Тәңірің тілек берген ер!
 Баданаңды баса бөктіріп,
 620 Жаттан жолдас ертіп,
 Еділ, Жайық екі су
 Ерінбей жорытып, дүние-ай,
 Басы-аяғын көрген ер!
 Ерлігіңде шама жоқ,
 Ағаштан белің мертігіп,
 Қызметші қара құлдарша
 Қорлықпенен өлген ер!
 Қай батырдан кем едің,
 Өлерде болдың қара жер!

Бұ Тарғын ойлайды екен: «Мені жұрт ағаштан құлап өлді демес, Шағанның бойындағы көп қалмақты асырамын деп жаудан өлді дер», — деп. Қатыным бұлай деген соң, басқа жұрт та мені ағаштан жығылып өлді, — дер. Ойлап тұрсам, менің мұным бек ұят екен», — деп, бек қатты қорланды. Бұрын дәрігерлерге белін қаратқан уақытта, белін бастырмайтұғын еді. Қаһары келген соң, «бүйтіп жатқанша, біржолата өлейін» деп, белін қолыменен басып қалғанда, бел омыртқасы сырт етіп, орнына түсіп кетті.

630 Алты құлаш белбеумен
 Алып белін орады.
 Алладан медет сұрады,
 «Бабадан жәрдем болғай» деп,
 Таяна барып тұрады.
 Тұрмасына арланды,
 Төңірегін қарманды,
 Ақжүніске сөйледі:
 — Берер болғай, Тәңірім, тілекті,
 Қуантар болғай жүректі.

640 Алып кел, Жүніс, Тарланды!
Алып келді Ақжүніс
Шұбала басып Тарланды.
Арқада тұрған Тарлан да
Хайуан бұ да зарланды.
Алып келді, ер салды,
Оңалмаған енді не қалды?!

Атын ерттеп болған соң, Тарлан атқа екеуі мінгесті. Ақжүніске барша қару-жарағын асындырды, алдына мінгізіп, өзі артына отырып, Ақжүністен ұстатып: — Кеше жұртына тастап кететұғын ноғайдың еліне қарай жүр, — деді. Ал енді жүрді.

Бір уақыт болғанда,
Бұл Тарланы пысқырды.
Пысқырғанменен қоймады,
650 Және жерді тебінді,
Хайуан бүйтіп не білді?

Сонда Тарғын Ақжүніске айтты: — Әй, Ақжүніс, бұ Тарлан қашаннан бергі менің жолдасым, хайуан да болса мұның сыры маған белгілі, — деді. Сонда Тарғын Ақжүніске айтты: — Бұл Тарлан артынан бір нәрсе келе жатса пысқыратұғын еді, егерде алқынып терге бұлғанып шабылатұғын болса, жер тебетұғын еді, һәм бұл екі әдетін бірдей қылды, жан-жағына қарашы, бір кісі келе жатпасын, менің бұрылып қарауға әлім келмейді, — деді, — менің ауру науқас әлім бар, біз бүйтіп келе жатқанда бір-бір жау болып беймаза етіп жүрмесін, — деді. Ақжүніс бұлай қарады да: — Ғешбір нәрсе көрінбейді, бірақ алдыңғы жағымызда бір-екі қара көрінеді, — деді. Сонда Тарғын сөйлейді:

— Хақ Тағала Құдайым,
Ақ тарыдай ақтарып,
Шешіп жаздың белімді!
Белім түсіп орнына,
Тағы іздедім кешегі
Тастап кеткен елімді.
Елдің шеті бола ма,
Емескі екі қара көрінді?

660 Сен, Тарланым, пысқырма,
 Таудан үлкен күш қылма!
 Көрінген қара ел болып,
 Ең кірістен жау шапса да,
 Бір шығарман теріңді!
 Кім үшін сені қинайын,
 Бел омыртқам мертігіп,
 Жалғыздығым білінді!
 Ару, саған ұнаса,
 Кел, тапсам қайтер екен жөнімді.

Солай деді де, Тарғын аттың басын тартып тұрады. Сонда Ақжүніс айтады: — Бұлай етпеңіз, беліңнің жазылғандығын білдіріп, бұ тастап кеткен ноғайдың ішіне барып хан халқына көрініп, жақсысына ой салып, жамандарын қорқытып, сүйтіп қайтыңыз! — деді. Егерде бармай қайтып кетсеңіз, Қырым халқынан Ақшаханның қоластынан бір Тарғын деген батыр келіп омыртқасы сынған соң, қайтып бұйымға аспай, қарға-құсқа жем болып, Бұлғыр таудың бұлағында өліп қалды дер, — деді. Тарғын айтты: — Ендеше жүр, — деді. Бұл екеуі ел шетіне келіп түсті, елге бармады.

Бұл Тарғын менен Ақжүністің келіп түскенін қойшы, малшы көріп таныды да, елге шауып барып хабар берді. «Тарғын келді», — деп, ел биге шапты, би ханға шапты. — Тарғын батыр ел шетіне келіп түсіпті, — деп. Бұл уақытта ханның еліне кешегі Шаған бойынан Тарғынның қуып жіберген көп қалмақ келіп қамап жатыр екен, «шабамын» деп. Шабамын десе де, шаба алмай жатыр екен. Шаба алмай жатқаны оның үшін Ханзада ханның бір сұлу қызы бар екен, «сол қызыңды берсең, шаппаймын, егерде қызыңды бермесең, шабамын» деп, сол қызды тірі алайын деп шаппай жатыр екен. Өне, олар олай-бұлай деп өтірікпенен жұбатып жатыр екен. Тарғынның келгенін естіген соң, ханы, халқы, мырзасы, биі — баршасы жиылып барып көрісті, отырысты. — Айыпқа бұйырмаңыз, сізге бара алмадық, оның үстіне жұртымызға жау келіп жатыр еді, — деді. Бұл уақытта өзіміз бек қатты қайғыдамыз. Өзіңіз аман-есен жазылып келдіңіз бе? — деді. Батыр айтты: — Иншалла, шүкір, келдім, — деді. Хан айтты: — Бұ қалмақты әуелгідей қырып, қуып бізді бұ жаудан бостан қыл! — деді. Сонда Тарғын айтты: —

Менің аз жерде жауға шабатұғын қуатым жоқ, — деді. Бұ әскерлешкердің қашатұғын айласын мен сіздерге үйретейін, өзіңіз барыңыз сол үйреткен менің айламменен, — деді. Үйреткен айламды қылсаңыз, өздеріңізден де қашар, — деді. Онда хан айтты: — Ондай шабуға әліңіз жоқ болса, үйретіңіз! — деді. Сонда Тарғын үйретті. Үйретерде сөйледі:

- 670 — Ауан, ауан, ауан су,
Ауандап үлкен балық жүзген су.
Қараша Құбан — қанды су,
Ақ тоған бұдан жанды су,
Үш өзен Самар — даңды су.
Су болғалы екеуі,
Кәпір менен мұсылман
Ерлеріменен даулы су.
Даулы жерде тұрмаймын,
Мен кетемін, кетемін,
- 680 Кеткенменен айдалаға кетпеймін,
Айналып Еділді өтемін!
Қадір білмес сен итке
Қарашы болып нетемін?!
Иірімі жоқ суларға
Иірілген шабақ не табар?
Қайрымы жоқ сұлтанға
Ерген нөкер не табар?
Қатын қалса, бай табар,
Қарындас қалса, ер табар.
- 690 Талапты туған жігітке
Тәңірім қайғы бермесін!
Алтыннан соққан кеудесі,
Ат басындай шер табар.
Әй, жебір сұлтан, сен білмейсің,
Елден кеткен ер жігіт
Алғидың құба жонында
Тәңірім жөнін берген соң,
Тарланға мінгесіп жүріп, жөн табар!
Мінбей, түспей қарыған,
- 700 Арқанда тұрып арыған.
Тарлан жауға мінілмес,

- Мінілсе де бұ Тарлан
 Бұрынғыдай жүгірмес.
 Қалған белім үзіліп,
 Балдағы алтын ақ болат
 Енді белге ілінбес,
 Ерлігім жауға білінбес.
 Шығыршығы шираған,
 Бадана көзді кіреуке
 710 Шарайна бес қабат.
 Жау қарысы жетпеген,
 Жез айырдың оғы өтпеген.
 Сатуға басын сұраған,
 Сан ділдаға бітпеген.
 Енді үстіме киілмес,
 Батыр жауға шүйілмес.
 Неге десең, сұлтаным,
 Қатып қалған көнім бар,
 Шілде түспей жібімес.
 720 Қатты қалған көңілім бар,
 Май құйсаң да ерімес.
 Жәбір сұлтан, сен білмейсің,
 Мен бір аңқау туған бөрімін.
 Көп екен деп саған иек сүйемен,
 Нәсібімді бір Тәңірден көрермін.
 Бұл барғаннан барармын,
 Қырымға таман барармын.
 Қырымда қалған қырық құрдас
 Қырқын қасқа алармын!
 730 Алда маған жол берсе,
 Бері қарай сұлтаным,
 Сапарланып салармын.
 Есен барып, сау келсем,
 Домалатып басыңды алармын,
 Жұртыңа бүлік салармын!

Тарғын мұны айтты да: — Жаудың қашатұғын айласы осы, кет, көзіме көрінбе, — деді. Тарғынның бұ сөзіне ханы, халқы қорықты. Ханзада хан айтты: — Олай болса, райыңыздан қайтыңыз? — деді. Бұл Бұлғыр тауға сені жалғыз тастап

кеткендігімнің ұятынан Ақжүніс сұлудың үстіне саған жалғыз қызымды берейін, — деді. Және жұртымның саған бармаған айыбы үшін қолыңды бер! — деп, қолын алды. Сонан соң бұ батыр райынан қайтты да, Ханзада ханның ордасына келді. Бірнеше күнде белінің ауруы бітіп жазылды. Баяғы келіп жатқан қалмақ Тарғынның келіп жатқанын білмеді. Қызын бермеген соң, атқа мініп, ханның елін шаппақ болып, барабандарын соғып, ханның үстіне келді.

- Жау келгенін білген соң,
Бұл әскерді көрген соң,
Сары ала туы салбырап,
Сауытының шашағы
- 740 Тұс тұсына саудырап,
Қабағына қар жауып,
Кірпігіне мұз тоңып,
Жаурыны жазық, мойны ұзын,
Атарына қолы ұзын,
Құланды қақтан қайырған,
Егескен ханды елінен
Алтын тақтан айырған.
Ертеңнен салса, түске озған,
Ылдидан салса, түске озған.
- 750 Оза-оза зырлаған,
Басын тартса, болмаған,
Көк айыл болып көпірсе,
Айшылықты алты аттауға ойлаған.
Артынан қиқу таянса,
Қара терге боялса,
Дамбауыл көрсе қарғыған,
Қарғи барып атылған,
Атыла барып тік түскен.
Аяғының даңымен
- 760 Қазандай тасқа жік түскен.
Томаға көзді Тарланды
Жауға қарай тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Толып жатқан әскерге
Келді Тарғын желігіп.

- Алты құлаш ала атпен,
Үсті толған болатпен,
Сайдан шыққан құла атпен
Көңілін тоқсан бөледі.
- 770 Бұ да айтулы ер еді,
Келе жатқан Тарғынды
Сонда байқап көреді.
Қалмақ тағы болмаған,
Домбауыл деген бір жайсаң
Жекпе-жекке Тарғынға
Соғысуға келеді.
Келе қалмақ сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Алайын десем, оңайсың,
- 780 Алмайын десем, тоғайсың.
Айтшы маған жөніңді,
Нағылып жүрген ноғайсың?
Сонда Тарғын сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Асудан асу бел — дейді,
Аса соққан жел, — дейді.
Сұрасаң жөнімді айтайын,
Әкең Тарғын мен, — дейді,
Іздегенім сен, — дейді.
- 790 Еркек қара қарғадай,
Қоқаңдаған өлім құл,
Сен де бір жүрген ер, — деді,
Қағысалы [қ] кел, — дейді.
Домбауыл сонда сөйлейді:
— Асуда асу бел, — дейді,
Аса соққан жел, — дейді.
Қарсы алдыңнан қарасам,
Жасың кіші жас ұлсың,
Кезегімді бер? — дейді.
- 800 Толғана мойнын бұрады,
Алдадан пәрмен сұрады.
Қашатұғын қатын ба,
Сасатұғын сарсаң ба?
Кезегім бер деген соң,

- Қасқайып қарап тұрады.
Атаңа нәлет, ит қалмақ
Қорамсаққа қол салды.
Суырып алған қу жебе,
Көп оғына жол салды.
- 810 Кезегендей қалады,
Созағандай алады.
«Тарлан аттың басы, — деп,
Алтынды ердің қасы, — деп,
Қақ жүректің тұсы, — деп,
Өлер жерің осы, — деп,
Толғанып тұрған Тарғынды
Толғап атып салады.
Кірістен шығып кетеді,
Тарғынға таман жетеді.
- 820 Тоғыз қабат торғауыт
Сегізінен өтеді.
Жытыла жазды сауыттың
Қатарлатқан жағасы.
Қабыл еді Тарғынның
Ежелден бермен тобасы.
Өтер еді мұнан да,
Жібермеді бұл оқты
Сиынып жүрген Тарғынның
Бөтуаші бабасы.
- 830 Сонда Тарғын сөйлейді:
— Атаңа нәкес, ит Домбауыл,
Атың мінген күймелі,
Ақ сауытың түймелі,
Кесілмесем қарымнан,
Айрылмасам барымнан,
Қасқайып қарсы тұр солай.
Мен тартқан соң көрсетпен,
Бәлем, саған дүниені-ай!
Желігіп келген Ер Тарғын
- 840 «Алла», деді, ақырды,
Әруағын судай сапырды.
«Иә, бабам» дей берді,
Жарандар қамын жей берді.

- Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда-ақ мол салды.
Кезегендей қалады,
Созғандай алады.
«Алаша аттың жасы, деп,
Қалмақы ердің қасы, деп,
850 Қақ жүректің тұсы, деп,
Өлер жерің осы, деп,
Толысып келген қалмақты
Толғап Тарғын салады.
Зырқырай оғы кетеді,
Қалмаққа таман жетеді.
Көкірек қысқан көбеден,
Қалмады қабыл жебеден,
Зырлауменен өтеді,
Бұған тоқтар қайрат па,
860 Мұнан да өтіп кетеді.
Бір төбеге жетеді,
Төбені төңкере тастай кетеді.
Атқан оғын көрген соң,
Мықтылығын білген соң,
Аттанып келген әскердің
Көңіліне қайғы бітеді.
Оқ тоқтаған кезекте,
Домбауыл барып құлады,
Туы қолда тұрмады.
870 «Ла лай, Лама лух» деп,
Бәлем қалмақ сұлады.
Толып жатқан көп қалмақ
Атына өпшін жабады.
Ары-бері кеңесіп,
Ақыл-айла табады.
Тарғындайын батырды
Тұрған жерде қамады.
Қамағанын көрген соң,
Жалғыздығын білген соң,
880 Сонда Тарғын сөйледі:
— Олайым да бұлайым,
Көтере көр, Жаббар Құдайым!

- Алты мыңдай ауыр қол,
Өзіңнен медет болмаса,
Бұған не амал қылайын?!
Жаман-жақсы болса да,
Алланың бұлай өмірі.
Қорлық берді басыма,
Жақындап келді қасыма,
890 Нағылып бұған шыдайын?!
Алты қырлы ақ мылтық
Ата алмасам, маған серт!
Мен атқанда ұсынып,
Ұта алмасаң, саған серт!
Қозы жауырын қу жебе,
Алтыннан ойған алпыс кез,
Тартатұғын шақ болды,
Жан-жағыма жау толды.
Қиғаш салып жауырыным,
900 Тарта алмасам, маған серт!
Талайдан бермен жұмсаған,
Қан көрмесең сусаған,
Қанға тойсаң жусаған,
Тауға салсам тас кеткен,
Кеудеге салсам бас кеткен,
Алты аршын ақ болат
Қынаптан алып суырып,
Шаба алмасам, маған серт!
Қанға тойсаң, саған серт!
910 Айдаһардың тіліндей,
Салсам кеткен білінбей,
Қарағайға самғатқан,
Шұбар туға шұлғаған,
Әруаққа көрсетіп,
Талай жауға мақтатқан,
Төрт қырлаған көк сүңгі
Жау ішінде жалданып
Толғамасам, маған серт!
Толғауыма шыдамай,
920 Толықсынсаң, саған серт!
Қысқа бақай, тар мықын,

- Кебеже қарын, кең құрсақ,
Құлжа мойын төгерек,
Ұмтыла шапқан Тарланым,
Алты мыңдай кісі екен,
Тіл жіберсең, саған серт!
Сен желігіп жүргенде,
Таяна шапса, маған серт!
Тауыса шапса, бұ жауды,
930 Сонда бітер Тарлан бәйгесі.
Осындай жауды көрген соң,
Жау екенін білген соң,
Керегелеп кірген соң,
Қаса қатын болмаса,
Бізге ұқсаған ерлердің
Көкірегінде болар ма
Қайран Тәңірім қайғысы?!
Алтыннан соққан кіселі,
Әжептәуір мүшелі.
940 Бұлайша толғап Ер Тарғын,
Енді атынан түседі.
Қысқартты келіп құйысқан,
Өзінде жоқ Тарғынның
Алладан басқа туысқан.
Мұндай, мұндай жауларға
Неше дүркін жуысқан.
Жуысқан жаудың жүрегі
Мұз құйғандай суысқан.
Тартты бекем айылын,
950 Жасынан көрген қайынын.
Білмесеңіз Тарғынның
Білдірейін зайырын.
Шабайын деп батыр тұр,
Қырылуға кәпір жүр,
Алла берсін қайырын.
Мінді батыр еріне,
Іздеген жауға көріне.
Келген қалмақ жолықты,
Тарғын сынды бөріге.
960 Кеудеден жаны кетпесе,

- Өл-қуаты бітпесе,
Тарғын намыс берер ме?!
Ақыл-айла табады,
Келді қалмақ қамады.
Сарала туы салбырап,
Қабағы тастай түйіліп,
Аллалап Тарғын шабады.
Ай бетінен кіреді,
Күн бетінен шығады.
- 970 Қойға кірді бір бөрі,
Бүріктіре қырады.
Талай қалмақ құлады,
Ер қайратын сынады.
Атысқан жауы артық көп,
Қай уақытта тынады?
Сүйтіп мінген Тарланға
Басты келіп дойырды.
Тарлан салды мойынды,
Толып жатқан қалмаққа
- 980 Тарғын салды ойынды.
Талай қалмақ жиылды,
Қару қанға тойылды.
Бір уақыт болғанда,
Салды келіп қамшыны-ай.
Сауырынан тер кетті,
Көктен құйған тамшыдай.
Қысылды-ау батыр, қысылды,
Қысылмай батыр не қылсын,
Сауытын қанға малшыды.
- 990 Бір уақыт болғанда,
Толғады батыр найзаны,
Жалғыз жаумен ойнады,
Жауды еркіне қоймады.
Көтеріп салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады.
Бір уақыт болғанда,
Суырды белден қанжарды.
Жауға таман ол барды,
Қалмақтың көбі шалбарлы.

- 1000 Шалбарлыны сермеді,
Іліндірді сағақтан,
Бауыздады тамақтан.
Қарсы алдынан қараса,
Адам шыдар ер емес,
Қар жаудырды қабақтан.
Бір уақыт болғанда,
Қынабынан суырды
Қиялай тартып қылышты,
Жалғыз жаумен ұрысты.
- 1010 Жау қарасын көрген соң,
Ұмытылмай кетер ер ме еді?
Ет арқасы құрысты.
Ердің жаудан қашуы
Шариғатта дұрыс па?
Алты күн айғай салғанда,
Жетінші күн болғанда,
Тарлан сонда дүзеді,
Жылмия басып жүрісті.
Сегізінші күн болды,
- 1020 Көп қалмақтың басына
Атайтұғын түн болды,
Ер жігітке сын болды.
Қорамсақтан суырды
Қуалай тартып садақты-ай.
Келген қалмақ көп еді,
Көп те болса қалмақтан
Алты күн айғай салғанда,
Азғантай қалды қадақтай.
Тоғызыншы күн болды,
- 1030 Мойынынан алады
Атайын деп мылтықты-ай.
Неше батыр болса да,
Түтінін қосты түтінге.
Ынтықты-ай батыр, ынтықты-ай,
Санын садақ үзген көп қалмақ
Сынған санын сүйретіп,
Тарғынның күшін көрген соң,
Қашты сайға сылтықтай,

- Тап он бір күн болғанда.
1040 Ердің жүрген намыспен,
Күні-түні шабыспен,
Қиқу салған дабыспен
Ұмытыла шапқан Тарланның
Мойнынан жал кетті,
Аяғынан әл кетті.
Неше жүйрік болса да,
Бір тынымы болмады,
Болдыратұғын күн бітті.
Мойнын барлай қараса,
1050 Өкпе-бауыр жалы бар.
Аяғын барлай қараса,
Болар-болмас әлі бар.
Он екі күн болғанда,
Болдырды дейді жануар.
Аруағы қашты кәпірдің,
Сұсы басты батырдың.
Болдырған соң Тарланға,
Қаһары келді бақырдың,
Басты келіп тепкені.
1060 Сонда Тарлан ұмтылса,
Әлі де болса бедеудің
Үй жыққандай екпіні.
Жауды қоймас білемін,
Бұл батырың сықылды.
Нағылып қойсын бұ жауды,
Ежелден жауға әйгілі
Тарғын ердің ерлігі.
Бұл уақыт болғанда,
Қарайды да күн батты,
1070 Сарғайды да таң атты,
Қызара келіп күн шықты.
Күн шыққанда қараса,
Болған екен тамаша.
Қырылып жауы батырдың,
Өзі қайтты оңаша.
Астына мінген Тарланның
Тұрпатына қараса,

- От орнындай тұяқтан
Оймақтайы қалыпты.
1080 Етектейін ернінің
Екі елісі қалыпты.
Қиған қамыс құлақтан
Бір тұтамы қалыпты.
Жалбыраған жалынан,
Жалғыз қарыс қалыпты.
Бір құшақтай құйрықтан
Бір уыстай қалыпты.
Тұла бойын қараса,
Он жеті жерден жаралы,
1090 Сонда да Тәңірім алмайды,
Ол жараға болмайды,
Әлі де ойын салады,
Қос тізгінін созады.
Артынан қиқу таянса,
Ит арқасы қозады.
Қос тепкіні салған соң,
Қамшыны басып алған соң,
Шаршады Тарлан десек те,
Жер басқаннан озады.
1100 Отырысы нән болып,
Тұла бойы қан болып,
Жүрген жері шаң болып,
Көргендерге таң болып,
Төскейден тұман желеді,
Көңілін жауға бөледі.
Ханзада сынды ханына,
Қара ноғай еліне
Аман-есен келеді,
Бірін-бірі көреді.
1110 Ханы, биі, мырзасы
Иіліп сәлем береді.

Бұл Тарғын жаудың қырғанын қырып, қашырғанын қашырып, аман-есен келіп, Ханзада ханға көріскен соң, мұның қуанышына ат шаптырып той қылып, арап-шарап ішіп, тойдың қызығымен таңның атқанын, күннің батқанын, халық білмеді.

Олай да болса хан қызын беремін деген уәдесіне тұрып, қызын бермеді. Хан айтты: — Жеті атаңнан бергіңді сұрап келіп отырсам, қожа менен төреге һешбір шатасқан жерің жоқ екен. Соның үшін саған қызымды беруге аталарымның әруағынан қорқамын, — деді. Енді бұл он сан Орманбеттің ішін қыдыр да, һәр қандай сұлу қыз тапсаң да алып берейін, — дейді. Сонда Тарғын айтты: — Биылғы Бұлғыр таудың ішіне жалғыз тастап кеткеніңнің күнәсін кешіп едім, енді бұл қызды беремін деп жауыңды қырдырып алып тұрып, қызыңды бермегендігіңді кешпеспін, — деп, Ақжүністі алды да, Қырымға қарай жүре берді. Сонан соң хан елі бек қатты қорықты. «Бұл кетіп, қайтып келген соң, бізді жаман қылар» деп малын баға алмады, отын жаға алмады, ас іше алмады. Ханы, халқы жақын болды, сонда жұрты өбігер тартты. Ол уақытта жүзден асып жатқан бір Сыпыра жырау деген бар еді. Ол Сыпыра жырау өз өмірінде қолынан тоғыз ханды өткізіп, толғау айтып, тоғыз ханды түзеткен кісі еді. Жұрт сасқан соң, ханы, халқы жиылып, Сыпыра жырауға жиылып барды да, Сыпыра жыраудан сұрады: — Біз Тарғын батырды екі алдадық, әуелі «Бұлғыр тауға жалғыз тастап кетіп, қайтып келеміз» деп, келмей кеттік, екінші «қызымды беремін» деп жауымызды қырдырып алып, бермей қалдық, сонан соң ол ашуланып, «Қырымдағы қырық құрдасымды алып келіп, жұртыңды қырамын» деп кетті. Ол өзі Қырымнан қыз алып қашты, ханына қылмысты болып жүрген кісі еді, ол жұртына барып мұнда қайтып келер ме, иә болмаса, ол бізге өтірік айттып, алдап бізді қорқытып кетті ме? Соны болжап бізге айтшы, көпті көрген көне едің, һәр не десең сіздің ақылыңызбен боламыз, — деді. Сонда Сыпыра жырау айтты:

— Хан менен төрем келіпсің,
Би мен мырза отырсың.
Бізге ақыл салсаңыз,
Біздің тілді алсаңыз,
Тарғындайын батырға
Жиылып барып бөріңіз,
Қараң түгіл ханыңыз,
Қимылдаған жаныңыз,
1120 Батырды еске алыңыз,
Етегіне басың салыңыз!

- Егер кетсе еліне,
Тату болып қалыңыз!
Буырқанып, бұрсанса,
Мұздай темір құрсанса,
Жыртпай кетпес жағанды,
Жаңылтар келсе тобаңды.
Шулатпай кетпес балаңды,
Қан етпей кетпес қалаңды.
- 1130 Бір түбектей бір қылар
Жалпы жатқан далаңды.
Қырым деген ағанды,
Ағаның ісі жаман-ды.

Сонда хан қызын бермек болып, Сыпыра жырауға айтады: — Біздің шөһарымыздың ханының да, халқының да өтірігі шықты. Біздің ішімізде тілімізге нанатұғын бір кісіміз қалмады. Оны нағылып тоқтатамыз. Осы өз қоластыма қараған кісімнен сол Тарғын тіліне нанатын бір кісі тауып бер, — деді. Сонда Сыпыра жырау айтады:

- Батырдың жіберіңіз артынан
Қызметін қылған бүлініп,
Қара ноғай халқынан —
Қасына ерген баяғы
Қарасайұлы Көбенді,
Алшағырұлы Тегенді,
- 1140 Өмірұлы Себенді.
Әруақты туған ерлердің
Аллаға берген уәдесі бар болар.
Қызмет жасаған қосшының
Тарлық жері тап келсе,
Тілегін бермей кетпен деген-ді.
Бұл үш кісі Тарғынның
Соңынан қуып кетті енді,
Батырға жуық жетті енді.
Етегіне басын салды енді,
- 1150 Ашуын тілеп алды енді.
Елге қарай жүрді енді,
Ел ішіне кірді енді.

Ханы, халқы жиылып,
Хан ордаға кірісіп,
Бірін-бірі көрді енді.

Бұл Тарғын ханның үйіне келген соң, ханы, халқы жиылып хан өзінің ұятынан нешбір сөз бастап айта алмады. Һәм Тарғын да нешбір сөз бастамады. Сонда Сыпыра жырау сөйледі, Тарғын батырға қарап тұрып:

- Ай, батырым, батырым!
Тауда Тарлан ақырса,
Тас інінен бөріні
Ару сұңқар шақырса,
1160 Көгілдірін ертіп,
Көлден қулар ұшар ма?
Әділ туған хандары
Қара берен батырға
Беремін деп бермеді,
Өтірік сөзден өлмеді.
Бұл сықылды хандары
Бұл сықылды батырды
Жалған сөзбен қысар ма?!
Хан мен қара келген соң,
1170 Сіз сықылды батырға
Ашуын бермей кетсе ұсар ма?!
Ай, батырым, батырым,
Сөз айтады алдыңда
Сыпыра жырау пақырың!
Ханы, халқың жиылып
Айтып отыр біздерге.
Құлақ салып тыңдасаң,
Біз айталық сіздерге.
Әруақты туған ер болсаң,
1180 Нағыласың бұл қызды?!
Жас баладай жайдақтап,
Жас тайлақтай ойнақтап,
Шыға берме түздерге!
Мына отырған ханыңыз,
Қимылдаған жаныңыз,

- Сый қылады, алыңыз!
 Қара лашын береді,
 Көлден көлге салсайшы!
 Қара арғымақ береді,
 1190 Елден елге мінсейші!
 Ақ падиша жіберген
 Балдағы алтын ақ берен
 Мұны сізге береді,
 Аш беліңе ілсейші!
 Бадана көзді кіреуке
 Мұны сізге береді,
 Баса келіп кисейші!
 Нағыласың бір қызды?
 Бес жүз атан береді,
 1200 Шағаннан көпсең суытып.
 Бес жүз бие береді,
 Желпілеп мұны байлашы!
 Нағыласың бір қызды?!
 Бес жүз ауыл береді,
 Өз алдыңа сұлтан боп,
 Сүйген жерің жайлашы!
 Неше батыр болсаң да,
 Алмаймысың бұл сыйды?
 Миың болса басыңда,
 1210 Айтып тұрмын қасыңда,
 Осы жерін бір ойлашы!

Бұл батыр енді райынан қайтып, ханның, халықтың берген сыйын алды. Қара ноғайдың ханы, халқыменен татуласып табысты да, Жанарыстан үш Тарғын деген тауға барып жайлады, һәм қыстады. Һәм су жерді мысыр етті. Сол елге Тарғынның өзі хан болды және батыр болды. Сүйтіп жүргенде Тарғынның өзі қартайды, ажал келіп дүниеден көшті. Бұ Ақжүністен бір Ардаби деген ұл туды, бұ да бек ер болды, бек асыл би болды, бұ Ардадан екі бала туды. Үлкені Әжікерей мырза. Әжікерей мырза жиырма жасында дүниеден өтті. Енді жеті жасар кенже баласы Айқожа қалды. Бұ Айқожа бес қалаға хан болды, сүйтіп жұрт иесі болып, хан болып, таққа мініп, бес қаланы билеп, мұратына жетті.

Ер Тарғын

(Оспан Қисықұлы нұсқасы)

Баяғыда Тарғын деген бір батыр болыпты. Өз елінде кісі өлтіріп, айыпты болып, жазадан қорқып, қашып Қырым жұртына келіпті. Ол мезгілде Қырымда қырық хан бар екен. Олардың ең үлкенінің аты Ақшахан екен. Тарғын Ақшахан елінде тұрды. Ол мұнда тұрғанына көп мезгіл өтеді. Жұрт оның батыр екенін білмепті. Көптен бері Қырым халқының бір жауы бар екен. Он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт дейтін екі хан қол асты еді. Олалай, Бұлалай атты ноғай, татарда батырлар болды. Олардан елін ала алмаған. Тарғын елге қонақ боп жүргенде Ақшахан жауына шауып, оның елін қырмаққа аттанды. Көп мың қол алды. Тарғын да жауды өз қамымен бірге шапшаққа аттанды. «Жұр, аттан» деп оны хан шақырмапты да. Тарғынның келе жатқанын өздерімен бірге, біреу де сезбепті. Ешкім оны ескермеген. Ақшаханның көп қолы жеткен соң, Торғауыт елі шың қағып, барабан соғып, көп мың солдат жиып, зор соғыс етті. Сахарада өлген кісі қаны «бұлақ боп ақты» деп, қорғанды бұзып ала алмай, сыртынан қамап соғыс етті. Тарғын батыр соғысқа кірмей, тек қана сырттан қарап тұрды. Оған ешкім көз де салмаған. Ақшахан қолы көп қырылып, еліне қайтпақшы болды. Мұны Тарғын батыр көрді. Тарғын деген сарбазың ханның қайтарын сезеді. Құдайдан күш сұрайды. Сонда атына мінеді. «Қашқаннан өлген жақсы, Құдай» деп оны аузына ап, батыр шабады. «Маған жәрдем, Тәңір!» деп ұмтылды батыр атын қамшылап. Сыртта жүрген көп қолға көз салмай, ер Тарғын ішкі қорғанға кірді шауып. Сырттағы тұрған Ақшахан қолы оның ішкі қорғанға кіргенін көріп, қаптап шөһарға шауып кірді. Қорғанды бұзды. Жауын жеңіп, еліне қайтып келген соң, баяғы қорғанды бұзып, шөһарды алған ер Тарғын батырды іздетіп алдына шақыртты. Тарғын өзінің руы

«қырғыз» екенін ханға баяндады. Хан өз еліне қырғыз келгеніне таң қалды. Тарғын: — Елімде кісі өлтіріп, айыпты болып, жер ауып, қашып келдім, — деді. Хан батырдың қашқанына сеніңкіремеді. Тарғын айтты: — Өз елімді қыруға аядым, — деді. Мұнан соң хан Тарғынды әскербастыққа сайлады. Ол мезгілде ханның бір қызы бар екен Ақжүніс атты. Өзі өте сұлу болған. Сұлулығы Зылихадан да кем болмаған. Тарғынның ерлігін күңдері ханшаға баян қып айтысыпты. Оған қыз сыртынан көрмей-ақ ғашық болып, бір құлды мың теңгеге жалдап, Тарғынды шақыртты. Өзі жігітті күтіп, алтын терезеден қарап тұрады. Біраздан соң Тарғын батыр терезе тұсына келіп, қызға хабар салды. Қыз батырды көріп, терезеден үйіне кіргізіп, онымен танысып, алдына неше түрлі ас тартып, қонақ етіп, алты-жеті сағаттай [отырды]. Қыз Тарғын қайтарда оған сырын айтты:

— Елімізде бір Қалмамбет дейтін мырзаны мен байқамай қатадан өлтірдім. Қалмамбеттен соң, көрген маған лайық батыр жігіт сенсің, — деді. Қай мезгілде шақырғанымда маған келіп жүріңіз, сізбен бірге қайғы басайын, — деді. Сонан әрмен Ер Тарғын жасырын Ақжүніс сұлуға келіп жүрді.

Бір уақытта Ақжүністі айттыруға хан жаушы салды. Ақшахан қызынан сұрады: — Мына келген кісіге не деп жауап береміз? — деп. Қыз жауабын үш күннен соң бермекші болды. Ақжүніс Тарғын батырмен ақылдасып, оған тимекші боп әкесінен жасырынып, оны Тарғын алып қашпақшы болыпты. Сүйтіп, Ақшаханның бір жүйрік жорғасына қызды мінгізіп, Тарғын алып қашып жөнелді. Үш күннен соң күңдері ханымға, ханым ханға қызы Ақжүніс сұлудың қашқанын білдіртіпті. Хан мұны есітіп, «ол біреумен қашқан шығар» деп еліндегі барлық жігітті түгендетіпті. Тарғыннан басқасы үйінде болыпты. Хан ақсүйек қызының қара қырғыз, туғантуысқаны жоқ, жалғыз жігітпен қашқанына өте көңілі қалып, намыс етіп, қоластындағылардан кімде-кім оларды қуып жетіп, жігітті өлтіріп, қызын айырса, соған бермекші болды. Көп жұрт қумақшы боп, атқа мінісіп аттанады. Жорыққа жүріп шыдамай, арып-ашып қайта елге тарапты. Бірақ бір қарт шал: — Бозбала ұялмай елге қайтса, мен Тарғын мен Ақжүністі қуып, жолында не өлемін, не ар-намыс үшін ханшаны құл Тарғыннан айырам, — деп артынан қуып кетті. Ол батырдан

қорықпады. Бір мезгілде Тарғынның Тарлан аты жер тебініп, пысқырды. Тарлан дейтін батырдың аты тек қана жау көрсе, не оған жақындаса пысқырып, кісінейді екен. Тарғын жан-жағына қарап, артында алыстан өздерін қуып келе жатқан бір жанды көрді.

Мына Тарғын айтыпты, айтқанында не депті:

- 10 — Ей, Ақжүніс, Ақжүніс!
Ақжүністей жан достым,
Қыз болсаң да жолдасым,
Өзіңменен бір айлас,
Осы жолда мұңдасым.
Мен артыма көз салсам,
Бір нәрсені көремін.
«Бұлай шапсақ, қашты дер,
Мені көріп састы дер,
Кісі қуып жетсін», — деп,
- 20 Оған қарсы бұрылып қарап тұрды.
Томаға көзді қасқа азбан,
Желдей жалы суылдап,
Құйрығы оның желбіреп,
Қатты шауып келеді.
Алпыс-жетпіс жасы бар,
Тайсалатын жан емес,
Тарғынға қуып жетеді.
Мұны Тарғын көріпті,
Ер екенін біліпті.
- 30 «Алпыстан асқан жасы» деп,
Оған сәлем беріпті.
Қарсы алдына көз салса,
Көкірегі даладай.
Әлпетіне қараса,
Тастан салған моладай.
Одан Тарғын сұрайды,
Сұрағанда не дейді:
— Ей, қарт аға-ай, қарт аға-ай,
Қаршығаша ұмтылып,
- 40 Бүркіттерше түйіліп,
Мұншама сен асығып,

- Қай сапарға барасың?
Қартың оған жауап береді:
— Төбедегі жұлдыздай,
Бөріктегі құндыздай,
Беті сұлу көрікті,
Әйел де болса серкемді-ай,
Зылиқадай сұлуды
Алып қашып келесің.
- 50 Жаныма қылыш асамын,
Жасым қарттау болмаса,
Қаза жетіп өлмесем,
Жаныңдағы жолдасты
Тартып ала келемін.
Сонда Тарғын айтады,
Айтқанында не дейді:
— Қызды тартып алғандай,
Сен кім өзің боласың?!
Сонда қу шал құрғыр сөйлепті,
- 60 Сөйлегенде не депті:
— Мен, мен-дүрмін, мен-дүрмін
Мен де сендей батырмын.
Аты-жөнімді сұрасаң,
Көп ру Қырым жұртында
Түпкі бабам — Ер Күлік,
Менің әкем — Қоянақ,
Мен — Қоянақ баласы Қарт Қожақ.
Барымтада олжа алған,
Таласты жерде теңдік алған,
- 70 Тізесін жауға өткізген,
Торғауыт бұзып жол салған
Қарт Қожақ дейтін батырмын.
Тарғын да жауап береді:
— Жаққан оттай қаулайсың,
Батырлықтан мінсізсің.
Қасқыр да болсаң Жүністі
Қалай тартып аласың?
Онда шалың сөйлейді:
— Құдай маған бұйырса,
- 80 Көк семсермен шабармын,

Балдағын қанға боярмын.
 Осылайша мен етіп,
 Қызды тартып алармын.
 Бұрынғы рет менікі,
 Соңғы рет сенікі.
 Шынымен туған ер болсаң,
 Майданға, сен, шық енді!

Тарғын бұл шалға рет берсе де, шал қыршындай жас жігітті атып өлтіруге көзі қимады. Оның қыршын жасын аяп, бір доғал оқпен ғана атып, Тарғынның жанындағы жүз алпыс кез оғын уатты. Тарғын кезегі жеткен соң, Қарт Қожаққа ұмтылды. Қарт Қожақ айтты: — Тоқта, мен сені аяғаннан ғана оғыңды уаттым, менің аяғаныма түсінбесең, қызды өз еркіңмен маған бермесең, тағы қайтадан майданға барып тұр, мен саған ерлігімді көрсетейін, — деді. Тарғын оның аяғанын түсініп, қызды тастап, өз жөніне жүре берді. Ол тастап кеткен соң, қыз еңіреп жылады. Қарт айтады: — Мені кемсінесің бе, не қартсынасың ба? Әкеңнің еткен бұйрығы: «Кім Тарғыннан айыrsa, соған беремін деген, өлтірсе құнсыз да» деген. Жылап мазамды кетірсең, осы жерде басыңды қылышпен шабармын, — деді. Сен маған қара, маған бір жерің жақпаса, мен сені алмаймын, — деді,

Сонда Ақжүніс айтады,
 Айтқанында не дейді:
 90 — Ей, қарт Қожақ, қарт Қожақ,
 Атыңның басын тарт, Қожақ.
 Қойда бағлан қозы едім,
 Жылқыда шаңқан боз едім.
 Қытай менен Қырымнан
 Неше төре жиылса,
 Мен олардың сөзі едім,
 Менен не жай сұрайсың?
 Мөлдіреп тұрған жасым бар,
 Тілеп тұрған сөзім бар,
 100 Еңіреген жасым бар,
 Шатасып жүрген басым бар.
 Қосағымнан айырма,
 Мені әкеме қайырма.

- Қожақ батыр мен дейсің,
Біз жалынған — бейшара,
Тілекті бермес болар ма,
Сіз сияқты мырзалар?!
Бес жасыңда қарт Қожақ,
Жас шыбықтай иіліп,
110 Бір шиден оқ аттың,
Атқан оқты жоғалттың,
Кәне шыққан мүйізің?!
Он жасқа келгенде,
Қызыл мақпал киініп,
Күміс белбеу буынып,
Қыз секілді көрініп,
Бала болдың бір мезгіл,
Кәне, шыққан мүйізің?!
Жиырма бес жасыңда
120 Ақ балтырың түрініп,
Оймақтай аузың бүрініп,
Кәрі бурадай қамданып,
Қас батырдай шамданып,
Біреу қорлап сөз айтса,
Шыныменен арланып,
Қыздарды бақтың бір мезгіл,
Кәне, шыққан мүйізің?!
Отыз бестегі жасыңда
Қайраулы найза қолға алып,
130 Қоңыр салқын төсті алып,
Жауды көрсең түйіліп,
Жеңсіз берен киініп,
Көксерек атты қамшылап,
Қорғанды бұздың айқайлап,
Кәне, шыққан мүйізің?!
Қырық бестегі жасыңда
Қырым деген қаланың
Жел жағына қаласың,
Ық жағына панасың.
140 Өз еліңе жау тисе,
Мың кісіге бір өзің
Қорықпай жалғыз барасың,

- Кәне, шыққан мүйізің?!
Елу бестегі жасыңда
Жиылысқа бардың бой түзеп,
Дауға бардың тіл безеп,
Қызық көрдің бір уақыт,
Кәне, шыққан мүйізің?!
Алпыс бестегі жасыңда
- 150 Сақал-мұртың ағарып,
Денеңдегі тамырың
Барлығы да суалып,
Айырамын деймісің,
Сұлуды көріп қуанып?!
Өлтірсең де, саған бармаймын,
Ерік берсең, сүймеймін.
Бұрын батыр мырза болсаң да,
Сенің басың бұл күнде
Жердегі жатқан қу тезек.

Мұны есіткен соң, қарт Қожақ есіне түсіп, көп ойлап тұрды: «Бұл ақсүйек ханша менің бес жасымнан бері не қылғанымды тауып айтты, ендігі жасымдағы не қылатынымды да біліп айтар, жас баланы алып, обалына қалмайын» — деп, оны Тарғынға қосып жіберді. — Менен өткен дәурен сендерге құтты болсын! — деді. Тарғын қызбен Еділдегі Ормамбеттің он сан ноғайына келді. О мезгілде ноғайда он хан бар екен. Олардың біреуінің аты Ханзада екен. Тарғын келіп, осы ханның бір биінің үйіне қонды. Бай: — Кімсің? — деп сұрапты. Тарғын шынын айтты. Ақшаханның Ақжүніс сұлу қызын алып қашып келе жатқанын. Олалайдың Торғауыт деген жұртын қырған Тарғын батыр екенін есітіп, оларды зор сыйлай бастады. Біраздан соң би ханына келіп, оларды жария етті. Хан Тарғынның батырлығына қызығып: — Ол өз елін ұмытсын, — деп, оларды қоластындағы барлық мырза-төрелермен таныстырып: — Алтын сарайда Ақжүніс сұлумен тұрсын, — деп биіне бұйрық етті. Жиналған жұрт: — Тарғынды Шаған бойын жайлайтын қалмақ жұртын ығыстырып, бізге жерін тартып әперсін, — деп ханынан өтінді. Тарғын жұрттың өтінішін ханнан есітіп, өз жанына Қарасай баласы Көбенді, Алшағыр баласы Тегенді, Өмір баласы Себенді алып, Шағанның бойын

жайлаған қалмақты бөтен жаққа ығыстырды. Су жағасында жалғыз ағаш басына шығып қалмақты қарайды. Ағаш басындағы көлденең шыққан бұтаққа мініп отырғанда, бұтақ сынып, батыр жерге жығылып, омыртқасы шығып зор қиналды. Жанындағы жолдастары Тарғынды найзаларына керіп, алдарына өңгеріп, Ханзадаға алып келді. Ханзада қаншама емдетсе де, Тарғын жазыла алмады. Ханның елі бұрынғы қалмақтың жайлауы Шаған бойына көшіп барып қонды. «Ақжүніс пен Тарғынды атымен соңыра келіп алармыз» деп жұртқа тастап кетті. Онда Тарғын тамағы таусылып, ханнан еш кісі келмеген соң, өз елі есіне түсіп, сарнап жылап, атымен, Ақжүніспен арыздасып көп жыласты. «Жауға барғанда ағаштан жығылып, не жаудан өлді дер», — деп Тарғын: — Текке өлгенше, біржола өлейін, — деп беліне бұрын кісі қолын тигізбесе де, енді қатынына бастырған екен, сырт етіп орнына түсіпті.

- 160 Алты құлаш белбеумен
Белін орап буады.
Құдайдан көмек тіледі,
«Әруақ, жәрдем болғай» деп,
Таяна барып тұрады.
Тұрмасына ар етіп,
Төңірегін қармалап,
Ақжүніске сөйледі:
— Берсін, Төңірім, тілекті,
Қуантсын біздей жүректі,
- 170 Әкел, Жүніс, Тарланды.
Алып келді Ақжүніс
Арқанда тұрған Тарланды.
Арқасына ер салды,
Қуанбасқа не қалды?!
Тарлан атқа мінгесті,
Кеше жұртқа тастаған
Ноғайлыға қарай жүреді.
Бір мезгілдер болғанда,
Астарындағы аты пысқырды.
- 180 Жерді тағы тебінді,
Жануар бүйтіп не білді?!

Тарғын атының текке пысқырмайтын сырын білетін еді. Ақжүніске:

— Жан-жағыңа қарашы, бірнәрсе көрінбей ме? — деді. Ақжүніс қарап, алдыңғы жағында емескі бір-екі қара көрінді, — [деді]. — Е, Тарлан, текке пысқырма, мен сені енді ешкім үшін терлетпеймін, омыртқам шығып жалғыздығым білінді ғой, енді жөнімді табайын, — деді. Ақжүніс айтты: — Сен құр өз жөніңді тапқанша, жұртына тастап кеткен елге барып, жамандарын қорқытып, жақсыларына ақыл сал, — деген соң, Тарғын Ақжүніспен Ханзада елінің шетіне келіп түсті. Ол мезгілде ол елді баяғы Тарғын ығыстырып жіберген қалмақтар қайта Шаған бойына келіп, Ханзада елін қамап жатыр екен. Қалмақ ханына Ханзаданың сұлу жалғыз қызын айттырып жатыр екен. «Сұлуды бермесең, еліңді шабамын» — деп. Тарғын мен Ақжүністің келгенін естіп, хан барлық жақсыларын жиып, олармен амандасып: — Сіздерге кісі жіберуге мына елімді қамап жатқан жаудан ешбір қол тимеді, айыпқа бұйыра көрмеңіз, — деді. Тарғын айтты: — Бұл қалмақты баяғыдай тағы ығыстыруға менің өзір әлім жоқ, оларды қалайша жеңуді мен сендерге үйретейін, — деді. Сонда Тарғын былайша үйретті:

— Бұл барғаннан барармын,
Қырымға мен қайтармын.
Қырымдағы қырық құрдас
Жаныма мен ертермін.
Құдай маған бұйырса,
Қайта саған келермін.
Аман-есен сау келсем,
Басыңды шауып алармын,
190 Қоластыңа әлек салармын.

Жаудан құтылар айла, өз айыбы үшін жалғыз қызын Ақжүністің үстіне бермек болды. Жұрт айыбы үшін оның қолын алды. Тарғын ашуы кетіп, ханның еліне келіп қонақ боп жатты. Белі де жазылыпты. Бұл елге Тарғынның келіп жатқанын есітпей, хан қызын бермеген соң, баяғы қалмақ аттанып, барабан соғып ханның үстіне келіпті. Жау келгенін есітіп, Тарғын батыр атына мініп, толып жатқан қалмақтың әскеріне қарсы келеді.

Ол жақтан Домбауыл деген бір батыр жекпе-жекке Тарғынға қарсы шығып сөйлейді:

— Алайын десем, оңайсың,
 Алмайын десем, тоғайсың.
 Айтшы маған жөніңді,
 Нағып жүрген ноғайсың?!
 Сонда Тарғын сөйлейді,
 Сөйлегенде не дейді:
 — Асудан асу бел, — деді,
 Аса үрген жел, — деді.
 Жөнімді мен айтайын,
 200 Әкең Тарғын мен, — деді,
 Іздегенім сен, — деді.
 Домбауыл сонда сөйледі:
 — Келбетіңе қарасам,
 Жасың кіші жас ұлсың,
 Кезегімді бер, — депті.

Тарғын сынды батыр кезегін беріп, жауға қасқайып қарап тұрды. Домбауыл жанынан оғын суырып ап, қақ жүрегін көздеп оқ тартқан екен, Тарғынның торғауытының сегіз қабатынан өтіп, тоғызыншы қабатында тоқтады. Мұнан соң Домбауыл Тарғынға кезек берді. Тарғын оқ тартып, Домбауылды атынан сұлатып жықты. Қалмақтар батырының аттан жығылып, өлгенін көрген соң, Тарғынды қамап ұстамақшы болыпты. Тарғын мұнысын көріп, қолына қару-жарағын алып, жауға қасқырша шапты. Он бір күн соғысып, он екінші күнде Тарғын атының арып, қалмақтың қырылып, өзінің далада жалғыз қалғанын көріпті. Жаудың қырылғанын қырып, қашырғанын қашырып, есен-аман Ханзада ханға келіп, ат шаптырып той етіпті. Жұрт көп күн мәжіліс етіпті, сүйтеді де хан айтты: — Ақсүйек қызымды саған беруге аталарымның әруағынан қорқамын, — деді. Он сан Орманбеттен таңдап бір сұлу қызды ал, — депті. Тарғын бұл алдауына шыдамай, Ақжүністі алып, зор ашуланып, өз еліне қайтып кетті. Ханзада онан зор қорқып, малын баға алмады, отын жаға алмады. Жұртының барлық игі жақсыларын, билерін шақырып, еліндегі бір ақылды қарт биге ақылдаспаққа барыпты.

- Сонда қартың сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Хан мен төрем келіпсің,
Би мен мырзам отырсың.
- 210 Бізге ақыл салсаңыз,
Біздің тілді алсаңыз,
Тарғын сынды батырға
Барлығың да барыңыз.
Қараң түгіл, ханыңыз,
Қимылдаған жаныңыз,
Батырды еске алыңыз,
Аяғына бас ұрыңыз.
Тоқтамай кетсе еліне,
Тату болып қалыңыз.
- 220 Ашуланса еліңе,
Жыртпай кетпес жағаңды,
Жаңылтар келсе тобаңды.
Шулатпай кетпес балаңды,
Қан етпей кетпес қалаңды.

Жұрт ақылдасып, айтысты:— Біздің ішімізде Тарғын нанарлық енді бір кісі де жоқ, ханшаны береміз дегенге, енді ол батыр нанар ма екен? — десті. Сонда ақылды ақсақал айтты:— Оған ел ішінен таңдап, үш батыр жіберіңіз, олар бір-бірінің сөзіне нанар, — деп, баяғы қасына ерген Қарасайұлы Көбен баласына тағы екі батыр жолдас беріп, Тарғынның артынан құдырып жіберді. Олар батырды қуып жетіп, аяғына бас ұрып жалынды, ашуын кешірді. Сүйтіп, олар Тарғынмен Ханзада еліне қайтып келіпті. Хан Тарғынға ұялып ештеме дей алмапты. Сонда ел ішінен бір би сөйледі:

- Ей, батырым, батырым,
Сөз сөйлейді алдыңда
Сыпыра жырау бақырың.
Ханы, халқы жиылып,
«Айт» деп отыр біздерге.
- 230 Назар етіп тыңдасаң,
Біз айтамыз сіздерге.
Атақты туған ер болсаң,

- Не қыласың бір қызды,
Мына тұрған ханыңыз,
Бәріміз де жанымыз
Сый етеді, алыңыз.
Қара лашын береді,
Көлден-көлге салсайшы!
Қара тұлпар береді,
240 Жауыңа қарсы мінсейші!
Балдағы алтын ақ берен
Оны да хан береді.
Бұдан басқа көп қазын
Тағы сізге береді.
Не қыласың бір қызды,
Мың жылқысын береді.
Не қыласың бір қызды,
Бес жүз ауыл береді.
Өз алдыңа сұлтан бол,
Сүйген жерің жайлашы!
Қанша батыр болсаң да,
Тұра алмассың бұл сыйға.
Миың болса басыңда,
254 Осыған ой салсайшы!

Тарғын ашуынан қайтып, берген сыйларын алып, өз алдына хан болып, мұратына жетіп, қартайып өліпті.

Тарғын батыр жыры

(*Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқасы*)

Қолыма қалам алдым хат жазғалы,
Бірқатар заман болды қамдалғалы.
Жамағат, құлақ салып тыңдасаңыз,
Мінеки, Ер Тарғыннан сөз қозғалды.

Жамағат, мен сөйлейін талай кептен,
Бір үлкен патша өтіпті асыл тектен.
Ағалар, өздеріңнің естуің бар,
Астархан деген ертеде бір патша өткен.

Келіпті тоқсан беске соның жасы,
10 Артылған сан патшадан ғазиз басы.
Хисапсыз Тәңір берген дәулетінде
Толтырған неше түрлі асыл тасы.

Сол патша неше түрлі ойлайды ойды,
Қызығы жер жүзінің бәрін жиды.
Бар екен Ғұмар деген жалғыз ұлы,
Орнына өзі түсіп соны қойды.

Ақылы Ғұмардың да жұрттан асқан,
Үй салды неше түрлі асыл тастан.
Халқына ғаділетті патша болып,
20 Артықша атасынан өрнек шашқан.

Құданың не қылса да құдіретінде,
Жылайды бір өзіне кеп барша пенде.
Патша еді ақылы мол, инабатты
Астархан шәһарында сол бір күнде.

Сол Ғұмар көп патшадан ғаділетті,
Мұлайым айтқан сөзі балдан төтті.
Бар еді Ғұмардың да жалғыз ұлы
Хисапсыз асқан батыр Шорман атты.

30 Сол Шорман асып туған жаннан өзі,
Халқына ұнайды екен айтқан сөзі.
Атағы он бесінде жұртқа шығып,
Қамалды жалғыз бұзған талай өзі.

Арғымақ мойны құлаш жаратыпты,
Бір өзін мың кісіге балатыпты.
Келгенде он бес жасқа батыр Шорман,
Қалмақты жетпіс түрлі қаратыпты.

40 Жанында күміс сауыт, торғын шатыр,
Аямай бармақ етін садақ тартар.
Баласы падишаның батыр Шорман
Атақты заманында болды батыр.

Жанында ер-тұрманы, өткір алмас,
Жасында талаптанған ер құр қалмас.
Айтайын ер Шорманның қайсы сырын,
Ауызбен айтып, сөзбен сөйлеп болмас.

Сөйлейді есті кісі жолыменен,
Көрінер адам көркем тоныменен.
Алдынан ер Шорманның жан шыққан жоқ,
Жамағат, жата тұрсын соныменен.

50 Бұл Шорман бос жұмыспен жүрмес некен,
Жолдасы мың сегіз жүз қасына ерген.
Ғұмардың қол астында, жамағаттар,
Бір үлкен бай бар екен Һәман деген.

Һәманның дәулеті асқан жаннан өзі,
Айтуға байдың жайын келді кезі.
Жоқ еді ұл перзенті осы байдың,
Бар екен елде сұлу жалғыз қызы.

Көп біткен Һәман байға осынша мал,
Жігіттер, осы сөзді жақсы ұғып ал.
Қырық қызбен бір бақшада жатады екен,
60 Аты екен сол сұлудың Ғайнижамал.

Жаралған жапан түзде жалғыз шынар,
Міні жоқ тал бойында адам сынар.
Ұқсайды қарап тұрсаң күн мен айға,
Қыз емес айта берсең көңіл тынар.

Һәманның жалғыз қызы болған үлфөт,
Бітпейді адамзатқа мұндай сипат.
«Жалғызым кімді сүйсе беремін» деп,
Әкесі өз аузынан берген рұқсат.

Нәп-нәзік сұлу белі бұраңдаған,
70 Көрген жан тағат етіп тұра алмаған.
Жамалды хор қызы деп айтар еді,
Егер де біреу көрсе сыр алмаған.

Ес қалмас Жамал десе бозбала да,
Жатады сауық құрып айдалада.
Бұл қыздың әңгімесін кейін айтам,
Бұл дағы тоқтай тұрсын осы арада.

Шорман жүр он бесінде жауға барып,
Қаратты жетпіс түрлі қалмақты алып.
Ғұмардың қол астында, жамағаттар,
80 Бір адам болған екен аты — Ғаріп.

Ғаріптің жалғыз ұлы батыр Тарғын,
Ішінде бозбаланың болды балғын.
«Мені алар бұл шәһарда адам жоқ» деп,
Бойына теңгермей жүр жанның бәрін.

Сол Ғаріп — адамзаттың әулиесі,
Адамның өтер мынау дүниесі.
Бейшара айыбында кедей екен,
Бар екен мал дегенде бір биесі.

Әкесі жас күнінде мерген екен,
90 Тарғынды қартайғанда көрген екен.
Жасы бар әкесінің сексен бесте,
Бие де жиырма беске келген екен.

Биесін қысыр қылмас Құдай екен,
Нәсібін бір биеден салған екен.
Қымызын алты ай жаздай қорек қылып,
Құлынын қыс болғанда сояды екен.

Ер Тарғын қынай белін енді буды,
Сол жылы дәл тұлпар боп құлын туды.
Ат қылып мұны Тарғын мінемін деп,
100 Қымызына бір биенің жұртын жиды.

— Құр бұғып түк таппадым үйде жата,
Тарғын боп білінейін біржолата.
Қымызын жалғыз бие жиды дағы,
Мал сойып үлкендерден алды бата.

Той болды Тарлан құлын келер жылы,
Сол күнде-ақ көп жылқының шын дүлдүлі.
Көресіз ат болғанда қандайлығын,
Алты жақсы, жүз жамбы мұның пұлы!

Тұлпары тай өткен соң құнан шықты,
110 Жылқыға мұндай сүйек бітпес тіпті.
Қаз мойын, қамыс құлақ, белдемелі,
Келте құйрық, қыл түбі жуан түпті.

Дөнен шықты, зор болды арғымақтай,
Ержеткенше Тарғын жүр тыныш таппай.
Бес жасқа келгенінше үйреткен жоқ,
Жүреді айдап көріп жанға ұстатпай.

Келгенше алты жасқа үйретпеген,
Іні жоқ Ер Тарғында соңына ерген.
«Үйретіп жеті жаста мінейін» деп,
120 Ертіп ап жолдастарын атқа келген.

Ер Тарғын ой ойлайды үйде отырып,
Тарланды үйретсем деп қызық қылып.
Ұстады алты жігіт бұғалықпен,
Әкетті тоқтата алмай бір-ақ жұлып.

Бұлардың қызығына Тарғын күлді,
Атымен өз сүйегі бір келісімді.
Ұстады құрықпенен батыр Тарғын,
Үйретіп, тай есепті өзі мінді.

130 Зырқырап тау мен тастан өтеді екен,
Берді ғой тілегімді Құдай-екем.
Үстінен қара тастың ырғытқанда,
Суырып топырағын кетеді екен.

Жігіттер, міне, осындай тыңда кепті,
Болса да қара сүйек Тарғын текті.
Тарғын ат тақымына ұнаған соң,
«Төңірім-ай, абырой бер өзің!» — депті.

140 Ер Тарғын отырады үйде ой ойлап:
«Тарланды үйретсем, — деп, — жаздай жайлап.
Сол шөһарда Тарланнан озар ат жоқ,
Қояды түн болғанда үйге байлап.

Дүниеден кім өлмейді жетсе қаза,
Тұлпар боп Тарлан аты шыққан таза.
Жасы бар он жетіде батыр Тарғын,
Көңілі атына да болған риза.

Тарғынның сол шөһардан қайраты асты,
Өзі батыр, тұлпары құп жарасты.
Бір жазда атын сынап алды батыр,
Жүйрігін әбден біліп мауқын басты.

150 Күш кірді, қуат бітіп толған сайын,
Сайманы, қару-құрал бөрі дайын.
Ер Шорман жау қалмаққа бармақ болды,
Тарғынды осы араға тоқтатайын.

Баласы падишаның батыр Шорман,
Сіздерге әңгімесін енді айтайын.

Мінеді Ғұмар патша алтын таққа,
Баласы қолы жеткен әр тарапқа.
Он мың ер батыр Шорман жинап алып,
Егескен жүрмек болды бір қалмаққа.

160 Батырлар шеру тартып жүріп кетті,
Арада бірнеше күн сайран етті .
Ергені қасындағы ылғи батыр,
Қалмаққа он бес күнде барып жетті.

Қалмақты келіп шапты жетім-жесір,
Ең азы жүз жылқыдан олжа үлесер.
Естуім рас болса, еріп барып,
Ішінде олжа алмаған Тарғын десер.

170 Ол кезде еш батыр жоқ Шорманға орай,
Берді ғой тілегенін патша Құдай.
Шорманның жан жолдасы батыр Кәрім
Келіпті падишадан сүйінші сұрай.

Падиша мынаны естіп қуанды енді,
«Берді ғой тілегімді Құдай» деді.
Сүйінші сұрап келген батырына
Үш тоғыз жетім бастап оған берді.

Тоқтамай қол да келді күндіз-түні,
Тыңдаңыз осы Шорман сөздің шыны.
Дұшпанын Шорман жеңіп келгеннен соң,
Падиша да той қылды қырық күні.

180 Той қылды, жұртын жиды, Ғұмар патша,
Тойынды жетім-жесір, кедей, аш та.
Қырық күндей сойған малдың есебі жоқ,
Боп жатыр бай баласы ішпей мас та.

Білмейді тойынған соң кедей-байын,
Қырыпты олжа малдың бірталайын.
Ішкен мас, жеген тоқ боп жата тұрсын,
Сіздерге енді айтамын күрес жайын.

Қырық күндей жиналған жан ойнап күлді,
Батырлар қамал бұзған алар жолды.
Тойына падишаның жиналған жан
190 Ғұмардан рұқсат сұрап күрес қылды.

Шорманға қалай айтса жарасады,
Халайық тамаша ғып қарасады.
— Бәйгіні осы жолғы мен алам, — деп,
Осыған батыр Кәрім таласады.

Күші бар батыр Кәрім асқан мықты,
Күш кернеп жылдан-жылға құтырыпты.
Қосылған екі жақтан екі балуан
Екеуі күресуге енді шықты.
Білмейді күрес жайын бұрын Тарғын,
200 «Тәуекел, Тәңірім!» деп күресіпті.

Екеуі сілкілесті кезек-кезек,
Ауызбен айтып болмас, тілмен безеп.
Батырлар күрескен соң аянсын ба,
Жығуға бірін-бірі алды тежеп.

Кәрімнің жығыларын Тарғын білді,
Алаңдап жан-жағына мойнын бұрды .
«Халық көріп қайратымды сынасын» деп,
Көтеріп ер Кәрімді біраз жүрді.
Аздан соң бір-ақ ырғытып Кәрім ерді,
210 «Мінеки, палуаның!» деп жерге ұрды.

Тарғынның қайратына жұрт таң қалды,
Тігіпті бөйгеге хан сансыз малды.
Алғашқы палуанды жығып салып,
Елу жылқы, жүз қойды санап алды.

Құдай берген баланың арқасында,
Әкесі бір-ақ жолда байып қалды.
«Сауатын жалғыз бие Тарғын ғой» деп,
Дұшпаны көре алмаған көп сандалды.

220 Той болды берекелі қатты қызық,
Қайраты Тарғын ердің болды үздік.
Кәрімнің жығылғанын көргеннен соң,
Ұмтылды шыдай алмай батыр Сыздық.

Күреске Тарғын жақтан Қарбай барды,
О дағы Тәңірім оңдап жығып салды.
Істері Алла оңғарып тұрған шақта,
Мың ділда, бір жамбы бұл дағы алды.

230 Екі кісі күресті, бұлар жеңді,
— Палуанды шығар, — дейді, — өзім теңді.
Отыз бесте жасы бар жан батпаған,
Ер Шорман алып келді Нәсерменді.

Тарғынның жолдастары бәрі текті,
Шорман жақ бәйгі ала алмай болды кекті.
Жиырма бірде жасы бар, жан батпаған
Тарғын да алып барды Абланбекті.

Тарғынның жолдасының бәрі мықты,
Шорман жақтың палуанын жерге тықты.
Қолын бұрап жамбастап жата тастап,
Мың ділда, бір шапанды бұ да ап шықты.

240 Падиша той қылыпты қырық күні,
Таусылмас қанша берсе мұның пұлы.
— Мынаны, батыр болсаң, жығып ал, — деп,
Әпкелді топқа салар Қожамқұлды.

Шорман жақ ыза боп түр бәйге ала алмай,
Жиналған палуандардың бірі қалмай.
Әбілқасым дейтұғын біреу барды,
Екеуі иірілісті жығыса алмай.

Сонда Тарғын: — Падиша көрсін, — дейді,
Мен жықсам палуан деп білсін, — дейді.
Қожамқұл мықты болса, маған шықсын,
250 Бәйгенің атын атап берсін, — дейді.

Ал жамағат жиылып,
Дария судай құйылып,
Үш мың ділда, бір жамбы
Патшадан келді бұйырылып.
Тарғын тұра ұмтылды,
«Берейін, — деп, — жүн қылып».
Екеуін жыққан бір жерде
Қорқатын емес тығылып.
Бәйгені Тарғын тағы алды,
260 Қожамқұл палуан жығылып.

Астында падишаның алтын тағы,
Ашылды Тәңірім оңдап Тарғын бағы.
Болса да бұрын кедей батыр Тарғын,
Жайылды алты алашқа әруағы.

Тарғынды палуан деп жұрт айтады,
«Мынау да күшті екен» деп көп байқады.
Бәйгені осы жолғы Тарғын алды,
Жамағат, қырық күннен соң той тарқады.

Бұл жолы Тарғын тапты бірталай мал,
270 Атақты, ер жігіттер, сұлу қыз ал.
Болыпты сұлу қызы Һәман байдың
Айтайын әңгімесін Ғайнижамал.

Шорманға үндемейді жан таласып,
Жүреді қайратымен жанды басып.
Бұрыннан ойына алып жүреді екен,
Жамалға батыр Шорман болып ғашық.

Ер Шорман бір хат жазып жіберіпті,
Бір елші ғаяр кемпір ап келіпті.

Жазыпты өктемдікпен батыр Шорман,
280 Қағазын алмай Жамал қайырыпты.

Ер Шорман ашу келіп шыдамаған,
«Қалайша бұл қыз мені ұнатпаған?
Түн болсын, бар шашыңды күзеп алып,
Қорлықты көрсетейін, қаншық, саған!».

Біреудің қыз да болса сүттен ағы,
Белгілі піскен алма жеткен шағы.
Бұрыннан ойына алып жүруші еді,
Бұл қызға ғашық болып Тарғын дағы.

Ер Тарғын бір хат жазып жіберіпті,
290 Бір елші ол да кемпір ап келіпті.
Тарғынға қыз да ғашық боп жүр екен,
Қағазын көріп Жамал, «келсін» депті.

Жеріне уағда айтқан Тарғын келді,
Қыз Жамал ер Тарғынды қабыл көрді.
Көрген соң екі ғашық бірін-бірі,
Екеуі аз ғана күн сауық құрды.

Ер Тарғын құшақтайды бұраң белді,
Көреді қыз жанындай Тарғын ерді.
Еш ойда жоқ жатқанда таңға жақын
300 Қасына қырық кісі ертіп Шорман келді.

Көреді тыста тұрған Тарлан керді,
Тарғынның мұнда екенін бұлар білді.
Тарғынның мұнда екенін білгеннен соң,
Қырқына «тез өлтір» деп бұйрық қылды.

Қырық жігіт сол сөзбен үйге кірді,
Тарғынды қызбен жатқан көзі көрді.
Падиша батыр Шорман далада тұр,
— Қу кедей, мұнда ма ең? — деп бір-бір ұрды.

- Қырқына сонда Тарғын қарамайды,
310 Көңіліне жамандықты баламайды.
Жабылып қырық жігіт қанша ұрса да,
Ер Тарғын ашу қылып санамайды.
- Бұралып тал шыбықтай қыз тұрады,
— Жігіттер, бұл қалай? — деп сөз сұрады.
Шорманды тыста тұрған арқа тұтып,
Тағы кеп қырық жігіт қырық ұрады.
- Қырқы да өңшең ақымақ, қызға айтады:
— Қалайша ап жаттың, — деп, — бұл кедейді?
Ұрады кісі басы үш-үш қамшы,
320 Ер Тарғын сонда дағы үндемейді .
- Қырық жігіт екі ұрғанда сексен болды,
Үш ұрғанда жүз жиырмаға анық толды.
Үндемей үшке дейін жатып еді,
Батырға төртіншіден ашу келді.
Біреуін біреуіне шоқпар қылды,
Қырықтың әлек болып бәрі де өлді.
- Есіктен батыр Тарғын қарғып шықты,
Алдынан патша Шорман кездесіпті.
Қолында ырғай сапты балтасы бар,
330 Көтеріп өлтіруге ұмтылыпты.
- Қолыңда балтасы бар ырғай сапты,
Өлтірмек боп ер Тарғынды салып қапты.
«Балтасы басқа тисе, өлтірер» деп,
Батыр Тарғын балтасын қолмен қақты.
Балтасы қайта айналып өзін шауып,
Сол жерде патша Шорман қаза тапты.
Көрген жоқ бұрын Тарғын мұндай істі,
Әмірі Құдіреттің қандай күшті.
«Жамалға қош айтысып кетейін» деп,
340 Атынан ырғып мінген қайта түсті.

- Жамал айтты: — Барасың қайсы жаққа?
Тилесең, медет берер жалғыз Хаққа.
Жар болған жарым түнге, ғашық жарым,
Кетсеңші жөніңді айтып мен бейбаққа?!
— Аман бол, ғашық Жамалым,
Қырық бір кісі өлтірдім,
Падишасын бас қылып,
Қандай да болар заманым?!
Алыста аз күн жүрейін,
350 Ойлап бір оның амалын.
Хабарым осы, ей, Жамал,
Алмалы тауға барайын.
Ғашық жарым, бері кел,
Төсіңе қолым салайын.
Жаны ашыр жақын менде жоқ,
Артыма не деп қарайын?!
Ашудан патша қайтпаса,
Қырармын елдің талайын.
Саған қысым көрсетсе,
360 Қырғынға сонда салайын,
Жаман-жақсы болса да,
Он бес күнде бір іздеп,
Хабарыңды алайын.

Осылай сүйіседі құшақтасып,
Бірі-бірін қысады мауқын басып.
Қыз айтты: — Жатқан жеріңді ешкімге айтпа,
Жүрмесін қайсыбіреу хабар тасып.

- Патшадан қазам жетсе, мен өлермін,
Болмаса Алмалыға жөнелермін.
370 Ажалдан менің жаным аман болса,
Айналып он бес күнде бір келермін.

Жамалға сүйгізеді мойнын бұрып,
Жылайды қыз бейшара дымы құрып.
«Бір келіп, он бес күнде табамын», — деп,
Жамалмен қош айтысып кетті жүріп.

Ер Тарғын сол шапқаннан тауға жетті,
Жамалдай тастап кетті алма бетті.
Жан жүрмес қиын жерді тауып алып,
380 Бекініп сол арада аз күнелтті.

Сол таудың алма деген жемісі көп,
Жүреді тамашалап әрбірін жеп.
Ер Тарғын тауда барып жата тұрсын,
Ертеңгі падишадан естіңіз кеп.

Бұл істі таң атқан соң білді халқы,
Ер Шорман бір енеден туған жалқы.
Бір түнде қырық бір кісі қырып кеткен
Тарғынның қылған ісі емес олқы.

«Патшаның құлады, — деп, — асқар белі»,
390 Артына иесіз тастап тамам елді.
Бар екен Қасым деген бас уәзірі,
Сол келді падишаға естіргелі.

Шорманды асыраған Қасым өзі,
Жас аққан қан аралас екі көзі.
Падиша уәзіріне қарап тұрып,
Сондағы мынау еді айтқан сөзі:

— Ей, Қасым, жылап келдің қалайшадан,
Соқтыққан әлін білмей қандай надан?
Сені мен жалғызымнан кем көрмеуші ем,
400 Жыламай, арызыңды айтшы маған.

— Ел билеген патшам-ай,
Дүние ісі қауіпті.
Дәулетіңе мас болып,
Бозбала құрған сауықты.
Кешегі кедей, ит Тарғын
Не деп сізге жауықты?
Һәман байдың қызына
Шорманменен таласып,
Балтаменен шауыпты.

- 410 Сабыр ет, тақсыр патшам-ай!
 Жолдасымен қырық бір
 Жаны жәннәт тауыпты.
 Аз ғана қорек біткен соң,
 Арам қаны тасыпты.
 Жалғыз балаң өткен соң,
 Қаһарыңа шыдамай,
 Сізден қорқып қашыпты.
 Мың кісі келді таба алмай,
 Жер-жерден қарап түсіпті.
- 420 «Падиша өліп кетер» деп,
 Ел-жұртыңыз шошыпты.
 Жыламаған адам жоқ,
 Ендігі ақыл өзіңнен,
 Бір іске Тәңірім қосыпты.
 Жетпіс шәһар билеген
 Падишам едің сезімді.
 Қақсап тұрған алдыңда
 Тыңдашы қабыл сөзімді,
 Сабыр қыл, тақсыр патшам-ай,
- 430 Әлек те қылмай өзіңді!

Падиша мұны естіп күйіп-жанды,
 Жығылып, басы айналып, есін танды.
 Қасында уәзірі мен бектері бар,
 Су бүркіп, тірілтіпті падишаны.

Падиша жалғызы үшін болды дертті,
 Бұл Тарғын тамам елді қырып кетті.
 Аздан соң есін жиып Ғұмар патша:
 — Қайтейін, жалғызым! — деп зар еңірепті.

- Уәзірім болған, ей, Қасым,
 440 Біргалайдан жолдасым!
 Тәжі мен тақты көргенде,
 Тыйылмас менің көз жасым.
 Енді маған қызық жоқ,
 Өтіп кетті-ау көп жасым.
 Жалғызымнан айрылып,

- Қаңғырып қалды-ау қу басым.
Құдай-ау, әуелде
Падиша қылып жараттың.
Жалғыз қылып берсең де,
450 Мың кісіге балаттың.
Он бес жасқа келгенде,
Жетпіс шәһар қараттың.
Олжадан келген малыңды
Өз қолыңнан тараттың.
«Жарай ма деп бұл ісім?»
Үлкендерге сынаттың.
Бір сағат көрмей тұрмаушы ем,
Тәңірім-ай, қайтіп шыдаттың?!
Қартайғанда сорлы әкең
460 Артыңа тастап жылаттың.

Падиша жылап-жылап мауқын басты,
Ел-жұрты көңіл айтып амандасты.
Баласын таза арулап қойғаннан соң,
Отырып көп халайық ақылдасты.

— Бұл Тарғын қашып жүрер бір-екі жыл,
Бұл қызға бір айналар сүйіксіз құл.
«Ақылы қырық кісінің ханда» деген,
Тақсыр-ау, не қылсаң да енді өзің біл!

- Патша айтады: — Шорманнан өтті заман,
470 Ол Тарғын қашып кетті бізден аман.
Жиналып осы отырған, жамағаттар,
Барыңдар атқа мініп қызға таман.

Шормандай өлтірді ғой асқар белді,
Артына иесіз тастап тамам елді.
Қорқытпай қыздан жауап жөн сұраңдар,
Не пайда өлтіргенмен бір әйелді.

Жиналып осы отырған қанша адамдар,
Сөзімді менің айтқан аңғарыңдар.

Бұл іске Һәман байдың жазасы жоқ,
480 Оны да ашуменен қорқытпаңдар.

Ойлаңдар, көп жиналып ақыл-айла,
Көп адам ақылдасса, болар пайда.
Көп қыспай қыз сорлыдан сөз сұраңдар,
Тарғынның қолға түсер түбін ойла.

Ол Тарғын жау боп кетті тамам жанмен,
Кеткен жоқ қызық құрып сауық-сәнмен.
Көрінсе, Тарғынды да өлтірмеңдер,
Жарамас жуғанымыз қанды қанмен.

Халықтың Шорман өліп, кетті күйі,
490 Шорманның естен қалмақ қылған сыйы.
Сұрауға қыздан жауап келе жатыр,
Ғұмарға жақын екен Һәман үйі.

Қорқып жүр қыз бейшара түсі қашып,
«Не жауап беремін?» деп қайғы басып.
Басында әйел ғылып жаратты Алла,
Кететін еркек емес шыға қашып.

Ел-жұрты Шорман үшін аһ ұрады,
Көпшілік баққа келіп отырады.
«Тарғынның кеткен жағын сұраймын» деп,
500 Жамалды біреу барып шақырады.

Онда бар «өлтіре ме?» деген қауіп,
Жамал қорқып келеді ақылы ауып.
Амалсыз шақырған соң келе жатыр,
Бетіне ақ торғыннан перде жауып.

— Шошыма, қас қылмаймын саған, Жамал,
Адамзат иман табар қылып амал.
Басыңа азаттықты тілеп алдық,
Жылаған көз жасыңа патша қарар.
Сен түгіл Тарғынды да өлтірмейміз,
510 Тарғын өлсе, осы екі ел жесір қалар.

— Патшамен дейсің, халқым, уағдаластық,
Қылған жоқ Шорман ерге Тарғын қастық.
Сабады қырық жігіт жатқан жерде,
Біреуі тоқтатпай ма, болса бастық!
Қырқының Тарғын жықты бірін қоймай,
Шорман болса өлтіред деп жаман састық.

Ол үйде Тарғын шыққан бәрін қырып,
Шықса Шорман тұр екен тыста күтіп.
Көрген соң падишаны ес қалсын ба,
520 Мініп ап, Тарлан атқа кетті зытып.

Қолында балтасы бар ырғай сапты,
Артынан «өлтірем» деп Шорман шапты.
Балтасын қолмен қағып жібергенде,
Қайырымсыз ажалдан қаза тапты.
Ағалар, алдарыңда мен сөйлейін,
Несіне сөйлеген соң бөгелейін.

Баршасы қыз сөзіне болды риза,
«Пәли, балам, өссін, — деп, — жас мерейің!»

Жамал айтты: — Ағалар,
530 Жақсы менен жаманды
Есті кісі шамалар.
Туысқан, бауыр менде жоқ,
Жаны ашып маған кім қарар?!
Сендерсіз де өлермін
Ішімде қайғы-дертім бар.
Тағы айтты: — Ағалар,
Менен жауап сұрама,
Мені өлтірсең осы жерде,
Көңілдерің тына ма?!
540 Осы күнде менде ес жоқ,
Айтқан сөзім сынама.

Қыз Жамал осылай деп зар қылады,
Халықты осы сөзге нандырады.

Жалтарған биттей айла таба алмай,
Көпшілік «рас қой» деп тоқырады.

Бұл келген көпшілік те мыңға таяу,
Жақын жер жиналыпты атты-жаяу.
Баршасы қыз сөзіне риза болды,
Сөзінен таба алмайды ешбір қаяу.

- 550 Шығады батыр Тарғын тау басына,
Ойлайды жетем бе деп қыз қасына.
«Түсті екен қандай күйге сұлу Жамал,
Байғұстың мен қалдым-ау көз жасына».

Он төрт күн сол арада бұл шыдады,
Жемісі Алмалы тау ол да ұнады.
Шәһарға ертең ерте жүрмек болып,
Аллаға, пайғамбарға сыйынады:

- Кеш, Алла, қапылыспен қылсам жаза!
Дүниеден кім өлмейді, жетсе қаза?
560 Мен ғаріп бір қыз үшін мұндай болдым,
Қолдай гөр, Шәһимардан, иә Мұртаза!

Тарғын еді Құдай сүйіп қойған атым,
Көп еді төрт шаһарда қолғанатың.
Мен сорлы бір қыз үшін мұндай болдым,
Бір өзің алып едің алпыс қатын.

Ер Тарғын кісі өлтіріп, тауға қашты,
Жамалдай аламын деп қолаң шашты.
Он төрт күн аунап-қунап жатқан жермен,
Тауымен Алмалының амандасты:

- 570 — Аман бол, мен келгенше Алмалы тау,
Шәһары Астарханның болды ғой жау.
Аю, қасқыр зияндас мекен еткен,
Жөнелттің, сонан қорғап, мені есен-сау.

Алыстан тауды көріп болжаушы ем,
Ойлаушы ем «ішін барып көрсем бе екен?».
Өпкелген сол ниетіме мені Тәңірім,
Таусылмас жер екенсің, берекең кең.
Ер сасып, етек басып қысылғанда,
Тығылар жер екенсің, қылып мекен.

- 580 Мен ертең падишаға жөнелемін,
Ол жақтан қазам жетсе мен де өлемін.
Оңдаса сапарымды патша Құдай,
Қызық қып Алмалы тау бір келемін.

Жау болса қырамын ғой мың мен санды,
Әйтеуір, қинаймын ғой шыбын жанды.
Басында қылған ісім оңай емес,
Өлтіріп кетіп едім патша-ханды.

- Дөненінде жаратқан
Тарланды баптап мінем, — деп,
590 Алла сапар айласа,
Жармен ойнап күлем, — деп,
Уағда айтқан ғашықтың
Бір хабарын білем, — деп,
Пірлеріне сиынды.
«Ертең ерте жүрем», — деп,
Тарлан атқа мінеді.
Бойына қайрат жиынып,
«Ата-бабам жар бол» деп,
Әруақтарға сиынып.

- 600 Алдына мың қол кездесе,
Ұрысам дейді Ер Тарғын.
Ықшамды киім киініп
Алмалы таудан құлады,
Дария судай құйылып.

Ер Тарғын сиынады жалғыз Хаққа,
Бір күнде жетемін деп мінеді атқа.
Ел жатып, түн ортасы болған кезде,
Келіпті уағдаласқан бау-шарбаққа.

Қам қылды батыр Тарғын бармағына,
Сиынып ата-баба аруағына.
Жамал қыз бұрын келіп күтіп тұрған,
612 Жігіттер, таласпаңдар ер бағына.

Қызбен екеуі еш адамға білінбей екі-үш күн ойнап-күліп жата берді. Үш күннен кейін Жамал айтты:

— Ей, Тарғын, сен патшаға бар, ол сені өлтірмейді, маған уәзірлері арқылы айтқан уәдесі бар, хан екі айтпайды, — деді. Олай болса деп Ер Тарғын Тарланды бір қалтарысқа байлап тастап, Жамалмен қоштасып, екі бүктемелі қанжарын жеңінің ішіне оңайға ұстап ханға келеді...

«кырыншыл ат мінбәдік,
 «Ноғайлының кермә кас
 «цігіттай дәүрөн сүрмөдүк,
 «өтөрүн дүңү білмәдік.
 «Мына құргөн Боз Монаі
 «бізді улұндай көрмөдү,
 «бөлүнүп қатқан малынан
 «бізгә калың бермәді.
 «Ертәнмінән баі келзә
 «екі колун байлалык!
 «кірәргә көрүн сайлалык!
 «Боз Монаіды өлтүрсөк,
 «біз сәйтінә келтірсәк
 «тоқсан тоғай қылыңы
 «тоқсан бөлүп аламык!
 «Бу сыкылды тегін мал
 «қаидардан ізләп табалык?
 «карағай наизә сыкылды
 «карсы шабар улү док,
 «артынан ізләп келәр
 «қатарлаңған қалкы док.»
 Кул кеңәсіп қатыр деп
 баіға айтқан кісі док,
 оқумән баідың ісі док.
 Бір замандар болғанда
 ертәнмінән баі турдү,
 арқаннан атын алдыртты,
 алтынды ер құгөн
 тоқуммінән салдыртты.
 Кара тоңун белсәніп,
 қас патсадаі теңсәліп,
 боз қорға атты шаикалыш,
 қылыңның алдынан шықты шаикалыш,
 кара басы қан болған,

Оз алдына сар болған.
 Тоқсан кулдүң бірәў
 бөлүлүп сәләм бермәді,
 баіды көзү көрмөдү,
 сонда баі бір турүп бурқанды,
 муздаі темір курсанды,
 тоқсан кулдүң бәрінің
 атын атап шақырды,
 ашүмінән Боз Монаі
 қырармын деп ақырды.
 Шетгә құргөн бір кулун
 баі-да ұстап алады,
 қолға тұскөн сол кулдү
 ашүмән баі сабады.
 Бірәўн сабап қатқанда
 тоқсан кул баіды қамады,
 қандырдаі қуруқ қауады.
 Басина таяқ тгән сон,
 қалғыздығын білгән сон,
 бәзүлүң қолы кіргән сон,
 боз аттың басын бурмалап,
 сарайға қашты алдалап.
 Обаі салған даусуна
 дер күңрөнүп барады,
 үйдө турған баібішә
 қулағы естіп шалады.
 Сарадан шыкса құғұруп
 келәт еқан Боз Монаі
 бәз бәзүнөн бөлүлүп,
 атынан келіп Боз Монаі
 терс қарынан қуалады,
 дер баурдап суалады,
 дер баурдан суалады,
 қос арымінән екаў
 оібаі салған даусуна
 ш.

В.В. Радлов 1870 жылы Санкт-Петербург қаласында басылған «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты кітапта жарияланған «Сайын батыр» жырының 168-169 беттері

Ер Көкше

(В.В. Радлов нұсқасы. СПб., 1870)

- Уақ ұлы Қамбар екен,
Қамбар ұлы Ер Көкше.
Ер Көкше жас екен,
Жас та болса бас екен.
Он сан ноғай бұлгенде,
Орманбет хан өлгенде,
Ол барып жатыпты
Манан деген суына,
Балқан деген тауына.
- 10 Үлесерге мал таппай,
Атысуға жау таппай,
Сол кісінің ішінен
Бөлініп шықты қырық кісі,
Қарауыл кеткен төрт кісі,
Шындауыл кеткен бес кісі.
Сан жылқыны алыпты
Мың кісі оны қуыпты.
Қайтпас қара болат іреңкі,
Бала батыр Жаңбыршы
- 20 Қуып жетті мың кісі.
— Менің мылтығыма мың кісі
Садағыма сан кісі,
Қылышыма қырық кісі!
Төсенерге төсек жоқ,
Жастанарға жастық жоқ,
Жастық болар бес кісі.
Мәмбеттің ұлы Тілеген
Азуын тасқа білеген.
Бал ішкенге мақтанған,

- 30 Бір өзін сан кісіге теңеген.
Оған да болсын екі сексен, жүз кісі,
Сенің жақсыңа дара бір кісі,
Жаманыңа екеуара бір кісі,
Енді де қалды не кісі?
Со кісінің ішінде
Төрт жігіт ағайынды бар екен,
Бір кісі бір атқанда,
Үш атады екен.
Сан жылқыны алыпты,
- 40 Мың кісі оны қуыпты.
Жан жолдасы Манаша
Аршын басты Аққұламен
Бөгей, бөгей келеді,
Әлі жетпей келеді.
Табаны жазық Тарлан бозға мініп,
Бір оғын аузына тістеп,
Бір оғын жағына кезеп,
Жауға еніп кетіпті.
- 50 Жаудың маңдайынан еніп,
Көтінен шығып кетіпті.
Оң бүйірінен еніп,
Сол бүйірінен шығып кетіпті.
Жүрген жері кезең болды,
Жеті түн соғысып,
Қырық кісі бөрі өліпті.
Қырық кісіден жалғыз —
Ер Көкше тірі қалыпты.
Мың кісі бөрі өліпті
- 60 Мың кісіден жалғыз —
Жаңбыршы батыр қалыпты.

Аттың қолаңсасынан қан келді. Жаңбыршы айтты: — Еке-
үміз соғыспайық. Көкше айтты: — Соғыспасақ, соғыспай-ақ
қояйық! Мың кісінің атын Жаңбыршы алды. Алып келген
жылқыны Ер Көкше алды. Қайтып кетті Жаңбыршы. Ер Көкше
кісілерін қарап, жүрсе, жан жолдасы Манашаның маңдайына
қасалы оқ кіріп, басын көтеріп соғып жатыр екен. Оғын суырып
алды. Қара дәріні құйып еді, түрегелді Манаша, өзінің қырық

кісісі [нің] бөрі түрегелді. Манағы мың жылқысын айдады.
Жүріп келе жатыр. Ер Көкше жүре алмайды.

— Е, жігіттер, жігіттер!
Е, Манашам, Манашам!
Жаурын жағып қарашы,
Тезектің отын қалашы.
Омыртқамда он жара,
Оңғарыла алмай келемін.
Қабырғамда қырық жара,
Қимылдай алмай келемін.
70 Толарсақта тоқсан екі бар жара,
Толғана алмай келемін.
Қақ жауырында бір жара,
Сом жүректе бір жара,
Қарға жүнді қамыс оқ
Шаш етектен тиіпті,
Көк желкеден шығыпты —
Бөрінен де со жара.

Олар енді жүріп кетті. Қараса, Ер Көкше жоқ, Манаша да жоқ. Манаша Ер Көкшеге айтты: — Ер Көкше, бүйтіп жатар ер ме едің? — деді. Бар, — деді, — бұлай жау жетті деп шап! — деді. Ер Көкше сонан «жау жетті» деп шапты. Бір оқты жағына кезеп, атына жайдақ мініп, «жау қайда?» деп былай бір кетті, бұлай да шапты, жау көрінбеді. Онан соң келіп жығылды. Жолдасы сонан соң айбалтамен жер қазып көмді. Қайтты. Сонан соң Манаша манағы кісілерге қуып жетті. Олар «екеуі де өлді» деп, малдарын үлесіп алып қойған. Манаша келгеннен соң, бірін-біріне соғып, малды қайтып алды. Сонан соң Ер Көкшенің сыбағасын бөлек алды, мылтығының сыбағасын алды, қылышының сыбағасын алды, өзінің сыбағасын алды, сонан соң өзгелерге берді.

Ер Көкшенің үйінде жалғыз баласы бар екен, аты Қосай екен. Ол үйінде қырық құлаш саты қылған екен, соған шығып көрді жорықшыны.

Қосай үйден шығыпты,
Келген кісіні көріпті.

- 80 — Әкем Ер Көкше келсе,
Әкем жорға әпкелсе,
Әкем торқа әпкелсе,
Жорғаны мен мінемін,
Торқаны мен киемін, — [деп],
Алдынан шығып айтыпты.
Манаша енді келіпті,
Кісілерге айтыпты:
— Мынау Қосай сұраса,
Әкесінің халін сұраса,
- 90 Сендер жауап бермеңдер,
Ешбір сөз айтпаңдар,
Оған жауап мен берейін!
Бала алдынан шығыпты:
— Ассалаумағалайкум, ағалар,
Ақсақалды бабалар!
Менің әкемді көрдің бе?
Манаша сонда сөйледі:
— Жаным дейін, Ер Қосай,
Тәнім дейін, Ер Қосай,
- 100 Сенің атаңды мен көрдім.
Табаны жазық Тарлан боз
Табаны тиіп келеді,
Оны қаға келеді.
Садақ толған сар жебе
Жүні ұшып кетіпті,
Оны жөңдей келеді.
Солқылдаған ақ найза
Қисайып кетіпті,
Оны түзетіп келеді.
- 110 Өңгеге өгіз олжа тигенде,
Әкеңе тана олжа тиді депті.
— Е, ағалар, ағалар,
Ақсақалды бабалар!
Табаны жазық Тарлан боз
Табаны таяр ат па еді?
Садақ толған сар жебе
Жүні ұшар оқ па еді?
Солқылдаған ақ найза

- Қисаяр ағаш па еді?
 120 Өңгеге өгіз олжа тигенде,
 Әкеме тана тиер ер ме еді?
 Ай, ағалар, ағалар,
 Ақсақалды бабалар,
 Азаматтар-шоралар!
 Олай демей, бұлай де,
 Біздің әке өлді де,
 Бізді Құдай ұрды де.
 О кәуірге қылмасам,
 Ағытқан қойдай маңыратып,
 130 Аш күзендей шулатып,
 Арқа ауылдың сары жон
 Тізеден соқпақ салмасам,
 Керегесін кертпесем,
 Кертіп отқа жақпасам,
 Қосай атым құрысын!

Бала үйіне қайтты. Манаша айтты:— Е, Қосай, мынадан сауға алыңыз! Өзім кісіге сауға бергендей болғанда алармын, — [деді Ер Қосай].

Қосай сонан үйіне қайтып келді:

- Е, шеше, шеше,
 Біздің әке өліпті,
 Бізді Құдай ұрыпты.
 О кәуірге қылмасам,
 140 Аш күзендей шулатып,
 Ағытқан қойдай маңыратып,
 Арқа ауылдың сары жон
 Тізеден соқпақ салмасам,
 Қосай атым құрысын!
 Атамның сүйтіп кегін алармын!
 Әкемнің елі бар ма?
 Әкемнің жұрты бар ма?
 Құдасы әкемнің бар ма?
 Құрбысы әкемнің бар ма?
 150 Досы бар ма, шешеке?

— Жоқ, — деді шешесі. — Бойың өсіп, бұғанаң қатпай, балам, жауда өлерсің, — деді. Бір Жепекбай деген құлы бар екен, соған бала келді: — Мен мінгендей ат бар ма? — деп сұрады.

— Сен мінгендей ат жоқ, — деді. Айтпады Жепекбай.

— Сен шыныңды айт, — деді. Айтпады Жепекбай. — Сен шыныңды айтпадың, — деп, жағасынан ұстап алып ұрды жерге. Жепекбай: — Айтайын, — деді:

— Орай Қақтың басында
Ай маңдайлы Алаша ат
Күн маңдайлы Құлаша ат,
Салпаң құлақ Сарғылша ат,
Еменнің ең түбіне
Мінсең де сол жарар.

Әкесінің қалған қырық құлаш жібек арқаны бар екен, алып келді. Оның су ішетұғын жеріне, өзін көрсетпей, жер қазып жатты. Әуелі күн маңдайлы Құлаша ат келе жатыр, артында ай маңдайлы Алаша ат келе жатыр. Күн маңдайлы Құлаша ат су ішті, суды ішіп-ішіп тамсанып еді, маңдайы бүлкілдеді, күндік өнері бар екен. Ай маңдайлы Алаша ат суға келді, су ішті, маңдайы бүлк-бүлк етті, айлық өнері бар екен. Сары ат су ішпей қайтып шығып кетті. Ертең келді, сары ат ертең келіп су ішті. Шалманың басын мойнына тастады, ұстап алды, жүгендеп алды, мініп шешесіне келді. Шешесіне айтты: — Менің ер-тоқымымды қыл! — деді. — Мен ханнан барып, қол сұрайын, — деді. Ханға келді: — Е, хан, — деді, — тақсыр, — деді. Хан есітпеді, хан тойда отыр екен. Сонан соң хан шыққаннан соң сөйлесермін, депті. Бір төбенің астына барды, ұйықтап жатыр. Хан асын жеген соң, тысқары шықты. — Манағы жарғағы бар сары бала қайда? — деді. — Табыңдар оны, — деді. Бір бала айтты: — Мына төбенің астында жатыр, — деді.

— Бір он жігіт, он найза алып, сол балаға барыңдар, жаман болса, қорқар, жақсы болса, қорықпас, — деді. Он жігіт барды, айғай салып: — Нағып жатырсың? — деді. Хан басыңды аламын, — деді.

— Хан басымды алса, даярмын, — деді. Келді бала ханға. Хан: — Бала, бері кел, — деп шақырды. Ханның қасына келіп отырды бала. — Бала, кім баласысың? — деді.

— Ер Көкшенің баласымын, — деді.

— Неге келдің, бала?

— Әкемді көуір өлтірген, сізден қол сұрағалы келдім.

— Бұ бала, жас екенсің, бала, барма! Қыз айттырып берейін, — [деді]. — Қосайға айттырғандай қыз бар ма? — деді. Арғынның Ақсары биі айтты: — Менде қыз бар, — деді. — Аты — Ботақыз, — деді. Қосай айтты: — Қалың малы не? — деді. Айтпады Ақсары би.

160 — Арғынның Ақсары биі,
Бермен бақ, Сары би!
Ботақыздың қалың малын
Айт, Сары би!
Қалың малын айтпасаң,
Арман қарап тұр, Сары би.

— Хан тақсыр! Қатын болса, жай алармыз әкемнің кегін алған соң, маған қол бер, әуелі, — деді. Хан айтты: — Бұған баратұғын ерлер бар ма? Арғынның Ақсары биінің алты ұлы бар екен. — Барармыз, — деді. Онан соң жұрт: — Барамыз, — деді. Үйіне келді алтауы, сонан соң: — Бармаймыз, — деді. Қосайдың өзі аттанды. Жұртқа барған соң, бес асық дос баласы бар екен, бесеуін ертіп жүрді. — Ботақыздың ауылын баса жүрейік, — деді. Ботақыз сұлу жеңгесіне жүгіріп айтты: — Анағы кісіге бар, сөйлесейік, — деді.

— Құда түспей, құйрық бауыр жемей, неге көрінесің оған. Онан қыз жүгіріп, кіші жеңгесіне келді: — Анағы кісіге бар, сөйлесейік, — деді.

— Қайтып барамыз оған? — деді.

— Қарға шелек ілейік, бие сауған болайық, сүйтіп сөйлесейік. Қарына шелек ілді де, бие сауған боп барды. Қосайды түсірді аттан. Ойын-күлкі көп қылдылар. Бір уақытта жеңгесі: — Қайтыңыз, — деді. Қосай атқа барды. Қыз айтты. — Қайтпаңыз, мереке-ойын қылайық, қызық қызмет бар мыңда. Қосай айтты: — Атқа мініп шыққан соң, еркек қайтып түсер ме екен, ұрғашы қайтып түседі. Қосай аттанды, қыз қолтығынан тартты, түсіруге болмады. Қолтығынан жігіт жібек шапан ап берді. Қыз айтты: — Қашан келер екенсіз? Жігіт айтты: — Шапанның жағасынан оймақтай қалғанда келер-

мін. Жүріп кетті Қосай. Оныменен көп қол барды. Арғынның Ақсары биінің ұлы: — Қосайдың ауыр қолы жорыққа бара жатыр, — деп келемеж қылды.

- Айдан ай өтіп кетіпті,
Жылдан жыл өтіп кетіпті.
Қосай алған қолменен
Барып-барып кетіпті.
Неше ай барған соң,
Неше жыл барған соң,
Қасындағы бес бала айтыпты:
- 170 — Жаным дейін, Ер Қосай
Шыным дейін, Ер Қосай,
Көп біз шөлдеп барамыз,
Көп біз пәле көреміз,
Оған амал не болады?
Қарнымыз ашып барады,
Судан шөлдеп барған соң,
Астан аш болған соң,
Қайдан амал табармыз?
Бес бала оны айтқан соң,
- 180 Қосай сөзін есіткен соң:
— Шөлдеп барған кісіге,
Қарны ашқан кісіге
Сусағанда су берейін,
Қарны ашқанда ас берейін!
Садағымның қорамсағында
Бес бауырсағым бар екен.
Салпаң құлақ Сары аттың
Бауырының астында
Жайдың тасы бар екен.
- 190 Садағының қорамсағында
Бес бауырсағын алды дейді,
Бесеуіне алып берді дейді.
Бесеуі өңгеріп жүріп,
Бес бауырсақты жеді дейді.
Салпаң құлақ Сары аттың
Бауырының астынан

- Жайдың тасын алыпты,
 Бұлғап-бұлғап жерге қойыпты.
 Әуеден жаңбыр жауыпты,
 200 Мына судан ішіпті.
 Ер Қосай атқа мініпті,
 Қарауыл қарап кетіпті.
 Жеті тауға шыққан соң,
 Жеті таудан түскен соң,
 Жеті қырды асқан соң,
 Сары аты жүрмей қалады.
 — Қамшыласам да, жүрмедің,
 Қарбансам да, жүрмедің,
 Тебінсем де, жүрмедің,
 210 Тербелесем де, жүрмедің,
 Маған неден көңілің қалды?!
 — Ойбай, ием, Ер Қосай!
 Жүгенімді алып құнатпадың,
 Ерімді алып аунатпадың,
 Саған неден разы болайын?!
 Ер Қосай аттан түсе қалыпты,
 Ерін тастап алыпты,
 Арқа терісі бірге түсіпті.
 Жүгенін енді алыпты,
 220 Бас терісі бірге түсіпті.

Салпаң құлақ Сары ат арнаның ақ жусанынан алты аттап, алты аунап түсті, құйрығын сыртына салып, үйден шыққан қалыбына түсті. Құйрығын сыртына салып, құлашы бар құлан болып күннің батысына таман кетті. Бала айтты: — «Ат аяған жерге қарайды, құс аяған көкке қарайды» деген осы екен. Бала жылап, жылап ер-тоқымын жастанып жатып қалды. О Сары ат барып, баяғы батыр Жаңбыршының шәрін үш айналып қашты. Қарға тұмсықты, қазық аяқты кемпір бар екен. Сол кемпір айтты: — Бұ жарғағы бар екен, Сары бала бар екен, бұ семіз сары ат бар екен. Бұ шәріңді үш айнала шабылып, мұны ұстаңыз қуып. Шәрдің жігіттері қуды Сары атты, жетпеді. Сары ат қайтып барды, жетсе Қосай ұйықтап жатыр екен. Ат басқа тепті, оянды. — Неге жыладың?, — депті.

— Сені кетіп қала ма, — деп жыладым.

— Мен неге кетейін, мен батыр Жаңбыршының шәрін үш айналып қаштым, маған жетер ат жоқ екен. Мен сол ат сынарға бардым. Бір соқыр қара бие не жетті, не жетпеді, ішіндегі құлыны тұлпар екен, сол шәрде бір күрең арғымақ бар екен, бір Сары бала бар екен, тоқсан сиырдың сүтін ішеді. Соны тастама, екеуін өлтір! Менің түгімнің түбі сайын бір оқ, мен жеті түн, жеті күн шаба алмасам, маған серт, шабыса алмасаң, саған серт! Бір өзімнің дүбірімді мың жылқының дүбіріндей қылайын, сауырым ортасында екі бөйтерек орнатайын. Қосай айтты: — Мен бір өзімнің даусымды мың кісінің даусындай қылайын, басымды таудай қылайын, көзімді шаңырақтай қылайын, жеті түн, жеті күн шаба алмасаң, саған серт, шабыса алмасам, маған серт!

Атына мінді, келді шәрге, жеті күн, жеті түн соғысты, аттың тізесінен қан келді, бәрін қырды. Бір жүз кісі қалды. Баланың алмасының сағағына май қатты, өзі шаршады. Сары ат айтты: — Түсе қап, бауырыма ен! Түсе қап бауырына енді. Ат сілкінді: — Тұр, — деді, — үстіме мін, — деді. Үстіне мінді, жүз кісіні жесір-жебір қылып алып жөнелді, алып шықты. Жолай, екі дөң артылып түсті, баяғы желмая мінген кемпір көтінен қуып келді: — Е, Қосай! — деді, — мұның артынан жоқтайтұғын кісі барар. Қосай айтты: — Е, кемпір, бір ел алып қал. Кемпір бір тайпа ел алып қалды.

Онан соң Сары ат жүрмеді. — Неге жүрмейсің, — деді. Ат айтты: — Ұмыттың, — деді.

— Нені? — депті.

— Темірлі үй қалды, күрең арғымақ қалды, Сары бала қалды. Қосай қайта жүрді. Келді қайтып. — Енді оны қайтып бұзамыз? — деді.

— Мені текпіле, өкпемді шығар, сауырымнан сабап сапты аяқтай ет шығар, сүйтіп қоя бер! Сары ат айтты болды, жерге барып қайтадан жүгірді, келіп үйді теуіп кеп кетті. Темір үйдің екі қабаты үзілді. Тағы кетті жүгіріп. Қайтып айналып кеп теуіп кетті, темір үй ашылып кетті. Ішінде Сары бала жатыр екен, күрең арғымақ тұрған екен, күрең арғымақтың аяғында темір шідері бар, темірден ноқтасы бар. Сары баланың қолында бір жағы бар екен, бір төбені атса, төбе аударылып түсер еді. Сары бала айтты: — Е, Қосай, тірі болсам, елімнің кегін алармын сенен. Қосай басқа кеп шапты, ішін жарды, ішін қараса, тоқсан

бөлек қарыны бар екен, тоқсан сиырдың сүтін ішеді екен. Бір кемпір онда отырды: — Тәңірі көзің [ді] ашсын! — деді. Сары ат айтты: — Қайтара кет! Сонан соң Қосай манағы көшіне келді, көшке айтты: — Мен озып барайын, ұзын сызған жеріне жүр, дөңгелек сызған жеріне қон. Сонан соң Ер Қосай озып барды жеріне, бір төбенің басына шықты, күндік жерден есітеді екен, түстік жерден болжайды екен.

Түстік жерде Жаңбыршы батыр кетіп бара жатыр екен, қасында ұлы Темірбай алып бар екен, бір сәуегей бар екен. Жаңбыршы айтты: — Е, сәуегейім, не көрдің бүгін? Сәуегей айтты: — Бүгін біздің шәрді бір бала шапты, астында семіз Сары ат бар еді, жеті қабат темір үйді бұзды, бұл Сары баланы өлтірді, қасындағы күрең арғымақты өлтірді. Жаңбыршы айтты: — О баланы біз көрдік, бізді о бала көрді, біз оған барсақ, ол бізді өлтіреді. Ол бізге келсе, оны біз өлтіреміз.

Сонан соң Қосай жөніне жүріп кетті. Сары ат айтты: — Е, Қосай, елің енді жақын еді, бір таудың ар жағында Ертістің суы бар, оның ар жағында арғынның Ақсары биінің аулы бар, мына тауға желіп шық, желіп түс, желіп мен ар жағына өтейін. Судың ар жағында мен жығылайын, сен сонда атым өлді деп айғай сал, сонан соң сол ауылдың кісісі келер, арғынның Ақсары биінің алты ұлы құйрығымнан тартар, көтімді қозғалтпас, арғынның Ақсары биі өзі тартар, сонан соң түрегелейін, көңілі тәуір боп қалсын, — деді.

Қосай кетті тауға, желіп түсті, желіп өтті, судың жиегіне келіп жығылды, айғай салды, ауылдан кісі келді. Қосай айтты: — Жолаушы едім, менің атым жығылып жатыр. Арғынның Ақсары биінің алты баласы кеп тартты, көгін қозғалтпады. О тағы айғай салды, арғынның Ақсары биі өзі келді, келіп тартты, ат түрегелді тартқан соң. — Е, балаларым, — деді, — қартайсам да «бөрінің бір қойлық әлі бар екен» дегені осы, — деді. — Жаным, кім едің?

- Қосайдың жолдасымын, — деді.
- Қосай әкесінің кегін алды ма? — деді.
- Кегін алды.
- Ойбай үйге жүр, сусын іш!

Үйге келді Қосай, сусын ішті, Ботақыз сұлу аяқшы болды. Үйінде жатқан сартпен ойнар екен қыз, Қосай оны білді. Қосай тұра аттанды:

- Қолымдағы қарағай садақ
 Қайыра тартқан бар ма екен?
 Арқа ауылдың сары жон
 Тізеден соқпақ салған бар ма екен?
 Әкесінің кегін алған бар ма екен?
 Әкеңе бердің толы аяқ,
 Шешеңе бердің жарты аяқ,
 Маған бердің орта аяқ.
 Көңіліңді беріп қойыпсың
- 230 Телегей қара бөрікті
 Жатыр екен үйіңде,
 Қалай ойнасаң да ерікті —
 Бір күнде басыңа тиер тал таяқ.

Сонан соң жұртына кетті. Арғынның Ақсары биінің балаларына айтты: — Ертең менің көшім өтеді, малдарыңа ие болмай қалмаңдар.

Сүйтіп жүріп кетті. Жүріп қолына келді, судың арғы жиегінде қонды, ертең айдады, арғынның Ақсары биінің ауылын бастыра айдады. Сиыры сиырына қосылып кетті, қойы қойына қосылып кетті. Сары бидің алты баласы — алтауы алты тайға мініп жайдақ шаңның ішінде қалды. Алтауы айттылар: — Қосай мырзаға айтыңыз, малымызды бөліп алайық, тоқтасын! — деді.

— Оған тоқтамаймын, — деді. Қойындай қойын бөліп тастады, жылқысындай жылқысын бөліп тастады, жүріп үйіне келді.

Үйіне келді, қаршыға салды. — Ботақыз сұлуға үй тіксің, — деді. Ботақыз сұлуды алып келді, кешке жаңа тіккен үйге барып жатты. Аты байлаулы екен. Аты үйді сындырып бара жатыр. Ботақыз сұлу айтты: — Атыңыздың мінезі осылай ма еді? Қосай айтты: — Күнде қаз, дуадақ қанжығасында жүруші еді, соны көкsep тұр, шығып қара, — деді. Шығып қараса, жеті қабат жау үйді құрсап алыпты. Қосай айтты: — Кейін тұр, атыма мініп шығайын!

Атына мініп шықты, қолдан қарсы келді біреу. Манағы желмаяға мінген кемпірдің баласы Темірбай алып екен. Найзамен шанышты Қосайды, жоғары көтерді. — Қосай қалайсың? — деді.

— Бұрын үстінде едім, әлі де болса үстіндемін. Қосайды жерге тастап кетті, найзаның қарыстай жері ішінде қалды, Қосай өліп қалды. Темірбай алып онан соң елін шапты, қатынын мінгіздіріп алайын деп еді, Темірбай алып алдырмады. «Шешеме қылған жақсылығы бар» деп, манағы желмаяға мінген кемпірге бір тайпа ел беріп кеткен еді, соның үшін қатынын алдырмады. Сары атты ұстайын деп еді, ұстатпады, қырық кісіні өлтірді, қашып кетті Сары ат. Сары ат Қосайға қайтып келді. Қайтып келсе, Ботақыз сұлу өлгелі жатыр екен. Ат айтты: — Өлме, — деді. — Мына өлген кісінің өтін алып, Қосайдың мұрнына құй! — деді. Өлген кісілердің өтін қатын алды, мұрнына құйды. Қосай: — Қатты ұйықтадым деп түрегелді. — Жау қайда кетті? — деді.

— Қайтып құс — қатын айтты. Қосай қайтып құсты. Қатын айтты: — Бүгін әкең түсіңе енер, — деді.

Ұйықтады Ер Қосай. Түсіне әкесі енді. Әкесі айтты: — Ол кемпірдің ұлы — Темірбай алып, сырты — болат, іші — құрыш, — деді атасы. [Оған] мылтық өтпейді, шапса қылыш өтпейді. Түнде жатса, мойнына шайтан үйелеп жатады. Сонда түнде барып шап.

Таң атты, ертең түнде Қосай барды, Темірбай алыптың басын шапты. Таудың аржағына барып жатты. Таң атты, келіп қолға араласты, бәрін қырды, ат-тонын бәрінің алып қайтты. Жеті жүз ұста жидырды, жетпіс арба көмір алдырды, өзі көмірдің ортасына отырды. Ұсталарға бастырды, өзі қорғасындай балқыды, көтінен найзаның сынығы түсіп қалды. Жазылып кетті өзі. Малын малданып, жанын жанданып еліне хан болып, сондай әділ болып, барша мұратына жетті.

Ер Қосай

(А. Хангелдин нұсқасы)

Бұрынғы ноғайлының заманында Ер Бөкше, Нар Бөкше, Әділ Бөкше, Асқар Бөкше деген жеті ағайынды ерлер болған екен. Алтауы қалмақтың Тақтаболат-Тасболат деген жауынан өлген екен. Ең кішісі Ер Бөкше жалғыз қалған екен, жасы алпысқа келгенде қатыны жүкті болып, бала табады. Ат шаптырып, той қылып, баласының атын Қосай қояды. Бір күні Ер Бөкше ноғайлыны жинап алып, бір-екі ауыз сөз айтады:

— Қимылдаған тіл мен жақ,
Жетеуім тірі жүргенде
Қаптап еді кәрі әруақ.
Баладан кемдік көргенде
Жаңа туды шамшырақ.
Алты ағамның соңынан
Қанды сапар соғысқа
Аттанайын деп едім,
Мұның соңын ойлап бақ, —

дейді.

Сонда ноғайлар айтты: — А, батыр, бұл «қанды жол» деген бір жаман жол еді, мына қартайғанда көрген жалғыз бала ержетсін, сабыр ет, — дейді.

Ноғайлылардың сөзіменен Ер Бөкше алты жыл сабыр етеді. Қосай алты жасқа келеді. Сонсын Ер Бөкше ноғайлылардан бес мың қол алып, ол қолды жолға салып жібереді, өзі артынан жетемін деп, Тобылғы меңді торы атты ерттеп жатыр еді, әкесінің жауға кететінін біліп, алты жасар Қосай әкесінің сыртынан жылап жүріп сөйлегені:

- 10 — Әркімдер мінеді бір атты,
Ат деген ерге қанат-ты.
«Ер шырағы сөнбес» деп,
Тілер болар зүрриятты.
Атадан жақсы ұл туса,
Қылар болар ер бапты.
Жасы алпысқа келгенде
Әкем қайда лақты?
Лаққаның ұят-ты,
Өзіме бер тор атты,
- 20 Мен қылайын қайратты.
Көбіңе қос та қоя бер
Тілеп алған шырақты.
Әкесі сонда сөйледі:
— Олай деме, сұм ұлым,
Бұлай деме, сұм ұлым.
Сенсіз болмас тынымым,
Мен қалмаққа аттансам,
Артымда сенсің тынымым.
Бала деген жас ұл-ды,
- 30 Өзің өліп, мен қалсам,
Тасқа ұрармын басымды.
Өзім өлсем, артымда
Сен берерсің асымды.
Өзің өліп, мен қалсам,
Көре алмаспын елімді.
Хақ жеткізсін кеміңді,
Шешкін бұған беліңді.
Алты жасар жалғызым,
Артымда қалып барасың,
- 40 Жеткізсін Алла кеміңді, —

деп жүре берді.

Қосай да қалмай жүгіре берді, артында келе жатқан баласын көріп, қайтып қатынына ақырып сөйлейді:

— А, қатыным, қатыным,
Жалғыз ұлдың жоғында
Құп-қу еді жатуым,

Жалғызыңа жете алмай,
Қырқылды ма тақымың?

- Байының айтқан бұл сөзі
Бәйбішені қысады.
Ербеңдеген балаға
Бәйбіше де ұшады.
- 50 Бір төбеден асырмай,
Аяғын екі бастырмай,
Баланы бара ұстады.
«Жүр» деп еді, жүрмеді,
Кемпірге теңдік бермеді.
Алпамсадай кемпірді
Арқалап ала жөнелді,
Тұмақ құрлы көрмеді.

Сонда кемпірін арқалап келе жатқан Қосайды көріп Ер
Бөкше өзінің зайыбына былай дейді:

- А, қатыным, қатыным,
Жалғыз ұлдың даусынан
- 60 Он бөлінді ақылым!
Дүниесі құрысын,
Өбейінші алып бір,
Қосайжанды алдыма
Алып берші, сүйейін.
Жалғыз ұлдың лебімен
Қырық мың жауға тиейін.
Не келермін, келмеспін,
Не көрермін, көрмеспін,
Қосайды берші, сүйейін.
- 70 Жас алпысқа келгенде
Қайратымды түйейін.
Алты ағамның соңынан
Шаһит кебінін киейін.
Әуедегі жұлдыз-ды,
Суда ойнайды құндызы.
Бибі Фатима піріміз,
Қосайды саған тапсырдым.

Жер астында оқ жонған —
 Шаһизында жас бала,
 80 Қосайды соған тапсырдым.

Жебелі найза қолында,
 Бес мың қолдың соңында,
 Омырауын аршындап,
 Мінген атын қамшылап,
 Торы аттан аққан қара тер
 Жаңбырдай жерге тамшылап,
 Жекенді көл, жерлі көл
 Мұнан да өтіп жөнелді.
 Қапсағайдың Қаратау —
 90 Шегірлі көл, талды көл
 Мұнан да өтіп жөнелді.
 Қапсағайдың Қаратау
 Мұнан да өтіп жөнелді.
 Енділенің көлінен
 Мұнан да өтіп жөнелді.
 Мәдинаның шөлінен
 Мұнан да өтіп жөнелді.
 Ат арыды дегенде,
 Ер мойыды дегенде,
 Алты ағаның молаға
 100 Кешке келді қонаға.

Сол жерде Ер Бөкше моланың басына түнейді. Алтауының басына алты бие жетектеп барған екен, ағаларына дұға оқып, бір күн сол жерде түнейді.

— Бұланайдың Қара тауы деген бір тау бар еді және Бұлынның бұлағы деген таудың түбінде екі бұлағы бар еді, сол бұлақты өзім барып көріп келейін, — деп, Ер Бөкше қасындағы бес мың қолына айтқаны:

— А, бес мың қол, бес мың қол,
 Кім өлмеген жаман жол!
 Бұлынның қара бұлағын
 Өзім барлап келейін.
 Өзім тұрып сендерге

- Бара көр деп не дейін!
Жас алпысқа келгенде
Қайратымды шенейін.
Алты ағамның соңынан
- 110 Өлсем шаһит болайын! —
Деп Ер Бөкше жөнөді
Бұлын деген бұлаққа.
Ер Бөкше зулап келеді,
Көзін қадап жыраққа.
Ат сулығын алады,
Аты суға қанады.
Аты суға қанған соң,
«Айда!» деген бір дауыс,
«Қайда?» деген бір дауыс
- 120 Құлағын жарып барады.
Жасырынып жатқан бұлақта
Төрт қарауыл бар еді.
Шауып шығып төбеге,
Шалдың көзі түседі
Жалтылдаған жебеге.
Көкпен қасқа, көк қасқа,
Жоламан қасқа, жол қасқа,
Бұлар төртеу, шал жалғыз,
Қол сілтеді жамбасқа.
- 130 Жанындағы зұлпықар,
Сілтесе жан қалмас па?!
Суырып алды болатты,
Сілтеген жерін қанатты.
Бірін-бірі қуалап,
Айқасады тұра қап,
Ат сауырын қан жуды.
Шалды ортаға алады,
Батыр туған Ер Бөкше
Итмалтауға салады.
- 140 Шаруа көздер қонысты,
Шалға Құдай болысты.
Төртеуі де шала өлді,
Күн сәскеге келгенде

- Көбеңсінген төрт нарды
Бабай түсте қашырды.
Сол қашқаннан жоқ болды,
Тізе қосып жөнелді.
Еркін найза сала алмай,
Омырауға ала алмай,
150 Біреуін жетіп шала алмай,
Ер Бөкше қуып келеді.
Қашып келіп төртеуі,
Көп нөпірге енеді.
Қалың жауды көрген соң,
Шал қайқаңдап жөнелді.
Бұ да келген құмар-ды,
Жалғыз шалдың соңынан
Үш жүз әскер шығарды.
Қалмақ қуып, шал қашып,
160 Үсті-басын шаң басып,
Ер Бөкше сасып келеді.
Батыр сонда ойланды,
Ойланды да толғанды,
Теріге сыймай долданды:
–Табандап тұрып нетейін,
Ұзаңқырап кетейін.
Жүйрік атым озған соң,
Кәрі жыным қозған соң,
Қайтадан келіп орайын.
170 Құдай маған бақ берсе,
Шырылдатып қырайын.
Осылай деп Ер Бөкше
Лашын құстай шүйілді,
Ақсұңқардай түйілді.
Қуаты бойға жиылды,
Келе бабай килікті.
Оң келгенін оң атты,
Сол келгенін сол атты,
Қылышы тисе қан ақты.
180 Ту ішіне ту тастап,
Туын бұзып құлатты.

Өзі тастап кеткен бес мың қолға түн ішінде келіп, Ер Бөкше сөйлеп тұр:

- А, бес мың қол, бес мың қол,
Кім өлмеген жаман жол!
Қартайғанда ат шаптым,
Мен бір бөлек мал таптым.
Аламан тегін алсын, — деп,
Олжа болып қалсын, — деп,
Түн ішінде лақтым.
Мен секілді бабайға
- 190 Бес мың қабылан ересің.
Ертеңгі сәске болғанда,
Көп малдарды көресің.
Сөз нәсілін оңдағың,
Маңдайды түгел барлағын.
Кешеулеп бірің қалмағын,
Қапыда қалып қалмағың,
Шайнасын, бөлем, бармағын,
Деген соң Бөкше, бес мың қол,
Түн ішінде тартты жол.
- 200 Әскерін ертіп Ер Бөкше,
Жетіп барса бұлаққа
Топ дауысы жаңғырып,
Жетіп келді құлаққа.
Арбаға дүлдүл үйретіп,
Майлы арбасын сүйретіп,
Азығына нан алып,
Сусынына бал алып,
Зеңбірекке шоқ салып,
Ер Бөкшені көрген соң,
- 210 Қалған екен кәпірлер
Бұлақты алып қамалып.

Сонда бес мың қол айтады: — Бұл қашаннан қанды шелек қатерлі жау бізді шөлдетіп қырайын деп тұр ғой, — деді. Сонда Ер Бөкше айтады:

- А, ноғайлым, ноғайлым,
Көкірексінген, ноғайлым,
Көбеңсінген, ноғайлым,
Қайрат қылып, қан татпай,
Тақасып жаумен оқ атпай,
Келгенін жайпап, қиратпай,
Кегіңді қалай аласың?!
Кек алмасаң жауыңнан,
220 Қапыда өзің қаласың.
Сендер қорықсаң тұра бер,
Жалғыз өзім болсам да,
Өзім-ақ жауға барайын,
Тобына ойран салайын.
Садағыма сан кісі,
Мылтығыма мың кісі,
Қылышыма қырық кісі,
Ешкінің жүні ербегім,
Еңіреп жүріп көргенім,
230 Елде қалған Қосайдың
Сыбағасына мың кісі.
Итке салса, ыңқ еткен,
Нарға салса, бүлк еткен,
Шүберектей қуарған
Айдаһардың қанына
Жан қалмас деп суарған.
Атамнан қалған зұлпықар,
Бабамнан қалған зұлпықар,
Қарыс қара жерінде
240 Қырық мың ердің құны бар.
Жау жағадан алғанда
Ердің айтар мұңы бар.
Айқасып жаумен қалайын,
Ерлердің кегін алайын.
Сілтемесем, маған серт,
Шапқаныма шыдамай,
Балдақтан кетсең, саған серт.
Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жері қу төбе.
250 Кесіп алған жерінде

- Қырық ай жатқан қуарып,
Қырық қара нар майына
Алып едім суарып.
Алты атқа алған адырна,
Он атқа алған бұхар жай,
Қуысына оқ салып,
Ата алмасам, маған серт!
Атқаныма шыдамай,
Кірістен кетсең, саған серт!
- 260 Үстімдегі ақ сауыт
Ақ кіреуке бек сауыт
Қылыштың қайқы жүзіне,
Зеңбіректің оғына,
Кейде қалың шоғына,
Кәпірдің қалың тобына
Сүңгімесем, маған серт,
Оқ дарытсаң, саған серт!
Айқайлап жауға тиеді,
Оң келгенін оң атты,
- 270 Сол келгенін сол атты.
Қылыш тисе, қан ақты,
Гүілдеген көп қалмақ
Алды-артына лақты.
Қашқан адам бұғады,
Бұлын деген екі су
Бірінен қуып шығады.
Жаудың алды тоқтады,
Бір төбеге топталды,
Мылтығын тегіс оқтады.
- 280 Жалғыз шалды көрген соң,
Самаладай қаптады.
Еңсейіп барған бабайдың
Аллаға ісі жақпады.

Сонда батыр артына қараса, бес мың қол жаудың тоқтауы-ақ мұң екен, тым-тырақай қашып барады. Мұны көрген Бөкше ызаланып, жауына дүрсе қояды:

- Қолына найза салдырмай,
Біреуін жауға қалдырмай,
Түске шейін қорғады.
Күн сәскеге келгенде
Шаба алмады Торыша ат.
Дулыға-сауыт ауырлап,
290 Ол жағынан жау өтті,
Бұ жағынан жау өтті,
Көз алдында ноғайды
Балықтай түйреп өуре етті.
Аты жаман майрылды,
Бес мың қолдан айрылды.
Өз басымен шал кетті,
Алты ағаның молаға
Ер Бөкше зулап келеді.
Сайға атын байлады,
300 Бір қиялды ойлады.
Қалмақ сансыз, бұл жалғыз
Болса да жаудан таймады.
Әр атқанда садағы
Жүз кісіден құлатты —
Бұл сықылды қайратты.
Таймады жаудың табаны,
Топ-топ болып, бір мыңнан
Құлайды келіп адамы.
Қолындағы садақтың
310 Санаулы оғы таусылды.
Атып тұрған мылтықтың
Өлшеулі оғы таусылды.
Өзіне келіп оқ тиді,
Ер Бөкше сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Аз-ақ қалды қайратым,
Сиынғаным — болатым.
Үстіңе мініп, қармансам,
Жайың қалай, Торы атым?
- 320 Тұтасып жатқан қалмақтың
Ортасынан дәл тартты.

Топ-топ бөлді, топ бөлді,
 Қалмақтың аты боқ болды.
 Ол қалмақтың алдында
 Пәрмені кетіп шалдың да
 Өзіне оқ тиіпті.
 Сыздатты-ай келіп иықты,
 Шақырым жер көп болды,
 Шаба алмады Торы ат та.
 330 Таусылып оғы жорықта,
 Батыр сонда күйікті.

Ат үстінде сөйлейді,
 Сөйлегенде не дейді:
 — Қарайып кетті иегім,
 Үйден шықпад сүйегім.
 Омыртқамда он жара,
 Отыра алмай келемін.
 Қабырғамда қырық жара,
 Қақыра алмай келемін.
 340 Жара қатты, жан тәтті,
 Жара аузына қан қатты,
 Шаба алмады Торы аты.
 Алты ағамның барында
 Биік біткен төбе едім,
 Қанды ауызды жебе едім.
 Осыдан тірі ел көрсем,
 Ақсары байдың Алаукеш
 Жалғыз балам Қосайға
 Айттырармын деп едім!..
 350 Шал дүниеден өтеді,
 Астындағы кер Торы аты
 Амандасып кетеді.

Әлқисса, сонда Қосай әкесінен алты жасында қалып еді. Әкесі кеткелі екі жыл болған екен. Қосай сегіз жасқа келді. Қырық баламен әкесінің жолында асық ойнап жүр еді. Ер Бөкшенің бес мың қолынан жүз кісі қайтып келе жатыр екен, Қосай бала сол адамдардан әкесін сұрайын деп алдынан шықты. Жүз адам: — Мына жетім бізге бір пәле қылайын деп келе жа-

тыр, — деп, Қосайға қайрылмады. Сонда Қосайдың қасындағы ойнап жатқан қырық балаға айтқаны:

— А, қырық бала, қырық бала,
 Ойнаған жерің дап-дала.
 Келе жатыр жүз адам,
 Әлпеттері тым жаман.
 Азығы жоқ, тоны жоқ,
 Кеуілінің қошы жоқ,
 Есен болса игі еді,
 360 Былтырғы кеткен қарт бабам?!
 Мойынымды бұрайын,
 Мен әкемді сұрайын.
 Түнеугіде түс көріп,
 Жүр едім шегіп уайым.
 Осы бүгін басымды
 Қандай күйге салады
 Бір жаратқан Құдайым?!

Сұрайын деп әкесін,
 Жүз адамға барады.
 370 Жүз адам сонда сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Әкесіне ерген өледі,
 Және пәле қылуға
 Қу бас жетіп келеді.
 Қанды шелек қу жетім,
 Тіріде қоспан денемді.
 Қосай сонда ақырды:
 — Тоқта, тоқта, жүз қатын,
 Қырқылған шығар қанатым,
 380 Мұқалған шығар болатым.
 Аузым толы қара қан,
 Білдіретін қай қатын?
 Біреуің маған қайрылмай,
 Бетіңде бар ма ұятың?
 Аққа мойным бұрайын,
 Сендерді көзім көрген соң,
 Сұрамай нағып тұрайын?

Біреуің маған келмесең,
Елдігіңді ұрайын!
390 Екеу емес, үш емес,
Кіндіктен тудым жалғыз тақ,
Мырзаларға кеулім ақ.
Әруақ маған жар болса,
Ұялып жүрме, ей, байбақ.

Жүз кісі сонда кеңесті,
Кеңескенде не десті:
«Әкең өлді деп айт», — деп,
Бір адамды жіберді.
Келген адам сөйлейді,
400 Сөйлегенде не дейді:
— Әкең шығар сұрауың,
Әкең де аман, біз де аман,
Сау келеді қонағың.
Тобылғы менді Торы атты
Әкең алған әлменен,
«Жеті тоғыз» малменен
Ат болдыртып келеді,
Өкпе-бауыр жалменен.
Алты қырлы ақ жебе
410 Сынып еді белінен,
Бадана көзді ақ сауыт
Сөгіліп еді жеңінен,
Септете кейін келеді.
Ертең сәске болғанда,
Әкең аман келеді.
Жұрт шабуылды салғанда,
Азғантай олжа алғанда,
Біздерге тай тиген-ді.
Тана тиіп әкеңе,
420 Жүргізе алмай келеді.
Ертең сәске болғанда,
Әкең аман келеді.

Сонда Қосай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:

- Тобылғы меңді Торы атты
Әкем алған әлменен.
Жеті тоғыз малменен
Болдыратын мал ма еді?!
Әкең қалды десейші,
430 Қара қошқыл қанменен.
Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жері қу төбе
Қиып алған жерінде
Қырық ай жатқан қуарып,
Қырық қара нар майына
Алып еді суарып,
Сынатұғын мүлік пе еді,
Сайғақ болды десейші!
Жұрт шабуылды салғанда,
440 Азғана олжа алғанда,
Сендерге тай тигенде,
Тана тиіп әкеме,
Кейін қалар ер ме еді?!
Тана сой да әкеңе,
Ас бере бер десейші.
- Келген адам сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Сенің әкең Ер Бөкше,
Қырық мың жаудан қорқа ма?!
450 Астындағы Кертторы ат
Аяңдамай жорта ма?!
Не қылғанын білмеймін,
Қалыңда қалды ортада.
- Сонда Қосай жылады,
Төбедегі қос айдар
Бірін қоймай жұлады.
Күн бесінге толғанша,
Бүркеніп басын жылады.
Күн бесінге толған соң,
460 Орнынан тұрып Ер Қосай,
Үйіне жүгіріп келеді,

Шешесіне сөйлейді:
— Сүйінші, әже, сүйінші!
Үйіңнің ішін жинашы.
Атқышыл қара мергенің
Ата-енеңе қайрылмай,
Басыңды қосып ергенің,
Білмейсің нардың келгенін.
Алпысқа келген әкейім —

- 470 Қыз кіріпті қойнына,
Кәрілікті алма мойныңа.
Қызыл ки де, қара сал,
Сол лайқат бойыңа!

Шешесі сонда сөйлейді:
— Қаратауда бұлағым,
Байың келді дегенге,
Ербейіп еді құлағым.
Қызылың қызыл, қараң не,
Шошиын дедім, қарағым?

- 480 Сонда Қосай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Қаратауда қос бұлақ,
Бауырында екі лақ.
Байың келді дегенге
Иландың ба, сен бейбақ?
Қолдан кеткен сұңқарың,
Есебін тауып жоқтап бақ!

- «Байың өлді» деген соң,
Қыналы бармақ, жез тырнақ
490 Ақ бетіне салады.
Алды қанға толады,
Бүлік ойбай болады,
Қосай қашып жөнелді.
Үш күн жүріп далада,
Қосай келсе үйіне,
Жылап отыр шешесі,
Кеуілқосын айтады:

- Қыналы бармақ, жез тырнақ,
Шығардың беттен майыңды.
- 500 Ойбайласаң, отқа түс,
Келтірмес сенің байыңды.
Келтірмесең байыңды,
Бүйтіп алма жайымды.
Күнде етегің толады
Көзіңнен аққан жасыңа.
Ойбайласаң, отқа түс,
Келмейді байың қасыңа.
«Әжем, әжем» деп келсем,
Әжелігің осы ма?!
- 510 Бұл ойбайды қоймасаң,
Мен де жауға кетемін,
Отырмаймын қасыңа!

Әлқисса, сонда кемпір жылағанын қойды, Қосайға айтты: —
Сенің атаң жеті қабыланның бірі еді. Көп малдардың ішінде ке-
сірлі малдар бар еді.

Қарын жазып біреуге бере алмады, я өзіне жұмсап рахатын
көре алмады. Саған билікті бердім, — деді.

Қосайдың шешесі Қодар деген құлын шақырып алып: —
Ақсарыбайдың қызы Алаукешті Қосайға айттырып кел, — деп
жібереді. Сондағы құда түсе барған Қодардың сөзі:

- Ай, Сарыбай, Сарыбай,
Елітпекке келгенмін.
Ер мен байдың баласын
Телітпекке келгенмін.
Ойыма алған сөзімді
Білдірмекке келгенмін.
Екі асылдың баласын
- 520 Күлдірмекке келгенмін.
Азды-көпті дәулетін
Бүлдірмекке келгенмін.
Піскен түйнек сенде бар,
Алтын кездік менде бар.
Әуестікке қолға алып,
Жардырмаққа келгенмін.

- Оң қолыңды алтынға
Малдырмаққа келгенмін.
Алаукешті Қосайға
530 Алдырмаққа келгенмін.

Сонда Ақсарыбай кейіді:
— Қарашы құлдың ниетіне,
Байлар қызын бере ме
Бір қарасыз жетімге?
Тоғыз ұлым, таяқ ұр,
Құлдың дүре көтіне!

Тоғыз ұлы тоғыз бақан алып шығады.

- Бақанды көзі көрген соң,
Құл тайрақтап қашады.
Бір төбеден өткесін,
540 Қамшы есіне түседі.
Талтайып тұра қалады,
Алдыменен келгенін
Тас төбеге салады,
Ол жығылып қалады.
Онан соңғы келгенін
Тас төбеге салады,
О да жығылып қалады.
Тоғыз ұлын тоғыз жерде
Ұрып жығып барады.
550 Тоғыз ұлдың жатқанын
Байдың көзі көреді,
Үйіне қайта қашады.
Бай құлады үйіне,
Қашып келіп сабылып.
Қуып келді Қодар құл
Қарап тұрсын нағылып.
Қодар сонда сөйлейді:
— Мен мойнымды бұрайын
Және сенен сұрайын.
560 «Бердім» деп, жәй тұрайын

«Бермеймін» — деп үндеші,
Сақалыңды жулайын.

Тоғыз ұл бірдей қирап қалған соң, бай қызының ішігіне кіріп кеткен. Сонда қыз әкесінің басын көтеріп сөйлейді:

— Ителгінің баласын
Ит алады деменіз.
Қаршығаның баласын
Қарға алады деменіз.
Жеті атасы нар болса,
Туғаннан Құдай жар болса,
Халық аузында бар болса,
570 Жерде қалар деменіз.
Көбірек айтып сынаңыз,
Құлдан таяқ жеменіз.
Сонда Ақсарыбай тұрады,
Қодарға қарап сөйледі:
— Дүние деген ғафіл-ді,
Қиямет жолы жақын-ды.
Қызым тапты ақылды,
Жек көрмеймін батырды.
Пұшығы жоқ, кемі жоқ,
580 Бір мың жетім оған бер,
Бір мың түйе және бер,
Бір мың жылқы және бер.
Үш мың берсең, көп пе ерге,
Оған жайың келмесе,
Діңкілдеме, жүре бер.

Қодар сонда сөйлейді:
— Сенің кеулің тай болса,
Тай алсаң, кеуілің жай болса,
Малыңды іздеп кетемін.
590 Таба алмасам малыңды,
Қызметіңді етемін.
Үш мың деген үш-ақ тай,
Үш тайдан қашар болар ма,
Мен секілді сор маңдай?

Ақсарыбай берді, біз алдық,
Төсегіңді сал қораға-ай!

Қодар енді бәйбішеге келіп сөйлеп тұр:

— Халық біледі бұл күнде,
Сыйлады барған құлыңды.
Алмайды жалғыз тайыңды,
600 Киіндір, кемпір, балаңды.

Сонда бәйбіше:— Өзің не айтып жүрсің? Жұрт мал алмай қыз беретін бе еді?— деді. Сонда Қодар айтады:— Менің қамшымнан қорқып береді, күйеуін аулына алып барамын,— деді. Кемпірдің айтқанын қылмады. Қодар Қосайды киіндіріп, арқалап Ақсарыбайдың аулына барады. Байдың Тасқұдық деген құдығы бар еді, соның басына барып, Қодар сөйлеп тұр:

— Арқаласам, Ер Қосай,
Аттан жүйрік желемін.
Өзім көпір, өзім құл,
Бір-ақ тұтам айыбым.
Қарның ашып, аш болсам,
Теңіздің қойман жайының.
Мынау ел — сенің қайының,
Осы ауылда бар қатының.
Қойып кеткен жерімнен
610 Қашып кетпе, батырым!

Қосайды құдықтың басына тастап, өзі анадай жерге барып жатады. Байдың екі келіні құдыққа суға келеді. Суреті аспанды шалып отырған Қосайды көреді. Балаға зейіні ауып кетіп, сөйлеп тұр:

— Біздің ноғай боқ, — жейді,
Біздің елдің ішінде
Сендей сурет жоқ, — дейді.
Ақ жеткізсін кеміңді,
Жөніңді айтып жата бер,
Таппай қалма теңіңді.

- Сонда Қосай сөйлейді:
— А, замандас, замандас,
Бір сөзім бар, зейініңді аш!
- 620 Не болғанын білмеймін,
Арқалап келді Қодар нас.
«Қодар келді» дегенін
Қатындар сонда есітті,
Қосай екен десіпті.
— Қосаймысың сен? — деді,
Сендей ерді кемсінген
Бикеште ақыл кем, — деді.
Көрсетейін көзіне,
Тоба қылсын өзіне!
- 630 Екі қатын сол жерде
Үйіне қайтып барады.
Ер Қосайдың келгенін
Алаукешке айтады.
— Тасқұдықтың басында,
Отыр екен қасында.
Ер Қосай сегіз жасында,
Қалмаржан бөркі басында.
Көремісің, шырағым,
Ер Қосайдың шырайын?
- 640 Сендей мұнды бейбаққа
Қосар ма екен Құдайым?!
- Қосай келді деген соң,
Жамылған тоны сары алтын,
Кекілді қойған қара алтын,
Қалмаржан тормы басында,
Екі жеңге қасында,
Қыз бұлғандап жөнелді.
Тасқұдықта отырған
Ер Қосайға келеді.
- 650 Екі қатын қайтады,
Түн ортасы болғанша,
Қосайдан келер жауап жоқ.

- Алаукеш сонда сөйлейді:
— Қосай, саған не болды?
Етігім шешіп ал демей,
Белбеуім шешіп ал демей,
Төсегім қағып сал демей,
Не болды саған үндемей?
Сонда Қосай сөйлейді:
- 660 — А, замандас, замандас,
Бір сөзім бар, зейініңді аш!
Атамды құртқан қызылбас,
Не болғанын білмеймін,
Арқалап келді Қодар нас.
Әкем түзде кебінсіз,
Жеті адам қалды көмусіз,
Жата алмаймын мен қу бас.
Сеніменен жанассам,
Әруақ болмас хабарлас.
- 670 Әке-шешем зар қылып,
Тілеп алған Құдайдан.
Әкем түзде көмусіз,
Үмітім жоқ шырайдан.
Қаршығадай тарайын,
Он сегіз мың әлемнің
Бір жасаған Құдайға
Не бетіменен барайын?!
Түніменен жатады,
Ертеңгісін Алаукеш
- 680 Сонда үйіне қайтады.
Алаукеш қайтып кеткен соң,
Қодар келді қасына.
Келіп Қодар сөйлейді:
— Жараттың ба, шырағым,
Келінжанның келуін?
Арқалап алып шүйілсем,
Аттан жүйрік желуім.
Еңсейіп келген келіннің
Нешеу болды біреуің?

690 Сонда Қосай ақырды,
Қу телпегін жапырды:
— Не деп жүрсің, қу Қодар?
Мен мінгендей бір ат тап,
Бәйгені алған қара аттай.

Сонда Қодар сөйледі:
— Сарқырап аққан бұлағым,
Ат мінемін дегенге
Ербиіп еді құлағым.
Ат табылмас деп пе едің,

700 Арқалап жүрген қонағым?
Жеті атаңның жеті аты,
Жау қолына айналмай,
Кіріптар болып байланбай,
Тасбұлақтың басында
Мекен қылып жүр еді.

Кісі атына асылма,
Кісі атына асылсаң,
Дұшпан шығар басыңа!
710 Ерін салды қойнына,
Қосайды салды мойнына.
Азығына нан алды,
«Шырағым шөлдеп қалар» деп,
Торсыққа құйып бал алды.
Арқалап алып жөнелді
Тасбұлақтың басына.
Арада он күн қонады,
Және бір күн болғанда,
Тасбұлаққа келеді.

Жеті атасының жеті аты Тасбұлақтың басында мекен қылып жүреді екен, бір жолмен шұбырып су ішеді екен, жолы аттың бауырынан қазылып қалған екен. Сонда Қодар айтты: — Мынау аттың келетін жолы, мынау шығатын жолы, — деді. Осы бұлақтың басына сені жасырып қоямын. Мен басқа жерге жатамын. Аяқ тұзақ салып, біреуіне жабысып қал, — деді. Қодар сүйтіп далаға кетті.

- Күн сәскеге келгенде,
720 Алты ат аңырап келеді.
Баланың исін алады,
Жолдан шығып кетеді.
«Бұлақ есіз қалады,
Жамандатқыр қалай» деп,
Қодар жалт-жалт қарады.
Алты ат кетіп қалған соң,
Бір сарғыш ат келеді
Жауған күндей сіркіреп,
Жарылған жердей күркіреп,
730 Бір ернімен жер тіреп,
Бір ернімен көк тіреп.
Үркер, қорқар мал емес,
Бұлаққа басын салады.
Жазды күнгі бұлаққа
Көзіне дейін малады.
Көзі суда жатқанда,
Арқан салып мойнына,
Бала күрмеп алады.
Сары ат шошып кетеді,
740 Аспанға көзін тігеді,
Төрт аяғын бүгеді,
Ат аспанға қарғиды.
Аспанға шыққан сары атты,
Қосай жұлқып жерге алады,
Абдыратты баланы.
— Қодар мұндар қайда? — деп,
Төңірекке қарады.
Төңірекке қараса,
Киімін тастап тайрақтап,
750 Төте жолмен ойнақтап,
Келеді Қодар алақтап.
Құл келді де қағысты,
Қыл құйрыққа жабысты.
Батыр болған ер жігіт
Қарағай найза таянды.
Таң намазға оянды,
Қодекеңнің екі қолы

Қыл құйрыққа таянды.
— Қоя бер, Қосай, қоя бер,
760 Менен кетер қайда? — деп,
Бүгерлеп жата қалады.
Сонда Қодар сөйлейді:
— Ойбай, Сары ат, ай, Сары ат,
Мен деп үркіп жүрмісің,
Қосайдың түстің қолына.
Жеті ерден қалған ер Қосай
Қарамай мінер қоңыңа,
Желің тұрды оңыңа.

Аузы-басы қыбырлап,
770 Ат сөйледі сыбырлап:
— Арманым жоқ Құдайға,
Қосайдың түстім қолына.
Жасым келді он беске,
Қарамаймын қоңыма,
Мойынымда тұмар бар.
Нар Бөкше ердің аты едім,
Анау алты ат ішінде
Менен асар жылқы жоқ.
Аяғын екі басырмай,
780 Бір төбеден асырмай,
Бойын жазып қашырмай,
Алты атты бағып жүр едім.
Қосай қашан өсер, — деп,
Мені қашан мінер, — деп,
Мен қасқа соны өзірлеп,
Арық болып жүр едім.

Сонда Қосай сөйлейді:
— А, Қодеке, Қодеке,
Сарғыш атқа мініп ал,
790 Қайың құрық қолыңа ал.
Анау кеткен алты атты
О да біздің мал екен —
Біреуіне қолың сал!
Сонда Қодар сөйлейді:

- Баға берсем болмай ма,
Ерден қалған жетімді?
«Маған билік тиді», — деп,
Жаңылармын нетімді.
Күйелерім бетімді,
800 Ерлер мінген тұлпарға
Мен тигізбен етімді.
Енді екеуі Сары атты
Мінгесіп алып жүреді.
Отыз аршын Қодарды
Тұмақ құрлы көрмейді.
Заулай ұшып,
Ноғайлының шетіне келеді.
Бір адамды ұстап алып,
Ноғайлыға жіберді.

— Қосай Тақтаболат-Тасболаттың еліне аттанайын деп жатыр. Соған жүрсін, — дейді. Сонда ел толығып қалған екен, ноғайлыдан бес мың қол жиналып келді. Сонда Қодардың ойына ат түсті, «анаукүнгі тұлпардың біреуін мінбегенім қата болған екен» деп қапа болды. Сонда ойланып отырса, Ақсарыбайдың аулында бір Сазаншұбар айғыр деген бар еді, Қодар соны сұрайын деп, қамшысын қолына алып, жүгенін беліне қыстырып келе жатыр. «Берсе, алайын, бермесе, аулына дырду салайын» деп, Ақсарыбайға сөйлеп тұр:

- 810 — Ақсарыбай, қайдасың?
Түнеукүнгі көп малдың
Қодар тапты айласын.
Біз аттандық қалмаққа,
Алатұғын малыңды
Сол жақтан жүріп аласың.
Сен жүруге ерінсең,
Тілектес болып қаласың.
Сазаншұбар айғырды
Мен мінуге бересің.
- 820 Сонда Ақсарыбай сөйлейді:
— Қосай да жас, қыз да жас,

Мал алмаймын баспа-бас.
 Айғырды мін де, аулақ қаш,
 Тынышымды алдың, Қодар нас.

Сонда бай айғырды әкеліп берді. Қодар айғырды жетектеп аулына қайтты. Алаукеш Қосайдың кететұғынын біліп жеңгесіне келеді: — Қодарға айт, Қосай мұнда келіп кетсін, амандасып қалайық. Ол «Қанды жол» деген бір жаман жол еді. Қосай жауда өліп қалса, мен бұл жақта өліп қалсам, амандаса алмай қалармыз, — деді. Сосын жеңгесі Қодарға айтты: — Қосай мұнда келіп кетсін, — деді. Қодар айтты: — Ақымды бермесең, айтпаймын, — деді. Сонда жеңгесі қызға келіп сөйлеп тұр:

— А, бикешжан, бикешжан,
 Әкелмейтін секілді
 Қодар деген көрімің,
 Қосай сынды жетімді.

Сонда Бикеш сөйледі:
 830 — Ау, жеңеше, жеңеше,
 Итке берсең кетейін,
 Дүниеден кем болсаң,
 Мақсатыма жетейін.
 Осыдан қалған күніңе
 Мен дұрыстық етейін.
 Қосайды ештеп алдырсаң,
 Жеңеше, құлдық етейін.

Сонда қатын жүреді,
 Қодарға қарап ұялмай,
 840 Қыздың сөзін қия алмай.
 Қатынды ұстап алады,
 Қодардың түсіп қолына,
 Жолықты қатын пөлеге.
 «Әкел, — деп, — Қосай баланы»,
 «Әкелем, — деп, — күйеуді»,
 Қодекең салды жаланы.
 «Біреу келіп қалар», — деп,

- Жан-жағына қарады.
«Шапшаңырақ жүгір», — деп,
850 Қатынға кетіп барады.
Қодардың түсіп қолына,
Пәлеге қатын қалады.
Қара басы дал болды,
Көремін деп Қосайды,
Бұ не деген заң болды?

Сосын қатынға Қодар айтты: — Мен анау жерге қарақшы қыламын, сол жерге Қосайды алып келемін, — деді, қатынды сүйтіп алдап кетті. Енді әскермен жатқан Қосайдың шатырына келді.

- Сонда Қосай сөйледі,
Сөйлегенде не дейді:
Мұнда келген қай мұндар?
Қасыма келме шерменде!
- 860 Сонда Қодар сасады,
Оң етегін басады,
Шатырдан шыға қашады.
Сасқанының белгісі,
Төрт-бес қырдан асады.
Айыбын сезген Қодекең,
Шаңды-шаңға қосады.
Бұрқыраған далада
Айдаһарға ұсады.

Енді Қодар қашып барып: — Маған осы да болар, — деп, бір сор жерге аунап жатып қалды.

Бағанағы қарақшыға қатын күнде келеді. Қосайды әкелетін Қодар жоқ, Қодардың алдағанын келіп айтты. Бұл хабарды естіп, қыз орнынан тұрады.

- Қыз орнынан тұрады,
870 Қынай белін буады.
Сымдай жеңін сұғады,
Жеңгесіне көрсетпей,
Теріс қарап жылады.

- Қыздың іші күйеді,
 Желке шашын түйеді.
 Алып келді түйені,
 Адымын салып мінеді.
 Жиналып жатқан көп қолға
 Қыз туралап келеді.
- 880 Түнде келіп көп қолға,
 Өруақ болып сөйледі:
 — А, бес мың қол, бес мың қол,
 Кім өлмеген жаман жол.
 Жеті атасын өлтіріп,
 Жолы қатқан Ер Қосай
 Ұстайын деп барғанда,
 Қолы қатқан Ер Қосай.
 Сапар шегіп жол жүрсе,
 Қоңы қатқан Ер Қосай
- 890 Қанды шелек жетімге
 Еремісің аңдамай?
 Өзі өліп тұрмайды,
 Сендерді құртар сор маңдай.

- Қыздың айтқан бұл сөзін
 Ат күзеткен есітті.
 — Ау, ай қараңғыда кім жүрсін,
 Піріміз шығар десіпті.
 Топ-топ болды, топ болды,
 Түн ішінде бес мың қол
- 900 Қосайды тастап жоқ болды.

Әлқисса, сонда бес мың қол кетіп қалған соң, Қодар келіп,
 Қосайға сөйлеп тұр:

— А, Қосайжан, Қосайжан,
 Кесір қылдым ниетіңе,
 Күйе жақ, Қосай, бетіме.
 Мен мойнымды бұрайын,
 Ноғайлардан сұрайын,
 Неге кетіп қалды екен,
 Бас-басынан сұрайын.

Кінә қойып кетпесе,
Бірін қоймай қырайын.

- 910 Қосай сонда тұрады,
Толғана мойнын бұрады.
«Ашуыңды бергін», — деп,
Қодекеңнен сұрады:
— Сап Қодеке, сап-сап-сап,
Ақырына қарап бақ,
Бір Алла бізге бергей бақ.
Әркімдер мінер бір атты,
Ат деген ерге қанат-ты.
«Ермейсің» деп қараға
Ел бүлдірген ұят-ты.
Есен, жаным, сау болса,
Санатты көп сөйлеме.
Қодеке, маған алып кел,
Шапшаң барып Сары атты.

Әлқисса, сонда жұрттың бәрі қашып кеткесін, Қосайдың өзінің асық ойнайтын қырық баласы қалған екен. Енді өзінің сол қырық баласымен жүрейін деп жатыр.

- Екеу еді, қырық болды,
920 Қырық жігіттің жүргені
Даңғырауын жол болды.
Ер Қосайдың қасына
Қырық баласы келген соң,
Қырық мың жиһан бір толды.
Тау басына қонса да,
Пірлер бұлақ қазады.
Тақыр жерге қонса да,
930 Аты көкке тояды.
Он екі құлаш торымен
Омырауын аршындап,
Астындағы Сары аттың
Аузынан аққан ақ көбік
Омырауға балшылдап,
Сауырдан аққан қара тер

- Жаңбырдай жерге тамшылап,
Оңды-солды қамшылап,
Ер Қосай заулап жөнелді
940 Лашын құстай қалшылдап.
Жеңсіз берен киінді,
Қабағын тастай түйінді,
Ақ сұңқардай шүйілді.
Астындағы Сары атқа
«Айт, жануар, шүү!» — деді.
Шүү дегенін білген соң,
Табаны жерге тимеді.
Табанына тиген тас,
Саз балшықтай иленді,
950 Соққан желдей гуледі,
Әр төбенің басында
Азар басын биледі.
«Айт, жануар» деп еді,
Құбылып ойнап жөнелді.
Ақ бөкендей орғытып,
Қалмаққа заулап келеді.
Жекендінің желді көл
Мұнан да өтіп жөнелді.
Күйкелекті Күйік көл
960 Мұнан да өтіп жөнелді.
Қапсағайлы Қаратау
Мұнан да өтіп жөнелді.
Шегірлі көл, Балды көл
Мұнан да өтіп жөнелді.
Қайыңды көл, Талды көл
Мұнан да өтіп жөнелді.
Адырдың қара белінен,
Енделінің көлінен,
Мәдинаның шөлінен,
Мұнан да өтіп жөнелді.
970 Өзінің байтақ елінен,
Адыртау деген жерінен
Мұнан да өтіп жөнелді.
Астындағы сарғыш ат
Қаршығадай қайқайып,

- Тұрымтайдай жайқалып,
Лашын құстай шүйіліп,
Ақ сұңқардай түйіліп,
Шабысын қойып, сарғыш ат
Ауық-ауық желеді.
- 980 Желгені де тұлпардың
Шабысындай болады.
Оны да тастап аяңдап,
Ақбөкендей орғытып,
Айқайын салып келеді.
Тақтаболат-Тасболат
Шынжырлы ердің бірі еді.
«Атамның кегін алам» деп,
Ішінен ойлап жүр еді.
Ат арыды дегенде,
- 990 Ер мойыды дегенде,
Алты ағаның молаға
Ер Қосай заулап келеді.
- А, қырық жігіт, қырық жігіт,
Басыңды көтер, қырық жігіт,
Бұлынның екі бұлағын
Өзім барлап келейін.
Өзім тұрып сендерге,
«Бара көр» деп не дейін?
Мен күлікті қуған жолбарыс,
- 1000 Қайратымды шенейін.
Не салса да, Құдайым,
Талабымнан көрейін.

Енді ер Қосайдың өзі барып, бұлақты көріп қайтамын деп,
кетіп бара жатыр:

Батыр заулап жөнелді,
Ат құйрығын өреді,
Бұлаққа заулап келеді.
Сол уақыттар болғанда,
Астындағы Сары аттың
Астыңғы ерні қыбырлап,

1010 Үстіңгі ерні жыбырлап,
 Ақырын-ақырын сыбырлап,
 Ер Қосайға сөйледі:
 — Қосай, саған не болды,
 Ерімді алып аунатпай,
 Жүгенімді алып қунатпай?
 Пайғамбардай несіпті,
 Бала оқиды мешітте.
 Байдың қызы орайды
 Шым жібектен есікті.

1020 Соны Қосай есітті,
 Аттан түсе қалады,
 Төске қолын салады,
 Төстен тартқан тартпасы
 Бірге бітіп қалыпты.
 Шапқа қолын салады,
 Шаптан тартқан шап айыл
 Бірге бітіп қалыпты.
 Ерге қолын салады,
 Жон терісін сыпырып,
 Қосай жұлып алыпты.

Сонсын Сары ат барып жерге төрт аунағанда, арқасының жүні заулап қайтадан шықты, тартпа кескен бауыры қайтадан бітіп кетті, шөптің басын иіскеп, кісінеп тұрып, Сары аттың Қосайға айтқан сөзі:

1030 — А, ер Қосай, ер Қосай,
 Атаңнан кеулім қалған жоқ,
 Бабаңнан кеулім қалған жоқ,
 Мұндай қайғы салған жоқ.
 «Жата тұр, — деп, — жетімек»,
 Сары ат заулап жөнелді.
 Сол бұлақтың басында,
 Адамы жоқ қасында,
 Үш күн жерде жатады.
 Ат жоқ, жаяу қалады,
 1040 Батырың естен танады.

- Ер-тоқымын жастанып,
Қу толағай бастанып,
Айналасын пышақтап,
Ер-тоқымын құшақтап,
Қосай шықты төбеге.
Шолпан жұлдыз батқанда,
Бөленің алды қайтқанда,
Ереуіл таңдар атқанда,
Қызара келе күн шықты.
- 1050 Күн астына қараса,
Будақ-будақ шаң шықты.
Шаң астына қараса,
Қудай мойнын шайқаған,
Сары ат бұлғап бұл шықты.
Онан арман қараса,
Алаулаған ту шықты.
Ту астына қараса,
Ойшұбар ат астында,
Нөкерлері қасында
- 1060 Тақтаболат-Тасболат,
Қалмақтың ханы бұл шықты.

Енді Сары ат келіп, Қосайға сөйлеп тұр:

- Сонда Сары ат сөйледі:
— Аманбысың, жолбарысым,
Есенбісің, жолдасым?
«Атым тастап кетті», — деп,
Кеулің бейғам болмасын.
Даулы судың бойынан
Мен бір бөлек жау таптым,
Алдымен қашып лақтым.
- 1070 Мен жөнелдім домалап,
«Баяғы кеткен Сары ат» деп
Жұрт келатыр қуалап.
Жеті атаңды өлтірген,
Жаныңа қаза келтірген
Тақтаболат-Тасболат —
О да келді жалғыз тақ,

Сен де жолық жалғыз тақ.
 Менің мініп үстіме
 Шапшаңырақ жетіп бақ.

Енді Қосай Сары атты мініп алып, жаудың алдынан шығайын деп жатыр.

- 1080 Мініп алып Сары атқа,
 Шауып шықса төбеге,
 Қосайдың көзі түсіпті
 Жылтылдаған жебеге.
 Тақтаболат-Тасболат
 Шаншайын деп келіпті
 Ер Қосайды сүбеге.
 Сонда қалмақ сөйлейді:
 — Менің атым — Тасболат,
 Тауда жайлап, таста өскен,
 1090 Ағайыннан басқа өскен,
 Зұлпықарым тас кескен.
 Сендер түгіл, қу жетім,
 Жеті атаң маған бел шешкен.
 Патша дейді затымды,
 Құртар едім сен итті,
 Дөнеме жоқ артыңда,
 Өзіңнің басың сауғаға
 Таста, Қосай, Сары атты.

- Сонда Қосай сөйледі:
 1100 — Астымдағы Сарғыш ат,
 Бір жаратқан Құдайға
 Кеудеде жаным аманат.
 Сен қашпасаң, мен қашпан,
 Сонша жерден мен іздеп,
 Саған келдім, Тасболат!
 Меніменен қас болма,
 Ат алам деп мас болма!
 Жеті атамды өлтірген,
 Жанына қаза келтірген,
 1110 Астыңа мінген шұбардың

- Жүректен салсам найзамен,
Тарқар менің құмарым.
Сен қашпасаң, мен қашпан,
Сонша жерден сені іздеп,
Келген менің құмарым.
Асқар тауға, Тасболат,
Меңзей берме өзіңді!
Әр немеге ұрынбай,
Дұрыстап айт сөзіңді.
- 1120 Алыстан келген бұл жетім
Ояр екі көзіңді.
Осыны айтып ер Қосай,
Тартып-тартып жіберді
Сарғыш атты бауырға.
Ұмтыла түсіп шаншыпты,
Түсірем деп қалмақты.
О да найза салады,
Бұ да найза салады.
Екеуінің найзасы
- 1130 Қармақ болып қалады.
Найза қанға майысты,
Қылыш қанға қайысты.
Ат тізесін бүгісті,
Бүге, бүге тұрысты.
О да салды шеңгелді,
Бұ да салды шеңгелді,
Екеуінің қайраты
Бір-біріне тең келді.
О да бұған ұмтылды,
- 1140 Бұ да оған ұмтылды,
Екеуі киген ақ сауыт
Байрақтай дыр-дыр жыртылды.
Найзаларын сермеді,
Екеуінің назары
Ештемені көрмеді.
Үстіне киген ақ сауыт
Ілгегі сыймай кернеді.
«Мына жетім қалай?» — деп,
Найза салды жүректен,

- 1150 Күші кетті білектен.
Бірғай-ырғай ендірді,
Қалмақты аттан төндірді.
Шұбар аттың үстінен
Сауырсына міндірді.
Салған жерден переді,
Менменсінген төреңді
Сегіз жасар Ер Қосай
Балықтай түйреп түсірді.
Аттан түсе қалады,
- 1160 Кеудеге мініп алады,
Қорқыратып шалады.
Әділ жанын күйретіп,
Ұйқыға көзін үйретіп,
Қамшысын атқа сүйретіп,
Қара бөрік қалқиған,
«Мен — батыр» деп далиған,
Қодар шауып келеді.
Қодар сонда сөйледі:
— Айналайын, Қосайжан,
- 1170 Бабаңа тисін шалғаның,
Атаңа тисін шалғаның.
Әттең, көзім көрмеді-ау,
Қарағым, көзім көргенде,
Болмайтын еді арманым.
Жолығыпсың бір тауға,
Салаңдаған сары айғыр
Жеткізер мені қай жауға?
Патшадан алған шұбарды
Берсеңші маған сауғаға.
- 1180 Сауғаға батыр береді,
Патшаның мінген тұлпарын
Астына мініп алады.
Патшаның буған алмасын
Беліне шалып алады.
Қалмаржан қара бөрігін
Шекесіне салады.
«Патшадан менің нем кем?» — деп,
Жан-жағына қарады.

- Сонда Қосай сөйлейді:
- 1190 — А, Қодеке, Қодеке,
Атың болды лайық,
Киімің болды лайық,
Қылышың болды лайық,
Тұтасып жатқан қалмаққа
Кезек-кезек барайық,
Басына қайғы салайық.
Қарсы келген батырын
Қақ маңдайдан жарайық.
Атамыздың кегі үшін
- 1200 Жанды құрбан қылайық.
Қалмақтың бұзып қаласын,
Сұлу қызын алайық!

- Сонда Қодар сөйледі:
- Мен мойнымды бұрайын,
Қаршығадай тұрайын,
Жан-жағыма қарайын.
Бәрі маған қарап тұр,
Қорықпай неғып барайын?
Бетін әрмен бір қарат,
- 1210 Қамшымен ұрып қырайын.
Сонда Қосай сөйледі:
— Әркім де атын мақтай ма,
Ажалдың оғы тап келсе,
Үйде жатсам алмай ма?
«Аллалаған» дауысым
Құдайыма жақпай ма?
Мұхамбет атты ер жалғыз,
Ажалдың оғын қақпай ма?
Тұтап жатқан қалмаққа
- 1220 Баруға кеулің шаппай ма?

Осыны айтып Ер Қосай,
Жүгіріп атқа барады.
Атқа мініп Ер Қосай,
Айқай-сүрен салады.
Айқайлаған дауысы

Айшылық жерді алады.
Күркіреген дауысы
Күншілік жолды алады.

- Шыбын жан мен Сарғыш ат
- 1230 Бір Құдайға аманат.
Астымдағы Сарғыш ат,
Шаба алмасаң, саған серт!
Шабысыңа шыдамай,
Отыра алмасам, маған серт!
Қолымдағы зұлпықар
Қарыс қара жерінде
Қырық мың ердің құны бар.
Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,
- 1240 Ерлердің айтар мұңы бар.
Итке салса, ыңқ еткен,
Нарға салса, бүлк еткен,
Шекесі бос сылқ еткен.
Шүберектей қуарған,
Айдаһардың қанына
«Жан қалмас» деп суарған —
Атамнан қалған зұлпықар,
Бабамнан қалған зұлпықар,
Шаба алмасам, маған серт!
- 1250 Шапқаныма шыдамай,
Балдақтан кетсең, саған серт!
Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жері қу төбе,
Кесіп алған жерінде
Қырық жыл жатқан қуарып,
Қырық қара нар майына
Алып едім суарып,
Шанша алмасам, маған серт!
Шанышқаныма шыдамай,
- 1260 Ұңғыдан кетсең, саған серт!
Алты атқа алған адырна,
Он атқа алған бұқаржа,
Ата алмасам, маған серт!

- Ашуыма шыдамай,
Кірістен кетсең, саған серт!
Үстімдегі ақ сауыт,
Ақ кіреуке, бек сауыт,
Сені соққан ер Дәуіт!
Қылыштың қайқы жүзіне,
1270 Зеңбіректің оғына,
Қайда қалың шоғына,
Кәпірдің қалың тобына
Сүңгімесем, маған серт!
Оқ дарытсаң, саған серт!
Осыны айтып ер Қосай,
Айқай-сүрен салады.
Бір өзінің дауысы
Мың кісідей болады.
Мың сан қарға жабылып,
1280 Өлімтікке қонады.
Өлген қолды санаса,
Тоқсан мыңдай болады.
Ту ішіне топ тастап,
Туын бұзып құлатты.
Тастан соққан қаланы
Быт-шыт қылып қиратты.
Ер сықылды қайратты,
Әр атқанда садағы
Мың кісіден құлатты.
1290 Ай бетінен кіреді,
Айқай-сүрен салады.
Күн бетінен кіреді,
Күндей сүрен салады.
Қойға тиді бір бөрі,
Бөріктіріп қырады.
Қолындағы баланың
Қырық кез болды қылышы.
Оңай болды бұл ісі,
Ұрмай-соқпай баланың
1300 Бітетін болды жұмысы.
Қолындағы зұлпықар
Сексен екі бас кесті.

Айра балқып келгенде,
 Қазандай қара тас кесті.
 Не жайсаңы көпірдің
 Қылышы тимей, бел шешті.
 Көпірдің аққан қанынан
 Астындағы Сарғыш ат
 Үзеңгіден қан кешті.

Әлқисса, сонда қалмақтың патшасына келіп, бір адам сөйлеп тұр:

1310 — А, хан аға, хан аға,
 Қолың жеткен жеріңе
 Патша болған, хан аға,
 Не қылып оқ дарысын
 Құдай баққан балаға!
 Жолатпайды мылтықты,
 Өруақ қолмен сабалап.
 Болмасқа кеттің, хан бейбақ,
 Ертеректе жөнің тап!

1320 Осы сөзді айтқан соң,
 Тақтаболат патшаның
 Бір уыс болды заманы,
 Ұлықтың ауды табаны.
 Жалмаң көк атты сабалап,
 Бір қурайды жағалап,
 Терең жарды паналап,
 Патшаң қашып жөнелді.
 Батырдың көзі көреді,
 Астындағы тұлпармен
 Артынан қуып келеді.

1330 Келе сөйлей береді,
 Бұрынғы ердің жолымен
 Үлкен деп сөлем береді.
 Патшаны ұстап алады,
 Мойнына шылбыр салады.
 Көкпар қылған лақтай
 Тақымынан сүйретіп,

- Төрең кетіп барады.
Ол патшанды өлтірді,
Мәнісіне келтірді.
- 1340 Ағаштан қылған арбасын,
Арбаға жеккен жорғасын,
Ақша салған дорбасын,
Бұзау, баспақ, танасын.
Қалдырмай айдап жөнелді
Қатын менен баласын.
Қосай менен ер Қодар
Быт-шыт қылып құлатты
Қалмақтың салған қаласын.
Дулыға өркеш нар алды,
- 1350 Бір-бір сұлу жар алды,
Елу жеті қала алды,
Біріне-бірін байлатып,
Өзіне-өзін айдатып,
Елге қайта қонады.

Қосай мен Қодар қалмақтың малын айдап кетіп бара жатса,
артынан бір айқайлаған дауыс келеді:

- Қосай жетім, қайдасың,
Айдама менің малымды,
Шулатпа кемпір, шалымды?!
Менің балам Қараман
Теспей сорар қаныңды
- 1360 Шырқыратып жаныңды,
Өлмей қалмас соңыңнан.
Сонда Қодар есітіп,
Көп қолдан барып сұраса,
«Қараманның шешесі —
Қоламбай кемпір» — десіпті.
Қодекең енді қуады,
Кемпір мінген желмая
Жоғала қалды зым-зия.
Қодекең қуып, ол қашты,
Қодекеңнің аузына

- Қос уыстап құм шашты.
1370 Егер қолға түскенде,
Қылар еді бір қия.

Сонда ол Қараман отыз ауыл Орақты, алпыс ауыл Мамайды жебір-жесір қылып шауып алып келе жатыр екен. Қосай барғанда Қараман ауылында жоқ екен, сонда шешесі барып Қараманға сөйлеп жатыр:

- А, Қараман, Қараман,
Бес мың қолмен сен кеттің,
Сен кеткен соң жау жетті.
Бұлаңдаған мырзаңды
Балықтай түйреп аунатты.
Қосай бұзды қалаңды,
1380 Шулатты қатын, балаңды,
Қоймады баспақ, танаңды.
Өз-өзгесін көйтейін,
Аламын деп ит Қодар
Артынан қуды-ау анаңды.
Шапшаңырақ жете көр,
Қойып басқа алаңды.
Қартайғанда тояр ем
Ер Қосайдың етіне,
Берсін Құдай ниетіңе.
1390 Қорқыратып шалмасаң,
Қанын сорып алмасаң,
Риза емен Қараман ісіңе!
Тақтаболат, Тасболат,
Өлтірді екі батырды,
Мәнісіне келтірді.
Маңыраған қойдай шулатты
Жетім менен жесірді.
Сен де барып, Қараман,
Алдынан шығар кесірді.

Енді Қараман бес жүз кісімен қуайын деп жатыр. Сонда Қосай өзінің қырық жігітіне айтқан сөзі:

1400 — А, қырық жігіт, қырық жігіт,
Басыңды көтер, тұр, жігіт,
Мен қалмақтан ер алдым,
Не бір сұлу жар алдым,
Дулыға өркеш нар алдым.
Орыныңнан тұрыңдар,
Таласпай бөліп алыңдар.
Жалғыз-ақ ар менікі,
Осының бәрі сенікі!

Сонда кейін ер Қосай Қодарға келіп сөйлейді. Сөйлегенде бұй деді:

— А, Қодеке, Қодеке,
1410 Келінің түсті есіме,
Артыңнан келіп Қараман
Қылар ма кесір күшіңе?
Қодекең сонда сөйледі:
— Жүре бер, Қосай, жүре бер,
Мен мойнымды бұрайын,
Алладан пәрмен сұрайын.
Өзімдей құлға мал берсем,
Қабыландығымды ұрайын!
Енді Қосай сол жерде
1420 Аулына қарай озады.
Жеңсіз берен киінді,
Лашын құстай шүйілді,
Қабағын тастай түйінді.
Астындағы Сарғыш ат
«Айт, жануар!» — деп еді,
Құбылып ойнап жөнелді.
Ақ көбендей орғытып,
Желе аяндап жорытып,
Сары ат заулап келеді.
1430 Ақ бөкендей жосады,
О төбенің тозаңын
Бұ төбеге қосады.
Қарабай мен көкқұтан
Көтеріліп ұшқанша,

- Алдынан орап басады
 Баяғы шабыс қалады.
 Тер бойына тарады,
 Мақтау атқа жарады.
 Астындағы Сары аттың
 1440 Көкте екенін білмеді,
 Жерде екенін білмеді,
 Қос қанатын сермеді,
 Пыр-пырлап ұшып жөнелді,
 Әлде өтірік, әлде рас,
 Мен жоқ едім қасында.
 Айна бесін болғанда,
 Батырың елге құлады.

Сонда Сары ат айтады: — Қосай, мен сені алты айшылық жолдан бір күнде әкеліп тұрмын, сен енді қызды көрейін деп келе жатырсың, қызды мен де көрейін. Мен бір қотыр тай болып батпаққа батып жатайын, сен бір тазша бала болып Ақсарыбайды тоғыз ұлымен алып кел, байдың тоғыз баласы келіп тартса да, тұрмайын. Ал Алаукеш қыз келіп жалымнан тартса, ұшып тұра келейін, — дейді. Сары аттың бұл сөзін мақұл көріп, Қосай Ақсарыбайдың аулына келеді:

- Ассалаумағалайкүм,
 Ақсарыбай байымыз!
 1450 Өзі жауыр, өзі арық
 Мініп жүрген тайымыз.
 Тай батпаққа жығылып,
 Кетіп келді жайымыз.
 Дүние деген ғафіл-ді,
 Таба алмай келдім ақылды.
 Арқан алып жүріңіз,
 Анау жатыр жақында!
 Ақсарыбай жөнелді,
 Балалы қаздай байпаңдап,
 1460 Танадай көзі жайтаңдап.
 Жығылып жатқан Сары атқа
 Шал байпаңдап барады,
 Арқан күрмеу салады,

- Өуп-өуп деп қалады.
Шығатұғын Сары ат жоқ,
Балшыққа батып барады.
«Жамандатқыр, қалай?» деп,
Алды-алдына тарады.
Олар кетіп қалған соң,
1470 Таз ауылға барады.
Алаукеш он бір жасында,
Қалмаржан тормы басында,
Дым адам жоқ қасында,
Отыр еді сандалып,
Қамқа шаншып алданып,
«Қарағым қашан келер» деп,
Және екінші қамданып.

Сонда Қосайдың келіп қызға айтқан сөзі:

- Астыма мінген шұбарым,
Мойныңда алтын тұмарың,
1480 Қосай сенің іңкөрің
Аман-есен бір келсе,
Тарқар еді құмарың.
Шығарып берсең тайымды,
Қосайдың айтам хабарын.
Алаукеш сонда сөйлейді:
— Әуеден ұшқан қоңыр қаз,
Сенің айтқан сөзіңе
Ішпей-жемей болдым мез.
Осыны айтып Алаукеш
1490 Қыз бұлғандап жөнелді.
Қасына еріп Қосайдың
Қотыр тайға келеді.
Алаукеш сұлу келді де,
Кекілінен сипады.
Тай суырылып барады,
Қыз Қосайға жарады,
Қосай қызға жарады.
Қотыр тай да жыртыып,
Сұлу қызға қарады.

- 1500 — Ол, ол болсын, ол болсын,
Аз дәулетің мол болсын,
Жеке басың қол болсын.
Тайыңды жығып батпаққа,
Қарағым, саған жол болсын?
Сонда Қосай сөйлейді:
— Атқа мініп желеміз,
Қалмақтан олжа аламыз, — деп,
Кешегі кеткен Ер Қосай
Өзі өліп тұрмады,
- 1510 Біздерді құртты сор маңдай,
Сол жақтан қашып келеміз.
Кекілі құйған сары алтын,
Жамылған тоны бөрі алтын.
Иық ішік жамылып,
Беті оттай қабынып,
«Қарағым Қосай келед» деп,
Жүруші еді сағынып.
Қосай өлді деген соң,
Жыламай тұрсын не қылып?!
- 1520 Өксіп-өксіп жылады,
Керегеге құлады.
Наурыздың ақша қарындай
Күлтілдеген ақ бетін
Кереге көгі жырады.
Сонда Ақсарыбай сөйледі:
— Жылама, балам, жылама,
Осы күнгі сұм бала
Жылама десе бола ма?
Қосайдан артық бай тапсам,
- 1530 Қарағым, саған бола ма?
— Былшылдаған шұнақ шал,
Былшылдамай кет, жоғал,
Шулыған салмай балама!
Сонда бала сөйледі:
— Аңдамай айттым, нетейін,
Білмей айттым, нетейін.
Таңдайым кеуіп шөлдеп тұр,
Сусын берсең кетейін.

- Сорлы болған кемпірге
1540 Ертерек барып жетейін.
- Сонда Ақсарыбай ақырды,
Алаукешті шақырды.
Қыз орнынан тұрады,
Сабаға піспек ұрады.
Бір шыны аяқ алады,
Әкеге құйып береді.
Бір шыны аяқ алады,
Ағаға құйып береді.
Бір кірлі аяқ алады,
1550 Балаға құйып береді.
Қанар-қанбас болады,
Бала өкпелеп жөнелді.
— Әкеңе бердің шыны аяқ,
Шыны аяғың толы аяқ.
Ағаңа бердің шыны аяқ,
Шыны аяғың толы аяқ.
Маған бердің кірлі аяқ,
Кірлі аяғың орта аяқ.
Асықпай тұр сен, тоқал,
1560 Ертең Қосай келгенде
Басыңа тиер тал таяқ.
Былғары садақ бұқаржай
Бұлғай тартты Ер Қосай.
Сауыры жалпақ Сарғыш ат,
Салқа жортты Ер Қосай.
Жеті атасын өлтірген
Кегін алған Ер Қосай.
Сұлу-сұлу тектіні
Тегін алды Ер Қосай.
1570 Қатын алды бірталай,
Тоқал болдың сор маңдай.
Сорлы тоқал тұр солай,
Сонда Алаукеш сөйледі:
— Сендер — дария, мен — дарға,
Сендер — сұңқар, мен — қарға.
Қосай өлді деген соң,

Түсіп кеттім тар жолға.
Қатының он төрт, мен он бес,
Риза болдым сен нарға.

Қосай енді Алаукешті көрген соң, енді өзінің шешесіне келейін деп жатыр:

- 1580 Жұрт жатса да ол жатпай,
Аңырап отыр анасы.
Ол сорлыға таң атпай,
Жасырынып отыр баласы,
Бір Құдай болсын панасы.
Екі көзі ілінді,
Өзі әулие — аналық,
Көзіне нысан білінді.
— Жасаған Жаппар Құдая,
Жаңағы келген бозамық
- 1590 Лебі ме екен деп едім.
Көзім көрген бозамық
Беті ме екен деп едім.
Түсім шайтан болмаса,
Ұлы бесін болғанда,
Ел шетіне қарағым
Келер ме екен деп едім.
Осыны айтып болғанда,
Бұлаңдаған Ер Қосай
Орнынан тұрады,
- 1600 Есікке қадам ұрады.
Үйіне жетіп келеді,
Шешесін көзі көреді.
— Сәлем бердік, ана! — деп,
Иіліп сәлем береді.
Екеуі сонда жолығып,
Қозыдай шулап маңырасты,
Тілекті Құдай берген соң.
Кеткені қолға тиеді,
Ақ жүзінен сүйеді.
- 1610 Қатып қалған қу емшек
Қосай келіп емгенде,

Еміреніп иеді.
 Баласын алып қойнына,
 Сол күні түнде жатады,
 Бұйырған дәмін татады.
 «Қарағым тоңып қалар» деп,
 Үстіне көрпе тартады.

Енді кемпір баласын ертіп, Ақсарыбайдың аулына келе жатыр.

1620 Балалы қаздай байпаңдап,
 Баласын ертіп жөнелді,
 Ақсарыбайдың аулына
 Құдағайға келеді.
 «Оңаша үйде жатсын» деп,
 Үстіне шатыр тігеді.
 Ернекке отау тіктіріп,
 Мал семізін сояды.
 Келген-кеткен кісіге
 Қостан табаяқ қояды.
 Қазысына құр тайдың
 Көршілері тояды.

1630 Қосай менен сұлуды
 Бір отауға қояды.
 Қара бөркі қалқиып,
 «Малыңды ал» деп далтиып,
 Ақсарыбайдың аулына
 Қодар малмен құлады.
 Айттырған екен үш мыңға,
 Соны санап береді.
 Қодарды тәуір көреді,
 Қомсынғанмен ол құл да

1640 Айтулы ердің бірі еді.

Ендігі сөзді Қараманнан естіңіз:

Қараманның көп қолы
 Арада неше қоныпты,
 Жетемін деп зорықты,

- Жете алмайтын болыпты.
Қол жүруге дайын-ды,
Ақсарыбайдың көп малы —
Малдың шеті көрінді.
Қараманның қарауылы
Екі-екіден бөлінді.
- 1650 Ақсарыбайдың мергенін
Қарауыл ұстап алады,
Тақым бұрау салады.
— Қосай батыр қайда? — деп,
Мергендерден сұрады.
Тақым бұрау өткен соң,
Мергендер зар-зар жылады.
— Қосай деген батыр, — деп,
Ақсарыбайдың аулында
Қызбенен бірге жатыр — деп,
- 1660 Мергендер айтып салады.
Қараманның қарауылы
Түнде ауылға барады.
Қосай қыздың қойнында,
Дәнеме жоқ ойында.
Ұйықтап жатқан батырға
Түнде ойран салады.
Шатырлаған бір дауыс
Ұйықтап жатқан сұлудың
Құлағын жарып барады.
- 1670 — Бұ не деген дауыс? — деп,
Жабықтан сұлу қарады.
Киімдері сымпиған,
Найзалары қылтиған,
Желкілдеген көп әскер
Үйді айнала қамады.
Бұлаңдаған Алаукеш
Қасындағы батырды
Тістеп келіп алады.
Оята алмай қор болды,
- 1680 Алты ұйқылы қабыланды.
Ұйықтап жатқан батырдың
Мойнына белбеу салады,

- Сүйреп кетіп барады.
Бір желуан сайдың бойына
Апарып байын салады,
Бетін шөппен жабады.
Жасырынып бір жерден
Сығалап сұлу қарады.
Қараманның көп қолы
1690 Қодарға жетіп барады,
Кеудеге мініп алады.
Кеудеге мініп алған соң,
Ол айғайды салады.
Қодар батыр бақырды,
«Мен — Қосай!» деп ақырды.
«Қосай мұнда» деген соң,
Отауға жеткен әскерлер
Бермен қарап жапырылды.
Қодарды ұстап айдады,
1700 «Бұлқынып жазым қылар» деп,
Оны арбаға байлады,
Сақалынан алады.
Ат үстінде Қодарды
Тас төбеге салады.
Қодар кетіп қалған соң,
Алаукеш барады бойына,
Байын көмген сайына.
Байының басын құшақтап,
Көзінің жасы моншақтап,
1710 Тиген жері жанады.
Көзін ашып Ер Қосай,
Жан-жағына қарады.
— Қайда жатырсың, батыр? — деп,
Алаукеш сұлу сұрады.
— Төсегің қайда, жолдасым,
Үйің қайда, жолбарысым?
Әттең, Қодар болмаса,
Кетіп еді-ау өз басың.
Қодар сенің қабағың —
1720 Ауру болып аш болсаң,
Етіңмен бір тамағың.

Сонда Қодарды Қараман байлап алып кетіп бара жатқанда,
Қодардың Қараманға айтқаны:

— Қараман өзім көрген баз баяғым,
Тарықпан байладың деп қол-аяғым.
Болғанда ертең сәске қызығын көр,
Тас төбеңе ойнар тал-таяғым.

Өзімнің Қаратауда бұлағым-ай,
Бере көр Құдай медет қарағыма-ай.
Дауысым бара ма екен құлағыңа-ай,
Таң ата қалай келмейді қонағына-ай.

1730 Сары ат жауды көрсе шабынады,
Сабаса өкпем оттай қабынады.
Болғанда ертең сәске қызығын көр,
Іздеген жерік асың табылады.

Сонда Қодардың айтқан өлеңін естіп, Қосайдың айтқаны:

— Қодекем де аман, мен де аман,
Қодекемнің басына
Түскен екен бір заман.
Қодекем бүйтіп тұрғанда,
Таң атуға шыдаман!
Осыны айтып Ер Қосай,
1740 Тартып-тартып жіберді
Сары атты бауырға.
Қарасын ба ер төре
Кейін қалған ауылға.
Түнде тиіп қалмаққа,
Ол айқайды салады.
Байлаулы тұрған Қодардың
Құлағын жарып барады.
Қосайдың дауысын есітіп,
Қалмады сабыр қарары,
1750 Көзінің кірді жанары.
Енді Қодар бұлқынды,
«Сындырам, — деп, — арбаны.

- Қос қарының терісі
 Байрақтай дыр-дыр жыртылды.
 Суырып алды Ер Қодар
 Арбадан бір арысты.
 Жаяу тұрған әскермен
 Келе Қодар салысты.
 Тас төбеге салады,
 1760 Ұрғанына шыдамай,
 Шырқырап қалмақ жылады.
 — Қамшымды қайсың алдың? — деп,
 Ұрған сайын ұрады.
 Соғысып жүріп Ер Қосай,
 Жолықты бөлек нұраға.
- Қосаймысың сен? — деді,
 Нәсілсіз құлға қол ұрып,
 Жазым да кеттім мен, — деді.
 Қалмақтан шыққан батырдың
 1770 Ең кенжесі — мен, — деді.
 Қазақтан шыққан батырдың,
 Ең кенжесі — сен, — деді.
 Кезегімді бер, — деді,
 Қайратымды көр, — деді.
 Ат басын Қосай бұрады,
 «Кезегіңді ал», — деді,
 Қасқайып қарап тұрады.
 Нәсілсіз туған Қараман
 Қолындағы қамшымен
 1780 Тас төбеге салады.
 Батыр туған Ер Қосай
 Бит шаққандай көрмеді,
 Ұрғанына шыдады.
 Болмайтын оған болған соң,
 Қорамсаққа қол салды,
 Қозы жауырын оқ алды.
 Шошып кетіп Ер Қосай,
 Астындағы Сары аттың
 Үстінде тұрып толғады:
 1790 — Атамнан қалған жануар,

Бабамнан қалған жануар,
Мына келген бөлеге
Не қылғандай ойың бар?
Сонда Сары ат сөйледі:
— Батыр туған Ер Қосай,
Үстіңде арам ғұсыл бар,
Мен білемін қорықтың,
Астыңда Сары ат алаңдар.
Екі оқтан аман сақтайын,
1800 Үшіншіге келгенде,
Сыртыңнан баққан бабаң бар.

Осыны айтып болғанша,
Шыдамады Қараман,
Толғап тартып қалады,
Зырқырап оғы барады.
Астындағы Сарғыш ат
Оққа көзін салады.
Оқ тиер деп налыды,
Оқ жақындап келгенде
1810 Лыпа жата қалады.
Қарағай қырқып, тал жонып,
Оқ жөніне барады.
Бұл оқтан аман қалады,
Бойын түзеп алады.
Тағы тартып қалады,
Оқ зырқырап барады.
Ат аспанға қарғыды
Оқ жайына қалады.
Шауып келіп Қараман,
1820 Безеу тісті, кер тартар.
Тас төбеге салады,
Төбеден шыққан от жалын
Аспанды барып шарпыды.
Батырың есін танады,
Көкпар қылған лақтай
Тақымына сүйретіп
Қараман кетіп барады.
Екі көзін жұмады,

- 1830 Түсемін деп Ер Қосай
Бұлқынып еді алдында,
Екі жағынан батырдың
Төрт қабырға сынады.
- Артынан Қодар келеді,
Қайраты күшті Қодекең,
Санаулы ердің бірі еді.
Қодар сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Тумай кеткір, Ер Қосай,
Ақ қояндай қасқармай,
- 1840 Қосай, саған не болды,
Қараманды бас салмай?
Қараман келді кезіме,
Салайын құлақ сөзіңе,
Не көрінді көзіңе?!
Әлің жетпесе, қоя бер,
Қодекеңнің өзіне!
- Сонда Қосай сөйледі:
— Келме, Қодар, қасыма,
Бір кісіге бір кісі —
- 1850 Мүнәсіп емес басыма!
Сонда бала жылады,
Қарайды менің жүрегім.
Жау қалмақтың қолында,
Қалар болды, Құдай-ай,
Қос уыс алтын сүйегім.
Үстіп зарлап тұрғанда,
Келмедің-ау біреуің!
- Алла көмек берген соң,
Пірлер қолмен сүйеді,
- 1860 Бала бойын түзейді.
«Ер кезегі — үш», — деді,
Сонда Қосай сөйледі:
— Қараман, аттан түс, — деді.
Енді артыңды қыс, — деді.

- Ат үстінен Ер Қосай
Жағасынан алады.
Шалқадан жерге салады,
Кеудеге мініп алады.
Қараманның үстінде
- 1870 Тау басында отырған
Лашын құстай көрінді.
Найза салды батпады,
Қылыш салды кеспеді.
Қодар келіп қасына:
— Бұл Қараман батырдың
Кеуде жағы тас болат,
Бөксе жағы бос болат.
Сол жерінен шапсаңыз,
Сонда көңілің қош болад.
- 1880 Ер Қосайдай батырың
Қолына қылыш алады,
Қасына таман барады
Қақ ортадан шабады.
Бөкседен ұшып кеудесі,
Екі бөлініп қалады.
Қодарға беріп азаттық,
Алаукештей сұлуды
Өзіне неке қияды.
Отыз екі сұлуды
- 1890 Қодарға неке қияды.
Ұлы жиын той қылып,
Елі-жұртын жияды.
Батыр туған ер Қодар
Қосайға аға болады.
Мұнан былай балаға
Бақыт орнап қонады-ай.
Жиналып келген халқым-ай,
Аз айтты деп жүрмендер,
- 1899 Осылай болды тамам-ай.

Belinen medet ketkence
 Öziñen quat ketkence
 Sars 60-ğa setkence
 Bır perzentke zar eken
 Gagenj qaiğı sar eken.

Öziñmen öziñi zar eken
 perzentj qaq pendenjñ
 Hen dıñıar sar eken.
 Balası qaq kışınjñ,
 Öziñis esiz mal eken.
 Öken künj talaidı.

Ös gamans sol eken.

Ösıdai berse bendenjñ
 Sapraoñ balawken.
 Kala adamnos öziñken
 Önanat- qıroq aqmıs
 Ot adamnos öziñ eken.

Ömal menen bas ölemek
 Öirrenan qalğan öleken.

III - söz

Kodır qandai pateoñı
 Öainatpen barıt ornai dai
 Öziññi toloğan caoñmedaı
 bañalı öziññi köñlaidai
 Köp dıñıarand qorıaidai,
 lammedep „Araudı“

Jalai qalmağ toñlaidai
 Cegıñkedi köp qalmağ
 Öaptapñ qara toñıai,
 sonda da pateal bolmaidai,
 Arau degen qalans.

Öairatmen qorıaidai
 Araoñı ketgen qalmağñ
 Öñqatıp qıdai qorıaidai.
 Öziññi batıp qalmağqa
 endi öziññi aylanıp
 ötkens „japñ salıñıaidai.“

Öaitıp qalmağ barmaidai,
 Araoñıñ esen sar künde
 Araudı qalmağ amaidai
 Bıraq toñı köñj qan
 Sars 60-ğa setkence
 perzent keñmei toñlaidai
 perzent öziñmei pendenjñ

Öalğandı mirj qandaidai
 Bır perzentññi soñınan
 künj-künj zarıaidai
 pateal endi öziñ künj.
 Ot barında ötküp,
 Örapalans qaiğı öp,
 Kialona toloğaidai

Сайын Батыр

- Күн астынан шаң шықты,
Шаң астынан ту шықты.
Бұрынғы елдің барында,
Өткен елдің заңында,
Сол елдердің тұсында
Ноғайлы деген халық өтті,
Үш шарбақты кент өтті.
Ноғайлының үш кенті
Заманында жарлы өтті.
- 10 Ел дәулеті мал кетті,
Жарлылықтың зары өтті.
Халқы жарлы болған соң,
Әжептәуір жігіттің
Ақ бетінен қан кетті.
Жап-жалаңаш болған соң,
Әйелінен ар кетті.
Үш шарбақты ол кентте
Кірлі киім кимеген,
Жортақы атқа мінбеген,
- 20 Аллаға тілі тимеген,
Түстік жерге жүрмеген,
Бес уақытта ақ намаз
Біреуін қаза қоймаған,
Бір Құдайды ойлаған,
Ноғайлының халқында
Сондай бір бай болған,
Өз алдына шәр болған,
Қара басы хан болған,

- Байлығы жұртқа даң болған.
- 30 Байлығының белгісі —
Малы алашқа таң болған.
Байлығының белгісі —
Тоқсан қара құлы бар,
Тоқсан тоғай малы бар.
Дүниеқор сол байдың
Дүниеден жалғыз мұңы бар.
Дүниеқор Бозмонай
Өз алдына шәр болған.
Алпыс жастан өткенше,
- 40 Құдай қосқан қосағы
Елу жастан өткенше,
Бір перзентке зар болған.
Әлі күнге келеді,
Өкшесі, сірә, қанамай,
Еміреніп сүймеді
Жаңа иісті баланы.
Елде тәуіп қоймады,
Тәуіптің бәрі жиылып,
Кең сарайда орнады,
- 50 Сөйтсе де, перзент болмады.
Бір уақыт болғанда,
Жылқыда жүрген тоқсан құл
Қымыз ішіп, мас болды.
Мастығыменен тек тұрмай,
Үйдегі баймен қас болды.
Мына құлдар кеңесті,
Төбеде тұрып сөйлесті,
Сөйлескенде не десті:
— Қызыл шапан кимедік,
- 60 Қырыншыл ат мінбедік.
Ноғайлының керме қас
Жігіттей дәурен сүрмедік,
Өтерін дүние білмедік.
Мына жүрген Бозмонай
Бізді ұлындай көрмеді.
Белініп жатқан малынан
Бізге қалың бермеді.

- Ертеменен бай келсе,
Екі қолын байлайық,
70 Кірірге көрін сайлалық.
Бозмонайды өлтірсек,
Біз сәтіне келтірсек,
Тоқсан тоғай жылқыны
Тоқсан бөліп алалық.
Бұ сықылды тегін мал
Қайдан іздеп табалық?!
Қарағай найза сықылды
Қарсы шабар ұлы жоқ.
Артынан іздеп келетін
80 Қатарланған халқы жоқ.
«Құл кеңесіп жатыр» деп,
Байға айтқан кісі жоқ,
Онымен байдың ісі жоқ.
Бір замандар болғанда,
Ертеменен бай тұрды,
Арқаннан атын алдыртты.
Алтын-ды ер-жүгенді
Тоқымынан салдыртты.
Қара тонын белсеніп,
90 Қас патшадай теңселіп,
Бозжорға атты найқалып,
Жылқының алдынан
Шықты шайқалып,
Қара басы хан болған,
Өз алдына шәр болған.
Тоқсан құлдың біреуі
Бүгіліп сәлем бермеді,
Байды көзі көрмеді.
Сонда бай тұрып бұрқанды,
100 Мұздай темір құрсанды.
Тоқсан құлдың бәрінің
Атын атап шақырды.
Ашуменен Бозмонай
«Қырармын!» деп ақырды.
Шетте жүрген бір құлын
Бай да ұстап алады.

- Қолға түскен сол құлды
Ашумен бай сабады.
Біреуін сабап жатқанда,
110 Тоқсан құл байды қамады,
Жаңбырдай құрық жауады.
Басына таяқ тиген соң,
Жалғыздығын білген соң,
Өзінің қолы кірген соң,
Боз аттың басын бұрмалап,
Сарайға қашты Аллалап.
Ойбай салған даусына
Жер күңіреніп барады.
Үйде тұрған бәйбіше
120 Құлағы естіп шалады.
Сарайдан шықса жүгіріп,
Келеді екен Бозмонай
Өз-өзінен бүлініп.
Атынан келіп Бозмонай,
Теріс жағынан құлады,
Жер бауырлап жылайды.
Қосағыменен екеуі
Ойбай салған даусына,
Үш шарбақты ноғайдың
130 Жамағаты жиналды.
Жұрт келсе де, тұрмады,
Көтеріп басын алмады,
Сол ойбайынан танбады,
Бозмонай бай жылайды,
Жад айтады Құдайды.
Жылағанда Бозмонай:
— Ашамайға мінгізіп,
Көш алдына жүргізіп,
Әжептәуір құрбының
140 Алдына алып сүйгізіп,
Алашқа атын білгізіп,
Ұл қызығын көрмедім.
Астына жорға мінгізіп,
Үстіне қамқа кигізіп,
Орынды жерге бергізіп,

- Алаштан бегзат келтіріп,
Қыз қызығын көрмедім.
Еркімен түскен дұшпаннан
Жау қорлығын көрмедім.
- 150 Алыстан келген сол жауға
Малым үшін өлмедім.
Құлдан қорлық көргенше,
Күнде бүйтіп өлгенше,
Сүймес пендең мен бе едім?!
Құлдан қорлық көргенше,
Тезінен өлім бермедің!
Кең сарайға бармады,
Көтеріп басын алмады,
Сол жылаудан танбады.
- 160 Жылауменен бай жатты,
Қызарып барып күн батты.
Түніменен бай жатты,
Сарғайып барып таң атты.
Алымдар азан айтқанда,
Бейнамаз ұйықтап жатқанда,
Ақ шалмалы бір адам
Жетіп келді қасына,
Таянып тұрды басына.
Екі қойны толыпты,
- 170 Бозмонайдың сол күнде
Көзінен аққан жасына.
«Ә, Бозмонай, Бозмонай,
Не тілегің бар? — деді,
Тілегің болса, ал», — деді.
- Сол уақытта Бозмонай
Ұшып тұра келеді,
Көзінен жасын төгеді:
— Ең дәулеттің тұсында
Қара басым хан болдым,
- 180 Бір перзентке зар болдым.
Сол перзенттің зарынан
Жиын-тойға кірмедім,
Өтерін дүние білмедім.

Құлдан көрдім қорлықты,
Жалшыдан көрдім зорлықты.
Өз малыма бара алмай,
Белден мамық сала алмай,
Тыныштық ұйқы ала алмай,
Өз жанымды қия алмай,
190 Өлейін десем өле алмай,
Сол құлдардың қорлығынан
Өз малымды көре алмай.

«Тілегенің ұл болса,
Бар тілегенің сол болса,
Бабай Омар бабасы —
Қабыл болған дұғасы.
Тілегенің ұл болса,
Бар тілегің сол болса,
От жағалай отырып,
200 Оттың басын толтырып,
Көп аламысың сен? — деді.
Бірін мыңға балайтын
Бірді аламысың сен? — деді.
Қалағанды ал!» — деді,

«Ер ортасы болғанда,
Пайғамбар жасқа толғанда,
Жігіттік күн озғанда,
Оттың басын боқ қылып,
Қырға шығар ішінде
210 Бір оңдасын жоқ қылып,
Мен нетейін көбіңді.
Бір де болса сол маған,
Бірін мыңға балай бер!
Өмір жасын ұзақ қып,
Берсең маған солай бер!»

«Бердім бірді мен, — деді,
Күтіп алсаң сен», — деді.
Жатса Құдай демейтін,
Қылған ісін жөндеген,

- 220 Өзге жұрттың тілегін
Бұл сықылды бермеген.
Мұның көрген қызығын
Еш пендесі көрмеген.
Белін шешіп жатпаған,
Аңсамай саумал ішпеген.
Ертең мінген атынан
Кешке дейін түспеген.
Сансыз дұшпан батпаған,
Бет алғаннан қайтпаған.
- 230 Дұшпаннан Алла сақтаған,
Жұрттың сөзін сөйлеген,
Алар жауын көздеген,
Батыр Сайын болсын! — деп,
Үстіне әруақ қонсын! — деп,
Көңілі разы болсын!» — деп,
Ала есегін қайқалап,
Ала қоржын арқалап,
Шер кітабы қойнында,
Аса таяқ қолында,
- 240 Жұрген Ақтың жолында,
Жаны Алланың қолында
Жөнеле берді бұ адам.

- Екі етегін түрініп,
Бозмонай үйге жүгіріп.
Жатыр екен бәйбіше
Етбетінен бүгіліп.
— А, бәйбіше, тұр! — деді,
Беті-қолыңды жу! — деді.
Әулиең жарды жүректі,
- 250 Құдайың берді тілекті,
Арылтар болғай бейнетті.
Есен болсаң, көрерсің,
Сайын атты перзентті.
А, бәйбіше тұр! — деді,
Қойдан қошқар ал! — деді,
Құдай жолына шал! — деді.
— А, Бозмонай, Бозмонай,

- Дәулетті берген бір Құдай,
Ертеменен кеткен ол қойға,
260 Жете алмаймын жүрсем де.
Сен алпысқа жеткенде,
Мен елуден өткенде,
Жігіттік күн кеткенде,
Кәрілік қарсы жеткенде,
Енді берсін не Құдай?!
— Бермесе Құдай қайтесің,
Қошқарды аяп не егесің?
Аяғаммен малдарды
Қай түбіне жетесің?
270 Бермесе де бар! — деді,
Қасқыр жеген бір қошқар
Алып келіп шал! — деді.

- Сонда бәйбіше барады,
Алып келіп шалады,
Жұртын жиып алады.
Жұрты тарқап кеткен соң,
Бір-бірінен сұрады.
«Қашан болар екен» деп,
Екі міскін жылайды.
280 Бір күндері болғанда,
Елуге келген буаз кемпір
Қарыны шықты қампиып,
Құрсағы шықты шампиып.
Біраз заман өткенде,
Жаңа жылға толғанда,
Уәдесі болғанда,
Бейсенбінің күнінде,
Ұлы жұма түнінде
Буаз кемпір келіп толғатты.
290 Ноғайлының үш кентін
Түгеліменен оятты.
Бет біткенде сұлу жоқ
Ол сықылды сымбатты.
Таң сарғайып атқанда,
Сайын сынды қасқаның

- Желкесі жерге тақ етті,
Маңдайы күнге жарқ етті.
Дүниеқор Бозмонай
Екі етегін түрінді,
300 Өріске таман жүгірді.
«Оң қолымды жаярмын,
Мұнан немді аярмын.
Бүгін өліп кетсем де,
Аманатқа даярмын.
Төрт түлік саған қыламын,
Елі-жұртым жиямын».
Аямай малын қырады,
Ат жетерді жияды.
Жұрты жиылып болған соң,
310 Табақ тартып берген соң,
Алтын тақта хан отыр,
Қас жақсының ұлы отыр.
— Өлгенде көрген перзенттің
Атын жөндеп қойыңыз.
Түсімде қойған аты бар,
Соны тауып қойғаның
Тоқсан торқа киесің,
Тоғыз жорға мінесің.
Хан мен билер отырып,
320 Ақылменен ойлап білесің.
Хан менен билер отырып,
Жорға менен торқаға
Қоймай жатып таласты.
Қымыз ішіп мәз болып,
Билер есінен адасты.
Адасқанның белгісі —
Бір-бірінің отырып
Жағасына жармасты.
Жұдырықтасып жүргенде,
330 Мұрындары қанасты.
Хан мен билер ұрысты,
Сол заманда аз екен
Хан да, билер ұрысты.
Сонда келді Бозмонай:

- Хан мен билер ұрыспа,
Ұрысқаның дұрыс па?
Төңірі өзіңе бермесе,
Маңдайыңа ырыс па?
Тоқсан торқа ки дедім,
340 Тоғыз жорға мін дедім,
Бұ айтқаным дұрыс па?
Екі күн жатсаң сақтаймын,
Біреуің де қайт деп айтпаймын.
Бар дәулеттің тұсында
Қалай тамақ таппаймын?!
Екі күн жатты, таппады,
Шұбырған кедей қайтпады.
Ондай-мұндай қойған ат
Бай көңіліне жақпады.
350 Соған дейін сол жұртты
Дәулетпенен сақтады.
Сонша адам жиылып,
Сайын атын таппады.
Со уақытта бір адам
Жүз отызға келіпті,
Талай мақұл көріпті.
Ноғайлының жұртында
Онан үлкен адам жоқ.
Өзі жарлы болған соң,
360 Оныменен жұрттың ісі жоқ.
Хан мен билер қасына
Шал байғұс келді таянып:
— Бәрекелді, хан мен би,
Жарасады жатқаның.
Байлығыңмен, Бозмонай,
Мыстан табақ тартқаның.
Қамалып жатып хан мен би,
Жаңа туған жас түлек,
Кәнеки, атын тапқаның?!
- 370 Хан мен билер отырып,
Шалға қарап ұрысты.
Таппаған соң хан мен би,

- Намысына тырысты:
— Егер атын таппасаң,
Он екі қақпа сарайға
Сені байлап қоймасам.
Шал да аңырап тұрмады,
Мұның атын сұрасаң,
Беліндегі бес қару
- 380 Тал бойына жарасқан,
Ерлік еткен алаштан
Батыр Сайын болмас па?!
Үстіне әруақ қонбас па?!
Хан мен билер қамалып,
Соны тауып қоймас па?!
Хандар қайтты томсарып,
Билер қайтты құмсарып.
Тоғыз жорға жетектеп,
Тоқсан торқа алысып,
- 390 Шал жөнелді заң салып.
Тойы тарқап кеткен соң,
Күмістен бесік ойдырды,
Алтыннан түбек құйдырды.
Қара кіске «қатты» деп,
Бала кіске «қатты» деп,
Бала кіске бөлетті.
Жаңа туған жас бала
Емшек берсе ембеді,
Етті берсе жемеді.
- 400 Анасының қарасын
Егіз екі көрмеді.
Бозмонай бай сасады,
Шәріне таман барады.
Үлкенінің құлағына салады:
— Кеше туған жас бала
Емшек берсе ембеді,
Ет берсе де жемеді.
Анасының қарасын
Егіз екі көрмеді.
- 410 Дағдардым, жұртым, мен, — деді,
Айласын тапшы сіз, — деді.

- Ноғайлы жұрт кеңесіп,
Сайын сынды мырзаға
Үш күнде бір бие сойғызды.
Ортан жілік майымен
Үш күнде бір тойғызды.
Бір жасына келгенде,
Біліктіден би болды.
Екі жасқа келгенде,
420 Еліменен тең болды.
Үш жасына келгенде,
Ерттеп мінген атынан
Кешке дейін түспеді,
Шақыртпай асын ішпеді.
Төрт жасына келгенде,
Қарағай найза толғайды,
Жүрсем екен дейді екен.
Бес жасына келгенде,
Қадір түнін күзетті,
430 Ноғайлының үш кентін
Түгелімен түзетті.
Езу тартпай ол өтті,
Абыройлы қыздай ұл өтті.
Халқы жақсы болған соң,
Қарып пенен міскіндер
Сайынның арқасында күнелтті.
Алты жасқа келгенде,
Атын таңдап мінгенде,
Алты қырлы ақ сүңгі
440 Оң қолына алғанда,
Қындағы алтын ақ болат
Аш беліне шалғанда,
Момыннан сондай туғанда,
Алланың артық қылғаны.
Айбынды бала туған соң,
Қарабай қорқып қаз болды,
Қыйыршақ қорқып саз болды.
«Сайын келді» дегенде,
Тоқсандағы кемпірлер
450 Қысылғаннан қыз болды.

- Ақпандағы алты ай қыс
Атқа мінсе, жаз болды.
«Сайын келді» дегенде,
Тоқсандағы шалдардың
Қырық күн шілде болғанда,
Төсектен басын көтермей,
Төбесі жидіп таз болды.
Бір күндері болғанда,
Тоқсан құл тұрып кеңесті.
460 — Мына жүрген ер Сайын
Баяғыда әкесін
Алдымызға сап қуғанды,
Көптеп ұстап ұрғанды
Әлі күнге білген жоқ.
Бұ да бір күн білгенде,
Құлағына тигенде,
Бәрімізді қырады —
Бұған адам шыдар ма?
Жорға менен жүйрікті
470 Түн ішінде алалық!
Сусыз шөлге бас қосып,
Біз де қаша берейік.
Жорға менен жүйрікті
Сүйтіп олар алады.
Сусыз жерге бас қосып,
Құлдар қашып барады.
Ертең келді Ер Сайын
Қарала атты ойнатып.
Жылқыдағы құлдың бәрі жоқ,
480 «Қашты» деген көңілінде
Ер Сайынның кірі жоқ.
Құл кеткенін білген соң,
Батыр бала тұлданды:
— Тосқан құл, саған не қылдым?
Атама қылдың зорлықты,
Шешеме қылдың қорлықты,
Соны есіме алмадым.
Ат терлетіп келсең де,
Етіңе қамшы салмадым.

- 490 Өз обалың мойныңа,
Тобаң сені қойды ма?
Қарадан жаман түспесем,
Қарадай сенің ізіңе.
Азар болса қашқансың
Сусыз шөлдің дүзіне.
Келтірсе Құдай кезіме,
Болармын деп жүргенмін
Дұшпанның жалғыз мыңына.
«Шүү» деп еді Қарала ат
- 500 Қырдан асып қылт етті,
Жұлдыздай ағып жылт етті.
Шауып тоқтап, барлатып,
Ұлы сәске болғанда,
Аңырап шықты ер Сайын
Қара өбе басына.
Тоқсан құл кетіп барады
Аяғының астында,
Қосылып өлең айтысып,
Сырнай күйін тартысып.
- 510 Сол төбенің басында
Ер Сайын тұрып толғады,
Жалғыздығын ойлады:
«Ай, жаратқан жалғыз Құдайым,
Өлемін деп қалмаймын,
Бұған нағып шыдайын?!
Тоқсан құлмен тоғыссам,
Әбүйірді тауыссам,
Егер жазатайым іс болса,
Жалғызға түсер күн болса,
- 520 Қартайғанда атамнан
Енді зейнет туар ма?!
Сараң Ием болмаса,
Қанатсыз мені қылар ма?!
Тоқсан құлдан құр қайтсам,
«Құл кетті» деп елге айтсам,
Жиын-тойға кіре алман.
Бармасам да, барайын,
Бармай нағып қалайын?

- Қынынан шықпас ақ алмас,
530 Суырып қыннан алайын,
Көтерсе Құдай тілейін!
Екі тісі сақылдап,
Езуден көбік бұрқылдап,
Жау көрмеген жас бала
Құлға ұмтылды қалшылдап,
Ойын емес, шынынан.
«Шүү» деп еді Қарала ат
Жұмырланды қырынан.
Түнеріп бала келген соң,
540 Енді өлетұғынын білген соң,
Құл қорқысып барысты,
Аттан түсіп қалысты.
Жылағанға болмады,
Жалынғанға қоймады
Екпіні қатты жас бала.
Құлдарменен ойнады,
Өзгесін қырып салды да,
Отыздан жиып алды да,
Қаратөбе басына
550 Жаяу айдап барады.
Сол төбенің басында
Ту сыртынан жарады,
Қармап етін алады.
Қасқаның көңілі тынған соң,
Тоқсан құлды қырған соң,
Сәйгүлігін қуалап,
Қонарға шәрге келеді.
«Құл қырдым» деп айтпады,
Бұрынғыдай сол мырза
560 Шіреніп үйде жатпады,
Мал көтінен қалмады.
Мал баққаны құрысын,
Жақын жатқан жылқыны
Айшылыққа айдайды.
Айшылыққа барады,
Елдің шиір шетінде,
Дұшпанның жүрер бетінде

- Қарауыл да салады.
Күні-түні Алладан
570 Жауды тілей береді.
Қайда кеткен алаштың
Найза ұстаған батыры?!
Тап менің тұсымда
Еркек мұнда таусылып,
Қалған ба жұрттың қатыны?!
Бір күндері болғанда,
Алысы менен жуықты
Ат үстінде барлаған.
Дүниенің төрт бұрышын
580 Ыңғай жүріп шарлаған.
Қамалды бұзып жылқы алған,
Күймені бұзып қыз алған.
Дұшпанды көрсе бір күнде
Отыз екі түрленген.
Он жасына келгенде,
Жау атысын үйренген.
Қара қыпшақ Қобыланды
Ноғайлардан ер туды.
«Ер Сайынға барайын, — деді, —
590 Сол батырды қолға алып,
Алыста жатқан қалмаққа
Бір соғысты салайын!».
Мың кісіні қолға алып,
Ер Сайынмен жолықпаққа ойланып.
Қарауылда жүрген Ер Сайын
Жау екен деп қашпады,
Жалғызбын деп саспады.
Ақ алмасын суырып,
Тасқа егеп қайрады.
600 Найзасының басына
Алтынды туын байлайды.
Қобыландының қасында
Найзагері қорқады,
Аттың басын тартады.
«Қашпасақ та, болмас» деп,
Тоқта десе тұрар ма,

- Аттың басын бұрар ма,
Қашпай адам шыдар ма?!
Сонда Қобыланды тұрып айтады:
- 610 — Жамандар, мұнан қашпаңыз,
Өлемін деп саспаңыз,
Өзім жауап берермін.
Ақбоз атпен аңқылдап,
Айыр қалпақ солқылдап
Батыр Сайын сен болсаң,
Қобыланды ағаң мен болам.
Ел шетінде кез болсаң,
Лоқылдатпа қылышың,
Мың кісілік тұсыңа.
- 620 Бұл дұшпанға, ер Сайын,
Қылышыңды суырсаң,
Кімге қайрат қыларсың?
Жаушылыққа келмеймін,
Сені көрерге келемін.
Атадан артық туған ерсің,
Қол тізгінін беремін.
Іздеп шыққан жауым бар,
Қызығыңды сонда көремін.
— Олай болса, Қобыланды,
- 630 Мына жатқан жылқымның
Кел, қарасын көрмей жүр!
Ұйықтап жатқан құлынның
Кел, ұйқысын бұзбай жүр.
Қонағасын беремін,
Жүретұғын жағыңа
Мен соңыңнан еремін,
Ерлігің жауда көремін.
Мың кісі алып келеді,
Қонағасын береді.
- 640 Тоқсан асау береді,
Қаруын түзей барады.
Әке-шеше жылайды:
— Өлгенде көрген жалғызым
Аттанып кетсе жорыққа,
Қалады басым қорлыққа!

- Таянып келді Бозмонай
Қобыландының қасына:
— А, Қобыланды, Қобыланды,
Тентектігің қоймадың,
650 Жұрт тіліне болмадың!
Бұрынғылар алмаған,
Адам жүрмес бір жауға
Жүремін деп ойладың.
Мына жүрген Ер Сайын
Он жасына жеткен жоқ,
Жеті жастан өткен жоқ,
Үш наурызды берсеңші!
Сайын оған жеткенде,
Қызығын сонда көрсеңші,
660 Бұл тілегімді берсеңші!
— Құдай деген бай едің,
Өз алдына шәр едің,
Қарыңа сенің қалмаймын,
Сонда естен салмаймын.
Үш наурызды беремін,
Сол үшін наурыз өткен соң,
Уәдеге келемін.
Соған дейін Ер Сайын
Жау жарағын сайлансын,
670 Мінер атын байласын!
Біз келерміз сау болсақ,
Уәдеден таймасын!
Мың кісі дуылдай қайтады,
Тілегін алып қуанып,
Бай үйінде жатады
Белден төсек салған соң.
Бай ұйқысы қанған соң,
Бәйбіше тұрып толғайды,
Байды еркіне қоймайды:
680 — Толып жатқан малың бар,
Сарайыңның саны бар,
Осынша көп малың бар.
Бір Сайыннан тағы да,
Қанша ортақ жаның бар?

- Үш-ақ наурыз өткенде,
Жалғызың кетер жорыққа.
Есен қалған бұл малың
Кедейге түсер зорлыққа.
Толып жатқан малыңнан
- 690 Сұрап қалың берсеңші.
Үш шарбақты ноғайлы
Ылайық қыз көрсеңші,
Сөйтіп, келінді болсаңшы!
Соныменен Бозмонай
Бозжорға атқа ер салды,
Үш шәрлі ноғайлы
Қыздарына көз салды,
Ылайық қыз таппады.
Көрген қыздың бәрі де
- 700 Бай көңіліне жақпады.
Сайынның көрген қыздары
Шықты андап, таласып.
Үш шаһардың қызынан
Жиылған қыздың көптігі
Жол тимеді бір көпірге таласып.
Бай көңіліне жақпады,
Сонан соң сұлу таппады.
— Мен бармаған ел бар ма,
Есіткен жерге Сайынға
- 710 Ылайық туған қыз бар ма?
Ноғайлының халқы айтты:
— Өзің теңді адам да
Қырды жайлап шет қонған
Дұшпанына бет болған.
Айттырғанға бермеген,
Мұндай теңі келмеген.
Айтқаныңа ол берсе,
Сені адам ол десе,
Көбік байдың үйінде
- 720 Беті желге тимеген,
Езу тартып күлмеген,
Бөтен үйге енбеген
Аюбикеш сұлуы.

Қолаң қара шашы бар,
Қырғауылдай керілген,
Тамағынан ішкен асы көрінген.
Тақалып күнге қараса,
Бетінен күн сәулесі білінген,
730 Ылайық сұлу, сұра, — депті.
Қорықпай жүріп барсаңыз,
Шамаң келіп алсаңыз.

Соған кетті Бозмонай,
Судың бойын көбелеп.
Қартайғанша Бозжорға ат
Өзі мінген жебелеп.
Сарайдың келді қасына,
Шәрдің келді басына.
Он екі қақпа сарайы
Көтерілген талайы.
740 Есігінің қасында,
Қақпасының басында
Тұрады екен күзетіп
Екі қара малайы.
Екі тісі кетілген,
Оң танауы сетілген.
Құл да болса сол өзі,
Тілге шешен жетілген.
— Ноғайлыда, Бозмонай,
750 Сен де неге зар едің,
Ноғайлы жұрттың басы едің?!
Таң сәріден жүріпсің,
Ашулы болған кісідей,
Қабағыңды түйесің!
Жолың болсын, ә, байым,
Не есітіп білесің?!
— Байың есен-саулық па,
Қатты сөйлеп, мұндар құл,
Жүрегімді жарып даурықпа!
Көбік үйде бар болса,
760 Жетектеп шықпас қызын.
Ылайық болса балама,

- Енді айттырып беремін.
Айтқанымма бермесе,
Шақырғанға келмесе,
Елге таман қайтамын.
Тентек туған Сайынға
Бара сала айтамын.
Шетік құл келді иіліп
Көбік байдың қасына:
- 770 — Әй, Көбік, тұр, — деді,
Мұнан жаның қалар ма,
Ноғайлының Бозмонай
Сарайыңа келіп тұр.
Айттырса бермес адамға,
Келмес еді қасыңа,
Сарайың бүйтіп басына,
Ер Сайынға сеніп тұр.
Көбік жатып бұрқанды,
Мұздай темір құрсанды:
- 780 — Шауып алса мал да көп,
Үйден алса, қыз да көп,
Сайындай тентек ұл да көп.
Бүгін келсін сол Сайын,
Ұрысуға даярмын.
Жалғыз қыздың тұсында
Кімнен жаным аярмын.
Адам екен демеңіз,
Еңсеп келген Бозмонай
Үйден сусын бермеңіз.
- 790 Бозмонай естіп біледі,
Аттың басын бұрады.
Бай бір ашу қылады:
— Бұл барғаннан бармасам,
Үш шөрдің адамын
Мінгізіп атқа алмасам.
Бұл бермеген қызыңды
Ат көтіне салмасам,
Бозмонай болып жүрмейін,
Боз жорға атқа мінбейін!

- 800 Еркегіңді қыrmасам,
Жұрт күлгендей қылмасам,
Шәріме есен кірмейін.
Бозмонай үйге қайтады,
Білген хабарын айтады.
- Алтын тақты хан келді,
Жиылып түгел шәр келді:
— Кәбік, неге қызың бермедің,
Сол сықылды Сайынды
Нағып күйеу көрмедің?
- 810 Бұл қызды егер бермесең,
Сайынды күйеу көрмесең,
Аттанып Сайын келген соң,
Оған елді бүлдіртіп,
Сенің қызың құрысын!
Залалын шәрге тигізіп,
Бұ қызыңды бермесең,
Сайынды күйеу көрмесең,
Ноғайлыға көшкенім
Шайқарсың сен ырысын.
- 820 — Бермесе де болмас-ты,
Еркіне Сайын қоймас-ты.
Бермегенмен бұл қызын,
Қанша маған жолдас-ты.
Шақырып кел, Шетік құл!
Мінейін десе о Құлға
Ерттеулі тұрған аты жоқ.
Тақа жаяу жүрерге
Шеттіктің жүйрік аты жоқ.
- 830 Қарт түйедей еңкілдеп,
Жалғыз танау желпілдеп,
Табан терісі түріліп,
Жөнелді Шетік жүгіріп.
Көз көрім жерден өткенде,
Бозмонай байды шақырды:
— Атыңның басын бұра тұр,
Ашуланбай тұра тұр.
Жұрт қауымға енді ғой,

- Өзі жаяу демесең,
Құл шақыра келді ғой,
840 Қалаған қызын берді ғой.
— Шақырса да бармаймын,
Малға берсе сол қызды,
Бір тоқтыға алмаймын.
— Сенен малды алмайды,
Саған кісі бермейді,
Тілеген қызды береді
Асы болар Аюбике
Деген қызды алмасаң,
Ұлық болар Аллаға,
850 Шақырған Көбікке бармасаң.

- Қолды артыңа салады
Қайта кетіп барады.
Жетіп келсе Көбікке,
Келмей тойын қылады.
Төрге көрпе салғызды,
Шақыртып үйге алғызды.
Ашуланбай табысты,
Қалаған қызын алысты.
860 Еліне қайтып келді де,
Ноғайлының үш шәрін
Сегіз жерге орнатты.
Сайын сынды батырың
Ер-тоқымын оңдайды,
Үш шәһарлы ноғайлы
Қосшылыққа отыз кісі сайланды.
Отыз жігіт қолға алып,
Соған таман түн қатты.
Сайын келді деген соң,
Көремін деп сайланды.
870 Қимылдаған жан келді,
Мұнара басып шаң келді.
Көрген жұрттың бәрі де
Жас баланы таң көрді.
Көрмеген жанның бәрі де
Көрген жаннан сұрасты,

- Көркіне жұрт таласты.
Сайын келді деген соң,
Қыз бен жігіт дуласып,
Сол сықылды батырға
- 880 Қылған тойы мұнасып.
Нақ отыз күн ойын қылып,
Тақ қырық күн тойын қылып,
Уәдесі болған соң,
Жұрт жақсысын жияды.
Ғалымдарды алғызып,
Ақ некесін қияды.
Ақ некесін қиғанда,
Ақ ордаға барғанда,
Ойнап ойыны қанғанда,
- 890 Қатты ұйықтап қалғанда,
Таң сарғайып атқанда,
Үйде, жүрген ағасы,
Бабай Омар бабасы
Тұсына жетіп келеді:
— Сайын батыр сен болсаң,
Некеңді қиғанда,
Сәтті күні кез болсаң,
Қолыңды жай, сен, — деді,
Берейін бата мен, — деді.
- 900 Ұшып тұра келеді,
Қолын жайып береді.
— Екі перзент көресің,
Ең үлкені — Бөкенбай,
Ең кішісі — Киікбай.
Сол Киікбай туғанда,
Дұшпанға салар бүлікті,
Аруағы соның биік-ті.
Ала есекке қайқалап,
Ала қоржын арқалап,
- 910 Жөнеле берді бір адам.
Бай сұлуды ұзатты,
Жазғы құдай ыңрантып,
Жарылған мұздай күңіретіп,
Тал шыбықтай бұралтып,

- Тоты құстай гарантып,
Қас патшадай найқалтып,
Қаса бидей шайқалтып,
Түйе артуға күң берді,
Ат ерттеуге құл берді.
- 920 Бәйшешектей түрлентіп,
Ұзатты сұлуды жөнелтіп.
- Сұлуды алып кеткен соң,
Шәр тамаша көрген соң,
Жаңа түскен сол сұлу
«Қыздай жүкті келді» деп,
Ноғайлыға таң болды.
Ноғайлының шөһары
Өсек айтып күледі.
Бір Алланың бергенін
- 930 Жалғыз Сайын біледі.
Кәдесі болғанда,
Сәтке сұлу толғаты,
Қыз-келіншек те орын апты.
Бет біткенде сұлу жоқ
О сықылды сұлу-сымбатты.
Толғатып сұлу ұл тапты,
Өріске таман бай шапты.
— Оң қолымды жаярмын,
Мұнан немді аярмын.
- 940 Бүгін өліп кетсем де,
Аманатқа даярмын.
Аямай малым қырайын,
Ноғайлыны жияйын.
Есіркеген Құдайым,
Қызыққа неге тояйын?!
Ноғайлы жиылып келеді.
— Жиылып тұрған ноғайлы,
Мына тұрған перзентім,
Арылып тұр бейнетім.
- 950 Бірер аттан үлкенің мініңіз,
Кейінің бірер тоннан киіңіз,
Атын жөндеп қойыңыз.

- Ат қоярға келгенде,
Айдалада түсе салып,
Жүрегі жүрген жарылып.
— Мына туған перзенттің
Қолында бар дәулетің,
Не қылсаң да жарасар.
Мынаның атын сұрасаң,
960 Мұның аты — Бөкенбай,
Ең кіші — Киікбай.
Бөкенбай қоя берді,
Бөкенбай да сол бала
Бір жасына толғанда,
Сонда келді Қобыланды.
Үш жылдың уәдесі толғанда
Ел шетіне келген соң,
Сайынға хабар берген соң,
Ақбозатқа ер салды.
- 970 Байлаулы тұрған Қара атқа
Қосын тартып алады.
Үш шарбақты ноғайлы
Қырық жігіт таңдап алады.
Қобыландыға қосылып,
Аттанып кетіп барады.
Құлан жүрмес жар қалды,
Адам ішпес шөл қалды.
Алтыншы ай өтеді,
Ат мойынан жал кетеді.
- 980 Олар сынды ер жоқ-ты,
Ерінбей жортқан келбеті.
Нақ он екі ай болғанда,
Қалмақтың ен шетіне қол жетті.
Аттың ерін алысады,
Түстенісе қалысады.
«Қалмақ жақын екен» деп,
Батырға хабар салысады.
Жағалбайлы атасы
Сөзінде болмас қатасы.
- 990 Жауырынмен сөйлескен,
Жауырын жағып қарады.

- Батыр Қобыланды сұрады:
 — Бұ жауыңа бармаймын,
 Жылқысы жолда тұрса, алмаймын.
 Жылқы аламын, — деп, — бұ жолда,
 Қасқа менен жайсаңның
 Обалына қалмаймын,
 Тілімді алған мұсылман,
 Бәріңе де айтқаным.
- 1000 Бәрің тілім алмасаң,
 Алпыс кісі қосшымен
 Өзім елге қайтамын.
 Қобыланды батыр отырып,
 Ер Сайынды шақырды:
 — Сайын сынды батырым,
 Бұзылмасын ақылың!
 Екпінің күшті қыраным,
 Маңдайың сұлу жарқыным,
 Алар болсақ мал да көп,
- 1010 Тоғысарға жан да көп.
 Есендік пен саулықта,
 Жұрт аманда барлық та
 Жау тосқалы бар, — деді.
 Бозбаладан айрылсақ,
 Жұртқа не айталық?!
 Қайт дегенде тұлданды:
 — Аттанған жаудан қайта алмаймын,
 Бұл көрген жаудан қорқынып,
 Алғанымның қойнында
- 1020 Күлкі болып жата алмаймын.
 Бұ қамалға келген соң,
 Жалғыз да болсам қайта алман.
 Айғырдайын алыспай,
 Қызыл қанға батыспай,
 Сары жақтың кірісі
 Үзілгенше тартыспай
 Қобыландының мың кісі
 Елге тіке тартады.
 Ноғайлының қырық жігіті
- 1030 Қалмаққа тіке тартады.

- Қалмақ естіп біледі,
Құлағына тиеді.
«Қобыланды, Сайын келді» деп,
Берік жерге қамал тартады.
Келе жатыр қырық жігіт
Қамалдарды қақ жарып.
«Қалай жүрген батыр» деп,
Жолдастары таң қалып.
Ақ төбенің басына
- 1040 Шығып келсе Ер Сайын,
Қалмақтың көрді сансызын,
Қаланы көріп таң қалды.
Қасындағы қырық жігіт
Жанынан қорқып сандалды,
Төмен қарап жыласты.
— А, қырық жігіт, жылама,
Сіздер кейін қалыңыз,
Таза жерге барыңыз!
Есен болса жаныңыз,
- 1050 Жақсылығым бар болса,
Бұл заманда ұрыста!
Өзің теңдес жау болса,
Маңайыңа жуытпа!
Бұл кеткеннен келмесем,
Қазам жетсе өлермін.
Егер қазам жетпесе,
Басыма аман күн туса,
Бір уақытта келермін.
Қой, қош-аман болыңыз!
- 1060 Мұсылманның ұлымын,
Бір шіріген жұмыртқамын.
- Жөнелді Бозатпенен аңқылдап,
Айғай салған даусына
Қарағай жарылып барады.
Қалмақтың жатқан жерінде
Екі батыр бар екен
Бірінің аты — Жоламан,
Бірінің аты — Еламан.

- Ер Сайын мен Қобыланды
1070 Тоғыз сан басын жоямын.
- Бір мезгілде Ер Сайын
Көрінген жылқы алады,
Қуалап кетіп барады.
Жылқыны қуып келгенше
Ақтөбенің қасына,
Қырық жігіттің орнына
Қуып келсе Ер Сайын,
Қырық жігіттің бірі жоқ.
Тұр деген жерде тұра алмай,
1080 Айтқанын ердің қыла алмай,
Кеткен екен қашысып,
Кейін қарай асысып.
Қалмақ жатыр дуылдап,
Атын жаудың жиды шуылдап.
Тұсаулы атқа жармасып,
Мәстегіне тармасып.
Қашан қалған шашылып,
Ер-тоқымнан адасып,
Келе жатыр ит қалмақ
1090 Жаман даусын салысып.
Жердің жүзі қайысып,
Көдедей шықты майысып.
Мәстектің шаңы бұрқылдап,
Қылыштары келеді
Өкпесіне сартылдап.
Ақ төбенің басында
Жалғыз Сайын қарап тұр
«Келгенменен бұл қалмақ,
Не қылады маған» деп,
1100 Мазақ қылып жарқылдап.
Жауы әбден келген соң,
Бозаттың басын бұрмалап,
Тоғысты қасқа Аллалап.
Бөлек-бөлек қылып жүр,
Бөлінген қойдай қырып жүр.
Қалмаққа мүшкіл туып жүр,

- Еламан мен Жоламан
Тау тасалап қашып жүр.
«Алады, — деп, — жұртымды,
1110 Осы қалмақ сасып жүр.
Еламан мен Жоламан,
«Көрінер күнің бар ма» деп,
Аузын қатты басып жүр.
Көбін қырып болғанда,
Со сықылды Ер Сайын
Алланы еске алмады.
Қайратына мас болып,
Бабай Омар бабасына
Жалбарына жүрмеді.
- 1120 Пірі үстіне қонбады,
Баяғы қайрат болмады.
Оймақ құрам сау жері
Тұла бойында қалмады.
Жарадан қасқа жауыр да,
Өр жарадан аққан қан
Су сықылды саулады.
Ерден медеу кеткен соң,
Жығыларға жеткен соң,
Аттың басын бұрмалап,
1130 Жөнелді қасқа Аллалап.
Егесіп тұрған ит қалмақ
Соңына түсті тулап.
Тоғыз сан кісі қуса да,
Жеткізбей кетті құтылып.
Ертең кеткен қырық жігіт
Артынан жетті ұмтылып.
Бәрекелді, қырық жігіт,
Түге қасқа ерлігің.
Атыңның басын бұрылтып,
1140 Қырық жігіт, шаппай тұра тұр!
Тоқпақ жалды Ақбозат
Тоқтата алмай келемін.
Қалмақ тоғыз сан, мен жалғыз,
Тонау бермей келіппін.
Тезірек көріп қалыңыз,

- Жарам нешеу санаңыз.
Омыртқада он жара,
Қабырғада қырық жара,
Қақ жанбаста бір жара.
- 1150 Жалаңаяқ жүрмеген,
Бісмилләні білмеген
Салып еді бір қалмақ
Сырылдаған сары қайың оқпенен,
Қабырғаның түбінен,
Омыртқаның жігінен
Қан сарқырап тыйылмас.
Қырық жігіт, сізден болмаса,
Ноғайлының жұртынан
Топырақ маған бұйырмас.
- 1160 Ай, қырық жігіт, қырық жігіт,
Қарағай түбі қара өлең,
Бәрің жақсы, саналым,
Шақпақ шақсам, от түспес.
Қарағайдың бұл күнде
Селбі болған қуынан.
Шықпаған-ақ екенмін
Жұлдызымның оңынан.
Мен дұшпанға мерт болдым,
Қара қыпшақ Қобыланды
- 1170 Ердің жоғынан.
Мен шыққанда жаз еді,
Алла бізге жар еді.
Жауырынменен сөйлескен
Қара Қоныс бар еді.
Жан тіле деп нанбадық,
Қайт дегенде бармадық.
Қас әулие сол екен,
Тілін алмай жауладық.
Аттанған жерім сұрасаң,
- 1180 Жылқы алған бұ жерім
Бүгін де мұнан шұқырлау.
Бейнетіме бұ қалмақ
Хабар тауып желеді.
Қырық жігіт, сен болмасаң,

- Жұрт көрерім қиын-ды.
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?
Күйіме бұзып, қыз алып,
Қамалды бұзып, жылқы алып,
1190 Қара арғымақ қатырып,
Қарсыласқан дұшпанға
Жүрегінен найза батырып,
Мына жатқан қалмаққа
Ат жүгіртер күн қайда?
А, қырық жігіт, азамат,
Маған бола өлмеңіз,
Сендер бейнет көрмеңіз,
Менің үшін өлмеңіз!
Қарағайдан табытым
1200 Бекем қылып салыңыз!
Таңдап мінген көк атым
Басыма мықтап байлаңыз!
Шүберек киім кигізбе,
Қанды етіме тигізбе,
Жібекке орап қойыңыз!
Ел шетіне барғанда,
Әкем шығар елпілдеп,
Шешем шығар еңкілдеп.
Сайыным қайда дегенде,
1210 Не деп жауап берерсіз?!
Ел шетіне жау келді,
Кірерге болды дегейсіз!
Қара арғымақ арыды,
Оттата қалды дегейсіз.
Бір күнде болса қуансын,
Ақырында бейшара
Есіткен күні суалсын!
Түптен таңдап алғаным
Ауыл үстінде жоқ еді.
1220 Найзакерден арманым,
Дүниенің көрдім жалғаным.
Аюбике сұлуға
Дұғай сәлем дегейсіз!

- Таң сәріден тұрарсың,
Беті-қолың жуарсың!
Қынай белін буынсын,
Бүгілген бес бармақ
Бетіне жара салмасын!
Егіз екі сол сұлу
- 1230 Дұшпанның тілін алмасын!
Өзімнен қалған жақсыны
Жат көрмесін, өз көрсін!
Құдай қосқан қосағым
Дұғай сәлем дегейсіз!
Ақиретте кезіксің.
Қара қыпшақ Қобыланды
Батыр ерге сәлем айт!
Мен кеткенде тумаған,
Оғы жасын қылмаған
- 1240 Киікбай менен Бөкенбай
Айрылып сонан қалмасын.
Енді жауға бармасын!
Әкем өліп қалды деп,
Айрылып сонан қалмасын!
Өздері адам болғанша,
Қара қыпшақ Қобыланды
Көзінен таса қылмасын.
А, қырық жігіт, азамат,
Ашып кетші бетімді,
- 1250 Салқын соқсын етімді!
Сіздер бұлай кеткен соң,
Мұсылманнан көре алман
Қыдырып жүрген жетімді-ай!
Қырық жігіт кетті қыр асып,
Қимай кетті жыласып.
Олар елге жетпестен,
Елі хабар білместен,
Аюбике сол сұлу
- 1260 Түнде жатып түс көрді,
Түсінде талай іс көрді,
Өз басына күш көрді.
Таң сәріден тұрыпты,

- Екі етегін түрініпті,
Енесіне келіпті:
— Мен бүгін бір түс көрдім,
Жауырыным тола қара шаш
Жайылыңқы көрінді.
Бедерлеген бес тырнақ
Қанға малыңқы көрінді.
- 1270 Шешем берген боқшасы
Шашылыңқы көрінді.
Жауда жүрген балаңның
Астында жүрген Ақбозат
Құйрығы келте көрінді.
Қолына алған ақ сүңгі
Ортасынан, әй, ене,
Үзіліңкі көрінді.
Сонда енесі жорыды:
— Жауырынның толған қара шаш
- 1280 Жайылыңқы көрінсе,
Ертеменен қой қыдыр,
Енеңнің сөзіне нан, балам!
О да соған көрінсін!
Бедерленген бес тырнақ
Қызыл қанға, ө, балам,
Малыныңқы көрінсе,
Таң да, тал түс болғанда,
Қызылменен боятсаң,
О да соған көрінсін!
- 1290 Жауда жүрген баламның
Астындағы Ақбозат
Құйрығы келте көрінсе,
Жау қарасын көргенде,
Ақ құйрығын сүзген-ді.
Қасындағы жолдасы
Жау көрмеген жамандар,
Жаннан күдер үзген-ді.
Қолына алған ақ сүңгі
Ортасынан, ө, балам,
- 1300 Үзіліңкі көрінсе,
Жүрген шығар жалғызым

- Қалмақтың белін сындырып.
Келеді екен жалғызым
Барған ісін тындырып
Жаманға қуғызып.
Келе жатыр қырық жігіт
Аяғына су өтіп,
Маңдайынан күн өтіп.
Қарағай найза сүйретіп,
1310 Жылауменен күнелтіп,
Азар жетті жеріне.
Қырық жігіт келді деген соң,
Шәрі естіп білген соң,
Бозмонай келді алдынан:
— Қырық жігіт, келдің бе,
Есендік пен саулық па,
Азамат түгел барлық па?
Кәрілік мұндар ұрмаса,
Көзім жасқа толмаса,
1320 Сайын сынды жалғызым
Көрінбеді көзіме.
Қырық жігіт сонда айтады:
— Бара сала ер Сайын
Қалмақтан ойып жылқы алды.
Күнде тиіп қалмаққа,
Сарайынан ұйқы алды.
Жау жерінен өткенде,
Мұсылманның жерінің
Шетіне жетіп келді.
1330 Аттан медеу кеткенде,
Қалмақтар жетті салысып.
Ат бұрауға көнбеді,
Жалғыздың әлі келмеді.
Алған жылқы айрылдық,
Ел шетінде жау келді.
Қара арғымақ арыды,
Жетектей соны келеді.
Ақ кіреуке сөгілді,
Сия алмай келеді.
1340 — Маған десе, сол балам,

- Тағы талай жол жүрсін.
Есендікпен сау болса,
Дұшпаннан аман бар болса
Соны айтып бай кетті.
Сау дегенге қуанып,
Өтірік сөзге жұбанып.
Қайдан білсін Сайынның
Қалғанын оның суалып.
Үйде сұлу білген соң,
1350 Сұлу шықты жүгіріп.
Қырық жігіт келді деген соң,
Алдынан келді жүгіріп:
— А, қырық жігіт, азамат,
Неге бұлай жаурайсың?
Ақ сақалды атамды
Өтірік айтып алдайсың?!
Айлалы айтқан сөзіңе,
Егіз екі нанбаймын.
Сайын өлді десең де,
1360 Біріңді ұстап алмаймын.
Сонда қырық жігіт сасады,
Жылап тұрып айтады:
— Сайын сынды сол қасқа
Сан қалмақпен тоғысты.
Ерікпей қылды соғысты,
Қалмаққа Құдай болысты.
Оймақ құрам сау жері
Тал бойында қалмады.
Жарадан қасқа жауырды,
1370 Қарағайдан табытын
Бекем қылып сайлатты.
Қалап мінген Бозатты
Көз алдына байлатты.
«Бас көтерер күн болса,
Еріктіріп мінермін.
Мінгендей бұған күн болса,
Күнінде бір күн көрермін».
Сайын сөйтіп қалған соң,
Оны сұлу білген соң,

- 1380 Екі бетін алады,
Қара шашын жаяды.
Үйге кетті жұлқынып,
Жын қаққандай құтырып.
Сарын салды отырып,
Батырды сұлу жоқтайды:
— Беліндегі бес қару
Тал бойына жарасқан.
Сендей теңім табылмас,
Жеті алашты қыдырсам.
- 1390 Сендей теңім еш болмас,
Алашта мұндық мен болдым.
Ханышадай күнімде,
Ер қасқамнан адасқан.
Қарағай найза өңгерген,
Өзінің жұртын меңгерген,
Азды көпке теңгерген.
Аттанған жаудан келмеген,
Алты қанат ақ орда
Қасқам ішіне келмеген.
- 1400 Мендей мұндық бар ма екен,
Ойнар-күлер шағымда
Еркін ойнап күлмеген.
Өзім тірі жүргенде
Кеудеме еркек мінгізбен.
Алмадай болған қызыл бет
Қиғаш ерінге сүйгізбен.
Берен төсек, құс жастық,
Маңайына бойдақ жүргізбен.
Маңдайың құлаш ер Сайын,
- 1410 Қылығың еске түскенде,
Жанымды нағып күйгізбен?!
Ауызым тола қан болса,
Дұшпаныма білгізбен.
Сен кеткелі он бес жыл,
Бөтен үйге бармадым,
Езу тартып күлмедім.
Мен сарғайып жатқанда,
Неден көңілім қалдырдың?!

- 1420 Бұ заманда жоқпын деп,
Түсіме нешік кірмедің?!
Ертең қылған даусымды
Түске келіп қоярмын.
Кешке қылған даусымды
Түн батқанда болармын.
Алмадай болған қызыл бет
Тырнақпенен соярмын.
Мөлдіреген екі көз
Жылауменен оярмын.
Ел шетіне жау келсе,
- 1430 Қара қабылан қоярмын.
Жылап-жылап уанды,
Беті-қолын жуынды.
Киікбай менен Бөкенбай
Оқ атысып жүр екен.
Екеуі келді жүгіріп,
Анасы отыр бүлініп.
Екеуі есінен адасты,
Адаса тұрды екеуі,
Бір жүгенге таласты.
- 1440 — Үйде жатқан әкемді
Неге әкеткен алысқа?
Сонша жерге бастасып,
Жау жеріне тастасып,
Бұл барғаннан бармасам,
Екі бірдей көк ала
Арғымаққа мінбесем,
Өңшең темір кимесем,
Қобыланды саған қылмасам,
Біткеніңді қырмасам,
- 1450 Ер Сайыннан тумайын.
Жылқыға кетті жүгіріп,
Тұрмады үйде кідіріп.
Сұлу үйден барады
Енесінің қасына.
Енесі бейбақ жылайды,
Жад айтады Құдайды:
— Құдайың берген жаңғызы,

- Таласып емшек еміскен,
Құнан-тайдай тебіскен.
1460 Беліндегі бес қару
Тал бойына келіскен.
Атаң қалды кеңестен,
Шешең қалды жіп ескен.
Жауға айғайлап кеткенде,
Оң иініңе қонбады
Төрт мүкрер періштең.
— А, сорлы болған енем-ай,
Дауыстағанмен келмейді-ай!
Сайын сынды балаңды
1470 Маңдайы құлаш ер, — деді,
Мен тұл үйіңде тұра алман,
Күнде дауыс қыла алман.
Жер жүзінде бар болса,
Өзім іздеп табармын,
Жаралы болса бағармын.
Дүниенің төрт бұрышын
Тексеріп мен кезермін.
Со сықылды батырды
Іздемей нағып тынармын.
1480 Сайын сынды со батыр
Отыз екі ерден бата алған,
Бірде-бірі кем бе екен?
Шешем берген үйімде
Аюдың бар ақ дәрісі,
Жарасына ем бе екен!
Шешем берген үйімде
Сол дәрісі бар ма екен,
Іздеместей ер ме екен!
Жылқыдағы қос күрең
1490 Жылқышыға алдыршы,
Жыламай тоқым салдыршы.
Бұрын дүзге жүрмеген,
Түстік жерге бармаған,
Қырға шыға алмаған,
Жөнелді бейбақ жыласып.
Кетіп барад қарасып,

- Бет алдына жарасып.
Қос күреңнің басымен
Күні-түні барады.
- 1500 Жылауменен күн өтіп,
Жол білмеген әйелді
Алланың өзі түзетіп.
Әр төбенің басына
Сұлу шығып қарайды,
Көрінер заман болмайды.
Бір күндері болғанда,
Ай мен күнге таласқан
Қара төбе көрінді.
Со төбені көргенде,
- 1510 Сұлудың көңілі бөлінді:
«Ай мүскін болған екем-ай!
Қаратөбе қасында
Бәйтерек тұр басында.
Ала құла сауысқан
Қан көргендей болады.
Балаңның қалған жерлері
Сонау бір жер болады.
Мен тұсынан озамын,
Неге қарап тұрамын.
- 1520 Енесі сұлуды оздырды,
Күреңше аттың мойынын
Жездей қылып создырды.
Оңды-солды қамшылап,
Бұлттай ұшты жамшылап,
Кекілден тері тамшылап.
Сұлу озып келген соң,
Аттан түсе қалады,
Түсе сала жылайды.
Бұрылып көрер күні жоқ,
- 1530 Сөйлейтұғын тілі жоқ.
Тостағандай тола көз
Төңкере келіп салады.
Сұлу басын құша құлады,
Көтеріп келіп алады.
Суға арқалап барады,

- Қанын жуып алады.
Аюдың ақ дәрісін
Аударып сұлу жағады,
Тез тірілтіп алады.
- 1540 Су басында екеуі
Ойнап ойыны қанады,
Ақ жарылқап қалады.
Келе жатыр кемпір сұм
Бауырына қамшы таянып.
Өлді деген баласы,
Аңсап келген анасы
Алдынан шықты алшандап.
Өлгені жүр тіріліп,
Елге тиген панасы.
- 1550 Құшақтасып көрісті,
Бетінен сүйіп өбісті.
Қайтасынан жасады,
Алласы көзін ашады.
Аттың ерін алысты,
Үшеуі ұйықтай білмеді,
Үстіне келіп орнады.
«Жолдасы елге барды деп,
Жаралы Сайын қалды» деп,
Қалмақ естіп біледі.
- 1560 Еламан мен Жоламан
Сансыз қалмақ қолға алып,
Сайынды іздеп жүреді.
Жатқан жерін көреді,
Үстіне келіп орнады,
Бірде-бірі тұрмады.
Бір мезгілде Ер Сайын
Көтеріп алса басын да,
Жеткен екен Жоламан
Шаншар жердің тұсына.
- 1570 Сайын тұра сасады.
— Е, Құдайым, Құдайым,
Өлемін деп қылмаймын,
Бұйрық жетпей уайым.
Тарқамаған бола ма,

- Жалбарынған Құдайым,
Баба Омар бабам-ай!
Жаңылдым ба тобам-ай?!
Ақыр жаудан бола ма,
Туғаннан менің қазам-ай?!
1580 Алпыстағы анам-ай,
О да жауға бара ма?!
Құдай қосқан қосағым-ай,
Оны бір дұшпан ала ма?
Ноғайлының кең шөһарға
Сайын есен бара ма?
Жар бола көр, Аллам-ай?!
Ер-тоқымын арқалап,
Бозатқа келді Аллалап.
Ер-тоқымын салғанда,
1590 Айылын тартып алғанда,
Ауыздығын Бозат шайнады,
Адамдай тұрып сайрады:
— Батыр Сайын, саспашы,
Көп екен деп қашпашы?!
Құдайдың берген қуатын
Осы жолы басташы?!
Қатарланған қамалды
Қақ жармасаң, саған серт!
Оқ жеткізсем, маған серт!
1600 Жыландайын жыбырлап,
Қыздардайын сыбырлап,
Ақ сауыт сонда сөйледі:
— Батыр Сайын, қорықпашы,
Бөтен сөзді айтпашы!
Қатарланған қамалды
Бұза алмасаң, саған серт!
Тоқсан қабат оқ жетсе,
Оқ өткізсем, маған серт!
Сақтасын мықтап Құдірет!
1610 Атыменен сөйлесіп,
Ақ сауытымен кеңесіп,
Кемпір менен сұлуға
Артымнан қалмай жүр, — десіп,

- Қамалап тұрған қалмақты
Қабандайын қақ жарып,
Сайын шықты құтылып.
Еламан мен Жоламан
Кемпір менен сұлуды
Ұстай алды ұмтылып.
Қалмақтар тұрып кеңесті:
— Қаптай қусақ Бозаттың
- 1620 Қарасын жылқы көрмес-ті ,
Сайын да қолға бермес-ті.
Алғаны менен анасын
Қолаң шашын жұлдырып,
Ат үстіне салыңыз,
Тамам қалмақ алыңыз.
Төбе шашы жұлынса,
Даусы шығар шырқырап.
- 1630 Анасына шыдамай,
Сайын шабар бұрқырап,
Қашпаңыз сонда тырқырап.
Ат үстіне салғанда,
Анасы сондай жылады,
Ұлынан өтіне сұрады:
— Маған бола келмеші,
Шырағым, жанымды көрмеші!
Мен жанымды не етейін,
Сенің үшін, шырағым,
- 1640 Құрбандық болып кетейін!
Алғаны сонда жылайды:
— Е, Сайын атты ерім-ай,
Алланың қосқан теңім-ай,
Сенен ары айшылық
Менің шыққан жерім-ай!
Шыбықтай бойы ұзын, — деп,
Алмадай беті қызыл, — деп,
Әйел (дің) түбі дұшпан-ды.
Қызық көрме, Ер Сайын,
- 1650 Біз кетті деп ұрысқан-ды.
Мен кетсем де, аларсың,
Тірі болсаң кегіңді,

- Екі ұлыңды қасыңа ал!
Шаппасына болмады,
Бір еркіне қоймады.
Алпыс екі періште
Үстіне келіп орнады.
Бозаттың басын бұрмалап,
Ұмтылды қалмаққа туралап.
- 1660 Арықтың суы тасқаны,
Қалмақтың қалай сасқаны.
Кемпір менен сұлуды
Қалай тастай қашқаны!
Қуа барып Ер Сайын
Қалмақпенен тоғысты,
Ерінбей қылды соғысты,
Он үш күн ұрысып тауысты.
Үстіне келген қалмақтың
Жан адамын қоймады,
- 1670 Атын, тонын алды да,
Еліне таман айдады.
Батыр Сайын келгенше,
Ел хабарын білгенше,
Бөкенбай менен Киікбай
Қобыландыға барыпты,
Аттанып еліне келіпті.
Жасанғанда қайтпаған,
Сансыз дұшпан батпаған.
Со сықылды Қобыланды
- 1680 Екеуінен қорқыпты.
— Ай, Қобыланды батыр, сен болсаң,
Топтың бетің көрмеген,
Көрген кісі әкемді
Маңдайы құлаш ер деген,
Қас ерменен тең деген.
Қалған жерден алып кел,
Өлтірген жауды тауып кел.
Үйде жатқан әкемді
Жау жеріне бастадың,
- 1690 Қандай шөлде тастадың?
Бармасаң да барарсың,

- Бармай нағып қаларсың?!
Қобыланды сонда айтады:
— Алдыңа түсіп барайын,
Неге іздемей қалайын.
Қалмаққа бүлік салайын,
Сайынның кегін алайын!
Мың кісіні алады,
Аттанып кетіп барады.
- 1700 Айшылық жатқан қалмаққа
Барып бір соғыс салады.
Қалмаққа барса, ор екен,
Оры терең зор екен.
Киікбай сонда айтады:
— Е, Қобыланды, Қобыланды,
Бүйтіп бұған тұрмалық,
Қорыққан кісі сықылды
Тұрып кеңес қылмалық.
Ордан арман өтелік,
- 1710 Қалмаққа тегіс тиелік.
Бөкенбай мен Қобыланды,
Киікбаймен үшеуі
Ордан арман өтеді,
Қалмаққа кіріп кетеді.
Бөкенбай мен Қобыланды
Екі батыр қашады,
Ордан бермен асады.
Қобыландының мінген ат
Ордан өтті кідірмей.
- 1720 Бөкенбайдың Көкала ат
Артқы аяғы ілінді.
Ер-тоқымын құшақтап,
Орға түсіп жүгірді.
Киікбай шапты қамалға,
Көкала атты борбайлап,
«Бауырым» деп ойбайлап.
Қалмақтың құрған қамалын
Бұл жағынан шапқаннан,
О жағына бір өтті.
- 1730 Ар жағынан шапқаннан,

- Бер жағына бір өтгі.
Батырлары ақырды,
Палуандары шақырды:
— Тұс-тұсынан барыңыз,
Біредер арқан алыңыз!
Шабатұғын жағына
Керме ұстай қалыңыз,
Кермелеп ұстап алыңыз!
Көздеп тұрып Киікбай
- 1740 Аласа қылған арқанның
Үстіменен кетеді,
Биік қылған арқанның
Астыменен кетеді.
Тап сегіз күн болғанда,
Бәрін қырып кетеді.
Ордан бір хан асады,
Дария судай тасады.
Орда жатқан Бөкенбай
Қанмен ағып барады.
- 1750 Қобыланды со батыр
Сонда суырып алады.
Қалмақтың елін өрт қылып,
Топырақтай ұшырып,
Барлық малын көшіріп,
Жалғыз өзі Киікбай
Айдап шықты шәріден
Қалмақтың даң қарасын қоймай-ақ,
Қызығына тоймай-ақ.
Қасқаның көңілі тынған соң,
- 1760 Қалмаққа қалағанын қылған соң,
Жылқыны түске салған соң,
Қалмақтан кегін алған соң,
Қол түстеніп жатқанда,
Келе жатыр бір адам.
Туырлықтай туы бар,
Мың кісінің шаңы бар,
Артында қанша жаны бар?
Қобыланды батыр айтады:
— Киікбай батыр, барыңыз,

- 1770 Қандай дұшпан болады,
Алды-артын шалыңыз!
Соныменен Киікбай
Тұрымтайдай түйіліп,
Қылармын деп кіжініп,
Қарсы шығып келеді.
Келе жатыр Ер Сайын
Өлген жерден тіріліп.
Жиылып жатқан қалмақтың
Тоғысы бар деп кезеніп.
- 1780 Киікбай оны танымай,
Әкесі деп ойламай,
Әкесінен күшті жас бала:
— Қақ жүректің басы — деп,
Өлер жерің осы — деп,
Табандап найза салады.
Сайын сынды әкесін
Танымады со бала.
Сайын сонда айтады:
— Сайын әкең мен, — деді,
- 1790 Көрісейік кел, — деді,
Есенбісің сен, — деді.
Аттан түсе қалады,
Суырып найза алады.
— Жазалы болды қолым-ай,
Ерлік қылған құрысын,
Мұнан былай жоламай!
— Құрымасын жолың, — деп,
Жазалы болмас қолың, — деп,
Атаң мұнан нағылсын?
- 1800 Неше ердің көрмедім
Бұл сықылды найзасын.
Көріп жүрмін Жасаған
Бір Алланың пайдасын.
Атаң мұнан өлмеді,
Тек жүрегің қорықпасын!
Бар Киікбай, бар, — деді,
Қобыландыдай атаңнан
Барып сүйінші ал, — деді.

- 1810 Тастап кеткен Ер Сайын
Жазылып келді сау, — деді.
Киікбай қолға шабады,
Ат аямай барады.
Тіке салып сонымен
Қобыландыға келеді.
— Болып тұрған бұл шақта
Қобыланды батыр күніңіз,
Жаралы болған келіпті
Сайын атты ініңіз.
Озып келдім мен сізге
- 1820 Не бересіз, е, батыр?
— Қуантқан үшін сүйіншіге
Тартып піскен торсықтай
Өзі сұлу Тайбурыл
Рас болса келгені,
Ал, сыйладым мен сізге!
Сайын сонда келеді,
Келгенін қарап Қобыланды
Танып көрісіп біледі.
Атқа мініп желеді,
- 1830 Көп шүкірлік қылады.
Атқа мініп қайтысты,
Шәріне таман тартысты.
Шәрге есен келген соң,
Ноғайлының көп жұртын
Көріп сәлем берген соң,
Бозмонай тұрып той қылды.
Аттанған жауын алысып,
Көңілдері тасысып,
Аман-есен қайтқанға
- 1840 Аллаға шүкір көп қылды.
Той тарқап кеткен соң,
Батыр Сайын сөйледі:
— Енді дүзге жүрмелік,
Қолға найза алмалық,
Қалмаққа енді бармалық!
Киікбай мен Бөкенбай,
Қобыландыдай батыры-ай,

Екі ұлыңа бата бер!
Жолымызды берелік,
1850 Үйіңе бар да, жата бер!
Айтқанынша Сайынның
Қобыланды батыр береді:
— Алла ашсын жолыңды,
Ұзын қылсын қолыңды!
Танып жүргей, е, балам!
Оңың менен солыңды!

Сөйтiп бата берген соң,
Қобыланды батыр қайтады.
Еліне барып сол батыр,
1860 Батырлық құрмай жатады.
Екі ұлының тұсында
Сайындайын батырдың
Іргесін дұшпан баспады,
Қолынан дәулет қашпады.
Ел шетіне жау келсе,
Сайын сынды батырдан
Киікбайдың ерлігі
Анағұрлым асады.
Екі ұлының тұсында
Бәрінің дайын болды тірлігі.
Үш алашқа жайылды
Екі ұлының ерлігі.
Өлген жерден тірілткен
Қалмаққа атын жүгірткен,
Сайын сынды батырдың
Сондай екен кеңесі,
1877 Адамнан артық денесі.

Қисса — и Қарабек

(Қазан басылымы, 1882)

Әуелі сөз айтайын «ағузу билла»,
Аз хикаят сөйлейін мұны тыңда.
«Маржум-мардуд малғұннан сақтай көр» деп,
Құдая сыйынамын бір өзіңе.

Тағы да сөз сөйлейін бисмилладан,
Өлмей қалмас анадан туған адам.
Ойлама «өтпейміз, — деп, — бұл дүниеден»,
Айрылар туған жан ата-анадан.

- Тағы да сөз сөйлейін аттай желіп,
10 Тауфиқ сұра, мұсылмандар, иман біліп.
Қарабек пенен Қараман қиссасы-дүр,
Ағалар, мұны тыңда құлақ салып.

Жігіттер, құлағың сал сөздеріме,
Бір кеңес айтатұғын өздеріңе.
Жамағат, мойыныңды бұр, бермен қара,
Айтатұғын жаңа келді кездеріңе.

- Түменде Қарабекті таба алмадым,
Түменнен соның үшін Омск бардым.
Сонда да Омскіде табылмады,
20 Қарабек табылмастай пәле болды.

Қошан деген қарауылға тағы келдім,
Шакабаңның үйін сұрап білдім.
Мұқыр деген өзеннің бойында екен,
Әлжан деген мырзаға мейман болдым.

Шакабаңның баласы Өлжан мырза,
Қуанып сондай тасыр қонақ келсе,
Пақыр-міскін сол жолдан байып қайтар,
Ат пен жая береді көңілі сүйсе.

30 Өзімді үш күнге дейін мейман қылды,
Меймандар қымыз, шай, майға тойды.
Қарабекті таппадым дегеннен соң,
Сол арада біреуден тауып алды.

Сол үйден Қарабекті тауып алдым,
Жол сұрап Қызылжарға бұра бердім.
Күні-түні тоқтамай жүріп едім,
Түменге он бес күнде келіп қалдым.

Мәулекей мұны жазған — менің атым,
Әр жерде толып жатыр жазған хатым.
Жамағат, құлақ салып тыңдай беріңіз,
40 Сөйлеймін бұрын өткен батырлардан.

Енді айтайын жігіттер,
Бұрынғы өткен батырды,
Он мың үйлі оятты,
Қырық мың үйлі қиятты,
Тоқсан мың үйлі қоңыратты.
Сонша жұрттың басы екен,
Қәдірхан деген хан екен.
Екі қыз бен бір ұлы —
Перзенттері бар екен.
50 Үлкен қызын сұрасаң,
Қолаңнан сұлу шашы бар,
Түймеден сұлу басы бар.
Кер маралдай керілген,
Бұралып белі өрілген.
Мұнараға шығарға,
Басарға аяқ ерінген.
Хор қызындай саналы,
Құдіретіменен берілген.
Ішкен асы шіркіннің

- 60 Тамағынан көрінген.
Алпыстағы шалдардың
Тұла бойын идірген,
Дамбалынан сидірген.
Оны көрген жігіттер
Өлейін десе өле алмай,
Өз жанын қия алмай,
Қолына тіпті тигізбей,
Диуана қылып жүргізген,
Қылығыменен күйдірген,
- 70 Мінезіменен сүйдірген.
Осы қыздың атыны
Ханбике сұлу дегізген.
Кіші қызын сұрасаң,
Туған айдай балқыған,
Артық жұпар аңқыған.
Бұлбұлдай-ақ сөзі бар,
Дариядайын шалқыған,
Қорғасындай балқыған.
Қардай сұлу еті бар,
- 80 Қандай сұлу беті бар,
Ханша сұлу дегізген.
Он сегіз мың үйсіннен,
Тоқсан тоғыз қоңыраттан
Бұрынғы өткен заманда
Қазақ жұртының ханы екен,
Әділ туған патша екен,
Айтқан сөзі жыр екен.
Соның өзі жас бала,
Ойынменен мас бала
- 90 Кәдірханның Қарабек
Жалғыз туған ұлы екен,
Көркемдігі де таң екен.
Өзі хан болып тұрғанда,
Пейілі мұның тар ма екен.
Қарадан сүйдіріп хан қойған,
Өзіменен тең қойған.
Есенгелді тақылдақ
Бір уәзірі бар екен.

- 100 Кем болмайды аруақтан,
Құдай берген салмақтан.
Ол заманда хан шықты
Қараман дейтін қалмақтан.
Қалмақ басы Қараман
Бір күні ұйықтап жатады,
Тек күнөға батады.
Айдай сұлу бір қызбен
Мерекеге батады.
Осылай қалмақ түс көрді,
Таңғажайып іс көрді.
- 110 Түсте көрген сұлуды
Қайдан іздеп табарын
Қиын-қыстау іс көрді.
Түсі де тура келеді,
Қәдірханның еліне
Келіп-кетіп жүреді.
Түсінде көрді бір сұлу
Он сегізде жасы бар,
Қиылған қара қасы бар,
Ішетұғын сұлудың
- 120 Алуа-шекер асы бар.
Қолаң шашты, қой көзді,
Түймедейін басы бар.
Інжу-маржан аралас
Мойнында алқа тасы бар.
Нұрдан туған заты бар,
Қолға ұстаған хаты бар.
Аты Бибі болса да,
Сүйіп қойған Кәдірдің
Ханбибі деген аты бар.
- 130 Түсінде қалмақ сүйеді,
Іші оттай күйеді.
Ояна келсе адам жоқ,
Жанына қатты тиеді.
Қараман менен Ханбибі,
Қалмақтың ханы Қараман
Бөтен жаққа бармайды,
Дүниеге көзін салмайды.

- Ертеңменен тұрған соң,
Беті-қолын жуған соң,
140 Көрмесіне сұлуды
Сабыр да, сірә, қалмайды.

Қараман бұл осы түсті көріп алды,
«Түсім нешік болар» деп қайран қалды.
— Өлсем де осы қызды іздеймін, — деп,
Қалмаққа «жиылсын» деп хабар салды.

Қалмаққа «жиылсын» деп жарлық салды,
Көп қалмақ хан жарлығын қабыл алды.
«Әлде нешік, жұмысқа жұмсар?» деп,
Жиылып шәһар халқы келіп қалды.

- 150 Құдайым бізге берген қайғы салмақ,
Қиын ғой Қараманға мұнан қалмақ.
«Өлсем де, Ханбибіні іздеймін» деп,
Қасына жиып алды он мың қалмақ.

Жөнелді өңкей қалмақ елдей көшіп,
«Берсе қызын, қолынан аламыз» деп.
Сайманын қаруыменен тегіс алды,
«Бермесе, еліне бүлік саламыз» деп.

- Желігіп жау дегенде жөнеледі,
Басына ғашықтық кез келеді енді.
160 «Өлсем де, Ханбибіні іздеймін» деп,
Қараман, он мың қалмақ жөнелді енді.

Жөнелді он мың қалмақ желдей есіп,
«Қазақты қырамын» деп ерегісіп.
Ханбибіні аламын деген ойында жоқ,
Келеді өңкей қалмақ әзілдесіп.

Сол жақтан он мың қалмақ жақын келді,
Тілегін жау қалмақтың Құдай берді.
Қәдірхан үйде ұйықтап жатыр екен,
Қалмақты келе жатқан түсте көрді.

- 170 Олардың көз жетпейді хисабына,
Қалмақтың қарап қойшы ғазабына.
«Қәдірхан ертең тұрып айтайын» деп,
«Жиыл» деп жар салады қазағына.

Адамдар қайтып келмес өлгеннен соң,
Шара жоқ Алла ісіне көнгеннен соң.
Қәдірхан ерте тұрып түсін айтты,
Жиылып шәһар халқы келгеннен соң.

- Кәдір білмес адамдар
Тек күнәға батады,
180 Қолымнан тағам татады.
Шәһар халқы келген соң,
Ол Қәдірхан көрген соң,
Көрген түсін айтады:
— Қайран жұртым, хан жұртым,
Мен бір жаман түс көрдім.
Ол түсімнің ішінде
Бір ғажайып іс көрдім.
Керегем менің кертулі,
Кертіліп отқа жағулы.
190 Турылығым менің тілулі,
Тіліп тоқым қылулы.
Қәдірхан деген ханыңыз
Екі қолы байлаулы,
Алдына салып айдаулы.
Артқы өкшемді бастырып,
Жиылып келген қалмақтан
Сөзім де менің қайтулы.
Езу тартып күле алмай,
Хан қасына келе алмай,
200 Елін сонда сынайды.
Түс жоруын біле алмай,
Мыңдай ғана кісі екен,
Ешбір адам айта алмай,
Қәдірханға бата алмай,
Тұрды сонда сандалып.
Есенгелді тақылдақ

- Жүгіріп келді жақындап,
Азу-тісі сақылдап.
Ханның түсін көрген соң,
210 Жамандықты білген соң,
Хан қасына келеді
Сөзін айтқалы қақылдап:
— Әй, хан ием, хан ием,
- Сіз хан болып тұрғанда
Бағусыз еді малымыз.
Сіз хандықтан түскен соң,
Шығар біздің жанымыз.
Бүгін жаман түс көрсең,
220 Он мың қалмақ келеді,
Тілегін Алла береді.
Қайраты көп жұртың
Бір қыз үшін өледі.
Айтқаным менің ақыл-ды,
Ұжмаққа иман жақын-ды.
Ей, тақсыр хан, өлгенше,
Бұл пәлені көргенше,
Айтқанымды ұнатсаң,
Мен айтайын ақылды.
230 Мінген атың Қаракөк,
Жалғыз сенің ұлың бар,
Оның аты — Қарабек.
Соның өзі жас бала,
Ойынменен мас бала,
Күш-қайраты әшкара.
Сірә, бір саған айталық
Жиылып келген қалмақты
Қырып та жойып салады,
Сол жас бала масқара!
240 — Әй, Тақылдақ, Тақылдақ,
Қасыма келші жақындап.
Өтірік айтсаң өлгенің,
Алты жасар жас бала
Қашан сынап білгенсің?
— Әй, тақсыр хан, айтайын,

- Айтпай енді қайтейін.
Белін де қынай буған-ды,
Жақсылық жолды қуған-ды.
Жалғызыңды сынап ем,
250 Хан туын ұстап тұрғанда.
Екісіне келгенде,
Бесікте жатып ойнаған.
Үш жасына келгенде,
Жай тасындай жайнаған.
Алты жасқа келгенде,
«Жауды қашан берер» деп,
Бармағын жатып шайнаған.
- Тақылдақ бұл бір сөзді айтып салды,
Өлімге басын сонда байлап алды.
260 Асық ойнап жүрген ол жас балаға
Шақырған әкесінен хабар барды.
- Уәзірі айтып салды гүл-гүл жайнап,
Өтірік болса, өлімге басын байлап.
Әке менен шешеде ісі бар ма,
Жалғыз ұл жүрген екен асық ойнап.
- Жалғызды шақыр [деп] хабар етті,
Жарлығын әкесінің қабыл алды.
Жаратқан баршамызды жалғыз Алла,
Беріпті тілеген соң бір перзентті.
- 270 — Әй, әке, түсің сенің қашып кетті,
Ұйқың да бір күнгі күн саған не етті?
— Әй, балам, бүгін бір түс жаман көрдім,
Сол түстен қорыққаннан есім кетті.
- Бар Құдай өз басыма қайғы салды,
Қайғыменен ішім күйіп, сыртым жанды.
Мен жыламай қайтейін, жалғыз балам,
Қараман қалмақбасы апанды алды.
- Дүниеде ажал жетіп өлмесек те,
Жұлдызға қол жетпейді сермесек те.

- 280 Апамды мұндар қалмақ қайтып алар,
Ол итке қолымыздан бермесек те.

Кейінгі балаларға жол салады,
Жалғызым, маған құрбан кім болады?!
Еліңде батыр туған тірі жан жоқ,
Алдынан қалмақ итінің кім барады?!

— Әй, әке, қалған елге жол салайын,
Жалғызың саған құрбан мен болайын.
Рұқсат пәтихаңды берсең маған,
Алдынан он мың қалмақ мен барайын.

- 290 — Бұл сөзді шын айттың ба, жалғыз балам?
Жаратқан жалғыз қылып Хақ Тағалам.
Мен сені елім үшін жіберер ем,
Жүреді қайтып шыдап ғаріп анаң?!

— Анам сорлы жылайды менің үшін,
Өзім құрбан болайын сенің үшін.
Алтын-күміс еліңді қор қылғанша,
Жалғыз мені құрбан қыл елің үшін.

- 300 — Мінезіңнен таба алмадым бұзығыңды,
Қаламменен хат таныған сызығыңды.
Қасыма бүгін ғана жатып кетші,
Көрейін таң атқанша қызығыңды.

Рұқсатты әкесі беріп салды,
Қой мойынды Құланы ұстап алды.
Шәрі батырлығын мұның білді,
«Қалмаққа соғысамын» деп жалғыз жүрді.

Ажал жетсе, сол жерде өлмек болды,
Соғысып, жау қалмақты көрмек болды.
Апасын міңгестіріп бармақ болды,
Сол жерде өліп кетсе, бермек болды.

- 310 Жылапты ата-анасы от боп жанып,
Бір сүйген жоқ шешесі мейірі қанып.

«Қызығыңды бұл түнде көреміз» деп,
Жатыпты ата-анасы ортаға алып.

Екеуі алып жатты күн батқан соң,
Шешесі зар жылайды сөз қатқан соң.
«Барамын» деп енді жауға тұра келді,
Жас бала талаптанып таң атқан соң.

Жас бала тұра келді жауын ойлап,
Қалыпты ата-анасы бұған тоймай.
320 Жалғызы ертеңменен тұра келсе,
Жылапты ата-анасы қойдай шулап.

— Мен көрдім, әке-шеше, атқан таңды,
Қырармын бір қыз үшін біткен жанды.
Қызықты жас күнімде бір көрейін,
Бере көр маған, әке, пәтиханды?!

Баласы мініп алды Құлаша атты,
Шешесі кете ме деп көзін сапты.
Қалдыруға шарасы жоқ бейшараның,
Беріпті жалғызына рұқсатты.

330 Қарабекті сұрасаң,
Ертеңменен тұрады,
Беті-қолын жуады,
Белін де қынай буады.
Әке менен шешеден
Рұқсатты сұрайды.
Рұқсатты берген соң,
Алла ісіне көнген соң,
Қой мойынды Құланы
Ерттегелі келеді.
340 Басына жүген киген соң,
Ер-тоқымын салған соң,
Төс айылын бос тартты,
Артқы айылын бек тартты,
Құйысқанын қысқартты,
Ер қаруын қоса артты.

- Өрге таман қарысты,
Ұшқан құспен жарысты.
Құлаша аттай тұлпардың
Бүйірі қызып кеткен соң,
350 Ауыздыққа күш бермей,
Тізгінменен алысты.
Жас баланың жоқ екен
Көп қатасы, кінәсі.
Сиынып шыққан бабасы —
Әкесінің батасы.
Мұнан басқа жоқ екен
Бұл баланың жолдасы.
Қарап тұрар көрген жан,
Қарабектің жотасын.
- 360 Міңгестіріп келеді
Ханбибі сынды апасын.
Мұнан былай шыққан соң,
Ащы да қамшы басады,
Аяғын топ-топ басады.
Ауызынан жануардың
Қанды көбік шығады.
Омырауы даладай,
Бір айшылық жол екен.
Қараша таудың басынан
- 370 Алты күнде асады,
Келіп сонда түседі.
«Қараша таудың басы деп,
Қалмақ ерінің жолы деп,
Тасбұлақтың басы» деп,
Түскеннен соң сол жерде
Саспай тағам асайды.
Соғыспай қайтуды күш көрді,
Алты жасар баланың
Сұрасаңыз айтайын,
- 380 Қас батырдай мысалы.
«Тас бұлақтың басы деп,
Қалмақ ердің жолы» деп,
Апасыменен тосады.
Жалғыздыққа қарамай,

- Жау алдынан барады.
«Жау да бір қашан келер» деп,
Жау алдынан қарайды.
Көрсө таниды деп ол жауға
Қара бір орды қазады,
390 Апасын оған салады.
- Дәурен жоқ өткеннен соң, сірә, мұндай,
Тілеуін берсін ердің Жаббар Құдай.
Жау дегенде жас бала талаптанып,
Тұрыпты ұйықтамастан жеті күндей.
- Ұжұмақта иманды қыл болар бастан,
Ғашықтарды әкеліп өзі қосқан.
Қайғысыз батыр ұйықтап жатып қалды,
Жігіттер, ойлап тұрсаң ұйқы дұшпан.
- 400 Сол шақта он мың қалмақ жақын келді,
Тау басында бір тұрған қара көрді.
— Не болса да осы жерге алып кел, — деп,
Қараман жеті кісі жұмсайды енді.
- Адам болса, соңынан қалмалық-ты,
Малы болса, атыспай қоймалық-ты.
Не болса да, әкел, — деп жарлық қылды,
Жол бойы мылтығымызды қандалық-ты.
- 410 Ол таудың қалың тоғай панасы бар,
Қайғылының көкірегінде санасы бар.
Жіберген жеті кісі жетіп келді,
Ішінде Сары сыншы баласы бар.
- Жұмсаған Қарабекке жетеу келді,
Ұйықтаған жалғызды көзі көрді.
Шалқасынан ұйықтап бала жатыр,
Баланы өлтіруге беттемейді енді.
- Мылтығыменен баланы атпайды енді,
Қолынан батып тағам татпайды енді.

Баланың көркіменен ол келіпті,
Келді де Қараманға айтады енді:

— Ұйықтап жатыр екен бала ғаріп,
420 Ұйқыменен мас болған ол сандалып.
Жетеуі Қараманға сөзін айтты:
«Беттемейміз өлтіруге қайта барып».

— Әй, Қараман, Қараман,
Жарлығыңмен барамын.
Сенің тілің алсам мен,
Бір бөлеге қаламын.
Соғыспалық, қайталық
Жалғыз жүрген баламен.
Ерлігін соның сынасам,
430 Келбетіне қарасам,
Оқ жыландай түсі бар.
Оң қолына қарасам,
Мың кісінің күші бар.
Соныменен соғысар
Бізде қандай кісі бар?
Кеудесіне қарасам,
Құдай берген күші бар.
Топалаң тиген қойдайын
Қыратұғын ісі бар.
440 Мұрнына соның қарасам,
Шығып та жатқан түтін бар.
Көзіне соның қарасам,
Жалындай жанған оты бар.
Мінген аты Құлаша,
Ат иесін қарасам,
Қәдірханның баласы.
Оның аты — Қарабек
Соның өзі жас бала,
Ойынменен мас бала,
450 Күш-қайраты әшкара.
Тілімді алсаң тимелік,
Қалған елге қылады
Қырып та жойып масқара!

Айтқаным болмасаң,
Мұнан да көрме, бар, — дейді.
Өз бетіңменен қырылшы,
Ұрысар менің шамам жоқ,
Ер туған ондай адам жоқ.
Қараман, өзің барып көр,
460 Айтқан сөзге нанбасаң!

Қараман мына сөзді есітіп алды,
Сөзіне жетеуінің ашуланды.
— Өзім барып сол итті өлтірем, — деп,
Үстіне Телкүреңнің мініп алды.

Жөнелді мұндар қалмақ судай тасып,
«Қазақты қырайын, — деп, — басын кесіп».
Астына Телкүреңнің мініп алып,
Мұндарың келе жатыр маң-маң басып.

Жалғанда қорқар емес дені саудай,
470 Келеді қырайын деп қазақ жауды-ай.
Зор екен адамзаттан мұндар қалмақ,
Көрінді көлеңкесі қара таудай.

Адамзаттың өлгеннен соң келуі жоқ,
Тілекті имансызға беруі жоқ.
Құлаша ат басындағы зар жылайды,
Баланың онан басқа сырласы жоқ.

Жер болар өлген адам көмгеннен соң,
Тұрмайды көкірекке сенгеннен соң.
Құдайға зарлық қылып еңіреді енді,
480 Зорлығын қалмақтың көргеннен соң.

Пайғамбардың жақсы көрген үмбетімін,
Жаратып нұрдан қылған суретімін.
Құлаша атқа тіл берді сөйлеуге енді
Құдайым Жаббар Кәрім құдіретімен.

Шешілді аяғының байлағаны,
Жақсылық аясына ойлағаны.

Баланы ұйықтап жатқан оятуға,
Құлаша ат тіл берген соң сайрағаны:

- Әй, Қарабек, Қарабек,
490 Сен кеткен соң дүниеде,
Мен сорлыда пайда жоқ.
Тұрғын бала, тұр-сана,
Мойныңды маған бұр-сана!
Жатар болсаң, бейшара,
Мұнан да басқа дала көп,
Тұр-сана, бала, тұр-сана!
Алладан әмір болған соң,
Қой мойынды Құлаша ат
Тіл бітіп сонда сөйлейді,
500 Сайрағанда бүй дейді:
— Әй, Қарабек батырым,
Мінген атың мен болсам,
Сенген ием сен болсаң,
Басыңа қысым келеді.
Зарланбасам болмайды,
Басың көтер, Қарабек.
Ат дегенде мінгенің,
Қарабек сенің Қаракөк.
Ұйқың келсе, тақсыр хан,
510 Мұнан да басқа дала көп.
Ақыл тапсаң қалмаққа,
Ержеткен соң келерсің.
Өліп кетсең бұл жерде,
Қайрылар сенің халқың жоқ,
Алдыңда сенің ағаң жоқ,
Артыңда сенің інің жоқ.
Басың көтер, Қарабек,
Менің жайым білуші ең,
Шаған ағаш ішінде
520 Жайылып жатқан жылқы едім.
Сол жылқының ішінде
Бес бедеуге тел едім,
Емер сүтке мол едім.
Тайымда мен тағы емдім,

- Құнанымда арда емдім.
 Құнанымда үйреткен,
 Жібектен арқан сүйреткен.
 Бесімде мені алдырып,
 Бес бедеуде салдырған.
- 530 Алтымда мені алдырып,
 Алпыстан құлан қайырған.
 Жетімде мені желдіріп,
 Жетпіс те құлан қайырған.
 Тоғызымда толғанмын,
 Ат секілді болғанмын.
 Онымда келген бір жауға,
 Айқай салып, Қарабек,
 Кел үстіме мін-сана,
 Желігіп жауға жет-сана!
- 540 Қарабектей батырды
 Құлаша сонда оятты.
 Қарабек сонда оянды,
 Аш бүйірін таянды,
 Кер маралдай керілді.
 Қалмақтың басы Қараман
 Көзіне сонда көрінді.
- Жас бала ұйқысынан тұра келді,
 Қалмақты қара таудай көзі көрді.
 Ұйқылы көзіменен ол сескеніп,
 550 Алдынан жаяу тұрып сәлем берді.
- Мінгенің дайым сенің, ал, Қаракөк,
 Өзіңе осы қылық бола ма еп?!
 Апаңды бермеймін, — деп жатырмысың,
 Алдымнан қарсы шығып-ай жүгірмек.
- Жаһанда атым шыққан жалғыз жеке,
 Диуана қожасынған барған Мекке.
 Алдыңнан қарсы шыққан балдызыңды
 Басыңа көпсіндің бе, әй, жездеке?!

- Жақсы еді сөзің қалай, әй, жас балам,
560 Болдың ба бұлай абзал асылзадам?
Сөзіңді «жезде» деген жақтырамын,
Аман ба үйіңдегі атаң-анаң?
- Басымда бақ, маңдайымда құндызым-ай
Қалмақ ит жақсы көрдің бұл сөзімді-ай.
Алдыңнан келіп жатқан қарсы шығып,
Қалмақ ит көпсіндің бе балдызыңды-ай?
- Құдая, не қылсаң да жарлық сенде,
Бөлеңнен рақмет беріп өзің сақта.
Сөзіңді «жезде» деген жақтырамын,
570 Аламын Ханбибіні қай уақытта?
- Тоқтай тұр, мұндар қалмақ, маған нансаң,
Жүре бер соғыс қылып ашулансаң.
Құдалыққа жіберші отыз кісі,
Болмай ма келер күзге апамды алсаң?
- Алдаған жас баланың тілін алды,
Алдап енді Қараманды бала қалды.
«Құдалыққа отыз кісі жіберем» деп,
Жалбақтап ауыр қолға шауып барды.
- Манағы Сары сыншы қарсы келді,
580 Тіліне Қараманның нанбайды енді.
— Құда түсіп, кит киіп, келіндер, — деп,
Отыз қылып кісіні жібереді.
- Ойлайды көкірегіне енді сен деп,
Құдайдан тілемейді «иман бер» деп.
Бір құрдасын жіберді тағы және
— Ханбибі сұлу ма екен көріп кел, — деп.
- Сол қызды көрмей келме өлсең дағы,
Көрсетермін көрмей келсең дағы.
Ханбибі сұлу ма екен көріп келші,
590 Жүз қолды ат-тонменен берсең дағы.

Қарашы алып қалған гөзәліне,
Қалмақ разы болды ғой бұл сөзіне.
Жіберді отыз кісі құдалыққа,
Көп қалмақ қайтып кетті өз еліне.

Қыл көпір қияметте жарды қылды,
Ауызы биік болғанда, түбі тар-ды.
«Құда болып, киітті киеміз» деп,
Отыз кісі құдалыққа жетіп барды.

600 Сонда батыр сиынды «бір Құдай» деп,
Ішімде әуелгі ойым осы ғой деп.
«Үйге апарып бұларды қырамын деп,
Жолға салып жіберді «ей, былай» деп.

Қарабек апасын алып кетті де,
Өзі сұлу апасын алдына алды.
«Бұларды үйге апарып қырамын» деп,
Тіктілер айдалаға ақ отауды.

610 Ханбibi сұлу отыр шашын тарап,
Бір өзінің көркін мыңға балап.
«Мас қылып ит қалмақты қырамын» деп,
Жидырды ақ отауға арақ-шарап.

Түс аумап жатып құда келді,
Тілеуін Қарабектің Құдай берді.
«Сені мен жақсы қылып күтемін» деп,
Қолтықтап жан-жағынан түсіреді.

Патша дер Қарабектің қара басын,
Дүниенің осы ма деп асыл тасын.
«Құдалар жүзін көріп қызықсын» деп,
Шақырды Ханбibiдей өз апасын.

620 Тіліне Қарабектің нанады енді,
Қарабек құдаға сый қылады енді.
Бір соғыспай батырдың меһірі қанбас,
Құдалар Ханбibiні көреді енді.

Ханбибі айдай балқып жетіп келеді,
Құданың бәрі бірдей көзі көрді.
Қолында Ханбибінің алтын аяқ,
— Ішің, — деп құдаларға аяқ берді.

Сонда ойлайды: «Сыртынан тие ме?! деп,
«Батырың біздің басты жояр ма?» деп.
Мас болып бәрі бірдей алжып жатыр,
630 Сұлу берді «ішіңіз, ойланба» деп.

Бәрі бірдей мас болып өліп қалды,
Жиырма жетісінің басын алды.
«Хабаршыға ханына жіберем» деп,
Төртеуінің құлақ-мұрнын кесіп алды.

— Киітім жағар ма екен жаныңызға,
Дәулет пен серік болсын малыңызға.
Уағдамыз Тасбұлақтың басы болсын,
Сәлем айт, есен барсаң, ханыңызға.

Батырдан киіт киді бұлар сұрап,
640 Көзіне көрінбеді шын ұшырап.
Жанының қалғанын сауға қылып,
Жөнелді жолға түсіп ол төрт пұшық.

Болғанда күзге таман елге келді,
Үйіне Қараманның кіріп келді.
Құлағы-мұрны да жоқ, өңкей пұшық,
Падиша тақ үстінде сескенеді.

— Ей, пұшығым, пұшығым,
Сөзіңді айт, пұшығым.
Жабылыпты қабағың,
650 Көрінеді тамағың.

Құлақ-мұрныңды алдырып,
Жүзіңе қара салдырып,
Танымаймын, пұшығым,
Таныта көр, пұшығым.

- Мен пұшығың, пұшығың,
Сөзін айтар пұшығың
Құлақ-мұрным алдырдым,
Жүзіме қара салдырдым.
Мына мені барғыздың,
660 Бір бөлеге қалғыздың.
Киітіңді кигіздің,
Енеңді мен соғайын!
Бір пайдаңды тигіздің,
Арғы атаңды ұрайын!
Сүйтіп қалған пұшығың,
Арғы атаңды сұрасаң,
Қабан емес қасқыр-ды,
Қас албасты қабан-ды,
Тамам жаннан жаман-ды.
670 Өз әкеңді сұрасаң,
Жасына жетпей алжыған,
Жас балаға алданған
Жеті әкеңді ұрайын!
Мақтап жатыр сұлуды,
«Мынау бір хабар берсін деп.
Құлақ-мұрнын алсын деп,
Мұнан да жаман қылсын» деп.
Ханбибіні сұрасаң,
Ақ маралдай керілген.
680 Тамағынан шіркіннің
Ішкен асы көрінген.
Ақ маралдай аңқылдап,
Аққудайын саңқылдап,
Ханбибі қалды «келсін» деп,
«Тілегімді берсін» деп.
Ханбибі отыр төрінде,
Бармасаң, көзге көрінбе.
Сол есіңе түскенде,
Ішіңе жалын тұтансын.
690 Осы күнде сұрасаң,
Малың да жаның жатасың.
Ханбибі қалды «келсін» деп,
Тілегімді берсін деп.

- Ханбибіні сұрасаң,
Сом алтыннан басы бар,
Қарақаттай көзі бар.
Саф алтынға боялған
Он саусағы қолы бар.
Бұйра қара шашы бар,
700 Сырлы аяқта асы бар
Балдан құйған сақтаулы.
— Барам десең, тез баршы,
Алам деп жатқан кісі бар.
Сырт жағына қарасам,
Қоңыр қаздай бойы бар.
Қоңыр салқын жел ескен,
Жатсаң соның қойыны бар.
Бұрынғы өткен ғашықтан
Қылып жатқан ойы бар.
- 710 Бет алдына қарасам,
Шам-шырақтай көзі бар,
Бал шекердей сөзі бар.
Бармақ болсаң төсекте
Ханбибі қыздың өзі бар,
Маржандай болған тісі бар.
Он бармағы майысқан,
Қылып тұрған ісі бар.
Бармақ болсаң, тез баршы,
Аламын деген кісі бар.
- 720 Тартқан сымдай ұстаның
Он саусағы қолы бар.
Ақ күмбездің алдында
Алтыннан салған үйі бар.
Сен бармасаң, тақсыр хан,
Маңдайыңның соры бар.
Нәзіктігін сұрасаң,
Қылдан нәзік белі бар,
Мекен қылған жері бар.
Барамын десең, тақсыр хан,
- 730 Бірыңғай ғана елі бар.
Екі бірдей аяғы,
Алтын-күміс таяғы.

- Сәнен басқа жоқ екен
 Ханбибінің қарағы.
 Омырауын сұрасаң,
 Қос тобықтай анары,
 Сүйгеніне мейірі бар.
 Бізді өлтірмей жіберген
 Ханбибі қыздың жарлығы
 740 Көріпсің соны түсінде.
 Мойынын, сірә, бұрмайды
 Сізден басқа кісіге.
 Ханбибіні сұрасаң,
 Алтын сарай ішінде
 Ақсұңқардай Ханбибі
 Тұрған шығар, тақсыр хан,
 Тоты құстай сыланып.
 Қатын болсаң бармай қал,
 Барам десең шәһарға,
 750 Хабар салғын жіберіп.

Қараман бұл бір сөзді естіп алды,
 Бола алмай бұрынғыдай іші күйді.
 «Өлсем де сол қызды іздеймін» деп,
 Қалмаққа: — Жиылсын, — деп хабар берді.

Жиылды жастар менен тыңдастары,
 Қылыш-найза қолында балуандары.
 Хан жарлығын жігіттер екі етпей,
 Жиылды шәһар халқы тегіс бөрі.

- Халқына насихатты айтты мұнда:
 760 — Жарлығымды, жігіттер, екі қылма!
 Баласы Сары сыншы сөз сөйлейді.
 Қарашы, ақылы асқан данышпанға.

— Батырды Қарабектей көзің көрмес,
 Ажалсыз бұл жалғанда адам өлмес.
 Мен көрген манағы батыр болса,
 Соғыспай Ханбибіні, сірә, бермес.

Ерлігін Қарабектің көзім көрді,
Батырлық, балуандықты Құдай берді.
Әй, тақсыр хан, айтайын, сөзім тыңда,
770 Соғыссаң, өлтіреді мың еріңді.

Падиша енді жұртқа қылды жарлық,
Бармай қалса, бойына болады арлық.
«Көңілін тамам жұрттың қайтардың» деп,
Қылышты жас балаға өкпе тарлық.

Жас бала тұра келді ашуланып:
— Қалмаққа барамын, — деп қатуланып.
Сол жерде өліп кетсем, беремін, — деп,
Апасын бармақ болды бірге алып.

Қараман, он мың қалмақ жөнеледі,
780 Әзілдесіп әкелді еңкей ерді.
«Жігіттер, бізге басшы болыңдар» деп,
Манағы төрт пұшықты ертіп алды.

Келеді енді бұлар судай тасып,
Бірі-біріменен батырлар әзілдесіп.
Бір қонарға келгенде ол төрт пұшық,
Төртеуі төрт жаққа кетті қашып.

Келер күні қалмақтың болады енді,
Жұруге әзірленіп атқа мінді.
Апасын алдына алып жалғыз бала,
790 Қалмаққа мінгестіріп келеді енді.

Батырларға болады ұйқы дұшпан,
Болады батыр, сірә, енді пұшман.
«Бір жылша мұндар қалмақ адассын» деп,
Бір таудың етегіне келіп тосқан.

Жаныма жау қайғысы батар ма деп,
Қолымнан әкем тағам татар ма деп,
Бір таудың тоғайына келіп түсті,
Бір жылша бұғанамыз қатар ма» деп.

800 Басына Құлаша атты тұсап салды,
Басында қалың тоғай ұйықтап қалды.
Қорқатұғын батырдың ойы бар ма,
Қараман сол арада келіп қалды.

Сонда қалмақ келеді желдей есіп,
«Батыр» деп Қарабекті күңкілдесіп.
«Баланы жалғыз жүрген өлтірем» деп,
Келеді өңшең батыр әзілдесіп.

810 Балаға жалғыз жүрген Тәңірі жар-ды,
Пәндеге жалғыз жүрген бейнет бар-ды.
Әзілдесіп батырлар келе жатса,
Кеткенін қайсы жөнге білмей қалды.

Баланың қарай қойшы қызығына,
Басына дәулет құсы қонбасына.
Адасып он мың қалмақ келе жатса,
Баланың келіп түсті дәл басына.

Қиналар ер жігіттің ғаріп жаны,
Құдая, кез келтірдің бір баланы.
Ұйықтап жатқан балаға жетіп барып,
Мінеки найзаменен оятқаны:

820 — Мінгенім дайым менің, ал Қаракөк,
Өзіңе осы қылық бола ма еп?!
Ойлаймысың апаңды бермеймін деп,
Қойдай шулап, қырылып өлмеймін деп.

— Қосады маған емес, саған салмақ,
Кем бе екенсің мұндардан біздің аруақ.
Уағдам Тасбұлақтың басы болсын,
Жүре бер ұйқымды ашпай, бәлем, қалмақ!

830 — Кеше мен кетіп едім келмеймін деп,
Жатырмысың апаңды бермеймін деп.
Бейшара, иманыңды үйіре бер,
Осы жерде жатырмысың өлмеймін деп.

— Аллаға іс жақпаған хасыл болсын,
Жігіттің беті шомған назы болсын.
Жүре бер былшылдамай, бөлем, қалмақ,
Соғысым Тасбұлақтың басы болсын.

— Алтын-күміс таға бер тұрманыңды,
Кеңесті беремін деп құрғаныңды.
Осы жерде жатырмысың өлмеймін деп,
Үйіре бер тілің барда иманыңды!

- Әй, Қараман, Қараман,
840 Сен атсаң да мен атпан.
Сенен де бұрын мен тимен,
Жүре берші жау қалмақ.
Қараша таудың басына,
Тасбұлақтың тұсына
Ертеңгі күн барайын,
Тілегінді берейін.
Азар болса он мыңсың,
Ерлігінді көрейін.
Сабыр етіп тұра тұр,
850 Қырып та жойып алайын.
Құдай пана бермесе,
Он мыңдаған қалмаққа
Тапсырамын аруаққа.
Он мыңдаған ері бар,
Қаса батыр болсаң да,
Оңай емес алмаққа.
Ажалым жетсе өлейін,
Алла ісіне көнейін.
Сіздер — қойсың, мен — бөрі,
860 Соңыңа мен ерейін.
Сынайтұғын күшім бар,
Сабыр етіп тоқтай тұр,
Бөлем, қалмақ, көрейін!
Сонда қалмақ ойлайды:
«Ер екен деп бұл жасты,
Өзімнен кем емес» деп.
Қалмақ басы Қараман

- Ойлайды енді қайтуды.
«Сірә, ешкімнен кем емес,
870 Келбетін кемітер ер емес.
Қараса көз-ау алдына,
Ешкімнен қорқатын ер емес».
- «Біздерге жалғыз бала не қылады» [деп],
Көп қалмақ тауға қарай жүре берді.
Кеткенін жау қалмақтың көргеннен соң,
Ұйықтап сол арада жатып қалды.
- «Таңертең барамын» деп түсті есіне,
Жалғанның кім жетеді белесіне.
«Өліп кетсем, арманда боламын» деп,
880 Қайтып келіп амандасты апасына:
- Бұл жалғанның ішінде
Көп-дүр менің қатам-ай.
Қарабек сынды сұлтаның,
Қалмақтан өліп жата ма-ай!
Өліп кетсем, сәлем айт,
Атам менен анама-ай.
Өлсем сәлем дегейсің,
Тірі де болсам көремін
Қой, қош-аман бол енді,
890 Бауырлас туған апам-ай!
Әй, апеке, апеке,
Қадірімді білгейсің,
Ойнап та күліп жүргейсің.
Айтқан сөзге көндіріп,
Қадіріңді білдіріп,
Айламенен жүргізіп,
Жазатайым іс болса,
Өліп кетсем, апеке,
Кеткізгейсің көмдіріп!
- 900 Құлаша атқа мінеді,
Алла ісіне көнеді.
Қамшы басты қаһармен,

- Қой мойынды Құлаша ат
Бүкең-бүкең желеді.
Он мыңдаған қалмақты
Ұйықтап жатқан көреді.
Бәрін бірдей оятты
Батыр туған ер енді.
Қалмақ ұйқыдан тұрған соң,
910 Әзірленіп алады.
Қарабекті көрген соң,
Ерлігін соның білген соң,
Қараманның айтқаны:
— Мені де қабыл көрсеңші,
Айтқаныма көнсеңші.
Елімде мен патшамын,
Кәдірімді білсеңші?!
Сен — балдызсың, мен — жезде,
Аз ғана дәурен сүрсеңші?!
920 Ақылың болса, Қарабек,
Басыңа өлім іздемей,
Апаңды маған берсеңші?!

— Сен көрмесең еліңде
Жиылып келген еліңді.
Азар болса он мыңсың,
Ойламаймын өлімді.
Әл-қуатым болмаса,
Ажал-өлім жетпесе,
Көрсетермін көрімді.
930 Әлі де болса жиып кел
Қалған-құтқан еліңді.
Ажал жетпей өлмеймін,
Апамды саған бермеймін.
Соғысар болсаң, жау қалмақ,
Айта бер менің өзіме
Ұрсатұғын жеріңді?!
Ашуы келді Қараман
Қарабектің сөзіне,
Көңілі қалды өзіне.
940 Адам шыдар ер емес

- Қарабектің жүзіне,
Батырлардың кезіне.
Қой мойынды Құлаға
Ащы да қамшы басады,
Аяғын қаулап басады.
«Бүйірін қыздырып келем» деп,
Жеті таудан асады.
Қой мойынды Құланы
Сабалап сонда келеді,
950 Тілегін Алла береді.
Қарабек деген сұлтаның,
Батыр туған ер енді
Қой мойынды Құланы
Маңдайынан терлетіп,
Бауырынан қан кетіп,
Туын тіккен қалмақты
Сонда байқап көреді.
Қалмақ туын тіккен соң,
Қылыш кетті ұзарып,
960 Көзі кетті қызарып.
Қалмақты көріп сандалды,
Батырларын аңғарды.
Айқай дауыс салады,
Ай жағынан кіреді,
Күн жағынан шығады.
Он мыңдаған қалмақты
Алты күнде соғысып,
Алды-артына қарамай,
Бәрін де қырып алады.
970 Қой мойынды Құланы
Қара терге мінеді.
Бір өзінің дауысын
Аударып бәрін қырады.
«Қандай адам соғысар
Жалғыз жүрген баламен,
Ажал-өлім жеткенде,
Шаһит болып қаламын».
Аударып бәрін қырады,
Жасырынып ол жатыр

980 Қалмақтың ханы Қараман.
Он мың қалмақ көрген соң,
Мынау істі білген соң,
Тұра алмайды жау қалмақ
Аяқ-қолы қалтырап,
Қарабекті көрген соң.

Көздері Қараманның жанады енді,
Артына екі қолын байлайды енді.
«Әкеме сауға қылып беремін» деп,
Алдына жаяу салып айдайды енді.

990 Келеді мынау қалмақ күн-түн қатып,
Қатырып талай жердің дәмін татып.
Қалмақ басы Қараман сөз сөйлейді,
Өзі жаяу, алдында Қарабектің:

— Құдай мені келтірді ме тентіретіп,
Хан да болсам кеудемнен ақыл кіріп.
Өлсем де, ей, Қарабек, арманым жоқ,
Дәуренің өтіп кетер бүйтіп жүріп.

Ей, Қарабек, апаңды көрсем, — дейді,
Бұл дүниеде армансыз өлсем, — дейді.
1000 Патшаны өлтіруге көзі қимай,
Желкеге қамшыменен түртіп қойды.

Жамандар жата ма екен қара басып,
Жақсыменен кім жүрмес араласып.
Ханбибі алдынан қарсы шыға келді,
Інісінің келе жатқан жолын тосып.

Адамдар келуші емес өлгеннен соң,
Шара жоқ Алла ісіне көнгеннен соң.
Қалмақ басы Қараман сөз сөйлейді,
Алдынан сұлу қызды көргеннен соң:

1010 — Ей, Ханбибі, Ханбибі,
Жатырмысың орнында?

- Ешбір қайғың болмайды
 Ханбибі сенің жолыңда.
 Дүние-малым бермесем де,
 Аларға күн болар ма?!
 Тілім тартып тұрсам да,
 Мені өлтірмей қояр ма?!
 Ей, Ханбибі, Ханбибі,
 Түсімде сені көргенмін,
 1020 Ажалым жетсе өлгенмін.
 Алла ісіне шара жоқ,
 Он мың қалмақ қырдырдым,
 Бір сен үшін өлгенмін.
 Түсімде кеңес құрғанмын,
 Мойнымды саған бұрғанмын.
 Он мың қалмақ қырдырдым,
 Жалғыз өзім құрбанмын.
 Сенің атың сұрасаң,
 Ханбибі сұлу деседі.
 1030 Дауысың желдей еседі,
 Асыл жанды кісі еді,
 Шиелгенді шешеді.
 Інісінен сауғаға
 Бізді сұрап алмаса,
 Құлды бір азат қылмаса,
 Мұндар ғана ол күнді
 Несін де сұлу деседі?!
 Айтқан сөзі шын екен,
 Жалған айтса мін екен.
 1040 Інісінен дүниеде
 Бізді сұрап алмаса,
 Құлды бір азат қылмаса,
 Мынау тұрған ініңіз
 Қанымды судай ағызып,
 Басымды бір ақ кеседі.

 Сөйлейді мұндар қалмақ еріп келіп,
 Тілеуін жау қалмақтың Құдай беріп.
 Қалмақтың әлгі сөзін есіткен соң,
 Сұлудың тұла бойы кетті еріп.

- 1050 — Барыпсың, інікешім, қалмақ жауға,
Болмай ма қалмағыңнан бізге сауға.
Есен-сау келгеніңе қуанамын,
Апаңда енді қалған арман бар ма?!

Кімдер жақсы көрмейді қызыл гүлді,
Кімнің жақсы иманын Құдай білді.
«Қолыңа су құярға жарай ма?» деп,
Береді алдындағы қара құлды.

- Қарашы, сауға берген гөзаліңе,
Шырағым, разы болдым бергеніңе.
1060 Бір атқа арық болған мінгіз дағы,
Азат қылып қоя бер өз еліне!

Қараман арық мініп жүре берді,
Кеткен жөнін қалмақтың көзі көрді.
Қарасы Қараманның жоғалған соң,
Қарабек апасымен кеңесті енді:

— Қайталық бұрынғы өскен жерге таман,
Туып-өскен бұрынғы үлкен көлге таман.
Міңгесіп арықпенен жете алмаймыз,
Өзің барып біліп кел ел хабарын.

- 1070 Қарабек апасына тілек берді,
Айтқанын апасының қабыл көрді.
Ақылын апасының алды дағы,
Мінді де Құлаша атымен жүре берді.

Апасы ой ойлайды мұнда қалып,
Жұрмейді інісіменен бірге барып.
Алды-артына қарамай ол Қарабек,
Мінді де Құлаша атпен кетті салып.

- Сонан соң Ханбибі қыз тұрды дейді,
1080 Беті-қолын опаменен жуды дейді.
Екі етегін беліне түріп алып,
Соңынан жау қалмақтың қуды дейді.

Жаратқан баршамызды Құдірет-ті,
Асыр туған сұм дүние есім кетті.
Сәскеде көпір қалмақ кетіп еді,
Артынан түс болмай-ақ қуып жетті.

Сонда қалмақ, жігіттер, састы дейді,
Қамшыны арық атқа басты дейді.
1090 Қыз барып артынан жеткеннен соң,
Қараман «жау келді» деп қашты дейді.

Қараман жау келді деп қашты дейді,
Қамшыны арық атқа басты дейді.
Жаманы арық аттың сондай екен,
Алдынан қарсы барып түсті дейді.

Болат жасық жуғанда майрылмайды,
Қыз енді қолынан ұстап айырылмайды.
Жүрегі ұшып кеткен мұндар қалмақ
Алдынан қыз шықса да, қайырылмайды.

Қарашы қылып жүрген талайына,
1100 Кәпірдің жолығар ма жаманына.
«Қалмақ басы Қараман қызықсың» деп,
Дамбалын шешіп салды аяғына.

Сонда қалмақ барды да, бас-ақ салды,
Жібермей қыз қолынан ұстап алды.
«Мен сені орға алып барамын» деп,
Манағы қазған орға алып жүрді.

— Ханбибі, Қәдірхан қызы сен едің,
Қалмақтың ханы мен едім.
1110 Сен мені әрі апарып не қыласың,
Өлтірер, көзі көрсе, інің мені.

— Жүрейін шыныменен күліп-ойнап,
Ойнайын азғана күн гүл-гүл жайнап.
Сен өлмессің, інімді мен өлтіремін,
Беремін екі қолын саған байлап.

Қарабек жауды қырып үйге барған,
Әкесі менен шешесі ортаға алған.
Апаң қайда қалды деп сұрамайды,
Келгенін қуаныш қылып жатып қалған.

1120 Шешесі алып жатты күн батқан соң,
Әкесі зар жылайды сөз қатқан соң.
— Мен бір бүгін жаман түс көрдім, — деді,
Шешесі тұра келді таң атқан соң:

— Жаббар Құдай пана бер,
Жалғыз жүрген балаға,
Жалғызды Құдай ала ма?!
Мен бір жаман түс көрдім,
Ол түсімнің ішінде
Таңғажайып іс көрдім.
Әуелгі жолың жақсы еді,
1130 Ақырын соның күш көрдім.

Көрген менің түсімде
Қайғы болды ішімде.
Жалғыз жүрген ер басың
Жолықтың жаман кісіге.
Екі көзің жайнатып,
Қайта келер күн бар ма,
Қалған елге ие боп?!

Мұнан да былай жөнелтіп,
Жолда дұшпан бөгелтіп,
1140 Сен кешіксең кемпір-шал
Тұра алмаспыз күнелтіп.
Сенімен жүрер күн бар ма,
Жалғыз сені бір ертіп?

Алла ісіне шара жоқ,
Әкеңізді еңіретіп,
Апаңды әкетіп қалмасын,
Баршы, балам, тез жетіп.
Әлпештеп өскен жалғызым,
Жұмырықтай шайқасып,
1150 Алдыңнан дұшпан шықпасын,
Ағаш оқтай айқасып.

- Жақыннан дұшпан шықпасын,
Сен жалғызды байқасып.
Жамандықты ойлап тұр,
Ғафыл болма, жан балам.
Алдыңнан дұшпан болмасын,
Түспегейсің сынамай.
Қайранды жұртым, хан жұртым,
Бүгін жаман түс көрдім.
1160 Әуелгі жолы жақсы еді,
Ақырын соның күш көрдім.
Ақ бұлт келді оң жақтан,
Көк бұлт келді сол жақтан,
Сұр бұлт келді түскелден.
Сұр бұлтпенен таласты,
Ақ бұлтты өлтірді,
Бұйрығын сонда бітірді.
Жалғызым менің келмек жоқ,
Меніменен бірігіп,
1170 Жалғызым енді жүрмек жоқ.

Жас бала ұйқысынан тұра келді,
Қой мойынды Құланы мінеді енді.
«Апамды қалмақ алып кетті ме?» деп,
Мінді де Құлаша атқа жүре берді.

Адамзаттың кетеді екен өмірі өтіп,
Астына Құлаша атпен келді жетіп.
Апасын орда жатқан сынаймын деп,
Келеді жамандыққа көңілі кетіп.

- Қасына апасының жетіп барды,
1180 Үйіне келе жатып бір нәрсе алды.
«Апамды орда жатқан сынаймын» деп,
«Ұрымды алып шық» деп айқай салды.

Қояды Құлаша атты байлап тастап,
Қыз бенен қалмақ жатыр орда ұйықтап.
Сол қыздың амалына қарай ғойшы,
Шығады оқ-сайманын бірге алып.

— Әй, апеке, тоқтай тұр, мені десең,
«Жаман түс көрдім» деді үйде шешең.
Қайғы басып көкірегімді жетіп келдім,
1190 Апеке, жатырмысың есен-аман?

— Мен жаттым осы жерде жалғыз орда,
Есім кетіп жатырмын текке-сорға.
Мәжіліс қылып отыралық бүгін мұнда,
Қарағым, жалғызбенен енді бірге.

— Апамның кім ұстайды қос анарын,
Кім білмейді көзіңнің жас тамарын.
Шешең бір күн жаман түс көріпті,
Білелік кел екеуміз ел хабарын.

— Қарағым, не боламын сенен қалып,
1200 Өзім де мен ойлаймын бірге барып.
Білеміз ертең барып ел хабарын,
Міңгесіп жете алмаймыз, атың арық,

Жас бала апасының тілін алды,
Қой мойынды Құланы тұсап салды.
Екеуі аз ерігіп отырды да,
Екеуі қол тұзақ деген ойын салды.

Жаманнан кәдір білмес күдер үзді,
Есер туған сұм қызға ісі түсті.
Темірден қолға тұзақ салса дағы,
1210 Қарабек шыдатпастан шырт-шырт үзді.

— Қайнаттың, інішегім, сорымызды,
Қуанып тамаша еттім күшіңізді.
Мені десең, жалғызым, шыныңды айт,
Дүниеде не бекітер қолыңызды?

— Кеудемде шыбын жаным көңіліме тоқ,
Өтерін енді білдім бұл дүние боқ.
Әй, апа, сұрамағын тілімді алсаң,
Қолымды бекітетін дәнеме жоқ.

- Жалғызым, өзің мені ренжіткендей,
1220 Дүниеде ренжуіме ес кеткендей.
Сырыңды еркек болсам айтар едің,
Құдайға амалым жоқ қыз еткендей.
- Дүниеге атым шыққан жалғыз жеке,
Диуана қожасынып барған Мекке.
Қолыңда бір жасымнан өсіп едім,
Тіліме сенбедің бе, әй, апеке.
- Сол бала ақылы бар, ойлапты енді,
Жалғанның опасына тоймайды енді.
Үш қайта сұрады «бауырлас» деп,
1230 Шіркінді қыз да болса қимайды енді.
- Әй, апа, осылай екен сөз келісі,
Құданың баста берген ол бір ісі.
Ажалым сенен болса, құтылмаспын,
Төрт қанжығам арысланның жон терісі.
- Қасына Құлаша аттың жетіп барды,
Суырып төрт қанжыға тегіс алды.
Төртеуін тегіс қылып бұрап алып,
Баланы ол тозаққа енді салды.
- Баланың екі қолын байлап алды,
1240 Тас қылып түйді дағы да тұсап алды.
«Жүгірмек, екі қолың байладым» деп,
Орда жатқан қалмаққа айқай салды.
- Жамандар жатады екен қара басып,
Қыз бенен қалмақ қалды араласып.
Қолында қайрап алған қылышы бар,
Қалмақ ит келе жатыр саудыратып.
- Сонда бала дүниені ойлайды енді,
Жалғанның опасына тоймайды енді.
Екі қолы байлаулы, шамасы жоқ,
1250 Қарабек аяғыменен тулайды енді.

Адамзат келуші емес өткеннен соң,
Шара жоқ Алла ісіне көнгеннен соң.
Шақырып Құлаша атқа айтты сәлем,
Өлерін ер Қарабек білгеннен соң:

— Гапылдықтан мен түстім мынау дертке,
Құлаша ат, бір мен үшін қайғы жұтпа.
Мінерге енді сені заманым жоқ,
Сәлем айтқын қалған біздің жұртқа.

1260 Қарашы қыздан болған жолдасына,
Болған соң қыздан жолдас оңбасына.
Қолы байлаулы Қарабек тулағанда,
Қар терісі жиырылды қол басына.

Апасы екі қолын байлағаны,
Жамандық інісіне ойлағаны.
Өлерін ер Қарабек білгеннен соң,
Амандасып Құлаша атқа жылағаны:

— Бұл жалғанның ішінде
Қылған маған жаза ма?!
Жалғанменен өтеді,
1270 Тартқан мынау азам ба?!
Қыз деген түпке жетеді,
Оған назың өтер ме?!
Қалмаққа байлап берген соң,
Тіріде естен кетер ме?!
Жалғыз өліп қалған соң,
Орнасы соның бітер ме?!
Көрмей қалдым жұртымды,
Арманда болып өтем бе-ай.
Артымда қалған сәлем айт,
1280 Сорлы да болған атама-ай,
Жел жағында панам-ай,
Ық жағында қалам-ай.
Қалмақтан өлді деген соң,
Халқым менің нанам-ай?!
Жалғызымды өлтіріп,

- Сүйткенменен қалмақтан
Менірің сенің қанар ма-ай?!
Манкүр-Нанкүр періште
Екеуімізді сұрамай,
1290 Ұшып кеткен даулет құс
Басыма келіп қонар ма-ай?!
Апам байлап бермесе,
Басыма өлім келер ме-ай?!
Тас құрсақта көп жатқан,
Тас емшекті босатқан,
Тәтті асты жегізген,
Жалғыз балам дегізген,
Бір көрерге зар болдым,
Ақ сүтін анам кешер ме-ай?!
1300 Сәлем айтқын анама-ай.
Опасыз ғана сұм жалған
Қайта айналып келер ме-ай?!
Артымда менің бауыр жоқ,
Қалмақ мені көмер ме-ай,
Сөйтіп заман өтер ме-ай?!
Тегіс пенде сіздерге,
Ажал бір келді біздерге.
Қалған жоқ сүйек іздерге,
Артымда менің інім жоқ.
1310 Арманда болып өттім ғой,
Сәлемімді айта көр,
Артымда қалған еліме.
Не жазығым бар еді
Апам да болған жолдасқа?!
Ұрғашы дұшпан болған соң,
Еркек шіркін оңар ма-ай?!
Сәлемімді айта көр,
Құрбы менен құрдасқа.
Артымнан менің кім келер,
1320 Тілегімді кім берер,
Жалғыз аттыны кім көрер,
Жалғыз туған қу басқа
Сайрағаным кім білер!
Тоты құспын, байғызбын,

Көкте тұрған жұлдызбын,
Маңдайдағы құндызбын.
Артымнан менің кім келер,
Іздеп келер аға жоқ,
Ешбір жақсылық маған жоқ,
1330 Артымда менің інім жоқ.
Әлпештеп сүйген ұлым жоқ,
Жақсылық көрер күнім жоқ.
Атадан жалғыз туғанмын,
Патшалардай көрінген
Осы күнде келбетім.
Көрген адам тойғандай,
Қарап тұрса суретім.

Бір жәдуге кез болдым,
Жасатқан Алла құдіретім,
1340 Сонан басқа тілек жоқ,
Ия, Мұхаммед, шапағат,
Мен бір сорлы үмметің.
Апам итке жақпады
Қылып тұрған қызметім.
Тәңірінің жазуы,
Кімге артамын міндетім.
Ата-анамнан айрылып,
Далада қалдым мен жетім.
Артымда менің інім жоқ,
1350 Құл қалмаққа жем болдым,
Тең құрбымнан кем болдым.
Артымда қалды дәулетім,
Дүниені енді ойладым.
Алты жасар шағымнан
Ерлігімді қоймадым.
«Асыл да туған еді деп,
Шәһарының ханы» деп,
Байланып қолда жүрсе де,
Қалмақтың ханы Қараман
1360 Өлтіруге қимадым.
Қой мойынды Құланың
Жал-жаясы бітті енді.

- Қалмаққа байлап бергендей,
Менен де жақсы көргендей,
Жау тіліне ергендей,
Жүзі қара Ханбибі,
Неден болды жазығым?!
Байдың қызы кимей ме
1370 Паршадан қылған желекті?
Кедейдің қызы кимей ме
Кенептен қылған көйлекті?
Ұрғашы деген көпір жау,
Тұқымың сенің бөлек-ті.
Жүзі қара Ханбибі,
Беліңнен ғана бір шауып,
Қылар едім бөлек-ті.
Әй, Ханбибі, Ханбибі,
Басыңды мен жарармын,
Қаныңды ішіп тоярмын.
1380 Өткір алмас қолға алып,
Оң табаның тілермін,
Қой көтіне салармын,
Сүйтіп кегім алармын.
Өлсем де естен жаңылман,
Жаһанда жауға таңылман.
Баста ерлік бар еді
Бір атаққа таңылған.
Басымды баудай кессең де,
Қараман менен Ханбибі,
1390 Өлсем де саған жалынбан!
- Қараман мынау сөзді ойлайды енді,
Баланың айтқанына қоймайды енді.
Батырды батыр шіркін қимайды екен,
Баланы өлтіруге қимайды енді.
- Шырағы имандының өшпейді екен,
Кінәсін бейнамаздың кешпейді екен.
Батырды батыр шіркін қимайды екен,
Асылға асыл батып жетпейді екен.

1400 Мәулекей сенің көңілің тасып бітер,
Ұлыңды көп жазғаның сенің бекер.
Бір өлеңде күнә сөз толып жатыр,
Тәубе қылсаң, күнәсын сонда кешер.

— Басыма, сірә, менің сөз келтірер,
Өзім деген өзіме кез келтірер.
Елімде менен жақсы кісі жоқ,
Інісінен артықша мені өлтірер.

1410 Өлім ақ бұрынғыдан қалған жора,
Өлтірсем болар едің жалғыз мола.
Баласы Қәдірханның, ер Қарабек,
Сен ерді өлтірмейін қызға бола.

Қараман Қарабекті жақсы көрді,
Бетінен үш қайтара сүйеді енді.
— Қыз үшін сені қайтып өлтірем, — деп,
Шешті де екі қолын қоя берді.

Қарабек сүйінеді бұл қызметке,
Жалынды тұрғаннан соң Құдіретке.
Баланың аяқ-қолы босанған соң,
Жақсылық бастайды енді бір ниетке.

1420 Бар Құдайым әр іске көндірді енді,
Кадірін бұл қалмағың біледі енді.
Апасы менен баланың өзі жаяу,
Құлаша атқа қалмақты мінгізді енді.

— Ө, Қараман, сертіме жетем, — деді,
Өмірімде сеніменен өтем, — деді.
Өзі менен апасы жаяу жүріп,
Мінгізіп қалмақты атқа, жетелейді.

1430 Болды ғой байлағанда бала пақыр,
Жігітке қайғы болды заман ақыр.
Құлаша аттың алты күн келген жері,
Бейшара талыңқырап шаршап қалды.

Болмайды Қарабектей жұртының бөрі,
 Сарғайып сөнамнен жүзі сары.
 Байлаулы-матаулы жүрген байғұс
 Жүруге жарап келді өзер хәлі.

Болғанда келер күзге елге келді,
 Ел шетіне жақындап келіп кірді.
 Бір қойшы тұр қой бағып жапан түзде,
 Алдынан қарсы тұрып сәлем берді.

1440 Қойшы сәлем берген соң, қабыл алды,
 Елінен хабар тауып мөһірі қанды.
 Қарабек бұл қойшыны көргеннен соң,
 Бір сөзді тамаша қылып айтып салды:

— Әй, қойшымсың, қойшымсың,
 Ойлап жүрген ойшымсың.
 Айдап жүрген қойың бар,
 Көтені менен мойны бар.
 Жаман да сұмдық ойың бар,
 Аулыңнан түтін шығады,
 Қандай қыздың тойы бар?

1450 — Айтқан бір сөзің шын екен,
 Жаман айтсаң мін екен.
 Үйінің түтінін сұраған,
 Жолаушы жаяу, кім едің?
 — Менің өзім — бейшара,
 Көкірегімде бар сөна.
 Айтшы маған еліңді,
 Аһ, мен бір келген диуана.
 — Бұл айтқаның қасылың,
 Көкке салған масылың.

1460 Қайсы патша баласы,
 Артық екен асылың?
 Лақабыңды ашсаңшы,
 Келбетіңді көремін.
 Сырт жағыңнан қарасам,
 Қарабек сынды нәсілің.

Қойшыекең сол жерде танып салды,
 Қарабегің қасына жүгіріп барды.
 Өкесіндей көрінді қойшы байғұс,
 Жүгіріп барды дағы құшаққа алды.

- 1470 Қойшы менен Қарабек амандасты,
 Құшақтасып екеуі көп жыласты.
 «Сені көрмек, Қарабек, бар екен» деп,
 Екеуі амандасып мауқын басты.

— Қарабек, жаудырайды екі көзің,
 Жапанда жалғыз жүрдің сенің өзің.
 Азырақ құлақ салып тыңдасаңыз,
 Қайғы ішіме сыймайды, айтсам сөзім:

- Әй, Қарабек, Қарабек,
 Мен қойшыңмын, қойшыңмын,
 1480 Ойлап жүрген ойшыңмын.
 Айдап жүрген қойым бар,
 Ойлап жүрген ойым бар.
 Қәдірхан деген хан еді,
 Әрбір іске дана еді.
 Қарабек жалғыз ұлы еді,
 Толған ай мен күн еді.
 Ұлынан сол айрылды,
 Қанаты сынып қайырылды.
 Қамқадайын майырылды,

- 1490 Құдай Тағалаға зар қылды,
 Жалғызынан айырылды.
 Қаныкей менен Тыныкей
 Қас бір бағлан қозы еді.
 Сары алтынға боялған
 Асып кеткен ер еді.
 Туған айдай балқыған
 Көркемдікте жүзі еді.
 Сұлулығын сұрасаң,
 Бота көзді бура еді.

- 1500 Қалқан деген құл еді,
 Сатып алған бұл еді.

Атаңа қойды бақтырып,
 Көркенесін тақтырып
 Шешеңе тезек тергізіп,
 Соныменен күн көрді,
 Ит қорлықпенен жүргізді.
 «Шәһарға патша болам деп,
 Қаныкей менен Тыныкей
 Екеуін бірдей алам» деп,
 1510 «Қойнында кезек жатам деп,
 Мен Қарабек болам деп,
 Бір сөз айтса шәһарды
 Тегіс бәрін қырам» деп,
 Қалқан деген құлыңның
 Қылып жатқан тойы бар.

Қарабек деген сұлтаның
 Мынау бір сөзді аңғарды.
 Қалқан құлды сұрасаң,
 Қылып жатқан әр істі.
 1520 Не қыларын білмейді,
 Батыр сонда сандалды.
 Ақыл керек батырға,
 Даналы ойды ойлауға.
 Қаһарланып тұрады,
 Құлдың басын қоймауға.
 Батыр туған сері ғой,
 Өзінің жанын қинауға.
 Ойына батыр алады,
 Өз апасын сынауға.
 1530 Қайраттанып Қарабек,
 Ашу қылды Қалқанға.
 Сиынады аруаққа,
 Диуана болып ақтады.
 Әпке-апасын сынауға
 Әзірленді бармаққа.

(Қойшының айтқаны)

— Әй, Қарабек, Қарабек,
 Қапы да сен қалмағын,

- Қайғыменен жанбағын.
Шешеңе сенің қойған-ды
1540 Тезегін ғана тергізіп,
Сүйтіп күнін көргізіп.
Қасыңа сенің келеді,
Тілегін Алла бергізіп.
Егер сені таныса,
Қуанғаннан жүректің,
Қапыда жарылып өледі.
Көрсең, соған бармағын,
Егер сені көргенде,
Шешең де сенен кетер ме,
1550 Жылағанда сенен өтер ме?!
Бір күнің, қарағым,
Тұтсаң қолың жетер ме?!
Жау қолының жағасы
Өлсең естен кетер ме?!
Жалғыз өліп қалған соң,
Орнасы соның бітер ме?!
Жолыңда тұрған сорлы әкең
Қойшы да болып қой бағып,
Осы күнде кетіпті
1560 «Жалғызым» деп жын қағып.
Қәдірхан деген хан еді,
Әрбір іске дана еді.
Көрінгенге дал болып,
Атаң сенің жылайды,
Қасыңа сенің келеді.
Сен екенінді білген соң,
Жүрегі жарылып өледі,
Өлсең де барма атаңа!
- Қарабек бауырларын ойына алды,
1570 Аспаннан бір аққуды атып салды.
Басына аққу кебін қиіп алды,
Қасына апасының келе қалды.
- Жаратқан барша жанды Құдірет-ті,
Жылауға қара болып отырады.

Жаманнан кәдір болмас, күдерің үз,
Елге таман Қарабек жөнеледі.

Қарабек диуана болып елге келді,
Елінің бәрі сары жүзі солды.
Апасының терезесі ашулы екен,
1580 Түбіне диуана болып жетіп келді.

Түбіне терезенің жетіп барды,
Екі қыз диуананы көзі көрді.
Күңі бар қыз қасында қара табан,
«Жалғызға бал аштыр» деп жұмсап салды.

Диуана Құдай айдап кез келді де,
«Бал аштыр» деп беріпті жеті тіллә.
— Жалғызға тез барып бал аштыршы,
Тілегімді берер ме Жаббар Құда?

Қара күң жеті тіллә алып келді,
1590 Мұндар күң үш жарымын пайда қылды.
Қарабек көргеннен соң айтпасын ба,
Күңнің алып қалғанын көріп қалды.

Бір диуана келіпті ауылды ықтап,
Диуананы күң келді қызға мақтап.
«Барып бал өзіміз аштырамыз» деп,
Әпке-апасы келеді сасқалақтап.

Қасына ол екеуі жетіп барды,
«Диуана аға, бал ашың» деп айтып салды.
— Диуана аға, бал ашып берші бізге,
1600 Жолаушымыз алыс жерге кетіп қалды.

— Әй, балалар, балалар,
Көкірегінде арың бар,
Жетелеген нарың бар.
Бал аштырар кісіңіз
Шыныңды айтшы, екеуің,
Алыс кеткен жарың ба?

- Әй, балалар, балалар,
Адастырар тапқызбай
Түсті ме құсың қалыңға?
1610 Сүйгеніңнен айрылып,
Толды ма ішің жалынға?
Шыныңды айтшы, сен қыздар,
Айлар өтті, жыл өтті,
Сапар шегіп кім кетті?
Алыстан адам тосасың,
Ғашық болған жарың ба?
— Әй, диуана, диуана,
Аша берші балыңды,
Айта берші барыңды.
1620 Бөтен кісі емес қой,
Қарабек сұлтан ханымды
Жүруші едік, оны келед деп.
Жасырмай айт, диуана,
Балыңа қалай шалынды?
— Балыңды сен аштырдың
Диуана жалған бейбаққа.
Шыныңды айтшы, екі қыз,
Қарабек сынды сұлтаның
Кетіп еді қай уақта?
1630 — Жалғызым менің көрмейді
Бұл жалғанның қатасын.
Қабыл көріп жүр еді
Атасының батасын.
Қашан келіп жалғызым,
Қолымнан тағам татасың?
Жалғызымды ойласам,
Қан көзіме толады.
Буынымнан әл кетіп,
Қалтырап жүрек тоңады.
1640 Құйыла-құйыла сел болып,
Көзден жасым солады.
Жалғызым еске түскенде,
Елестейді көзіме
Сөйлескендей өзіме

«Жан апа» деп құшақтап,
Тұрғандай-ақ болады.
Әй диуана, диуана,
Жын-сайтанды қуала.
1650 Айтшы білген барыңды,
Қинамашы жанымды.
Бауырымның соңғы жолына
Дәл екі жыл толады.

— Қаныкей менен Тыныкей,
Шын айтсаңыз мінеки,
Қарабек деген ініңіз,
Толған ай менен күніңіз
Қара да таудың қасында
Тасбұлақтың басында,
1660 Қалмақпен ұрыс салыпты,
Жауын жеңіп алыпты,
Еліне қайтып барыпты.
Бір күндері болғанда,
Орда қалған апасын
Ойына алып батырың,
Білдірмей жылап қамықты.
Жалындаған жас батыр,
Қамал бұзған қас батыр
Шырадай көзі жаныпты.
1670 Қараша тауға жүрмекке,
Апасын алып келмекке,
Рұқсат сұрап жас бала,
Атасына барыпты.
Ханның алып батасын,
Жүруге бет бұрады.
Анасы келіп зарланып,
Бұл сапардан тоқтауды
Баласынан сұрады.
Қарабек сынды батырың
Толғана мойын бұрады,
1680 Алладан жәрдем сұрады.
Ата-ана, елменен
Амандасып болған соң,

- Атының басын алысқа
Шыныменен бұрады.
Борандатып даланы
Жалғыз шапты батырың.
Астында тұлпар атының
Екпініменен еңіретіп
Қаратаудағы апаға
- 1690 Жетіште батыр барады.
Орда жатқан апасы
Сұмдықты талай ойлапты,
Құмарлана, құлшына
Қараманмен ойнапты.
Құмарлана, құлшына
Қараманмен ойнапты.
Елден шыққан жауыз қыз
Қолына түскен қалмақтың
Қызығына тоймапты.
- 1700 Енді келсе Қарабек
Айламенен батырдың
Көзін мүлде жоймақ-ты.
Айласын қыз асырып,
Қарабек қолын байлапты.
Қолдан келер дәрмен жоқ,
Шырадай көзі жайнапты.
Қарабек сынды жалғыздың
Соры да сүйтіп қайнапты.
Қарабекті өлтіріп,
- 1710 Бұйрығына келтіріп,
Қалмақ басы Қараман,
Жалғызыңның жүрегін
Суырып алып шайнапты.
Алғанды құдай бермек жоқ,
Жалғызыңменен бірігіп
Сен сорлыға жүрмек жоқ.
Қыз да болсаң демейін
Аруағыммен жебейін.
Өлгенменен өлмек жоқ,
- 1720 Жас тілегін алдыңда
Қызықпенен дөрен сүр дейін!

- Мен Қалқанға тимеймін,
 Қарабек қайғысы жетерлік
 Тағы да отқа күймеймін.
 Үстімдегі тонымды
 Жерге таман тастайын,
 Бір сұмдықты бастайын.
 Жалғызыма жетейін,
 Жалғызым өліп шын қалса,
 1730 Бұл дүниеден өтейін,
 Бұл дүние маған тынышсыз,
 Жанымды құрбан етейін!
- Екі қыз мынау сөзді айтып салды,
 Дүниенің опасына көңілі қалды.
 Інің сенің өліпті дегеннен соң,
 Тырнақпен ақша бетті жыртып салды.
- Бермейді тілегімді Хақ Тағала,
 Айырылған бауырымнан мен бейшара.
 Қор болып дүниеде жүргенімше,
 1740 Мұнда тұрмай өлейін бірatalа.
- Екеуі үйге таман жөнеледі,
 Қарабек ылажсыз бөгеледі.
 «Апам өліп дүниеден кетеді» деп,
 Жас бала келіп көрінеді.
- Бұл жалғанның ішінде
 Көп-дүр менің қапам-ай.
 Қарабек деген сұлтаның
 Қалмақтан өліп жата ма-ай?!
 Атам менен анама
 1750 Жалғызыңның қайғысы
 Шынында қатты бата ма-ай?
 Өдейі арнап келдім ғой,
 Тілегіңді бердім ғой.
 Хал-ахуал сұрай кет,
 Мойныңды маған бұра кет
 Қайран да бауыр, апам-ай!

Ойлап тұрсам бауырсың,
Қарабектің білген жоқ
Ешбір адам дыбысын.

- 1760 Жалт етіп арт жағына қарай салды,
Қарабектің дауысын тани салды.
«Сені көрер күніміз бар екен» деп,
Жүгіріп барды дағы құшаққа алды.

— Қайғы менен дерт бар ма,
Сірә да, өлер күн бар ма?!
Жалғыз басым дүниеде
Көрер де күнім бар екен!

- Жалғызым қиылған жоқ-ты менім некем
Жеріңде сенің өлген мен де өлем.
- 1770 Құл алып кетті ғой мұкам-малың,
Қайтейін қой бағып жүр Кәдір әкең.

Үзілді сен кеткен соң қанша елім,
Өзіңнің осы шәһар мекен жерің.
Айғырға жаңа салған байталдайын
Қайтейін тозғындап жүр қайран елің.

Ажал уақыты бола ма жаман жанға,
Қайғырып зар жылайды кемпір-шалға.
Меніменен көрісер адам да жоқ,
Қалқан құл түсіп отыр балуанға.

- 1780 Қарашы, бейшараның айтқан датын,
Кем емес патшадан салтанатың.
Жігіттер, бір аяқ бал алып келші,
Бал алып жетіп келді бір жас қатын.

— Сабақтың басын сорсаң жем боласың,
Замана жылдан-жылға сұм боласың.
Бір аяқ бал алдымнан алып келдің,
Мен сені танымаймын, кім боласың?

- Қарабек қалқам, сені жақсы көрдім,
Мен сені келген жерде танып едім.
1790 Сен мені танымайсың, ей, Қарабек,
Есенкелді тақылдақ қатыны едім.
- Бір аяқ соған балды беріп салды,
Қарабек бергеннен соң асап салды.
Өз үйінен жігіттер дәм татқан соң,
Бағанағы күшіне түсіп алды.
- Құдайың кім таласар берген баққа,
Мынауы патша болған алтын таққа.
Бұның дағы баласы кім болады,
Жолдағы келе жатыр шеру жаққа.
- 1800 Баласы сонда келді гүл-гүл жайнап,
Қалқанменен күресем деп сертті байлап.
Жаныңда қабы бар арқалаған,
Шешесі келді сонда бұзау айдап.
- Тезекті әкеліп отқа төге салды,
Қолын отқа сол жерде көміп салды.
Қарны ашып келген кемпір байғұс
Еттің майын қолыменен шылап салды.
- Ет пісірген қара табан күңі бар-ды,
Қарабек заманында сөйтіп жүрді.
1810 «Рұқсат сұрамай майын жаладың» деп,
Кемпірді шөмішпенен салып қалды.
- Қарабектің бұл іске қаһары келді,
Азырақ қоршылықпенен дәурен сүрді.
Көз алдында шешесін ұрғаннан соң,
Бейшара жыламапты, іші күйді.
- Барды да, қара күңді ұстап алды,
Семсерменен ортасынан салып қалды.
«Сен мұндардың өзіңе тарттырам» деп,
Белінен екі бөліп отқа салды.

1820 Есіне қайғы менен дерт кіреді,
Сары жалын ішіне от кіреді.
Тағы да шешесіне танытады,
Зор қылып бөтен жерден ет береді.

Шара жоқ Алла ісіне көнгеннен соң,
Иман байлық адамға өлгеннен соң.
Зарланды сонда тұрып кемпір байғұс,
Кішіден қамқоршылық көргеннен соң.

Кемпірдің жырлағаны:

— Жерге бір тиген табаным,
Қара да басым аманым.

1830 Жалғызым мұнда келетін
Болар да ма екен заманым?!
Тілекті Алла беретін,
Қайғыменен әкең өлетін,
Заманда, сірә, болар ма,
Жалғыз сені көретін?!
Бұл барғаннан келмесең,
Халқымды келіп білмесең,
Қартайған сорлы ата-анаң
Қайғымен болды өлетін.

1840 Қаса батыр туғансың,
Жақсылық жолды қуғансың.
Үкімін елге жүргізген,
Ер екенін білгізген.
Қалмақтың қолын талқандап,
Алты жасар шағыңда
Ерлігін де білгізген.
Енді маған заман жоқ
Жалғызым мұнда келетін.
Қара шашым таратқан,

1850 Мені де Құдай жылатқан.
Жалғызымды жоқ қылып,
Тәңірім сонда жаратқан.
Екеуі де болса болмай ма,
Бірі үйде қалмай ма?!

- Артында бір ұл болғанда,
Дұшпаннан кегін алмай ма?!
Қас бір жаман іс болса,
Тым болмаса жалғызды
Көтеріп көрге салмай ма?!
- 1860 Тас емшегім босатқан,
Тар құрсағым жібіткен,
Батыр туған жалғызым
Көрер күнім болмай ма?!
Сыртыңда сұлу құба тал,
Жалғызым менің ақсұңқар.
Қайтіп те күнін көреді
Артта қалған кемпір-шал?!
Дәулетің мұнда тұл қалды,
Артыңда қалған апаңды
- 1870 Жалғыз кетіп, құл алды.
Іздеп барған еліңді айт,
Мекен де қылған жеріңді айт?!
Көп сағындым, құлыным,
Бөгелмей енді үйге қайт!
Қара жермен тең болдым,
Тең құрбымнан кем болдым.
Күндіз-түні зарланып,
Іздегенім сен болдың.
Тірі болсаң жетер ең,
- 1880 Кебінің жоқ, көрің жоқ,
Жалғыз қалып жапанда
Ит пен құсқа жем болдың.
Жалғызым келер заман жоқ,
Алла ісіне амал жоқ.
Саған деген Алланың
Маған тисін ажал-оқ!
- Ана дауысын есітіп,
Сағынып келген анасын
Қарауға батыр тоймады.
- 1890 «Мен Қарабек балаң» деп
Айтайын деп ойлады.
Жүрегі жарылып өлер деп,

Өзір-ақ мені көрер деп,
 Екі жыл күткен анасы
 Өлі азырақ көнер деп,
 Көз алдында шешесі
 Жыласа да жалғыз ұл
 Анасына сүйгізбей,
 Жүре берді білгізбей.

Апаларымен амандасып болған соң, шешесін көргеннен кейін енді Қалқан құлды өлтіріп, әкесі Қәдірханды қайтадан тақытына мінгізбекші болып, шаһарды аралап шығады. Шаһардың «хат алаңы» деген алаңына халық жиналып, той асын әзірлеп жатады. Солардың ортасында жалаң аяқ, жалаң бас Қалқан «менімен кім күреседі» деп отыр екен. Ол мына келген диуананы көріп: — Қайыр садақа болар, мына диуанаға бір көрі жілік әкеп бер, — деп бір ақсақалды адамды жұмсайды. Ол адам Қалқанның бұйрығымен, көріжілікті диуанаға әкеп беріп қадала қарап, Қарабекті танып, — Мен Есенгелді тақылдақ деп танытты.

- 1900 Жігіттер, жамандықты қылмаңыздар,
 Ханбибінің қылғанын ойлаңыздар.
 Жамандық өз басыңа келіп қалса,
 Байқамай қапылдықта қалмаңыздар.
 — Ай, диуана, диуана,
 Жын-сайтанды қуала,
 Сені көріп қасыңа
 Жетіп келдім қуана.
 Біліп тұрмын сырыңды,
 Айтпасаң да шыныңды,
 1910 Кім екенің таныдым
 Ойыңа сақта мұнымды.
 Есенгелді — мен — тақылдақ,
 Сөйлеген бұрын тақылдап,
 Топтап озған сапылдап,
 Бұл күндерде, мінеки,
 Сіңіріме сүрініп,
 Өлуге жүрмін жақындап.
 Баяғыда атаң әкелген

- 1920 Қалқан деген қара құл,
 Асқан қайрат дара құл
 Құртып та барад тақымдап.
 Айналайын, Қарабек,
 Сөз сөйлеуші ем жалындап.
 Екіленіп бастасам,
 Сөз бұлағы кететін
 Арнаға сыймай арындап.
 Құлан дала күздегі өрт
 Жайылатын қабындап.
 Көп қорлықпен күн өтіп,
 1930 Көрдің бе, сұлтан, мінеки,
 Көзімнің алды мұнардай,
 Сорасы шыққан тұмандай.
 Екі көзім жалтырап,
 Зорға тұрмын қалтырап.
 Барлық жайды білесің,
 Аралап өзің жүресің.
 Тоқталма бекер, жан бала,
 Өткен күндік қайта орнат,
 Сұраған сенен бір ісім!
- 1940 Қалқан құл отыр екен гүл-гүл жайнап,
 «Қызықты мен көрсем» деп сертке байлап.
 Жас бала Қалқан құлға жетіп келді,
 Құты ұшты Қалқан құл оны көріп:

 — Әй, бала, бұл майданға не келесің,
 Көңіліңде жығамын деп ойлаймысың?
 Жүзің ашық бейшара бала екенсің,
 Өрмен кет, құлға тисең, тез өлерсің!
- Қарабек Қалқан құлға жетіп барды,
 Айтуына қарамай ұстап алды.
 1950 Оң қолынан Қалқанды ұстап алып,
 Аспанға байғұс құлды атып қалды.

 Жаратқан өр нәрсені Құдай күшті,
 Құдай өзі жөндейді мұндай істі.

Оң қолыменен ұстап алып атып еді,
Мұндар құлың аспанға құстай ұшты.

Жалғанда Қарабектің көңілі ақ-ты,
Жігіттер ақ дегеннің орны ұжмақ-ты.
Қайта түсіп Қалқан құл келе жатса,
Түсірмей алақанменен қайта қақты.

- 1960 Қаққан соң мұндар құлың қайта кетті,
Қалмақ ит «қыз алам» деп түбіне жетті.
Сол құлды жерге, сірә, түсірмейді,
Аспанда жүзгізіпті Қалқан құлды.

Мінгені қой мойынды Құлаша ат-ты,
Адамның артығы екен шын бекзат-ты.
Тақылдақ Есенгелді келе жатыр:
«Бұл қалай Қарабектің күш, қайраты?!»

- Тақылдақ өз апасына таң қалады,
Пердені басындағы жұлып алды.
1970 Қарабек бұл екенін таныған соң,
Жиылып елі-жұрты келе қалды.

Қарабек ел-жұртыменен амандасты,
Құшақтасып бөріменен көп жыласты.
Заман жоқ ел көретін бейшараға,
Азырақ жылайды енді, мауқын басты.

Жиылып ел-жұрты басып келді,
Шешесі менен әкеге хабар берді.
Келетұғын олардың ойы бар ма,
Баруға тоғыз кісі әзірленді.

- 1980 Жамандар елде ме екен қара басып,
Күн қайда бала сүйер араласып.
Жұруге екі сорлы қуаты жоқ,
Келеді екі сорлы қол ұстасып.

Көргендер әкесіне сын тағады,
Ақылсыз ақымақтарды жын қағады.
Зар жылап Кәдірханың келе жатыр,
Көзінен жас орнына қан ағады.

1990 Шешесі «жалғызым» деп зар жылайды,
Баласын көргеннен соң аһ ұрады.
Жас бала жүгіріп келіп құшқанында,
Емшектен тасбұлақтай сүт ағады.

Басында Пайғамбардың ақ дәстар,
Пайғамбар имандының сөзін қостар.
Екеуі жылағанда дауыспенен,
Қозғалды жер мен көк, тау мен тастар.

Қарабек заманында болды сері,
Жылайды көргеннен соң тамам елі.
Кемпір-шалдың зарланған дауысына
Жылайды жер жүзінде дию, пері.

2000 Қарабек жалғыз бала ер жетеді,
Дүниеден ержеткенше ес кетеді.
«Қызығын жалғызымның көремін» деп,
Отыз күндей кемпір-шал той етеді.
Сол жерде Қараманды жақсы көрді,
Қылған ісін еліне айтады енді.
Қарабек үйде қалған екі апасын
Апарып Қараманға енді берді.

2010 Қарашы, ғашық болған гөзәліне
Қалмақ разы болады бұл сөзіне.
Отыз кісі қасына тағы беріп,
Қараманды жіберді өз еліне.

Ханбибіні үйіне алып келді,
Өз кінәсін өзіне айтып салды.
«Жазаңды бұл дүниеде тарттырам» деп,
Бір көзін оң жағының ойып алды.

Ісімнің кез келеді амалына,
Қарашы қылған істің жаманына.
— Тіл, — деді, — оң жағының табанына,
Әкеліп тұз салдырды жарасына.

2020 Бұл кәпір жамандықтың жолын құды,
Өз басын жамандыққа өзі қойды.
Қойшысына манағы алып барып,
Қас қылған Ханбибіні оған қосты.

Қойыпты ол шіркінді жын қақтырып,
Жүр еді көрінгенге сын тақтырып.
Әкеліп қойшысына қосты дағы,
Қойыпты Ханбибіні қой бақтырып.

Жігіттер, жамандықты қылмаңыздар,
Ханбибінің қылғанын ойлаңыздар.
2030 Жамандық өз басыңа келіп,
Байқамай ғапылдықта қалмаңыздар.

Шамаң келсе, қылып қал жақсылықты,
Құдайым жақсылықты жидырыпты.
Ханбибіні есітіп ғибрат алың,
Жын қақтырып қойларды бақтырыпты.
Қарабек осылайша тамам болсын,
Жақсылар мұны көріп ғибрат алсын.
Мұны жазған күнөкар бейшараға
2039 Оқыған аға-інім дұға қылсын!..

Қарабек батыр

(Жаңаберген Бітімбайұлы нұсқасы)

- Ертедегі елдің шағында,
Бұрынғы ноғай тұсында,
Рас болса айтуы,
Орманбет би өтіпті,
Он сан ноғай бүліпті.
Тайы тулап талық болып,
Құрама жиылып халық болып,
Сарысуға қонышты-ай,
Сасық қамал болышты-ай.
- 10 Халық бола алмай сонда да,
Екінші тағы бүліпті-ай.
Ата ұлдан айрылып,
Ене қыздан айрылып,
Әркім бас ауған жаққа қайрылып,
Қосылғаны озыпты-ай,
Айрылғаны тозыпты-ай.
Көлігі жоқ мешеуі
Кеткенінің соңынан
Жете алмай мойнын созыпты-ай.
- 20 Созғанменен жете алмай,
Қатты жүдеп арыпты-ай,
Тәңірге жазыпты-ай.
Бер жағында сол елдің
Бөлелей өткен, бел өткен
Бөлекше ноғай ел өткен,
Қара ноғай халық өткен.
Тайбұғаның ауыр жұрт
Тайпалғысыз о да өткен.
Себіл ноғай ел өткен,

- 30 Сергелдең ноғай жұрт өткен.
Сол елдердің барында-ай,
Ағын судың бойында-ай
Қаласын биік салдырған,
Кәндегін терең қаздырған,
Болаттан найза создырған,
Ерегіскен дұшпанын
Тәңіріге жаздырған,
Аяғынан тоздырған,
Қайратын халықтан оздырған,
- 40 Ноғайлыны билеген,
Қамырдайын илеген,
Нелер жайсаң кеткен жоқ
Мына шолақ дүниеден.
Дұшпаны қорқып тимеген,
Кәдірхан деген хан өткен.
Бірақ кемі осы екен,
Перзент көріп сүймеген.
Сол уақытта жана да,
Кәпір аттың лөгіндей,
Мұсылман аттың теңіндей,
- 50 Мұсылманның ар жағы
Кәпірлердің қаушағы,
Екеуінің жау жағы
Қыл жалаулы қалмақтың
Ортасынан салынған
Азау деген қала екен.
Сол қаланы салдырған
Кәдірхан деген хан екен.
Қалмақ қалың болса да,
Қайраты асқан нар екен,
- 60 Әр нәрсесі сай екен.
Жас күнінде қайраты
Қап тауындай бар екен.
Көзінен гауһар кеткенше,
Белінен медет кеткенше,
Өзінен қуат кеткенше,
Жасы алпысқа жеткенше
Бір перзентке зар екен.

- Жегені қайғы-сәна екен,
Қайғымен дүзі сары екен.
- 70 Перзенті жоқ пенденің
Кең дүниесі тар екен.
Баласы жоқ кісінің
Жиғаны иесіз мал екен.
Өлген күні талайды,
Ең жаманы сол екен.
Құдай берсе пенденің
Жапырағы бала екен,
Бала адамның жаны екен.
Қанат құйрық аға-іні
- 80 Ол адамның сәні екен.
Малменен бас тілемек
Бұрыннан қалған жол екен.
Кәдірхандай патшаға
Қайрат пен бақыт орнайды-ай,
Өзінің болған шағында,
Ықпалы жүріп зорлайды-ай,
Көп дұшпанды қорлайды-ай.
Аламын деп Азауды
Талай қалмақ торлайды-ай.
- 90 Шегірткедей көп қалмақ
Қаптапты қара торғайдай
Сонда да патша болмайды-ай.
Азау деген қаланы
Қайратымен қорғайды-ай.
Азауға келген қалмақты
Мықтап Құдай қарғайды-ай.
Тізесі батып қалмаққа,
Енді екінші ойланып,
Атының ізін салмайды-ай,
- 100 Қайтып қалмақ бармайды-ай.
Кәдірхан есен-сау күнде
Азауды қалмақ алмайды-ай.
Бірақ сорлы Кәдірхан
Жасы алпысқа жеткенше,
Перзент көрмей сорлайды-ай.
Перзент сүймей пенденің,

Жалғанда мейірі қанбайды-ай.
Бір перзенттің жоғынан,
Күні-түні зарлайды-ай.

Бір күні патша өзінің ордасында отырса, әрнәрсе көңіліне келеді. Алдына қараса, оты көрінеді, артына қараса, керегесі көрінеді. Жалғыз қатыннан басқа қасында ешкім жоқ. Екеуден-екеу қуарып отырған соң, перзенттің қайғысы зоратып «Уа, дариғай, өлсем, қалаған тағым иесіз қалады-ау. Өркім иеленіп кетеді-ау» деген қайғыменен іші толып, басында отырып, (әйелінің аты Зәуреней еді) Зәуренейге қарап толғап, жылап сөйлеген сөзі екен:

- 110 — Жас күнімде, Зәуреней,
Азаудың болдым қорғаны-ай.
Шошынғаным жоқ еді,
Көп екен деп сескеніп,
Қырық мың жиын қолдан-ай.
Ерегіскен дұшпанды
Шығарып едім жолдан-ай.
Қаптап келген қалмақтың
Талайын қырып қашырып,
Асырып едім жолдан-ай
- 120 О күнгі өтті дәурен-ай.
Жас алпысқа таянып,
Кетер болды дәрмен-ай.
Әсіресе қартайтты
Көңіліме қайғы, арман-ай.
Перзент еске түскенде,
Орнымнан тұрамын
Жер таянып зордан-ай.
Баласы құрғыр тәтті екен,
Алуа, шекер балдан-ай.
- 130 Құдай бізге қимады
Жалғыз тұяқ қараны-ай.
Зәуреней, ойымды айтайын:
Азаудағы дуагөй
Шақырып үйге алайық
Қожа менен молданы-ай.

- Ниязға айтып берелік
Жұйрік пенен жорғаны-ай.
Дүние-малды сарп етіп,
Шашып Ақтың жолына-ай.
- 140 Шыныменен зар қылып,
Жад етелік Алланы-ай.
Бір күні өліп кеткенсін,
Не көреміз, Зәуреней,
Иесіз қалған малдан-ай!
Мұнда тілек бермесе,
Көздің жасын көрмесе,
Тақтың иесіз қалғаны-ай,
Күніміздің солғаны-ай.
Оныменен қоймайды,
- 150 Менен қуат кеткенсін,
Аңдып жүрген қалмақ-ай
Азауға салар ойран-ай.
Қалмақ бұзар, Зәуреней,
Үстіңдегі орданы-ай.
Бұл қорлықты көргенше,
Тілекті Құдай бермесе,
Баз кешелік жаннан-ай,
Ұшалық қия жардан-ай.
Тірілей қорлық көргенше,
- 160 Құдайдың жақсы алғаны-ай.
Мұны қалай көресің,
Менің ойлап табылған
Ақылымның болғаны-ай.
Құдай қосқан Зәуреней,
Бірімізге-біріміз
Қосылып едік ылайық.
Қайғыменен қартайдық,
Ақырында мұңайып,
Перзент көрмей шұнайып.
- 170 Уайымнан іс өнбес,
Уайым менен қайғыны
Оны былай қуайық,
Ертең ерте тұрайық,
Белді бекем буайық,

- Бір Құдайға жылайық,
Оныменен сұрайық,
Азаудың елін жияйық,
Қазынадан мал алып,
Ақ жолына қырайық.
- 180 Береді тілек деп еді,
Ақты сөйтіп сынайық.
Мұнда да тілек бермесе,
Көздің жасын көрмесе,
Жаны құрысын қияйық,
Ішке пышақ ұрайық.
Өзіккі жанға бір өлім,
Тірілей қорлық көргенше,
Бір жола-ақ өліп тынайық.

Сонда жылап тұрып Кәдірханға Зәуреней толғап былай дейді:

- Сен едің менің падишам,
190 Құдай қосқан жұбайым.
Сеніменен қосылып,
Дәурен сүріп жалғанда,
Шығып еді шырайым.
Берменірек келгенсін,
Бір барша еттің кемінен
Жедік қайғы-уайым.
Сенің айтқан сөзіңе
Мойнымды неге бұрмайын.
Өле-өлгенше бас тартпай,
200 Қызметінде тұрайын.
Олай десең, алғаным,
Шыныменен жылайын,
Мен де Алладан сұрайын.
Ниетімді ойланған,
Қабыл қылғай, Құдайым.
Ондай атты күн болса,
Малың түгіл, падиша,
Жанымды құрбан қылайын.
Шыныменен айтсаң, падиша,
210 Ұзата көрме бұл істі-ай,

- Біткере көр жұмысты-ай.
 Жұрт ертерек жиналсын,
 Халқыңа бергіз дыбысты-ай.
 Ақ жолына садаға,
 Малың түгіл, падиша,
 Қазынаға кірейік,
 Шашайық алтын-күмісті-ай.
 Үмітім менің көп еді
 Ақ Тағала Құдайдан,
 220 Айтқаным саған жоқ еді.
 Жас күнімде, падиша,
 Көріп едім бір түсті-ай.
 Ұзап кетті не пайда,
 Біраз жерге жас келіп,
 Маңдай терім бүрісті-ай,
 Құйғалы жерім тырысты-ай.

Зәуреней: — Жас күнімде бір түс көріп едім. Жастықтың салдарынан саған айтқан жоқ едім. Жас алпысқа жетті, күш-қуатымыз кетті. Әр нәрсенің уақыты бітті. Бірақ сонда да түсімді айтайын, — деп толғап былай дейді:

- Жатыр едім бір күні
 Патша сенің қойныңда-ай.
 Ол уақытта жас күнім,
 230 Еш нәрсе жоқ ойымда-ай.
 Ұйықтап жатсам түсімде,
 Жүр екенмін мен өзім
 Бір ұзын жолдың бойында-ай.
 Түсейін, — деп, — сол жолға,
 Бұрдым соған мойнымды-ай.
 Сол уақытта қарасам,
 Асасы бар қолында-ай,
 Өзі Ақтың жолында-ай,
 Көк есегі астында-ай,
 240 Ақ сәлдесі басында-ай
 Сол пірадар келді де,
 О да түсті, падиша,
 Менің түскен жолыма-ай.

- Шақырып алып қасына-ай,
«Ер, — деп айтты, — соңыма-ай.
Менің ерсең соңыма-ай,
Орта жолдан асқансын,
Бір қаршыға, бір тұйғын
Қондырармын қолыңа-ай».
- 250 Сөйтіп бата берді де,
Ғайып болды пірадар.
Артынан келді бір адам,
Сол адамға айтыпшын,
Әлгімді түсім қылып.
Сонда айтты ол адам:
— Сүй деп кетсе пірадар,
Орта жастан асқансын,
Бір ұрғашы, бір еркек
Екі бала көрерсің, — деп,
- 260 О да кетті жорып-ай.
Анық-ақ еді сол түсім,
Кетпесе жеңіп сорым-ай.
Ханым менен падиша
Мұңын айтып зарласып,
Көзінің жасын тыймады-ай.
Дүниясы құрғырды
Қысылған жерде болмаса,
Беруге қимады-ай.
Бүгінгі кеулі патшаның
- 270 Тілегін Құдай бермесе,
Хан ойлайды өлерге-ай,
Дүнияны жимайды-ай.
Таң атқансын падиша,
Жар шақыртып халқына
Азаудың елін жинайды-ай.
Халық жиналды қалмастан,
Көшеге адам сыймайды-ай.
«Дұғасы қабыл болар» деп,
Кәріп пен қасар әуелі
- 280 Мүсәпірді сыйлайды-ай.
Қәдірхандай падиша
Жасы алпысқа жеткенше,

- Перзент көрмей торықты-ай,
Қабарып кеулі жабықты-ай.
Бір күні көзі жұмылса,
Астындағы тағының
Қазына толы малының,
Жұрт сұраған бағаның
Қаларын иесіз таныпты-ай.
- 290 Сол себепті падиша
Құда жолы қылыпты-ай,
Қалмай ноғай барыпты-ай,
Бір-екі күн қоныпты-ай.
Қазынадан мал алып,
Күні-түні шалыпты-ай,
Аш-арығы жарыпты-ай.
Ханым менен падиша
Жаман қатты тарықты-ай,
Мойнына бұршақ салыпты-ай.
- 300 Бұл екеуін көргенсін,
Жалаң аяқ, жалаң бас
Бұршақ салып жүргенсін,
«Тілегін бергей Құдай» деп,
Халық мүсіркеп қамықты-ай.
Қожа, молда табыпты-ай,
Бейшара мен кәріпті-ай.
Шақырған екен реттеп,
Ордасы неше толыпты-ай.
Етегіне солардың
- 310 Табақтан ділла салыпты-ай.
— Бұ да Аққа садаға,
Үш жылға шейін падиша
Кәріп пенен қасырдан
Алмайын, — депті, — салықты-ай.
Сөйтп жүріп еңіреп,
Пәтихасын алыпты-ай.
Аш-жалаңаш қаңырған,
Қайыр тілеп зар қылған
Бейшараны жібермей,
- 320 Ұдайына бағыпты-ай.
Сүйткеннен соң ақыры

- Дұғасы қабыл болыпты-ай.
Ханым менен падиша
Бата алмаққа сыбанды-ай.
Бір перзенттің зарынан
Малына тиді ылаңдай.
Қазынадан мал алып,
Көп расход шығарды-ай.
Әрбір қасқа кедейге
- 330 Алтын берді құмандай.
Былай тұрсын өлі зат,
Иіріп қойып мал берді-ай.
Жесір қатын, жетім ұл
Жетектеп кетіп барады
Тай менен тайлақ құнанды-ай.
Рас кеуілі біткенсін,
«Падишаның бер, — деп, — тілегін»
Кәріп пен қасыр еңіреп,
Көзінен аққан жаспенен
- 340 Отырған орнын су алды-ай.
Осылайша падиша
Қолын жайып дуа алды-ай.
Бейшаралар тарқады,
Қуанып қарғып құландай.
Осылай қылып падиша,
Құдайдан бала сұрады-ай.
Перзент пенен дәулеттің
Ерте-кеші жоқ екен,
Берейін десе бір Алла.
- 350 Неге десең себебі —
Жыл тәулігі болмай-ақ,
Бір күндері патшаның
Әйелі болды күмәнді-ай.
Бітетұғын баланың
Ишараты білініп,
Ханымның көңілі жұбанды-ай,
Жаман қатты қуанды-ай.
«Тілекті берді Құдай» деп,
Айтқан екен бір күні,
- 360 Қалған екен түңіліп.

- Сенбеді падиша бұған да
«Ондай атты күн қайда» деп,
Хан тарығып қамықты-ай.
Ханым айта бергенсін,
Нанар-нанбас болыпты-ай.
Сүйтіп жатып, жігіттер,
Падиша ұйықтап қалыпты-ай.
Ұйықтап кетіп түс көрді-ай,
Сүйінгендей іс көрді-ай.
- 370 Көрген түсі патшаның
Бір еңсесі биік ақ орда-ай.
Ақ ордаға кіріпті-ай,
Төр алдында құрулы
Бір алтын тақ тұр екен,
Соған барып мініпті-ай.
Отырған соң жайласып,
Бір жеті адам көлікті-ай
Ода сырттан келіпті-ай.
Тұсап тастап аттарын,
- 380 Сәлем беріп патшаға,
О да ордаға еніпті-ай.
Сәлемдесіп кідірмей,
Қол алысып болғансын,
«Қондыр, — деп, — патша қолыңа,
Аң кетпес, — деп, — алдыңнан»,
Бір қыран бүркіт беріпті-ай.
Қондырғансын қолына,
Өзіне қарап талпынып,
Падишаға елікті-ай.
- 390 «Жалғыз да, падиша,
Қосармыз оған серікті-ай», —
Пәтиха беріп, соны айтып,
Ғайып болды жетеуі.
Кәдірхандай падиша
Осындай түсті көріпті-ай.
Таң атқансын оянып,
«Ата жолдас өзімнің
Оянған соң ойлайды
Жеті пірім екен» деп.

- 400 «Әркімнен артық айбатты,
Өзімнен артық қайратты
Береді перзент екен» деп,
Падиша бұған жорыпты-ай.
Жана тағы бөрінің
Падишаның ханымы
Жүрегіне бөрінің жерікті-ай.
Түндегі түсті көргенсін,
Зәуренейдің жерігі
Бұған тұтас келгенсін,
- 410 «Береді екен Құдай» деп,
Мұғайын кеулі сеніпті-ай.
Алтын тапқан кісідей
Көңілі тасып желікті-ай.
«Жүрегіне бөрінің
Жерідім, ханым», деп еді-ай,
Қуанып патша күледі-ай.
«Береді екен Құдай» деп,
Мұғайына кеулі сенеді-ай.
«Ұзағынан бергей» деп,
- 420 Осылайша түледі-ай,
Со күні үйге түнеді-ай.
Түн ортасы болғансын,
Падиша атқа мінеді-ай,
Беліне қару іледі-ай,
Сауыттарын киеді-ай.
Бар екен екі тазысы,
Шақырып алды қасына,
Оны ізіне ертеді-ай.
Азау ноғай елі еді-ай,
- 430 Бір ноғайға сездірмей,
Елден шығып жөнелді-ай.
Кендірлі тау төбе еді-ай,
Ар жағында сол таудың
Көлденең жатқан ел еді-ай.
Ар жағында сол белдің
Жапалақ ұшпас жапан дүз,
Құладың ұшпас құла дүз,
Адам жүрмес шөл еді-ай.

- Ар жағында сол шөлдің
440 Бір жыныс қопа көл еді-ай.
Іздегені бөрі еді-ай,
Сонда бөрі көп еді-ай
Оны патша біледі-ай
Жортар атқа арасы
Ара күндік жер еді-ай.
Соған қарап бет қойып,
Тізгінін аттың түзеді-ай.
Патша қысым қылғансын,
Шабысы аттың өнеді-ай.
- 450 Ағыны қатты айуан
Тиіп кетсе тұяғы,
Қазандай тасты бөледі-ай.
Жүрісін шама қылыңдар,
Ара күндік жер еді-ай.
Сәске мезгіл болғанда
Қарасын көлдің көреді-ай.
Бесінге шейін аулапты,
Бесін уақ болғанда
Бес бөрі алып падиша,
460 Қабырғасын сөгеді-ай.
Жүрегін жарып алады-ай,
Қоржынына салады-ай.
Бесіннен төмен түскенсін,
Елге қайтып жөнөді-ай.
Түн ортасы ауғансын,
Падиша үйге келеді-ай.
Зәуренейде ұйқы жоқ,
Алдын тосып жүреді-ай.
Аттан түсіп падиша,
470 Қоржынын қолға береді-ай.
Қолына алып Зәуреней,
Ас үйіне барады-ай,
Тайқазанға салады-ай.
Жүрегіне ас батпай,
Ауырып ханым жүр еді-ай.
Жерік асы әйелдің
Кеселіне ем еді-ай.

- Көптен бері ханымның
Ас ішуі кем еді-ай.
- 480 Жерік асын жеп еді-ай,
Қанаға ханым келеді-ай.
Жерік асын жеген соң,
Жайнап кетті Зәуреней
Шамшырақ гауһар тасындай.
Кеулінде қайғы болғасын,
Бұрын енді ханымның
Оныменен хошы жоқ еді.
Құр жатқаны болмаса
Патшаның қасына-ай,
- 490 Жерік асын жегенсін,
Мейірі қанып керіліп,
Қолын салып мойнына,
Падишаға асылды-ай.
Ханым менен падиша
Ойнап-күліп айқасып,
Сүйтіп мауқы басылды-ай.
Тілегін Құдай бергенсін,
Өрі ойнап күлгенсін,
Қайғысы кетті, шашылды-ай,
- 500 Зейілі қатты ашылды-ай.
Кәдірхандай падиша
Өзінің болған шағында
Қайратын халқына асырды-ай.
Жан екен-ді Зәуреней,
Хан баласы бұ дағы.
Екеуі де ақсүйек,
Шыншыр атай асылды-ай.
Құдай беріп тілегін,
Перзент туса бұлардан,
- 510 Болмасын ба нәсілді-ай.
«Тілекті Құдай берді» деп,
Бір адамға сездірмей,
Патша мұны жасырды-ай.
Падиша сонда ойлайды:
«Мұны біреу естісе,
Халыққа қалмас шашылмай.

- «Ел құлағы елу» деп,
Онан соң қалмақ есітер деп,
Бере қойса Құдайым
520 Жаңа өспірім жас ұлды-ай.
Өзімнің жасым таянды,
Есіте қойса қалмақтар,
Ержетпей тұрып баламды,
Өлтіріп кетер жасында-ай.
Ойламасам басында,
Іс болар деп осындай»
Кәдірхандай падиша
Осы арадан шошынды-ай.
Ауыр дәулет білсе де,
530 Ізіңе еріп кетпейді.
Бұ дүниеден өтердей
Тірі де төтті дүние-ай.
Бал мен алуа, шекердей
Дүния төтті болса да,
Жалғаншыға келгесін,
Құдай перзент бермесе,
Басқа нәрсе бекер-ай.
Қайғыменен қартайған
Ханым қайта жасарды-ай.
540 Ишаратын білгеннен
Осы бала бітердей,
Іші үлкейіп білінді-ай.
Бес ай өтіп, екінші,
Алтыншы айға жетерде-ай,
«Біреу біліп сезед» деп,
Көрсетпеді ханымға-ай.
Айламенен падиша
Төленгіт, төре, нөкерді-ай,
Құсбегі мен мергенді-ай
550 Сөйтіп жүріп жасырып,
Он ай, он күн көтерді-ай.
Он ай, он күн көтеріп,
Бір күні ханым толғатты-ай.
Қатаң болып толғағы,
Шыдай алмай зар қақты-ай.

- Отырған екен бесінде,
Зарлауменен күн батты-ай,
Онда да тумай ел жатты-ай.
Ел жатқан соң ұзамай,
560 Жиілетті толғақты-ай
Ісін Құдай оңдапты-ай.
Оңдағаны емес пе,
Шамшырақ тастан салмақты-ай,
Перизаттан сымбатты-ай,
Барқыратып дауысын,
Алтын айдар ұл тапты-ай.
Өзінен басқа адам жоқ,
Бала жерге түскен соң,
«Баланы ал» деп ханымы
570 Падишаға ым қақты-ай.
Сайланып тұрған падиша
«Тұншығып бала қалар» деп,
Қағып алды қармақтай.
Енді артынан ұзамай,
Хорларға мысал түсі бар
Тұлымы күміс қыз тапты.
Өзінен басқа адам жоқ,
Кіндігін өзі кеседі-ай.
Кіндік кесіп падиша,
580 Жақын жерден мал тапты-ай.
Шомылдырды тұз салып,
Баланы орап қояды,
Жібектен қылып құндақты-ай.
Екі бала тапқан соң,
Ханым енді патшаға
Болмасын ба ардақты-ай.
Шомылдырып, тазартып,
Қайта киім кигізіп,
Ханымды патша құрғатты-ай.
590 Әйелден артық епті екен,
Зейіні зерек падиша
Білмесін бе әр бапты-ай.
Шілдеhana күзетіп,
Ұйқы көрмей түн қатты-ай.

- Отырып сүйтіп падиша
 Қайғыланып зарлапты-ай.
 Падишаның қайғысы:
 «Бала ертең жылар деп,
 Басқалар оны білер деп,
 600 Жайылып халыққа кетер деп,
 Жайылып халыққа кеткен соң,
 Есітер деп қалмақтар.
 Туғанын қалмақ естісе,
 Қабырғасын қатырмай,
 Омыртқасын өсірмей,
 Балақ жүнін бітірмей,
 Жау құралын бөктермей,
 Өлтіріп кетіп жасында,
 Шайнатар деп бармақты-ай».
- 610 Есілдерті патшаның
 Жасырып жүріп баласын,
 Ержеткізіп алмақты-ай.
 Онан басқа ойы жоқ
 Олай-бұлай жайласып
 Болғанынша таң атты-ай.
 Падиша сасып қалады,
 Ойына түсті сол шақта-ай
 Жерден қазып салдырған
 Кілтті сарай бар екен,
- 620 Баланы соған қоймаққа-ай.
 Базға барып шам жақты,
 Алып барып баланы
 Кешке шейін жылатпай,
 Ханым енді ол бақты-ай.

Патша балалы болды. Жан-жағындағы қалмақтың көп-тігінен уайым қылды. Бұған себеп патшаның қайратынан қорқып, тиіп ала алмай жүр еді. Өзі қартайып өлер деген ойы бар еді. Сол ойын біліп, «Өзім жасым үлкейді, балалы болды дегенсін, естіп келіп баламды өлтіріп кетер ме» деп патшаға қорқыныш туды. Баласын жасырып, ой ойлады.

- Кәдірхандай падишаға
Перзенттің зары өтіпті-ай.
Бергеніне Құдайдың
Көріп кеулі бітіпті-ай.
Тарығып перзент көргесін,
630 Мақсатына жетіпті-ай.
Түніменен отырған
Ұйықтайын деп падиша,
«Кіргізбе, — деп, — адамды»
Есік баққан күтуші
Басшапқа әмір етіпті-ай.
Падиша әмір еткесін,
Есікті барып бекітті-ай.
Бір адамды жуытпай,
Арызға келген қуады
640 Ақсақ пенен мертікті-ай.
Осылайша басшаптар
Есікті қатаң күтіпті-ай.
Ұйықтап кетсе Кәдірхан,
Жеті пір кеп қасына,
Отыра сала басына,
«Қайырлы болсын перзентің,
Атын қоя келдік деп,
Қызыңның аты — Ханбибі,
Ұлыңның аты — Қарабек,
650 Аттары осы болсын» деп,
Бата беріп, қол жайып,
Атын қойып кетіпті-ай.
Жатып еді ойланып,
Баланың атын қоя алмай.
Пірлер қойып кеткесін,
Қуанып патша оянды-ай.
Оянғасын падиша,
Қуантайын деді де,
Жүре берді аялдай.
660 Патша барып айтады:
— Баланың атын, Зәуреней,
Пірлер қойып кетті-ай, — деп.

- «Ұзағынан бергей» деп,
Иманды ханым ой ойлай,
Кеткен екен көп ұйықтап.
Сол уақытта шамасы
Күн батқанға таянды-ай.
Күн батқансын ас ішіп,
Тамақтанып болғансын,
670 Ішейін деп артынан
Қайнаттырып шай алды-ай.
Тамақтанып ойланды-ай,
Қанаға келіп жайланды-ай.
Болғансын жайланып,
Ханымменен кеңесіп,
Патша енді ойланды-ай.
Ойлап тапқан ақылын
Зәуренейге айтады:
— Бала барда болмас, — деп,
680 Базға сақтап баланы
Адамның көңілі тұрмас, — деп.
Көшеден әркім өтер, — деп,
Шырқырап бала жыласа,
Даусын біреу естісе,
Жайылып халыққа кетер, — деп.
Онан дағы, Зәуреней,
Кең сандыққа бір салып,
Құс ұшпаған сахараға,
Адам жүрмес далаға
690 Алып барып баланы,
Жасырып бақсақ не етер? — деп.
Сүйтіп жүріп жасырып,
Жасы онға жеткен соң,
Қашырармын алысқа.
Сонан қайтып келгенше,
Қабырғасы қатар, — деп,
Омыртқасы өсер, — деп,
Балақ жүні жетер, — деп,
Жау құралы бітер, — деп.
700 Жалғыз жүрмес онан соң,
Қасына ерер нөкер, — деп.

- Осыны мақұл көрді де,
Баланы салып сандыққа,
Жүрейін деп қозғалып,
Әмір қылды падиша:
— Сандықты, ханым, көтер, — деп.
Ата бір жауы қалмақтан
Қорыққанынан Кәдірхан,
Құдай берген баласын
- 710 Ұрлап кетіп барады-ай.
Жанды нәрсе жүрмеген,
Адам шығып көрмеген
Бір қия тау бар екен
Шәһарға жақын шамасы,
Біледі екен падиша.
Бауырынан сол таудың
Бір тас кеуек табады-ай.
Әйелі менен баласын
- 720 Түнде апарып падиша,
Сол кеуекке салады-ай.
Отырғанша жайланып,
Таң сарғайып жарады-ай.
«Таң атқан соң болмас деп,
Біреу біліп сезер» деп,
Падиша қайтып келеді.
Үйіне қайтып келгенсін,
Қашаннан бері падишам
Жегені қайғы, сөна еді-ай.
- 730 Қайғы үстіне қайтадан
Тағы қайғым жамады-ай.
Жамағанның себебі —
Бір адам жоқ қасында-ай,
Әйелі қалды далады-ай.
Тас кезекке қамады-ай,
Ханым жалғыз қалады-ай,
Осыны қайғы қылады-ай.
Не қыларын білмейді,
Падиша ойлап қарады-ай,
Ойлап ақыл табады-ай.
- 740 Ойлап тапқан ақылы

- Сағиден атты ақылды
Уәзірі бар екен
Көңілі жақын басқадан,
Шақырып оны алады-ай.
Оңашаға шығарып,
Бастан-аяқ мәнісін
Бұған баян қылады-ай.
«Рас па?» деп падишадан,
Уәзір қайта сұрады-ай.
- 750 Растығын білгенсін,
Қол қусырып уәзір,
Орнынан тұрады-ай.
«Шыныменен тілесе,
Береді екен пендеге» деп,
Құдайға шүкір қылады-ай.
«Қайырлы болсын, падиша» деп,
Тілектес екен қашаннан,
Қуанғаннан уәзір
Бұл қамығып жылады-ай.
- 760 Кәдірханның осы жолы
Бұл ақылы жарады-ай.
Патша түнде барады-ай,
Уәзірі күндіз барады-ай.
Осы ақылы көңіліне
Падишаның қатты қонады-ай.
Соныменен білдірмей,
Жасырып он жыл бағады-ай.
Он жылға шейін білдірмей,
Баласын халықтан ұрлайды-ай.
- 770 Он жасына келген соң,
Жасыруға болмайды-ай.
Қолды-аяққа тұрмайды-ай,
Далаға қашып зырлайды-ай.
«Кетпе» деген сөзіне
Жүдө құлақ бұрмайды-ай.
Зәуренейдің айтқанын
Күннен-күнге қылмайды-ай.
Тіл алмаса нағылсын,
Сағынып көрген баласын

- 780 Оныменен ханым ұрмайды-ай.
Соныменен бір күні
Қалаға қашып келеді.
Бұрын шөһар көрмеген,
Еліріп бала жүреді-ай.
Көшедегі көп адам
Бөрі тегіс көреді-ай.
«Түрі басқа бір бала
Бұл қай жақтан келді» деп,
Тамаша қылып қалмайды,
- 790 Халық ізінен ереді-ай.
Ортаға алып жиылып,
Жөнін сұрап баланың,
«Кім боласың?» деп еді-ай,
Жасырмады онда ол:
— Әкемнің аты — Кәдірхан,
Мен — Қарабек, — деп еді-ай,
Оған адам сенбеді-ай.
«Пері шығар бұл? деді,
Кәдірханнан перзент жоқ,
- 800 Мұның өзі кім?» деді,
Жасырудан кеткесін,
Ханым да үйге келеді-ай.
Сол уақытта уәзірі
Баланың келіп қасына:
— Бұл падишаның баласы —
Қарабек төре осы, — деп,
Халыққа баян қылады-ай.
Сол жиналған ноғайлы
- 810 Айтқаннан соң уәзірі,
Азар сонда нанады-ай.
Халыққа анық болған соң,
Енді падиша қорқады-ай.
Аққұла ат деген тұлпарын
Алып келіп мінгізіп,
Алып қашып жөнелді-ай.
Қашаннан бері кеуілі
Алыстағы шөр еді-ай.
Екі арасы сол шөрдің

- 820 Қырық күншілік жер еді-ай,
Он бес күндік шөл еді-ай.
Алып барып сол шөрдің
Бір молдасына береді-ай.

Бала онда жата берсін, ендігі сөзді елде қалған Ханбибіден естіңіздер. Кәдірхан дұшпанның көптігінен баласын үйде сақтап отыра алмай, бір тұлпар аты бар еді, соны мінгізіп бір шөрге апарып молдаға берді оқу оқып, білім алсын деп, һәм тасалап жүрді қабырғасы қатсын деп. Осыны ойлап апарып тастап қайтты.

- Баласы онда кеткесін,
Қызы мұнда қалады-ай.
Ханым менен падишаның
Ермек қылып Ханбибі
Сүйюіне жарады-ай.
Сүйтіп жүріп Ханбибі
- 830 Он екі жасқа келгенде,
Қанаға келіп толады-ай.
Бойжеткен қыздың біржола
Салтанатын құрады-ай.
Жаз болса мініп Ханбибі
Пәуескелі алтын арбаға,
Қыс айында мінгені
Күймелі күміс шана-ды-ай,
Кигені барқыт қамқа-ды-ай.
Салтанат түзеп мастықпен
- 840 Сейілге шығып жетіде,
Көше аралап алады-ай.
Көшеге шығып Ханбибі,
Жүрген күні сарайды-ай
Бұзылып кетіп базары,
Адам қалмай далада-ай,
Ханбибіге қарады-ай.
Мойыны алманың сабындай,
Беті гүл-гүл жайнады-ай.
Халық қараған себебі:
- 850 Ажарына исініп,

- Сүймей-құшпай әшейін,
Көргеннің мейірі қанады-ай.
Кәрі-құртаң болмаса,
Жігіттер көрсе есіріп,
Ауытқып естен танады-ай.
Ханның қызы болғансын,
Айтатұғын амал жоқ.
Дидарын көрген жігіттің
Талайы ғашық болады-ай.
- 860 Пар келмейді біреуі,
Талай сұлу бар еді-ай
Азау деген қалада.
Шәһар халық шулады-ай,
Шақ келмесе перизат
Жан тумас, — деп, — пендеден
Ханбибі атты баладай.
Сұлулығы артылып,
Жылдан-жылға үлгеріп,
Шашылып даңқы барады-ай.
- 870 Осы күнде падиша
Деп жүр еді бойыма
Ішкен асым тарады-ай.
Тарағаны құрысын,
Қыз осындай болған соң,
Тағы уайым қылады-ай.
Уайым қылмай ноғайын
Ханбибі атты арудың
Сұлулығы артылды.
Артылғаны емес пе,
- 880 Ту сыртына қарасаң,
Нардан туған үлектей.
Келбетіне қарасаң,
Келептеген жібектей.
Шама қылсаң ақылын,
Қойнау қара түбектей.
Шашын дөнданменен тараған,
Бектер мінген бедеудей
Бауырынан жараған,
Басына доланасын ораған.

- 890 Бет-ажарын қарасаң,
Ертеңгі түскен сағымдай.
Ет ажарын байқасаң,
Қабығынан айырған
Жарма бір бидай ақ ұндай.
Көз жіберсең сыртынан,
Ақбөкеннің таңындай.
Мойыны алманың сабындай,
Ақ бетінің ажары
Қарды айдаған дауылдай.
- 900 Исі аңқыған бір сұлу
Піскен сары қауындай.
Беденіне қарасаң,
Бейне нұрдың тауындай.
Шашын мысал байқасаң,
Күлтеленіп бітіпті
Қызыл шекпен бауындай.
Түтікпенен су ішкен,
Түндікпенен күн көрген,
Аш маралдай керілген,
- 910 Бір басуға ерінген.
Ішкен асы бұлтылдап
Тамағынан көрінген.
Қасы саржадай керілген,
Кірпігі оқтай тігілген,
Бұралып белі бүгілген,
Қараған кісі үңілген.
Көрген жігіт bedenін
«Болмады, — деп, — осындай»
Әйелінен түңілген.
- 920 Орта бойлы, нұр жүзді-ай,
Бидай өңді, қой көзді-ай,
Шекер, шырын, бал сөзді-ай.
Алма мойын, аршын төс,
Күйкенең көз, қалам қас.
Көрген кісі дидарын
Хор қызына балаған.
Айтатұғын орны бар,
Кеткен сұлу қанадан.

- Қанша сұлу болғанмен,
930 Пенде көрген зат емес,
Асып кеткен шамадан.
Ал беліне қарасаң,
Деңментпенен буғандай.
Ал бетіне қарасаң,
Бұлтпенен жуғандай.
Мойнына қарасаң,
Алтыннан соққан құмғандай.
Ал шашына қарасаң,
Бестен талдап буғандай.
- 940 Келбетіне қарасаң,
Алтайы қызыл түлкідей.
Шыңайт таудан көрінген
Ақсұңқар құс қуғандай.
Сұлулыққа бұл қызға
Халыққа тақпайды тұрманды-ай.
Осындай қызға қосылса,
Жігіттің жаны құрбан-ды-ай.
Ес кетеді жігіттен
Бетіне қарап тұрғандай.
- 950 Қызы сондай болғансын,
Қалмақтан тағы қорқады-ай
Кәдірхан қасқа сормаңдай.
Падиша қорқып ойлайды:
«Жылдан-жылға қызымның
Шашылып даңқы кетер деп.
Қызы артық сұлу деп,
Қалмаққа хабар жетер деп.
Қалмақ мұны естісе,
Ауыр әскер қолменен
- 960 Аламын деп қызымды,
Мұнда аттаныс етер деп.
Қол үстіне келгенсін,
«Бермеймін, — деп, — қалмаққа,
Балам ұрыс етер деп.
Ноғайдың жайы белгілі,
Көмек берер адам жоқ.
Күнім өтті өзімнің,

- Қабырғасы қатпаған,
Омыртқасы өспеген,
970 Балақ жүні жетпеген,
Жас баланың жығынға
Нағылып әлі жетер деп.
Кеселінен қызымның
Жалғызымды сорлатып,
Өлтіріп қалмақ кетер деп,
Қорлығы сүйіп өтер деп.
Жаудың келер бетіне,
Елдің қия шетіне
Алтын есік күймемен,
980 Кесте тігер инемен,
Ауыр әскер дүниемен
Жалғызым үшін қызыңды
Қондырып қойсам не етер деп.
Жау да болса мұны алсын,
Ел де болса мұны алсын,
Тілеп алған жалғызым
Есен-аман сау қалсын».
Мұны айтса да падиша
Ішінен шыққан баласы
990 Тағы қызын қимайды-ай.
«Қалмақ алсын келсе» деп,
Қондырғаны жолына
Жана тағы мұнысы
Падишалыққа сыймайды-ай.
Не қыларын біле алмай,
Пұшайман жеп тарығып,
Көзінің жасын тыймайды-ай.
Қайғыменен падиша
Өзін-өзі қинайды-ай.
1000 «Қимағаным болмас» деп
Тағы мұны ойлайды-ай.
«Бұ секілді сұлудың
Дабысы қайда бармас деп.
Есіткенсін дабысын,
Кімдер ашық болмас деп.
Әркім ашық болған соң,

- Мұның арты оңбас деп.
Құдай нашар қылғансын,
Өмір серік ақыры
- 1010 Өзіме жолдас болмас деп.
Үйге сақтап отырсам,
Ашық болған дұшпанмен
Өрелі отым жанбас деп.
Жалғызыма ақыры
Қырсық болмай қалмас деп.
Бала дағы бір өлген,
Мұныменен болмас деп.
Алған кісі алсын деп,
Ұрыспа десем бола ма,
- 1020 Құлағына қанбас деп,
Балам тілімді алмас деп.
Жазым болар жасында
Тілеп алған жалғызым.
Қондырмасам болмас» деп,
Қайғыланды падиша.
«Түсем бе, — деп, — мен отқа,
Білдірмеді еш жұртқа.
Алтын есік күймемен,
Кесте тігер инемен,
- 1030 Ауыр әскер дүниемен,
Қызметін қылсын деп,
Екі шора күңменен
Жаудың келер бетіне,
Елдің қиыр шетіне
Ханбибіні қондырды.
Азаудағы ноғайдан
Бір шіріген жұмыртқа.

Кәдірхан қызымның балама кесірі тиеді деп, елдің қия шетіне, жаудың келер бетіне Ханбибіні қондырды қызметкер екі күңіменен. Бұл қонып отыра берсін, ендігі сөзді молдада оқып жатқан Қарабектен есітіңдер.

Сонымен бір күні
Қыз да он беске келеді.

- 1040 Оқып жатқан о жақта
Ұл да он беске келеді.
Он бес жасқа келген соң,
Ұйықтап жатып Қарабек,
Бір жаман түс көреді-ай.
Шошып кетіп Қарабек,
Молдасына жөнелді-ай.
Жүгірумен келеді,
Мешітке келіп енеді-ай.
Қол қусырып ибамен,
- 1050 Молдаға сәлем береді-ай.
Сәлемін беріп болғансын,
Дізесін басып отырып,
Аузын сөзге толтырып,
Қарабек сөйлей береді-ай.
Сөйлегенде бүй дейді-ай:
— Молдеке, сізге айтайын,
Бүгін түнде түс көрдім,
Әжептәуір іс көрдім.
Ер басына күш көрдім,
- 1060 Қанжығада бас көрдім.
Жан қиналып қысылып,
Ішілмей тұрған ас көрдім.
Кейінгі қалған халқымды
Бір дұшпанмен қас көрдім.
Ерте тұрып келгенім
Түсімнен қорқып не іс көрдім.
Көрген түсім, молдеке,
Сізге баян қылайын.
Құбыладан тұрды да,
- 1070 Бір қызыл жел қаптады-ай.
«Жан қалмас, — деп, — бұл желден»,
Жұрттың бәрі қақсады-ай.
Қаптауменен барды да,
Біздің үйге тоқтады-ай.
Қиратып кетті шәрімді,
Қыдырып жүріп бұл балаң,
Сау шаңырақ таппады-ай.
Сүйтіп сүрен аттады-ай,

- Молдеке, маған жақпады-ай,
1080 Жоры, — деді, — түсімді-ай
Балаң қатты қысылды-ай.
Осы түстен, молдеке,
Тартып тұрмын ішімді-ай.
Бірақ, енді, молдеке,
Жақсыға жоры түсімді-ай.
Қабыл болып дуаңыз,
Оңғарар ма екен ісімді-ай.
Сонда молда айтады:
— Алыстан келген төре едің
1090 Бейне жылдың құсындай.
Көргенімде-ақ басында,
Бекер бала емес, — деп,
Тартып едім ішімді-ай.
Келбетің келіп тұрған соң,
Ерге лайық пішімді-ай,
Шамалап қуат-күшіңді-ай.
Онан бермен келген соң,
Сыртыңнан баққан жеті пір
Және көрдім кісіңді-ай.
1100 Шыбын жаның сау күнде,
Ешкім қылмыс қысымды-ай,
Дұшпаның құртпас пысыңды-ай,
Алла оңғарса ісіңді-ай.
Қаптаған қызыл жел көрсең,
Аттанайық деп жүрген
Алыстағы дұшпанның
Сөзі шығар гулеген.
Шәрімді бұзып кетті, — деп,
Онан қорқып қысылма-ай,
1110 Көкірегің желігіп,
Келген екен қайтуға,
Молдаң оған түсінді-ай.
Қайтамын десең ұлықсат
Барғаннан соң аулыңа,
Ата-ана жорыр түсің-ай.
Ұлысат қылды молдасы,
Қайтса жалғыз қайтады-ай,

- Қасында жоқ жолдасы-ай.
Қалғаннан жалғыз өз басы,
1120 «Жалғыздың жары Құдай деп,
Жар болса Алласы-ай».
Түндегі түсті көргенсін,
Тимеді жерге жанбасы-ай.
Тоқтамады кеуілі,
Ауылға қайтып бармай-ай.
— Қайтсаң, балам, қайт — деді,
Ұлықсат қылды молда аға-ай.
Жүруге төре ойланды,
Сапарын Құдай оңғарса,
1130 Бала қайтпай нағылсын.
Түсінде көрген қызыл жел
Азаудағы ноғайдың
Шаңырағын уаты-ай!
Қорыққаннан жорытып,
Молдаға келіп сынатты-ай.
«Алыстағы дұшпан» деп,
Молда кеулін жұбатты-ай.
Нағылса да Қарабек
Қайтқанды кеулі ұнатты-ай.
1140 Жас болса да ер төре
Қатардан артық қуатты-ай.
Орнынан тұрып жөнелді,
«Іздейін, — деп, — Құла атты-ай.
Жүреді екен жануар
Жалғыз оттап бір тауда.
Қасына барып сол таудың,
Салып еді құрайтты-ай,
Естіп даусын жануар,
Таудан шауып құлапты-ай.
1150 Ат деген ерге қанатты-ай,
Жан серігі жалғыз ат
Келіп еді қасына,
Түндегі түсті көрген ер,
Халық сағынып жүрген ер
Аршын басты Құла аттың
Құшақтап мойнын жылапты-ай.

- Аршын басты Құла аттың
Жылап болып Қарабек,
Басына жүген ұрады-ай.
- 1160 Мініп алып үстіне,
Шәріге мойнын бұрады-ай.
Қайтып келіп мешітке,
Алып келген ауылдан
Расходтың қалғанын
Жартысын беріп молдаға,
Ендігі қалған жартысын
Кәріп пенен қасарға
Құда жолы қылады-ай.
Таныс болған адамның
- 1170 Бәрі келіп жиылып,
Қатар келіп тұрады-ай.
Сол уақытта Қарабек
Қайтамын деп қоштасып,
Ұлықсат халықтан сұрады-ай.
Қайтамын деп айтқансын,
Қарабекті қия алмай,
Бірге оқыған замандас
Құрбылары жылады-ай.
«Қайтсаң, енді, сау бол» деп,
- 1180 Халықтың бәрі төренің
Тілегінде болады-ай.
Соныменен кідіріп
Сәскеге шейін тұрады-ай.
Ұлы сәске болғанда,
Шәріден сонда шығады
Астындағы Құла да-ай.
Шыққан соң шәріден,
Жау малындай болады-ай.
Күн тимеген сауыр ғой,
- 1190 Он алты өрме қамшымен
Үсті-үстіне ұрады-ай.
Тынық жүрген қашаннан
Ұрса да Құла ат шаппады-ай.
Толып жатқан шабысын
Тер шыққанша сақтады-ай.

- «Сүйегі қызсын аттың» деп,
Қырық күншілік жер еді,
Онбес күндік шөл еді,
«Азаудағы қалаға
1200 Осы кешке жеткер» деп,
Астындағы Құланы
Жол-жөнекей мақтады-ай,
Мақтағанда бүй деді-ай:
— Аршын басты Аққұла-ай,
Сен құлында тай емдің,
Құнанында арда емдің.
Дөненіңде үйреттім,
Бес жасыңа келгенде,
Белің жуан болсын, — деп,
1210 Бес бедеуге салдырып,
Жібектен арқан сүйреттім.
Алты жаста ақтаттым,
Аттай мұрның танаттым.
Алшаңдатып ойнаттым,
Арпа, бидай асаттым.
Жеті жасқа келгенде,
Түнгі күнге күйер, — деп,
Тас қорғанда сақтаттым.
Ебейдей төсің салынып,
1220 Жайқалып тұрған көк майса
Оттап жұлып алмадың,
Күн-түн қатса ылғадың.
Қудай мойның бұлғадың,
Қыдыра жал, қыл құйрық
Бір жылқыдан қалмадың.
Ауызыңа қарасам,
Ағып жатқан дариядай.
Танауыңа қарасам,
Тауға біткен жырадай.
1230 Көзіңе сенің қарасам,
Толтырып көмген ұрадай.
Ысырапылдың қызыл жел
Қарсы алдыңнан тұрады-ай,
Таңлағың тарса бұрады-ай,

- Хан иең қысым қылады-ай.
Бастарына іс бітсе,
«Жалғзыым қайда кетті деп,
Азар-қорлық жетті» деп,
Әр төбенің басында
Атамыз бен анамыз
- 1240 Шығып қарап тұрады-ай.
Сол уақытта Құла аттың
Сүйегі қызып шамасы,
Айуан құлаш ұрады-ай.
Енді ат мақтауы жеткенсін,
Сүйегіне өткенсін,
Тау менен тасқа шатылды-ай,
Шыныменен қатылды-ай,
Төре қысты тақымды-ай.
Он алты өрме қамшыны
- 1250 Толғап қолға алғанда-ай,
Орай санға салғанда-ай
Тұяқтан ұшқан тозаңы
Атылған мылтық оғындай.
«Шүү» дегенде атылды-ай,
Салғанда Құла ат құлашты-ай.
Секіргенде айуан
Жер танабы тартылды-ай.
Енді Азаудың қаласы
Алыс та болса жақынды-ай.
- 1260 Қызғаннан соң Құла аттың
Басын жолға салады-ай,
Құбылып ойнап барады-ай,
Құбылып ойнап жер басты-ай.
Әуеде ұшқан қоңыр қаз
Тозаңынан адасты-ай.
Ауыздықпенен қарысты-ай,
Басыменен алысты-ай,
Айуан екен шабысты-ай.
Осындай жүйрік тұлпар ат
- 1270 Қылады жуық алысты-ай.
Құлағы қиған қамыстай,
Үстіне мінген ер жігіт

- Берер ме жауға намысты-ай.
Қыза-қыза Құла ат
Бұлдырықтай пысылдап,
Басын салып қырындап,
Атқан оқтай зырылдап,
Жауған күндей күркіреп,
1280 Құлақтан аққан қара тер
Жаңбырдай жерге сіркіреп,
Кекілімен көк тіреп,
Табанымен жер тіреп,
Құбы үйректей құнысып,
Аққан судай жылысып,
Ор текедей ойнайды-ай,
Бөрідей болып жайнайды-ай,
Ауыздығын шайнайды-ай.
Құлан мен киік қашса да,
Еркі алдына қоймайды-ай.
- 1290 Азаудағы қалаға
Осы кешке қонаға
Жетермін деп ойлайды-ай.
Ойламай ақыр нағылсын,
Жол-жөнекей Қарабек
Қамшыменен ұрады-ай.
Қоңыр қаз бенен торғайдай
Аршын басты Құла ат
Әрбір жерде желпініп,
Шабысын қойып желеді-ай.
- 1300 Желгені де Құла аттың
Шабыстан зият өнеді-ай.
Тұяғы қызып кеткенде,
Көлденең жатқан көк тасқа
Қашасынан өнеді-ай.
Қарсақ жортпас қара ойдан
Қаптыра өтіп жөнелді-ай.
Түлкі жортпас түлейден
Мұнан да өтіп жөнелді-ай.
Қан сасыған қара ойдан,
- 1310 Сазан шығар сары ойдан,
Мұнан да өтіп жөнелді-ай.

- Барлы-барлы барлы тау,
Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған қара тау,
Хан жайлаған биік тау,
Түйе мойнақ иір тау,
Қыз емшекті сүйір тау
Мұнан да өтіп жөнелді-ай.
Сыпсың біткен қарағай,
1320 Текілікті терең сай,
Қақпақтылы қара сай
Екеуінен зырлатып
Бір сағатта өтеді-ай.
Жер торатқан күндік жер
Екі сайдың арасы-ай.
Рас бола осы сөз,
Сол уақытта Аққұла ат
Ұшқан шығар шамасы-ай.
Зырлатумен келеді
1330 Биік таудың басынан,
Адырлы таудың қасынан.
Дұшпаннан қорқып Кәдірхан
Мұнша жерге асырған.
Қорыққанынан дұшпаннан
Молдаға берді жасынан.
Оқып жатқан Қарабек
Он бес жасқа шыққан соң,
Көрген түстен шошынған,
Бұ себепті қысылған.
1340 Астындағы Аққұла ат
Төрт аяғын ұсынған.
Жермен шапса жетер ме
Қырық күншілік шәріге?
Жәрдем беріп Құла атқа
Періштелер ұшырған.
Ол төбе мен бұл төбе,
Бауыры шұбар гүл төбе
Мұнан да өтіп келеді-ай.
Тобылғы біткен құмайтан,
1350 Бүйір құм біткен шыңайттан

- Мұнан да өтіп жөнелді-ай,
Әмпей-төмпей бес көлден,
Бекіре ойнар қос көлден
Онан да өтіп жөнелді-ай.
Қосшының Қоқи көлі еді,
Мұнан да өтіп жөнелді-ай.
Қияқтың қызыл құм
Қия басып келеді-ай.
Бөктергеннің Қара тау
1360 Бөктергілеп жөнелді-ай.
Тобылғылы жыралар,
Биік біткен нұралар,
Бауырында бұлағы-ай
Кендірлінің тауы еді,
Мұнан да өтіп жөнелді-ай.
Кендірлінің ар жағы
Азау ноғай елі еді.
Кендірліден асқансын,
Ел қарасын көреді-ай.
1370 Шыққан жері төренің
Қырық күншілік жер еді-ай,
Он бес күндей жер еді-ай.
Сонда дағы Аққұла ат
Босанбастан келеді-ай.
Түн ортасы болғанда,
Азаудағы қаланы
Айуан енді Аққұла ат
Тұмсығымен тіреді-ай.
Шөрге келіп жеткенін
1380 Тоқтағанда біледі-ай.
Қапаланып жол шегіп,
Ертеде өткен ерлердің
Тарықсыған нешесі-ай.
Осылайша келеді-ай
Ескі сөздің көшесі-ай.
Өтірік-ырас болса да,
Осылайша айтады
Жыраулардың нешесі-ай.
Қарабек келген уақытта,

- 1390 Ханым менен падиша
Отыр екен шай ішіп,
Қолында алтын кесесі-ай.
Былайғы аттай болсын ба,
Дүбірі шығып тұлпардың,
Құлағы шалып есітіп,
«Жалғызым ба келген» деп,
Жүгіре шықты шешесі-ай.
Дүбіріменен атының
Жүгіре шықты атасы-ай.
- 1400 Аттан түсіп тұр екен,
Қарсы жүрді баласы-ай.
— Жалғызым ба едің келген? — деп,
Жазылып кетті құлашы-ай.
Құлашын жазбай не қылсын,
Көрмегелі жалғызын
Бес жыл болды арасы-ай.
Қарағы есен-сау келіп,
Қабыл болды тобасы-ай.
Сағынғаннан Зәуреней,
- 1410 Баласын сүйіп жылады-ай.
Жақында тұрған адамдар
Жылай жатқан дауысын
Есіткен, білем, шамасы-ай.
«Төре келген екен» деп,
Біріне барып бірі айтып,
Күңіреніп кетісті-ай,
Азаудың біліп қаласы-ай.
Ел басшысы бір жігіт,
Осы орын болмаса,
- 1420 Ноғайдың жайы белгілі
Дұшпан келсе Қарабек
Ноғайдың қалың қорасы-ай,
Әуеден жауып бораса-ай.
Жел жағының панасы-ай,
Ық жағының қаласы-ай.
Қуанар халықтың орны боп,
Кеуілінде болса санасы-ай.
Жиналып адам толыпты,

- Қарабек төре қараса-ай.
1430 — Қарағым, есен келдің бе, — деп,
Қуанғаннан жыласып,
Көзінен ағып сорасы-ай.
Қарабек есен келген соң,
Ноғайға болды тамаша-ай.
Шешесі сүйіп құшақтап,
Мауқын басып болғансын,
Қарабек халыққа айтады:
— Жандарың есен-сау ма? — деп,
Халықтарың тиыштық жай ма? — деп,
1440 Осыны айтып болғансын,
Шешесінен сұрады-ай:
— Жұрттың бәрі келгенде,
Көрінбеді көзіме
Ханбибіжан қайда? — деп.
Сасып қалды Зәуреней,
Былайша жауап қайырды:
— Келгеніңді білген жоқ,
Бір ауылда, шырағым,
Отыр еді тойда деп.
1450 Қарабек сонда айтады:
— Онда кісі жіберіп,
Шапсаң алдыр, шешеке,
Жалғыз сағат қойма, — деп.
Өзің қандай сағындың,
Егізімді бір туған
Мен де сондай сағындым,
Оны бір, шеше, ойла, — деп.
Сүйдеді де Қарабек,
Енді ордаға енеді.
1460 Атасына Қарабек
Кіріп сәлем береді-ай.
Орнынан тұрып падиша,
Қарабекті құшақтап,
Бетінен жылап сүйеді-ай.
Құшақтап бетін сүйген соң,
Бойы балқып иеді-ай.
Сүйтіп тұрып айтады:

- Құдайдан сұрап алғаным,
Аман-есен келдің бе?
- 1470 Күш-қуатым, дәрменім,
Қартайғанда қорғаным,
Шыныменен бергенін
Жаңа білдім Алланың.
Сені есен көрген соң,
Әзір өліп кетсем де,
Болсын ба енді арманым?!
Халқың менен тағыңды,
Қазына толы малыңды,
Шырағым, енді қолыңа ал!
- 1480 Енді менің болғаным,
Тірі көрсет, — деп едім,
Құдай тірі көрсетті.
Білмейсің бе өкеңнің
Қартайып істен қалғанын.
Амандасып халқымен
Болғаннан соң жайласып,
Отыруға Қарабек
От басына барады-ай,
Астына мамық салады-ай.
- 1490 Әкесінің айтқаны
Қарабек атты төренің
Кеуіліне ұнады-ай.
Сол уақытта Зәуреней
Баласына қарады-ай,
Ажарын қарап сынады-ай.
Сынап еді баласын,
Реңі кеткен, түсі жоқ,
Қаны қашып кетіпті.
Шошып кетіп Зәуреней,
- 1500 Қамығып тағы жылады-ай.
Айналайын, жалғызым,
Мұнша түсің қашқаны,
Ханнан қорлық көрдің бе,
Биден зорлық көрдің бе?
Би есігін сақтаған
Құлдан қорлық көрдің бе?

- Жалғыз өзің болған соң,
Елден қорлық көрдің бе?
Не болмаса бір теңдесің
- 1510 Ерден қорлық көрдің бе?
Атың жүрмей жаяулап,
Шөлдеп қорлық көрдің бе?
Айтшы, балам, жасырмай,
Қорлық көріп келдің бе?
Ажарыңды байқадым,
Сен бір мықты іс көрдің,
Немесе жаман түс көрдің,
Біліп тұрмын мен дейді-ай,
Кідірмей айтшы сен дейді-ай.
- 1520 Сүйтіп тұрып ханымның
Көзінің жасы көлдейді-ай.
Қарабек сонда айтады:
— Білдің, ана, айтасың,
Молдада жатып түс көрдім,
Әжептәір іс көрдім,
Ер басына күш көрдім.
Түсімнің қашып келгені
Түсімнен қорқып нүс көрдім.
Осы Азау шәрімді
- 1530 Бір дұшпанмен қас көрдім.
Қас деп қорыққан себебім —
Ұйықтап жатқан жерімді
Бір қызыл жел қаптады-ай.
«Жан қалмас, — деп, — бұл желден»,
Тұрған адам мақтады-ай.
Қаптауменен келді де,
Тік шәріде тоқтады-ай.
Қиратып кетіп шәрімді,
Бүкіл ноғай елінен
- 1540 Қыдырып жүріп бұл балаң
Бір сау шаңырақ таппады-ай,
Сонан соң маған жақпады-ай.
Орны құрып шәрімнің
Қалған шығар деп едім,
Есен көріп қауышып,

- Қайта Құдай сақтады-ай,
Осыған балаң қысылды-ай.
Жорышы, шеше, түсімді-ай,
Жақсыға жоры ішімді-ай?!
- 1550 Қорыққанымнан бұл түстен
Тартып едім ісімді-ай.
Есендікпен сен, — деді-ай,
Жұдайымда жоқ еді-ай,
Көрермін деген осындай.
Сонда ханым айтады-ай:
— Жориын, балам, түсінді-ай,
Түсінде көрген ісінді-ай.
Шошынғаның бұл болса,
Бұ түсіңнен шошынба-ай.
- 1560 Енді айтайын, шырағым,
Мұнан қорқып қысылма-ай.
Күніменен айта алмай,
Отыр едім жасырып,
Сені бұлай, жалғызым,
Жіберген соң қашырып.
Тілімді алмай Ханбибім
Мастық құрып сал болды-ай,
Ақылым айран дал болды-ай.
«Падишаның қызы сондай» деп,
- 1570 Дабысы кетті шашылып.
Жүдә бейбақ күйледі,
Көрінгенге асылып.
Сүйтіп жүріп дұшпанмен
Кеулі кетсе қосылып,
Балама зәбір қылар, — деп,
Өкең қасқа шошынып,
Жіберді қызын асырып,
Сен кеткен соң о жаққа-ай.
Тілімізді алмады-ай,
- 1580 Кетті бейбақ еркіне-ай.
Осы шәрдің адамы
Еріп кетті көтіне-ай.
Сондай бейбақ болған соң,
Шыдамадық дертіне-ай.

- «Жалғызым күйіп кетер деп,
Мұның жаққан өртіне-ай.
Жау да болса, мұны алсын,
Ел де болса, мұны алсын,
Жалғызым сен-сау қалсын» деп,
1590 Апарып әкең қондырды,
Қасында екі жетімі
Жаудың келер бетіне-ай,
Елдің қиыр шетінде-ай.
Қаптаған қызыл жел көрсең,
Дабысы жетіп қалмаққа-ай,
Қарындасыңды алмаққа-ай.
Қызыл желдей қаптаған
Қыл жалаулы қалмақтан
Ауыр әскер қол шығып,
1600 Бермен қаптап жүргенді-ай,
Жақын жерде жүргенде-ай,
Бермен қаптап келгенді-ай.
Ұйықтап жатып түсінде-ай,
Соны көзің көргенді-ай.
Шырағым, оған желденбе-ай,
Шошынған түсің осыма-ай?
Осы болса, шырағым,
Бұл түсіңнен шошыма-ай!
Сол жақтан алып кетсін, — деп,
1610 Сенен қорқып қондырдық,
Жуи көрме қасына-ай.
Егерде барсаң қасына-ай,
Қырсық болар басыңа.
Қабырғаң қатып сен әлі
Жеткенің жоқ жасыңа-ай.
Біз білеміз, шырағым,
Көмегің жоқ екінші
Бұ ноғайдан бір адам
Ермейді, балам, қасыңа-ай.
1620 Егер тілімді алмасаң,
Келмей қалмас осым-ай.
Сен ол жақта жүргенде,
Қарағым есен келді, — деп,

- Күні-түні қайғылап,
Ағарды тұлым шашым-ай.
Сені есен көрген соң,
Кеуліміз отыр тасып-ай.
Қуанып тасқан кеуілді
Тағы кетпе басып-ай.
- 1630 Кетемін десең шыныңмен,
Ата-анаңды көміп кет,
Қолыңнан беріп асын-ай.
Есен-аман сау келсең,
Бата оқырсың басына-ай.
Белгі қылып үйіп кет,
Кендірлі таудың тасын-ай.
Қарабек сонда айтады:
— Айтқаныңа иланып,
Отыр едім күнімен.
- 1640 Осы сөзді, ай, шеше,
Айтамысың шынымен?!
Шынымен айтсаң кетейін,
Егізіме жетейін,
Жүріп барып түнімен.
Осы екен ғой көргенім,
Осыдан қорқып келгенім.
Шыбын жаным сау күнде
Қарағымды жарамас
Қалмаққа ұстап бергенім.
- 1650 Оны беріп көпірге,
Жарамас тірі жүргенім,
Өйтіп дәурен сүргенім,
Мұнан да жақсы өлгенім.
Лайқат емес басыма
Қалмаққа беріп қаламды,
Тең құрбымен күлгенім.
Нағылайын, ата-анам,
Осы болса білгенің?!
Қанша бейбақ болса да,
- 1660 Жаман екен түрлерің.
«Кесілсін, — деп, — тілеуің,
Ата-анашым қарғапты-ай.

- Жүрейін деп қозғалып,
Киюге киім қамдапты-ай.
Тоқтайтұғын ойы жоқ,
Есідерті-кеуілі
Ханбибіге бармақты-ай.
Өзінен бұрын алардай,
Қырып тастап қалмақты-ай.
1670 Өлемін деген ойы жоқ,
Қарындасын алмақты-ай.
Жүрейін деп қозғалса,
— Іздеме, — деп, — бейбақты,
Ата-анасы зар қақты-ай.
Ойыншық екен әшейін
Бұрынғы қайғы-уайым.
Падиша менен ханымға
Осы болды салмақты-ай.
1680 Тілін алмай баласы,
Ханым менен падиша
Кетерін енді біледі-ай.
Бір көруге зар болып,
Ата-анасы жүреді-ай.
— Айналайын, жалғызым,
Тым болмаса қонып кет,
Бүгін қонақ болып кет, — деп,
Баласынан тіледі-ай.
Тоқтайтұғын ойы жоқ,
Ата-анасын қия алмай,
1690 Амалсыздан түнеді-ай.
Енді ханым бейшара
Түрлі тамақ береді-ай.
Араға қосқан бал берді-ай,
Қия кескен жал берді-ай,
Майға салған нан берді-ай,
Әрбір түрлі дәм берді-ай.
Тауысып бірін ішпеді-ай,
Тегі дөмін татады-ай.
Нағылып ішсін тауысып,
1700 Үйректің жүні өтесі,
Қардың жүні қатасы,

- Бірге туған көтесі
Қызылалаң жерде түтбесі,
Тар құрсақта бір жатқан,
Бір аяқтан дәм татқан,
Тай құлындай тебіскен,
Таласып емшек еміскен
Бірге туған егізі
Жанына жаман батады-ай.
- 1710 Со күні түнеп Қарабек,
Ата-анасын қия алмай,
Амалсыздан жатады-ай.
Жатар уақыт болғансын,
Ашылмаған боқшаның
Ханым бұрышын ашады-ай,
Мамықтан төсек жасады-ай.
Ханым менен падиша-ай
Сағынып көрген баласын
Кезегімен тартқылап,
- 1720 Бауырына басады-ай,
Өкпесіне қысады-ай.
Қайғыменен қартайған
Ханым менен падиша
Қайтасынан жасады-ай,
Жас адамға ұқсады-ай.
Қарабек атты ер төре
Таң атқасын жанады-ай,
Ас іш десе, ішпейді-ай,
Қысылып бала терлейді-ай.
- 1730 Атбасындай сом жүрек
Сарайында кернейді-ай.
Шын кетерін білген соң,
Жылап жүріп Зәуреней,
Аршын басты Құла атты-ай
Алып келіп ерлейді-ай.
— Ерлеп болдым, жалғызым,
Кел атыңа мін, — дейді-ай.
Тіл алмасаң ертерек
Амалым бар ма, жүр, — дейді-ай.
- 1740 Сүйтіп тұрып еңірейді-ай,

Көзінің жасы көлдейді-ай.
 Ғайып ерен қырық шілтен,
 Шылауында жүр, — дейді-ай,
 Пірлер көмек бер, — дейді-ай.
 Жалғызым үшін жанымды
 Қылғаным құрбан мен, — дейді-ай.
 Қабыл болып тілегім,
 Қарағым, есен кел — дейді-ай.

Зәуреней баласын атқа мінгізіп, далаға шығып, қасында тұрып, жылап толғап былай дейді:

- Ай мүйізді ақ қошқар
 1750 О да сенің жолыңа-ай.
 Жылқыдағы қасқа айғыр
 О да сенің жолыңа-ай.
 Түйедегі көк бура,
 Сиырдағы көк бура,
 Егіз туған көк теке
 О да сенің жолыңа-ай,
 Желің шыққай оңыңа-ай,
 Тимегей найза қоңыңа-ай.
 Алмадың тілді, жалғызым,
 1760 Көмек берер адам жоқ
 Еретұғын соңыңа-ай.
 Қызды болдым деп жүрсем,
 Тумай кеткір қу қаншық
 Туған екен сорыма-ай.
 Сағынып көрген жалғызым
 Тілімді алмай барады.
 О, Жасаған, Жасаған,
 Өзің бақ та, өзің қақ,
 Жалғыздың бабын өзің тап,
 1770 Тапсырғаным қолыңа.
 Жер үстіндегі өулие,
 Күн көзіндегі өулие,
 Мағриптағы өулие,
 Машриқтағы өулие,
 Бас-басыңа бір жандық,

- Сендер жәрдем бермесең,
Артында жылап біз қалдық.
Жас күнімде сүйе алмай,
Қорыққаннан алысқа асырып,
1780 Қызығынан құр қалдық.
Ержеткен соң тіл алмай,
Тағы жылап біз қалдық.
Көзіме есен көрсетсең,
Жалғызым үшін, жан Ие-ай,
Шыбын жаным құрбандық.
Бихуш болып зарланып,
Анасы жылап қалады-ай.
Тілін алмай аттанып,
Баласы кетіп барады-ай.
- 1790 Атқа мініп Қарабек,
Сиынады Аллаға-ай.
Шариғатты біледі,
Көп оқыған молдаға-ай.
Жөнелді Қарабек
Ханбибіге бармаққа-ай.
Кетсе де алып қалмады-ай,
Соғыс қылып қалмақпен
Өз қолына алмаққа-ай.
Атқан оқтай зырылдап,
1800 Бұлдырықтай зырылдап,
Сәске мезгіл болғанда
Қар араласқан секілді.
«Ханбибі жатқан ордаға
Сапарымды оң қыл» деп,
Тіледі жәрдем Алладан.
Зырғытумен келеді,
Астындағы Құла аттың
Ағыны қатты жорғадан.
Осындай желіп келгенде,
1810 Қарындасы Ханбибі
Жүгіре шықты ордадан,
Дүбірін естіп Құла аттың.
«Болар ма, — деп, — ағекем»,
Тағаты құрттай болмаған.

- Далаға шығып Ханбибі,
 Ағасына қарады-ай.
 Таныды да ағасын,
 Жүгірумен барады-ай.
 Түсіріп аттан алады-ай,
 1820 Бетінен сүйіп құшақтап,
 Бей-жай болып қалады-ай,
 Ауытқып есін танады-ай.
 «Не қылдың, — деп, — шырағым»,
 Құшақтап басын Қарабек,
 Еңірейді баладай.
 Жарты сағат болғанда
 Есін жинап алады-ай.
 Енді ағасын құшақтап,
 Ханбибі ойбай салады-ай.
 1830 Ойбай салмай не қылсын,
 Ағайын жоқ, туған жоқ,
 Қу мекені құла дүз
 Отырған соң далада.
 Жылап жатып жанада-ай,
 Көрген азар-қорлығын
 Ағасына шағады-ай.
 Сонда айтады Ханбибі:
 — Айналайын, ағеке,
 Аққұла атқа міндің бе-ай,
 1840 Ақ кіреуке кидің бе-ай,
 Беліңе қару ілдің бе-ай?
 Жатқанымды мен бүйтіп
 Ақылыңменен білдің бе-ай?
 Ұйықтап жатып немесе,
 Түсінде, аға, көрдің бе,
 Біліп, аға, келдің бе?
 Айналайын, егізім,
 Аман-есен жүрдің бе?
 Өңім бе, Құдай, түсім бе,
 1850 Өтірік пе, рас па,
 Ағеке, тірі көрдім бе?
 Бүгін алсаң да разымын!
 Жан беруші Жасаған,

- Тілегімді бердің бе-ай?
Және айтады Ханбибі:
— Жел жағыма панам-ай,
Ық жағыма қалам-ай.
Аман-есен келдің бе,
Өлмей тірі көрдім бе?!
1860 Айналайын, ағам-ай,
Сені тірі көрген соң,
Келіп қалдың қонаға-ай,
Іште күйік дерт болған
Шықты қайғы-сәнам-ай.
Сені тірі көрсеткен
Қабыл екен тобам-ай.
Айтайын, аға, саған-ай,
Азар берді маған-ай.
Не жазғанымды білмедім,
1870 Не себептен, ағеке,
Ата менен анама-ай?
Сондайсың деп біреумен
Дым болмаса қоспады
Мен бейбақты жалаға-ай.
Алып келіп тастады,
Құладан ұшпас далаға-ай.
Қасыма кетті жоламай,
Ит пен құсқа жем қылып,
Өлтіріп кетті ата-анам,
1880 Тірілей қойып молаға-ай.
Сен кеткен соң симадым,
Азау деген қалаға-ай.
Халықтан қылды садаға-ай,
Бүйтіп қойды табаға-ай.
Сұрадың ба, ағеке,
Болыппын неден арам-ай?!
Қанша бейбақ болсам да,
Биһін қылса болмай ма,
Ішінен шыққан балаға-ай.
1890 Атам нашар болған соң,
Амалым жоқ, ағеке,
Еркек болсам олайша,

- Бұ қорлыққа көнер ме едім-ай.
Ағеке, бүгін келмесең,
Таянып едім өлерге-ай.
Жазығым жоқ, жапам жоқ,
Мойныма қоймай күнәмді,
Осынша азар бере ме-ай?!
Әрнәрсеге осындай
- 1900 Рәйімі келер ме-ай?!
Ішінен шыққан баласы
Мені мұндай еңіретіп,
Қияметте ата-анам
Құдайдың жүзін көрер ме-ай?!
Мауқын басып болған соң,
Қарабек мінген Құланың
Шылауынан алады-ай,
Атын байлап қалады-ай.
Атын байлап болғансын,
- 1910 Төреге төсек салады-ай.
Қарабек үйге барады-ай,
Кешке сонда болады-ай,
Со күні сонда қонады-ай.
Бірге жатқан секілді
Ішкенсін тамақ-асын-ай,
Ханбибінің қасына-ай.
Кешегі көрген түсі бар,
Түсінде көрген ісі бар.
Көзі ілініп кеткенде,
- 1920 Ояна берді шошып-ай.
Түн ортасы ауған соң,
Ұйқысы келмей батырдың,
Сәскелік жерде көрінген
Қарауыл қарай барады-ай.
Қараса таудың басына-ай,
Түн ортасы ауған соң,
Қарабек атқа мінеді-ай,
Қаптама тонын киеді-ай,
Беліне қару іледі-ай,
- 1930 Піріден жәрдем тіледі-ай.
Олар тегін болсын ба,

- Қыл жалаулы қалмақпен
Соғысарын біледі-ай.
Өзіне-өзі сенеді-ай,
Қорықпайтұғын ер еді-ай.
Астындағы Құла атты
Зырғытумен жөнеді-ай.
Көрінген биік со таудың
Қақ басына келеді-ай.
- 1940 Қарабек тауға шыққанда,
Таң сарғайып жарады-ай.
Көз жіберіп Қарабек
Ар жағына қарады-ай.
Қаптап шыққан бұлттай
Қалың қара көреді-ай.
Не екенін байқай алмай,
Байқай алмай Қарабек
Аттан түспей жүреді-ай.
Бір азырақ жүргенсін,
- 1950 Қызарды да, күн шықты.
Күн астына қараса,
Мұнара болып бу шықты.
Бу астына қараса,
Түйдектеген шаң шықты-ай.
Шаң астына қараса,
Неше жерден көтерген
Желбіреген ту шықты-ай.
Ту астына қараса,
Алқалаған кол шықты-ай,
- 1960 Азғантай емес, мол шықты-ай.
Қарап тұрса сол қолға,
Дәгіре ду-ду үйреткен,
Майланбасын сүйреткен
Түймелі тон кигендер,
Түрегеліп сигендер,
Мылтығына от басқан,
Қарамайы боқ сасқан,
Мінгені кілең жалды аттар,
Қатар-қатар әскерлер
- 1970 Қалмақ екен қаптаған,

- Қарабек соны көреді.
Сол жығынның алдында
Бір ірі қалмақ келеді.
Ірілігі сондай бар,
Басқанынан жер қорыққан,
Қайратынан ер қорыққан,
Айбатынан ел қорыққан.
Асқар таудай айбаты,
Пенде шыдар жан емес.
- 1980 Беденіне ылайық,
Толық болса қайраты.
Қарсы алдына қараса,
Екі көзі ұрадай,
Танауына қараса,
Тамға біткен жырадай.
Беденіне қараса,
Биік біткен нұрадай.
Қара арғымақ астында-ай,
Сонша қолдың алдынан
- 1990 Жалғыз келіп құлады-ай.
Ерден ердің қаупі бар,
Қарабекті көрді де,
Кідіріп қарап тұрады-ай.
Сол қалмақты көрген соң,
Қарабек атты төреңіз
Қара құрттай толыпты-ай.
Бір өзінің айбаты
Мың кісідей болыпты-ай.
Қорқатұғын батыр ма,
- 2000 Кідіріп қалған қалмаққа
Өзі барып жолықты-ай.
Діні қара болғансын,
О да сәлем бермейді-ай.
Өзі батыр болғансын,
Бұ да сәлем бермейді-ай.
Қашанғы тұрсын тілдеспей,
Сонда қалмақ сөйлейді.
Сөйлеп еді мазақтап
Қарабектей батырды,

- 2010 Ит санындай көрмеді-ай.
— Беденіңе қарасам,
Сен бір жүрген лашын,
Жетпеген жасың баласың,
Бас білмеген данасың.
Ер қаруы бес қару
Мұны асынып аласың.
Қарсы жүріп жығынға,
Байқайын деп тұрмысың
Қайратыңның шамасын?
- 2020 Көпсінбей тұрсың қарасын,
Осы күнде кеуілің
Мың кісіге бір кісі
Жалғыз өзің боласың.
Бізбенен ұрыс саласың,
Осы қолды қырасың.
Бү жығынды қырмасаң,
Алдымда неге тұрасың?
Менен басқа қалмақтың
Бірі де сөзге түспейді,
- 2030 Бірінен өліп қаласың.
Тұсынан жығын өткенше,
Жасырынып қалуға
Сорлы таппай келдің бе
Биік таудың мирасын,
Терең сайдың жырасын?
Жөнің айтшы, жас бала,
Қай сапарға барасың?!
Жолаушы болсаң келеатқан,
Өлі де болса кейін қайт,
- 2040 Менің айтқан расым!
Қарабек сонда айтады:
— Ақ кіреуке денемді-ай,
Алмасым бар белімде-ай,
Білдірейін кеулімді-ай.
Дұшпан көрмес деп жүрмін,
Есен болсам шенімді-ай,
Қорғармын мен елімді-ай!
Әй, қалмағым, тар айтпасам келімдай,

- 2050 Көрсетермін көріңді-ай,
Соймаққа тұрмын теріңді-ай!
Ит пен құсқа жем қылып,
Тастауға тұрмын денеңді-ай!
Осы арадан қайтпасаң,
Қырмаққа тұрмын ойланып,
Қоймай қалмақ біріңді-ай,
Қылармын тұтам күніңді-ай!
Тоғайыңды аралап,
Аяғымен атыңның
Жерімнің дүзін жаралап
- 2060 Өзің қайда барасың,
Атаңа нәлет дінсіз құл,
Білдірші маған жөніңді-ай?!
Сонда қалмақ айтады:
— Қалмақтың халқын билеген,
Дұшпан қорқып тимеген,
Өмірде азар көрмеген
Қабылан атты төремін.
Ерегескен дұшпанды
Алмаспенен бөлемін.
- 2070 Әлгі сөзді шын айтсаң,
Осы арада қозғалтпай,
Қазбай жерге көmemін.
Неге десең, себеп бұл —
Қайратыма сенемін,
Сөйтіп өлім беремін.
Менің жүрген себебім:
Азау ноғай қаласы,
Кәдірхан атты падишаның
Ұлы мен қызы бар, — дейді.
- 2080 Қызы сондай сұлу, — деп,
Есіткен соң даңқын мен,
Қалың мал жоқ, той мал жоқ,
Орамал жоқ, жыртыс жоқ,
Үйге кірсе ілу жоқ,
Сегіз қатын үстіне
Тоқалдыққа алмаққа,
Іздеп соған бармаққа,

- Келемін соны алмаққа!
Қарабек сонда айтады:
2090 — Мен де жөнімді айтайын,
Азау ноғай елі едім,
Ханнан туған төре едім.
Аз да болсам көп едім,
Жалғыз жүрген басымды
Мың сан қолға теңедім.
Он бес жасар күнімде
Өлтіруге тіледім.
Тілегенім себебі —
Жатсам-тұрсам Құдайдан
2100 Жанжал еді тілегім.
Дұшпан іздеп жүр едім,
Тартқышыл еді білегім.
Қалмақ, айтқан сөзіңе
Сескенбейді жүрегім.
Кәдірханның баласы,
Іздеген қыздың ағасы
Қарабек сұлтан мен едім.
Өз әкесі өлгенде,
Шошқа сойып, ас берген,
2110 Үлкеніне бас берген,
Атаңа нәлет дінсіз құл,
Қалай-қалай сөйлейсің,
Кімді алайын деп едің?!Сонда қалмақ айтады:
— Үйдеме, бала, үйдеме,
Олайынан сөйлеме-ай!
Бұ сөзіңді жөндеме,
Бұлайша айтып боқ жеме-ай!
Кеуілің шығар, бейшара,
2120 Мені өзіңмен тең деме!
Жап-жас қана басыңнан
Сен деме, сен, мені-ай!
Шыныменен айтсаң бұ сөзді,
Шыбын жаным сау күнде
Намысым кетпес пендеге-ай!
Біздің елді бұзарға

- Келтіріпті жасында
Сенің әкең Кәдірхан.
Мені әкеңнен кем деме,
2130 Әкеңнің жасы жеткен-ді,
Күш-қуат кеткен-ді,
Желпітпеймін өңгені-ай.
Шынымды саған айтайын,
Мен қыл жалаулы қалмақпын.
Қайт десең де бармақпын,
Қарындасыңды алмақпын.
Ерегессең менімен,
Көз алдыңда қылмақпын.
Бермеймін деп тырыссаң,
2140 Торғайдай мойның жұлмақпын,
Ноғайыңды қырмақпын!
Маған таман кел, — дейді,
Қайратымды көр, — дейді,
Қашаннан бері іздеген,
Жау тілеген бейбақпын.
Қарабек сонда айтады:
— Былшылдама, қалмағым,
Қиын-ды қызды алмағың,
Біздің елге бармағың!
2150 Батпансыма, қалмағым,
Шыныменен ұмтылсам,
Қамшыдан жеңіл салмағың!
Аузыңды басқан жүнің бар,
Шошқадан жаман дінің бар,
Удан ащы тілің бар.
Сірә, қалмақ, өлерсің,
Жетіп тұрған демің бар,
Қайтпайтұғын түрің бар.
Сен сенесің жығынға,
2160 Мен сенемін Аллаға.
Және екінші сиынған
Менің жеті пірім бар.
Ұрыспай қайт, қырылмай,
Астымдағы Аққұла ат
Шапқан сайын зырлайды-ай.

- Құдайдың берген қайратын
Бүгін біреу ұрламай.
Сен көптігіңе сенесің,
Бір көкжал бөрі кез келсе,
2170 Қоралы қойды қырмай ма-ай?
Сонда Қаблан айтады:
— Бү сөзіңнің, Қарабек,
Бөлеге мықтап қаларсың
Бекер отқа жанарсың.
Мен қамданып ұмтылсам,
Есіңді барша танарсың.
Бұрын-соңды көрмеген,
Бұл арадан жүрмеген
Адасармын деп едім,
2180 Қайта дүзу келген қабарсың,
Аулыңды тура табарсың.
Жуықтаған кезгіде,
Аулыңа озып шабарсың.
Қарындасың Бибіні
Алып келіп қойныма
Өз қолыңнан саларсың.
Қайтқанымша ауылға
Қызметке тұрарсың.
Керегі жоқ қатынның
2190 Өзің-ақ жеңге боларсың,
Қолыма суды құярсың.
Қылмаймын десең мұнымды,
Бейшара, өліп қаларсың.
Қарабек сонда айтады:
— Былшылдама, қалмақ-ай,
Басың менен бір түсер,
Домаланып саяңа-ай!
Өзі болған ер жігіт
Жасанған жаудан таяма-ай?!
2200 Қайратың болса аямай,
Мықтылығың құр күмпііп көтерген,
Көкірекке қарамай.
Мен айтамын жанада-ай,
Келеріңді сезіп-ай,

- Алдыңнан шықтым кезіп-ай.
Мен шыққанда алдыңнан,
Бәрекедді қалмағым,
Келуіңнің тезін-ай.
- 2210 Қыз аламын деп жүріп,
Басыңа жетіп жүрмесін
Бұтыңдағы безің-ай.
Әлде болса қайт, доңыз,
Қайтсаң онда тимеймін,
Жаның сауға өзіңе-ай.
Сонда Қабылан күледі-ай,
Күле сөйлей береді-ай:
— Бұл сөзіңнің, Қарабек,
Білмей тұрмын қалайын?!
- 2220 Жап-жас қана баласың,
Көмегің жоқ қасыңда,
Қырамын деген сөзіңе
Мен не қылып нанайын?
Шыныменен айтсаң онда сен,
Қолымдағы көк сүңгі
Көтеріле салайын.
Алты аршын ақ балдақ
Қара қанға малайын,
Бауыздап қойдай шалайын.
- 2230 Сенен де ірі дұшпанның
Жайратқанмын талайын.
Қалжыңға айтсаң бұл сөзді,
Аулыңа ертіп барайын,
Мұнымды да айтып қарайын.
«Қалың мал жоқ, той мал жоқ,
Орамал жоқ, жыртыс жоқ,
Үйге кірсе ілу жоқ» деп,
Өкпемен айтсаң бұ сөзді,
Азаудағы ноғайды
- 2240 Бағындырып алғансын,
Қалың малың сол болсын,
Беретұғын салығың,
Әкім қойып үстіңе
Өз қолыңнан алайын.

Меніменен бас қосқан,
Қайырсыз болмас панайым.
Қор болмассың жалғанда,
Болсаң да менің малайым.

- Бұл сөзіне Қарабек
2250 Күйіп кетті сор қасқа-ай.
Он алты өрме қамшымен
Астындағы Аққұла ат
Тартып кетті жамбасқа-ай.
Қол қояды жанында
Қынапты ағытып,
Балдағы дәннен алмасқа-ай.
Шыныменен Қарабек
Қимыл қылған секілді-ай,
«Келсең, бөлем, кел» дейді-ақ.
2260 Қабылан да бұған жұлқынды-ай,
Бір-біріне ұмтылды-ай.
Екеуі де ерлердің
Ет арқасы құрысты-ай.
Қарабек төре ұмтылды-ай,
«Алла, оңғар, — деп, — бұл істі-ай».
Екеуі де жанынан
Суырып алды қылышты-ай.
Бірін-бірі шапқылап,
Қылыштасып ұрысты-ай.
2270 Үстіне киген сауытқа
Қылыштары өтпеді-ай,
Өрмен кесіп кетпеді-ай,
Сырғанап барып жылысты-ай.
Қайтасынан батырлар
Қынапқа салып қылышты-ай,
«Тайма, бөлем» деседі-ай,
Таймаласа қалады-ай.
Қашпа, бөлем, десе де,
Қашпаласа қалады-ай.
2280 Жанындағы көк сүңгі
Толғап қолға алады-ай,
Қарсы шауып барады-ай.

- Бара найза салады-ай,
Екеуінің күшімен
Астындағы аттары
Шөге жата қалады-ай.
Және тағы найзасы
Ақ сауытқа өтпейді-ай,
Иіліп қармақ болады-ай.
- 2290 Тастай беріп найзаны,
Алты атқа алған өндірген
Керіп созып алады-ай.
Қарсыласып екеуі,
Тартып келіп салады-ай.
Екеуінің оғы да
Турасынан барады-ай.
Ақ сауытқа өтпеді-ай,
Қайта соғып оқтары,
Кейін қаңғып барады-ай.
- 2300 Тастай беріп садақты,
Тарс еткен де қорс еткен,
Қорс еткенде қан шыққан,
Қанға ере жан шыққан.
Жау талауы ақ өрме
Сыпырып бастан алады-ай.
Бірін-бірі көздесіп,
Басып келіп салады-ай.
Екеуінің оғы да
Қақ жүректен қонады-ай.
- 2310 Қонғанменен өтпейді,
Құмалақтай қорғасын
Сауытқа тиіп тырс етіп,
Жаншылып түсіп қалады-ай.
Асынып жүрген қаруы
Тегіс мұқал болады-ай.
Асынып жүрген қаруы
Тегіс мұқал тауыпты-ай.
Сонда есіне түседі,
Тақымында түр екен
- 2320 Алтын сапты айбалта.
Айбалтасын алысты-ай,

- Шарадай басқа шабысты-ай.
Дулығаға өтпеді-ай,
Өрмен кесіп кетпеді-ай.
Сырттан киген, әшейін,
Жадағайға жабысты-ай.
Тастай беріп балтаны,
Жағаласа қалысты-ай.
Ат үстінен алысты-ай,
2330 Бірін-бірі тартысты-ай.
Күштеріне шыдамай,
Екеуінің тұлпары
Лыпа жата қалысты-ай.
Найзаның ұшы қайрылды,
Масақтың ұшы майрылды-ай.
Жағасынан алғанда,
Жаға берен болғанда,
Бадана көзді көк сауыт
Жік-жігінен дырылдап,
2340 Байрақтай жаман айрылды-ай.
Қылатұғын қайратын
Ат үстінен тауысты-ай.
Екеуі де ерлердің
Бермеймін деп намысты-ай,
Аттан түсе қалысты-ай.
Белге тұсау салысты-ай,
Жаяу түсіп алысты-ай.
Іштерінен шалысты-ай,
Бармақтары майысты-ай,
2350 Қабырғасы қайысты-ай.
Ертең келген екеуі
Сәскеге шейін алысты-ай.
Ұлы сәске болғанда,
Қалмағыңнан әл кетті-ай,
Қабылан ердеп сән кетті-ай.
Бала да болса Қарабек
Жәрдем беріп жеті пір,
Сол уақытта ержетті-ай,
Әлсіретіп меңдетті-ай.
2360 Меңдегені емес пе,

- Тұра қалып қысқанда,
Аузынан қан кетті-ай.
Қаһарланып қысқанда,
Шыңғырып даусы шығады-ай.
Дауыс шыққан себебі:
Иә, пірім, қысқанда,
Қабырғасы сынады-ай.
Сынғанын біліп Қарабек,
Сілтеген жоқ, шалған жоқ,
2370 Қоя берсе босатып,
Бейне бөлек нұрадай
Қабылан сонда құлады-ай.
Үстіне төре шығады-ай,
Шығып кеулі тынады-ай.
— Енді жайың қалай? — деп,
Қалмақтан төре сұрады-ай,
Қабыланды Құдай ұрады-ай.
Өзің біл деп Қабылан ер
Астында жатып жылады-ай,
2380 Ең ірісі тайланды-ай,
Қабылан тасқа байланды-ай.
Байлаған соң мықтысын,
Төренің кеулі жайланды-ай.
Қабылан атты қалмақтың
Ойбайлаған даусына
Бүкіл қалмақ жиналды-ай.
«Болмады» деп қиналды-ай,
Енді қалмақ жиналды-ай,
Жығыны кетпей айналды-ай.
2390 Тегіс шауып бармаққа,
Босатып тірі алмаққа
Қалмақ мұны ойлапты-ай.
Ұрысарын білді де,
Ерлеп атын қайтадан,
Қаруын түзеп байланып,
Қарабек те сайланды-ай.
Қара тасқа байланып,
Қабыланның жаны қиналды-ай.
Қарабек енді өз басын

- 2400 Мың сан қолға шақтады-ай.
Көп екен деп сескеніп,
Атының басын тартпады-ай.
Жекелеп ерге шығуға
Жалғыз қалмақ батпады-ай.
Адамын жиып топтады-ай,
Мылтықтарын оқтады-ай.
Жалғыз жүрген балаға
Мың сан қалмақ қаптады-ай.
Түтеніп тұрған мылтықтан
- 2410 Сонда да Құдай сақтады-ай.
Қарабек сонда айтады
Сиынғанмын, Алла деп,
Алла, ісімді оңда деп.
Түтенген мылтық ішінен,
Пірлер, өзің қорға деп,
Әруағым, зорла деп.
Жәрдем болып Жасаған,
Қалмақтарды қорла деп.
Пірден жәрдем тіледі-ай,
- 2420 Аққұла атқа мінеді-ай,
Қаруын белге іледі-ай.
Зеңбіректің оғына,
Қалмақтың қалың шоғына
Қарсы алдынан барады-ай.
Со жығынды Қарабек
Ортасынан бөледі-ай.
Есік қылып жөнелді-ай,
Қарабек атты төре де-ай
Қайратына сенеді-ай.
- 2430 Тілегін Құдай береді-ай,
Қайратын қалмақ көреді-ай.
Қарсы келген қалмақты
Қақ маңдайынан бөледі-ай.
Жөнеле қашқан қорқағын
Желкесінен бөледі-ай.
Қаптап тұрған қалмақты
Қайыққа шыққан сазандай
Түйреп тастап келеді-ай.

- 2440 Бастан шапқан белгісі-ай,
Шигідеден шапқан үлгісі-ай.
Бетте қалды мың кісі-ай,
Ойда қалды сан кісі-ай.
Жауды жеңген ұрысып,
Ол ерлердің жүлдісі-ай.
Қара қанға боянды
Қолындағы сүңгісі-ай.
Атайын деп қалмақтар
Зеңбірекпен топ алды-ай,
Ата алмай қорқып құр қалды-ай.
- 2450 Қарабектің сүңгісі
Көбікті қанға былғанды-ай.
Қалмақтан келген ауыр қол
Әрмен-бермен ырғалды-ай,
Қалмақты төре қырғанды-ай.
Талай қалмақ қырылып,
Алғаны елде тұл қалды-ай.
Қарсы келген қалмақты
Турап кетіп барады-ай.
Жіліншіктен қан ағып,
- 2460 Бір қара ылди толады-ай.
Өңкей қарға жиналып,
Өлімтікке қонады-ай.
Қыл жылаулы қалмаққа
Бір аласат болады-ай.
Қыл жылаулы қалмақтың
Қабырғасы сығылды-ай.
Бір баладан қорыққанынан,
Шыбын жаны шығады-ай.
Аттарын тастап көбісі,
- 2470 Кезек тасқа тығылды-ай,
Көзінің оты ұрынды-ай.
Жеті туы бар екен,
Екі күнде жығылды-ай.
Рас болса айтуы,
Қанша қалмақ болса да,
Бес мезгілде қырылды-ай.
Ерлік деген осы ма-ай,

- Дұшанның кеулін басып-ай,
Өзінің кеулі тасыды-ай.
2480 Қырық мың жығын қалмақтан
Қайраты кетті осылай.
Шыбын жаны сау болса,
Дұшпаннан қорықпас шошып-ай.
Қалмақты қырып болған соң,
Қайта шығып барады
Қараша таудың басына-ай,
Барайын деп жақындап
Қабылан ердің қасына-ай.
Тілегін Алла береді-ай,
2490 Кеуілін бірлеп Қарабек
Тауға шығып жөнеді-ай.
Тауға шығып болғансын,
Енді артына Қарабек
Бұрылып қарай береді-ай.
Көзін салса артына,
Қайнаған қара бұлттай
Қалмақ қаптап келеді-ай.
Көптігінде есеп жоқ,
Артынан қаулап өнеді-ай.
2500 Манағыдай екі бар,
Бұрынғы қол да көп еді-ай,
Қарабек мұны көреді-ай.
Мұның жөнін айтайын
Бұл ерік кеуде ер екен,
Ерінгенде би екен.
Өзі табынан озған нұр екен,
Қыл жалауы қалмақтың
Бір тәбия елі екен.
Осы қалмақ бастығы
2510 Ақжан деген ер екен,
Келе жатқан сол екен.
Ханбibi қыз туғансын,
Есіткен екен дабысын.
Мен аламын десіпті-ай
Екеуі де сыртынан.
Қабылан менен Ақжан ер

- Талас қылып жүр екен,
Келе жатқан сол екен.
Кіреуке киіп демуі-ай,
2520 Қаруын іліп беліне-ай,
Қан піседі екен деміне-ай.
Қорқады екен ақырса,
Дұшпан келмей о еніне-ай.
Онан бұрын алмаққа
Келген екен ер Қабылан,
Ол аттанып кеткенде
Бір дұшпанның еліне-ай.
Қалай екен шамасы
Түсінсіңдер жанын-ай.
- 2530 Еліне дұшпанның кетеді екен,
Дабысы талай халыққа жетеді екен.
Соғысса, батырлардың бірі өледі,
Ұрыспай жүре берсе не етеді екен.
Қайраты әр қалмақтан артық екен,
Садағын Ақжан батыр тартқан екен,
Тоғыз қат қара тастан өткен екен.
- Айбатты жайсаң екен кеулі желдей,
Тоқтамай қайратына бұ да сенді-ай.
Қырылған жығынды көзі көрді-ай,
2540 «Қорықпа» деп әскеріне қайрат берді-ай.
Ақжан ер іркілмеді оныменен,
Төреге Қарабектей жалғыз келді-ай,
«Көрейік қағыстырып екі ерді-ай».
Ақжан ер дағы Қарабекке
Тоқтаусыз былайша деп қайбарды-ай.

Қабылан мен Ақжан екеуі екі қалмақ екен. Екеуі екі елді сұрап отырған екен. Кәдірханның жасы алпысқа жетті. Әр нәрсенің уақыты бітті. Бұрын патша болғанымен басынан дәурен өтті деп, айналасындағы қалмақтар шауып алам деп сырттан бағып отыр еді. Бір күндері есітті Кәдірханның ұлы, қызы бар деп. Қызы артық сұлу деп даңқы қалмаққа жайылып, Қабылан менен Ақжан екеуі бәсеке қылып, біреуінен-біреуі

бұрын алмаққа даярланып жатқанда, Ақжанның сүрікпен атысып жүрген жауы бар еді, соның жүрейін деп жатқанында сүрік бітіп қалып, соған бармасқа лажы болмай, Қабыланға адам жіберіп еді.

— Мен жаудан қайтып келгенсін, бірдей аттанып Кәдірханның қызын жеңгеніміз алайық. Елге келіп қатын, баланы шулатып жатқанның реті болмас, — деп еді. Оны Қабылан тыңдамай, аттанып кетіп қалып еді. Жауды жеңіп елге келсе, Қабыланның кеткенін есітіп, елге қайрылмастан «әскерімен қарсы соғармын» деп жүре беріп еді. Мұнда келсе Қабыланның әскерінің қырылып қалғанын көрді. Өзінің тасқа байланып жатқанын көрді. Қырылған әскерді көріп, Ақжанның әскері кейін тұрып қалды. Қорыққанынан Ақжан іркілмеді, жүре берді. Ақжан да бұрынғы ерлердің бірі еді. Оның ерлігі мынау еді. Сол кезде қалмақта тастан оғы өтетін Қабартин қалмақ пен Ақжанның оғы өтетін еді. Мұсылманда Едігенің оғы өтетін еді дейді. Бұлар еш нәрседен қорықпайтын еді. Қарабектің ер жеткенін, Қабыланның әскерінің қырылғанын білді. Қайратын да көзі көрді. «Неде болса Қабылан өлді деп, кейін қашқаным болмас» деп, Қарабекке бұлай деп сөйлеп берді.

Ақжан сонда сөйлейді:

— Руың ноғай ел ме едің?

Азау ноғай қаласы,

Кәдірханның баласы

2550 Қарабек төре сен бе едің?

Сен бала да болсаң ер едің,

Байқап тұрмын мен, — дейді-ай.

Намысты қолдан бермедің,

Мен жөнімді айтайын,

Қарындасың Бибіге

Ашық болған сыртынан

Ақжан қалмақ мен едім.

Сен жау ізденіп жүр ме едің,

Қаблан ердің жығынын

2560 Тегіс қырып салыпсың.

Қайраты асқан жасынан

Сендей ерді көрмедім.

Байқап тұрмын түсінді,

- Сен бір жүрген бидайық.
Ер екенсің, Қарабек,
Жолдасың жоқ қасыңда,
Жүріп жалғыз шұнайып,
Жана салсам көрімді,
Еш нәрседен шошынбай,
2570 Тасып тұрсың сынайып.
Екеуміз де, Қарабек,
Пірден көмек сұрайық.
Қорқақ иттей мұнайып,
Қашанғы қарап тұрайық.
Ішіне жанның ұрайық,
Ұрыс-дүкен құрайық,
Күшімізді сынайық.
Қабылан өліп қалды, — деп,
Келіп қайтып қашқаным,
2580 Басыма болмас лайық.
Есіктің алды жұлде өзек,
Өтуіңе өр өзек.
Жылқыда бар қу тезек,
Түйеде бар желбезек.
Келмей жатып, Қарабек,
Сөз сөйледім тіл безеп.
Қалмақ та болсам, шырағым,
Сақалымның ағы бар,
Үлкендігім тағы бар,
2590 Құдайдың берген бағы бар.
Өліп кетсем осыдан,
Қалған халқым сағынар.
Ақылым тұрса басымда
Маған дұшпан не қылар?
Таймайтұғын ер болсаң,
Қарсы қарап тұр! — дейді.
Қалаған жерден атайын,
Менен болсын бұл кезек.
Ескен самал тынады-ай,
2600 Сол уақытта Қарабек
Пірден жәрдем сұрады-ай.
Қашатұғын қатын ба-ай,

- Таятұғын батыр ма-ай.
Астындағы Құлада-ай,
Атының мойнын бұрады-ай.
«Кезегін Ақжан алсын» деп,
Қарабек қарап тұрады-ай.
Қарабек қарап тұрған соң,
Желігіп тұрған Ақжан ер
2610 Қорамсаққа қол салды-ай,
Азғантай салмай, мол салды-ай.
Суырып алған қу жебе
Көп оғына жол салды-ай,
Шақыр-шұқыр еткізді-ай.
«Қақ жүректің басы деп,
Өлер жерің осы деп,
Өкпеліктің тұсы деп,
Құрысын иттің жасы деп,
Іздеп жүрген осы деп,
2620 Дұшпан деген осы деп,
Аққұла аттың басы» деп,
Айқай салып қышқырып,
«Осы оғымнан шошы» деп,
Тартып келіп қалады-ай.
Зырлауменен барады-ай,
Қақ жүректен қонады-ай.
Тоғыз қабат торының
Сегізінен ағады-ай.
Біріне оғы жеткенде,
2630 Сиынып жүрген пірлері
Қолыменен қағады-ай.
Егер пірлер болмаса,
Төре жазым болады-ай.
Қайратына Ақжанның
Сонда кеулі толады-ай.
Мың кісідей көрінді
Ақжан ердің қарасы-ай.
Жалғыз атқан оқпенен
Жыртыла жазды жағасы-ай.
2640 Осындай-ақ оқ тартар
Бір пенденің баласы-ай.

- Ар жағына өтуге
Келмей қалды шамасы-ай.
Қайтып келсін шамасы-ай,
Қолыменен қаққан соң,
Қарабектің бабасы-ай.
Егер баба болмаса,
Қарабек атты төреге
Болып еді тамаша-ай,
2650 Өлтірер еді ырысы-ай.
Қарабек сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Атаңа нәлет, Ақжан ит,
Сен де жүрген ер, — дейді-ай,
Мен де бір жүрген ер, — дейді-ай,
Ерді өзіңдей көр, — дейді-ай.
Қалаған жерден атайын,
Кезегімді бер, — дейді-ай.
Ат басындай жүрегім
2660 Сарайында-ай кернейді-ай,
Мені кісі жеңбейді-ай.
Неге десең себеп бұл —
Мен атқанда сен түгіл,
Бір қара тау көлбейді-ай.
Атқан оғын байқасам,
Шапқан аттай еңірейді-ай.
Мінген арбаң күймелі-ай,
Киген тоның түймелі-ай.
Мен атқан соң осыдан,
2670 Қырылмасам қарымнан,
Айрылмасам барымнан,
Атаңа нәлет, қалмағым,
Көрсетпеспін дүниені-ай.
Хақ Тағала Құдайым,
Ерлерді артық жасады-ай,
Ерлер неден сасады-ай.
Ақжан да батыр ер екен,
Қарсы қарап төреге:
— Атсаң, бәлем, ат, — дейді.
2680 Омырауын ашады-ай,

- Сол уақытта Қарабек
Қорамсаққа қол салды-ай,
Қозы жаурын оқ алды-ай.
Суырып алған қу жебе
Көп оғына жол салды-ай.
Шақұр-шұқыр еткізді-ай,
Қарына таман жеткізді-ай.
«Қалмақ ердің қасы деп,
Қақ жүректің басы деп,
2690 Өлер жерің осы деп,
Өкпеліктің тұсы деп,
Құрысын иттің жасы деп,
Дұшпан деген осы деп,
Іздеп жүрген асы деп,
Дұшпан деген осы» деп,
Керіп-созып оқ атты-ай,
Құдай берді бір бақты-ай.
Толқысып тұрған Ақжанның
Қолтығынан оқ ақты-ай,
2700 Және тастан жан ақты-ай.
Оған тоқтар қайрат па-ай,
Ар жағынан жел қақты-ай.
Қисық біткен қарағай
Бұтақтан қиып құлатты-ай.
Жолындағы теректің
Бірталайы құлапты-ай.
Тоқтамай оғы ұзапты-ай,
Біраз жерге ылақты-ай.
Оқ тоқтаған мезгілде,
2710 «Лай лама лауһ» деп,
Ақжан батыр қалмағың
Астындағы Бозаттың
Теріс жағынан құлады-ай.
Түсе сала Қарабек
Кеудесіне қонады-ай,
Киімін жаудай тонады-ай.
Сақалынан бір ұстап,
Қорқыратып шалады-ай.
Себебі болды төреден,

- 2720 Жанын Құдай алады-ай,
Бір тамаша болады-ай.
Қыз іздеген Ақжан ер
Бір төбенің басында,
Құзғын, қарға қасында
Көмусіз жатып қалады-ай.
Осылайша қалмақты
Жайғастырып салады-ай.
Қасындағы әскері
«Қайда екен, — деп, — Қарабек»,
- 2730 Соған тіктеп қарады-ай.
Көрінбейді қарасы-ай,
Түстік жердің шамасы-ай.
Сол арадан көрініп,
Шаңы шығып барады-ай,
Қабыл болып тобасы-ай.
Қырық мың жығын әскерге
Баланың келді шамасы-ай,
Жар болғансын бабасы-ай.
Өлемін деген ойда жоқ,
- 2740 Соғысқанын қалмақпен
Көреді төре тамаша-ай.
Қасындағы Ақжанның
Қашқан екен әскері.
Көзін салса Қарабек,
Көрінбейді қарасы-ай.
Қуа түсіп қумады-ай,
Болғансын ұзақ арасы-ай.
Есіз еді Қарабек,
Пірі жәрдем болғанды-ай.
- 2750 Ақжанның басын алған ғой,
Қырық мың жығын қалмақты
Жалғыз қырып салған ғой.
Іренжіп тұр кеуілі,
Өлгі кеткен қалмақпен
Ұрыса алмай қалған ғой.
Жуықта болса қуғандай,
Көрінбейді жұда ұзап,
Кеткен екен әрмен ғой.

- «Енді қуып болмас» деп,
2760 Қарабек қайтып келеді-ай.
Байлап қойған Қабыланға
Келіп еді Қарабек,
Жайнап отыр ер Қабылан.
«Өлер емес, — деп, — жуырда-ай,
Шабайын деп Қарабек,
Жанындағы алмасын
Қия тартып суырды-ай.
Қабылан атты қалмақтың
Заманасын қуырды-ай.
- 2770 Суырарын суырып,
Шабуға кеулі ұнатпай,
Суырып алған алмасын
Қайта салды қынапқа-ай.
Шабады деп жанынан
Түр еді Қабылан безіп-ай.
Сол уақытта төренің
Ой түседі өзіне-ай.
Ойлап тапқан, қараңдар,
Қарабек ердің сөзін-ай:
- 2780 «Жолдасым жоқ халқымнан,
Жалғыз шықтым кезіп-ай.
Осыншама қалмақты
Қырғанымды білмейді,
Жалғыз ноғай сезіп-ай.
Өлтірмей-ақ Қабыланды
Тірілей айдап барайын,
«Көп жығынды қырдым» деп,
Ерлігіме сендіріп.
Тарта жүрсін аяғын,
- 2790 Азаудағы ноғайдың
Көрсетейін көзіне-ай.
Осылайша болмаса,
Жалғыз атты қасқаның
Кім нанады сөзіне-ай.
Қарабек сонда ойлайды-ай,
Құлдың көзі жайнайды-ай,
Бүйтіп соры қайнайды-ай.

- Айтарын біліп төренің
 Бармағын барша шайнады-ай,
 2800 Қарабек онан таймайды-ай.
 Қара атына қосақтап,
 Шылбыр менен байлайды-ай.
 Жалаң аяқ, жалаң бас,
 Тау менен тасқа Қарабек
 Ет асқан үйдің итіндей
 Діңкілдетіп айдады-ай.
 Жалаң аяқ, жалаңбас
 Тау мен тасқа айдайды-ай,
 Үстінде жоқ киім-ай.
 2810 Найзаменен шабақтап,
 Қуаласа Қабылан ер
 Сыдырады киіктей.
 Көптен бері ас ішпей,
 Түскен, білем, күйіне-ай.
 Жүгіргені соншама,
 Айдап еді бесінде,
 Намаздігер болмай-ақ
 Жетіп келген секілді
 Манағы жолда отырған
 2820 Ханбибі апаң үйіне-ай.
 Сол уақытта Ханбибі
 Далаға шығып жүр еді-ай.
 Келе жатқан ағасын
 Анадайдан көреді-ай.
 Алдындағы қалмақтың
 Ірі екенін біледі-ай.
 Со қалмақтан қорыққан,
 Ағасына еңіреп ақыл айтып келеді-ай:
 — Ағеке, сенің өзің баламысың,
 2830 Есіңді балалықпен танамысың,
 Қалмақты аулаққа айдап барамысың?
 Не пайда, айтқаныма нанамысың,
 Өлтірмей, әлгі күнде, о доңызды,
 Қызына қатынымен ноғайлының
 Дуданнан айқас қылып саламысың?
 Япырма-ау, ойлап тұрсам,

- Ағам жас па-ай?!
Немесе қайратына болған мас па-ай,
Ағаке, қайратыңа мұнша таспай,
2840 Атадан сорлы туған жалғыз қасқа-ай,
Кімің бар ойлап қара, менен басқа-ай.
Саған, жоқ, атам ба нашар,
Әшейін ортақпын киер киім, ішкен асқа-ай,
Сен неге сенесің дінсіз насқа-ай?
Босанып жазым қылса өз басыңа,
Еңбегің, бұ қайратың кетер босқа-ай!
Қорқамын, тірі әкетпе тілімді алсаң,
Жүргізбей осы арадан қиып таста-ай.
- 2850 Осыны айтып Ханбибі,
Қасына жақын келеді-ай.
Ханбибіні көрген соң,
Байлауда тұрған Қабылан ер
Толғап сөйлей береді-ай:
— Үйдеме, жаным, сабыр ет,
Ханбибі, жөнімді айтайын,
Ауыр әскер қол жинап,
Шықтым елдің шетінен,
Сенің жаққан өртіңнен,
Бәрі сенің дертіңнен.
- 2860 Ет кесіп те алсаң етімнен,
Арызыңды айттың, — деп,
Шығарсаң да кентімнен,
Сүйермін деп келіп ем
Албыраған бетіңнен.
О дегенге жетіп едім
Найзаменен шабақтап,
Ағаң қуып артымнан,
Кетіп келдім еркімнен.
Айрылдым ажар-көркімнен,
- 2870 Сенің үшін осындай,
Жығынымды қырдырдым.
Бәрін қылған Қарабек,
Сенің ағаң нар, — дейді.
Сені көзім көрген соң,

- Хақ Тағала Құдайдан
Көп үмітім бар, — дейді.
Енді алсам арман жоқ,
Сен ақсүйектің баласы.
Атаң сенің хан, — дейді-ай,
2880 Қысылып келді жан, — дейді-ай.
Асыл болсаң ақсүйек,
Бір қасық менің қанымды
Сауғаға тілеп ал, — дейді-ай.
Есігіне келген соң,
Ханбибі тіккен орданың
Өлі-тірі болсам да,
Болсын ба енді арманым.
Айналайын, Ханбибі-ай,
Етегіңнен алғаным,
2890 Кесемін десең, өзің кес,
Мойнымды саған салғаным.
Сен бір қара бұтасың,
Қорғалап торғай болғаным.
Өзіңе жақсы ат емес пе,
Менің тірі қалғаным?
Бір қасық менің қанымды,
Ағаңнаң тілеп аларсың.
Тілеп алсаң қанымды,
Рахатын көргейсің
2900 Жалғаншыда Алланың.
Сұрап ағаң бермесе,
Сені өзіндей көрмесе,
Онда атың шыға ма,
Әр нәрседен құр қалғаның,
Нәсілі жоқ болғаның.
Паналаған кісіге
Болмаған соң қорғаның,
Қайда сенің оңғаның?
Түсінбесең мұныма,
2910 Атың әйел болған соң,
Нашарлыққа барғаның.
Дәлел таппай бұл сөзге,
Не дерін білмей Ханбибі,

- Түкірігін жұтынды-ай,
Қабыланнан сөзі ұтылды-ай.
Байлауда тұрған қалмақты
Шешемін деп ұмтылды-ай,
Ханбибі апаң жұлқынды-ай.
Ашықпын деп айтқан соң,
2920 Кеулі кеткен сықылды-ай.
Айтатұғын нәрсе жоқ,
Бөлеге төре тұтылды-ай,
Ажалдан Қабылан құтылды-ай.
Ұстаған соң Ханбибі,
Шегініп тұрды тек.
Қарабек сонда айтады:
— Айналайын, Ханбибі,
Бірге туған егізім,
Сенен басқа інім жоқ,
2930 Қалмақ та болса сөзінен
Жығылудан кемің жоқ.
Қорықпағанда менің жоқ,
Ұстайтұғын жөнім жоқ.
Бірақ енді, шырағым,
Бір басынып кеткен соң,
Бұл доңызға өлім жоқ.
Қалмақ деген қалың ел,
Не қыларын білесің,
Тірі кетсе, сенім жоқ.
2940 Шырағым, сірә, босатпа,
Егер мұны босатсаң,
Өмірім өтер ұрыспен,
Онда маған тыным жоқ.
- Сүйдеген соң Ханбибі:
— Ондай болса, ағаке-ау,
Босатып мұны не етейін.
Ағаке, онда қонып кет,
Бүгін қонақ болып кет, —
Деп, шылауынан алады-ай,
2950 Атын байлай қалады-ай,
Төрге төсек салады-ай.

- Қарабек пен Қабыланды
Кіргізіп үйге алады-ай.
Отырған соң жайласып,
Қабылан атты қалмаққа
Қыздың кеулі толады-ай.
Әрбір ажар тұлғасы
Кеуліне қонады-ай.
Мұнартып көзі жасаурап,
2960 Екі көзін Ханбибі
Айырмастан қарады-ай.
Есі кетіп біржола
Жаман ашық болады-ай,
Өртеніп іші жанады-ай.
Ашықтықтан кемі жоқ,
Сүйе алмайды құшақтап.
Қарабек жатыр арада-ай,
Сүйтіп жатып бүлініп,
Таң мезгілі болғанда,
2970 Ханбибі ұйықтап қалады-ай.
Ол ұйықтаған кезінде,
Қаблан атты қалмақты
Қарабек айдап барады-ай.
Құйрығына қара аттың
Байлап алып жөнелді-ай.
Өзі ірі неме еді-ай,
Аяңына қара аттың
Төбетіндей байлардың
Қорбаң-қорбаң желеді-ай.
2980 Бұл қорлыққа көнеді,
Халқына Қабылан төре еді.
Халқына төре болса да,
Мұнда қорлық көреді-ай.
Осылайша Қабыланға
Қатты азар береді-ай.
Тірі айдаған себебі, —
Азау ноғай елі еді-ай.
Алып барып ноғайға
Көрсетейін деп еді-ай.
2990 Ноғай көрсе Қабыланды,

- Қарабек атты төренің
Ер екенін біледі-ай,
Қайратына сенеді-ай.
Кеуіліне Қарабек
Осылай болсын деп еді-ай.
Келе жатқан бағдары,
Бір боз бауыр төбе еді-ай.
Сол төбеге шыққанда,
Көзін салса артына,
3000 Елпілдеген бір жаяу
Ізінен қуып келеді-ай.
Жігіттіктің салқынан
Қайраты қысып Қарабек,
Шығып жүр жалғыз халқынан.
Жуықтаған кезінде,
Қараны төре таныды-ай.
Жүгіріп қатты алқынған,
Ашықтықтың зарпынан,
Ханбибі екен соңынан
3010 Жүгірген жаяу артынан.
Енді ағасын көреді-ай,
Басына жақын келеді-ай.
Қасына келіп Ханбибі,
Еңіреп жылай береді-ай.
Жылағанда бүй деді-ай:
— Сен кеткенсің, ағаке-ай,
Бір шығып үйге, бір кіріп,
Ой ойладым кезіп-ай.
Ойлап келіп қарасам,
3020 Далада қиып тастамай,
Атаңа нәлет қалмақтың
Тірілей айдап әкеліп,
Көрсеткенің, ағаке-ай,
Жөн емес екен көзіме-ай.
Көрсеткен соң көзіме-ай,
Естіп тұрдың өзің-ай,
Мұның айтқан сөзін-ай.
Жығылған соң жауапты
Айтатұғын болмады.

- 3030 Бұған дәлел сөзі ма-ай,
Жығылған соң жауапты.
Босатпасам қалмақты,
Ойлап келіп қарасам,
Өлім екен өзіме-ай.
Ойыма түсіп осы жері,
Лағар болдым далаға-ай,
Үйден кетіп безіп-ай.
Жүгіре бердім ізіңнен
Отыра алмадым тағы да-ай.
Жөн емес екен басында-ақ,
- 3040 Атаңа нәлет доңызды
Тірілей айдап келгенің.
Есітіп тұрдың келген соң,
Жауаптан мені жеңгенін,
Бір талай азар бергенін.
Өзің есен-сау күнде
Көнбеспін деп жүр едім.
Кемдігіне пенденің
Неғылғаның, сен,
Бұ кемдікке көнгенің?
- 3050 Және екінші, ағаке,
Дүнианың мақсаты —
Шама келсе мақтанбақ.
Босата ғой сұм қалмақты,
Білгені менен көргенін,
Жалаң аяқ, жалаң бас
Тау менен тасқа айдалып,
Азап көріп жүргенін,
Мұнша жерге келгенін.
Және тағы айтпай ма
- 3060 Ағамның маған бергенін.
Енді екінші өтініп,
Сұрамаймын, ағаке,
Мыңын айдап келсең де,
Мұнан басқа өңгенің,
Ендігісін өзің біл,
Осы еді менің келгенім.
Берсең, аға, бергенің,

- Егер мұны бермесең,
Құрысын тірі жүргенім,
3070 Бүйтіп дәурен сүргенім.
Хош, алдияр, есен бол,
Онда бір менің өлгенім.
Айырып алып қалмаққа
Тиеді деп тұрмысың?
Өлмей енді кәйтейін,
Қайда маған сенгенің?
Қорқамын деген сөзіңе
Иланбаймын, ағаке,
Тағы келсе аттанып
- 3080 Оны өзі біліп тұр,
Бөлеге басын шатады-ай.
Тағы сенен татады-ай,
Қолың жаман батады-ай.
Енді келсе айналып,
Мұны Құдай атады-ай.
Ажал оғы тигендей,
Қимылдамай жатады-ай.
Нендей көрген азарын
Халқына барып айтады-ай.
- 3090 Осыменен, ағаке,
Көзі қорыққан бұ доңыз
Барғаннан соң еліне,
Қорыққаннан бір жола
Тамақты өзер татады-ай.
Әшейін-ақ, ағаке,
«Қорғаладым» деген соң,
Болмадым деп бұтадай,
Кеулім қалды қападай-ай.
Осыны айтып Ханбибі,
- 3100 Еңіреп келіп жылады,
Бейне боздап ботадай.
Осылайша Ханбибі
Жаман қатты тарықты-ай.
Еңіреп жылап өтірік,
Баса алмайды солықты-ай.
Кебіні сүйтіп жаныпты-ай,

- Көрерме апаң жарықты-ай.
Ол еңіреп тұрған соң,
Қарабек ойға қалыпты-ай.
- 3110 Кеуліменен жас төре
Әрбір ойға барыпты-ай.
Өзіне-өзі кеңесіп,
Ақылына салыпты-ай.
Ойлағаны құрысын,
«Жыламас, — деп, — өтірік»,
Ханбибіге наныпты-ай.
Кідіріп ойға қалған соң,
Аңғарып тұрып Қабылан ер,
Босанарын таныпты-ай.
- 3120 Айтатұғын нәрсе жоқ,
Қазадан Қабылан қалыпты-ай,
Бәлеге төре жолықты-ай.
Қарабек мұны ойлайды:
«Ақыл айтсам бұ күнде,
Ханбибінің біржола
Құлағына қанбас» деп.
Жана ойлайды Қарабек:
«Бірге туған егізім
Өтірік сұрап алмас деп.
- 3130 Кеуіл қосып қалмақпен
Ханбибі болмас жолдас деп.
Айтып тұрса өтірік,
Ханбибі онда оңбас деп.
Бірге туса қайтейін,
Онда менің мұнымен
Өрелі отым жанбас деп.
Өлтірмей мейрім қылуға
Ойлап-ойлап тұрды да,
Білмейінше кеуілін
- 3140 Бермегенім болмас» деп.
Ойында жоқ Ханбибі
Қалмаққа кеуіл қосат деп.
Ханбибінің кеуілін
Жамандыққа қашат деп.
Қайта мұны ойлайды:

- «Бере қойсам Ханбибі
Қуанып кеуілі тасат» деп.
Осыны ойлап Қарабек
Ұлықсат қылды қалмаққа,
3150 Ханбибіжан босат деп.
Болғаннан соң тілегі-ай,
Босат деген уақытта
Ханбибінің қуанып,
Жарыла жазды жүрегі-ай.
Шешейін деп қол ұрса,
Шылбыр қиып Қабыланның
Қанаған екен білегі-ай.
Ауырар деп Ханбибі,
Ақырындап шешіпті-ай.
- 3160 Шиеленген қыл шылбыр
Шешіле алмай кешікті-ай.
Кешіккен соң Ханбибі,
Пышақ алып қолына,
Түйінін қиып кесіпті-ай.
Босанған соң қалмақтың
Қуанып кеулі өсіпті-ай.
Болмағанда Ханбибі,
Өліп еді бұл қалмақ.
Қазасы жоқ болған соң,
3170 Себеппенен жалғаннан
Бұйырыпты Алла нәсіпті-ай.
Рұқсат сұрап Қабылан ер
Енді атына мінеді-ай.
Рас па деп артына
Қарай-қарай жөнелді-ай.
Қарабек аңқау төре еді-ай,
Ештеңемен ісі жоқ,
Еліне қайтып келеді-ай.
Қарабек елге қайтқан соң,
3180 Ханбибінің шынымен
Тілегін Құдай береді-ай.
Әйтсе де қыз ақылды-ай,
Бірақ құрысын ақылы,
Дұшпан көрді жақынды-ай.

- Дос тұтынды көпірді-ай,
Көпірге кеулі сатылды-ай.
Құдай басқа салмасын
Осындай бейбақ қатынды-ай.
- 3190 Алдап елге қайырып,
Қарабектей батырды-ай,
Қарабек қырдан асқан соң,
Орамалын қолға алып,
Кетіп қалған қалмақтың
Ізінен қуып шақырды-ай.
Ашықтың дертінен
Ханбибі кетті еркінен.
Өнемейін айқайлап,
Жүгіріп жаяу барады-ай
Қабылан ердің соңынан.
- 3200 Терге ие болмады,
Шұбырып аққан терінен.
Қайтсе дағы Ханбибі
Желі шықты оңынан.
Орамалы түспейді,
Бұлғауменен қолынан.
Қабылан асқан уақта
Тасбұлақтың жолынан,
Өнемейін айқайлап
Қыз да жетті соңынан.
- 3210 Ізінен жеткен уақытта-ай,
Ханбибінің дауысы
Құлағын жарып барады-ай.
Сонда естіп Қабылан,
Шошып кетіп қарады-ай.
Не себептен бұ қыздың
Келе жатқанын біле алмай,
Барша есінен танады-ай.
Қорыққаннан бейшара
Көзі оттай жанады-ай.
- 3220 Енді қатты жүрмейді,
Жайыменен қалқыды-ай.
Қайрылмайын деп еді-ай,
Қыздан өліп барады-ай.

- Қайрылмайын деп еді-ай,
Жаман батқан тізесі
Қарабектен қорғады-ай.
Нағыларын біле алмай,
От ұрынды көзіне-ай.
Сүйтіп бара жатты да,
3230 Ой түсіпті өзіне-ай.
Құлағыңды асыңдар,
Ойлап тапқан сөзін-ай:
— Ауыр әскер қолменен
Шығып едім халқымнан,
Көрейін деп басында
Осы қыздың мерейін.
Жығынымды қырдырып,
Еліме барып не дейін?
Түріне қарап сөзінің
3240 Айтқанына сенейін.
Рас болса айтуы,
Ордасына енейін.
Шынымен берсе кеуілін
Емін-еркін көрейін,
Абыройын төгейін.
Осыны қылсам бұл қызға
Арманым бар демейін,
Уайым-қайғы жемейін.
Осының бәрін істесем,
3250 Түгелденер дегенім.
Егер алдап шақырса,
Ханбибі жатқан ордаға
Бүгін-ай жатып берейін.
Сұм жүрегім, шошыма,
Осы қызбен кідіріп,
Жауаптасып көрейін.
Ізінен жетіп сондағы
Ханбибінің айтқаны:
— Сенің үшін бұл кісі
3260 Жанын жалдап өтірік,
Алдап жүрсе ағасын,
Кеуіліңді білмей шамасын,

- Есінді неден танасың?
Қарабектің асырдым
Алда-белге қарасын.
Алды-артыңа қарамай,
Кімнен қорқып барасың?
Менен артық олжаны
Қайдан барып табасың?
3270 Менен артық сұлуды
Қайдан іздеп аласың?
Ашық болып өртеніп,
Күйіп жүрген мен сордың
Асып кетіп жеткізбей,
Құрта жаздың шарасын.
Қабылан қайда барасың,
Осыншама сасып-ай?
Алды-артыңа қарамай,
Менен неге қашып-ай?
3280 Жетейін деп жан ұрып,
Жүгірдім шапшаң басып-ай.
Жай жүргенде жеткізбей,
Кетіп едің асып-ай.
Күйіп-жанып өртеніп,
Болдым саған ашық-ай.
Болмағанда ашық-ай,
Нағысын жаным ашып-ай?
Білмедің бе осыны-ай?
Егер кеулім кетпесе,
3290 Сұрап алып ағамнан,
Ұрайын ба басыңа-ай.
Соны айтты да Қабыланды,
Ханбибі атты апаңыз
Жетелеп алып жөнелді-ай.
Табаны жерге тимей жүр,
Ақ киіктей жосып-ай.
Келе жатып алдында,
Жайқаң-жайқаң етеді-ай.
Бұралқы иттей еркелеп,
3300 Аяғын басып келеді-ай.
Ұрыншақ аттай шекелеп,

- Соныменен ордаға
Алып келді жетелеп.
Жатпасын ба екеуі
Құшақтасып келген соң,
Ойласын ба адалдап,
Аламын деп некелеп.
Бәрің де біліп отырсың,
Не қыларын жатқансын.
- 3310 Жата берсін осымен
Не қылайын төтелеп.
Ханбибіні көрдіңдер,
Бұл отырған әлаумет.
Өтірік пе, рас па,
Сеніп оған тұрмаңдар.
Бұрын да мұндай кәп болған,
Осы арасын шындаңдар.
Жағамын деп қалмаққа
Ханбибі атты апаңыз.
- 3320 Ханбибі тұрсын мұнымен.
- Ендігі сөзді, әлеумет,
Қарабектен тыңдаңдар.
Соныменен Қарабек
Есен-аман сау барып,
Ата-анаға жолықты-ай.
Қарабек келді деген соң,
Ірі адамы ноғайдың
Жиналысып барыпты-ай,
Халық ордаға толыпты-ай.
- 3330 Дидарласып көрісіп,
Есендігін білісіп,
Амандасып болған соң,
Білгені мен көргенін,
Көп қалмақтың өлгенін,
Көрсетейін халыққа деп,
Қабыланды айдап жүргенін
Ханбибінің және де
Ізінен қуып келгенін,
Қабыланды соған бергенін

- 3340 Қарабек енді бұл сөзді
Бастан-аяқ ағытты-ай,
Халық сөзіне қаныпты-ай.
Өтірік айтты десін бе
Төреге халқы наныпты-ай.
Соныменен ас асып,
Мәжіліспен отырып,
Жатар уақыт болыпты-ай.
Жатар уақ болған соң,
Ұлықсат беріп таратты-ай
- 3350 Үйде отырған халықты,
Халық ордадан шығыпты-ай.
Қолына алып Зәуреней
Жиып қойған мамықты-ай,
Мамықтан төсек салыпты-ай.
Сағынып көрген жалғызын
Ханым менен падиша
Ортасына алыпты-ай.
Кезек сүйіп тартқылап,
Мейірлері қаныпты-ай.
- 3360 Қарабек жатыр ұйықтап,
Екеуінде ұйқы жоқ.
Соныменен, жақсылар,
Түн ортасы ауыпты-ай.
Түн ортасы ауған соң,
Ұйықтап жатқан Қарабек
Күрсініп демін алыпты-ай.
«Күрсінді бала неге» деп,
Маңдайын ханым сипаса,
Қысылып терлеп қалыпты-ай.
- 3370 Сол шамада болмады,
Қырмызы қызыл ішіктің
Шалғайын серпіп жіберіп,
Қарабек енді төсектен
Шоршып түсті сынықтай,
Шошып кетіп оянып,
Ханым бір қылды жарықты-ай.
Ер қорыққандай түс көріп,
Ханым сонда оянып,

- Оянғанын таныпты-ай,
3380 Ханым бір қатты тарықты-ай.
Қасына барып баланың,
Ханым бір сонда сөйледі,
Қырмызы қызыл ішіктің
Шалғайын қолмен ашқаны-ай.
— Осынша түсің қашқандай,
Соншама қорқып сасқандай,
Жаның неден жасқанды-ай?
Ояндың ба, жалғызым,
Түсіңде көріп дұшпанды,
3390 Кеуліңді басқанды-ай.
Сен бір жаман түс көрдің,
Не бейнелі іс көрдің,
Біліп тұрмын мен, — дейді.
Қарабек сонда айтады:
— Білдің, неше, түс көрдім,
Ер қорыққандай іс көрдім,
Түсімде көрдім лаңды-ай.
Жорытқанша, шешеке,
Не екенін біле алмай,
3400 Кеуілім отыр тына алмай.
Сондай жаман түс көрдім
Түсі суық жыланды-ай.
Түсімді, шеше, айтайын:
— Аң аулапшын түсімде,
Киік пен атып құланды.
Жүргенімде аң аулап,
Құбыла жақтан қаптапты
Үстімнен ала тұманды-ай.
Сол тұманның ішінен
3410 Лағыппын мен далаға-ай.
Жөнiмдi тауып жүре алмай,
Ағайын, халықты көре алмай,
Сүйтіп балаң тарықты-ай.
Жүргенімде тарығып,
Бір адам келіп жолықты-ай.
«Баралық, — деп, — бір жаққа»,
Еркі алдыма қоймады-ай.

- Алып келіп бір жерге,
Мойындасып өзіммен,
3420 Құшақтасып ойнады-ай.
Ойын қылып шылбырмен,
Қолымды мықтап байлады-ай.
Олай-бұлай жұлқынып,
Үзе алмай сорым қайнады-ай.
Отырғанда үзе алмай,
Келгенін қайдан білмедім,
Бір жолбарыс келді де,
Оң қарымды шайнады-ай,
Өлтіруге ойлады-ай.
- 3430 Жатқанымда, шешеке,
Енді өлуге таянып,
Жаман қатты қысылып,
Қара терге боянып,
Кетіпшін, шеше, оянып.
Қорыққаны осы ішімнің,
Енді, шеше, жори бер,
Ажары осы түсімнің.
Сонда ханым жылайды:
— О дариға, дүние-ай,
Өткізер болдым қайғымен
- 3440 Мына да шолақ жалғанды-ай.
Көріп едім, жалғызым,
Сені өліп талғанда-ай.
Бір түн сүйіп құшақтап,
Жаңа мейірім қанған-ды.
Тағы түсті уайым,
Неден болдым сор маңдай?!
Білдім, балам, түсіңді,
Балалықтан, жалғызым,
Болып бір қалдың арманда-ай.
- 3450 Өлтірмей неге жібердің
Атаңа нәлет Қабыланды-ай.
Тумай кеткір бейбақтың
Соған кеуілі толғанды-ай.
Сен ауылға қайтқасын
Соңынан айқай салған-ды,

- Шақырып үйге келген-ді.
Екеуі жатып қалған-ды,
Кеуілі жатып жанған-ды.
Қолыңды ойнап байласа,
3460 Сол бейбақтан болғанды-ай.
Атаңа нәлет қалмаққа
Тумай кеткір сол бейбақ
Ықылас кеулін бергенді-ай,
Сенен артық көргенді-ай.
Қолыңды байлап амалдап,
Сол екеуі қосылып,
Өлтіруге жүргенді-ай.
Тауға біткен андызым,
Төбедегі жұлдызым,
3470 Маңдайдағы құндызым,
Не қылайын, шырағым,
Тіл алмадың, жалғызым!
Отқа салар, жуыма,
Демедім бе, жалғызым.
Зәуреней атты шешесі
Жанынан қатты тарықты-ай.
Баланың көрген түсінен
Барша есінен таныпты-ай,
Іші оттай жаныпты-ай.
3480 Қасына келіп баланың,
Былайша кеңес салыпты-ай:
— Жалғызым, енді кідірме,
Атқа тоқым салып кел,
Кідірмей шапшаң барып кел,
Жатқан болса сол үйде,
Басын қағып алып кел.
Өлтіре қойсаң қалмақты,
Соныңмен бірге қосақтап,
Тумай кеткір қаншықты
3490 Бауыздап қойдай шалып кел.
Құдайым оңдап, қарағым,
Қанына құлдың боянғай.
Жаныңдағы алмасың
Жәрдем беріп және-ай,

- Пірлер болғай жолдасың.
«Жалғыздың жары — Алла» деп,
Алла ісіңді оңдасын.
Ісіңді Алла оңдаса,
Бұзып таста барғаннан
3500 Қу қаншықтың ордасын.
Дүбірін аттың есітіп,
Жасырынып қалмасын.
Жасырып қойып о бейбақ
Өтірік айтып жүрмесін,
Оған кеулің нанбасын.
Оң қарыңды шайнаған
Қалмақ шығар, шырағым,
Түсіңде көрген жолбарыс.
Жанын берсе, сен сенбе,
3510 Айтқан сөзі бейбақтың
Құлағыңа қонбасын,
Оған зейінің аумасын.
Тілімді алсаң, жалғызым,
Тумай кеткір бейбақтың
Әуелі кес өз басын.
«Бірге туған бауыр» деп,
Ұялып бетің оңбасын.
Және айтайын, қарағым,
Ақыл-айла таптырмай,
3520 Алмасыңды шаптырмай,
Алыса кетсе сол қалмақ,
Байқағайсың осы жерге.
Тумай кеткір Ханбибі
Аяғыңнан алмасын,
Сыртыңнан пышақ салмасын.
Менің айтып болғаным,
Сенің үшін, жалғызым,
Жанымды құрбан қылғаным.
Аяйтұғын не жан бар,
3530 Өлгенде көрген қарамсың.
Жалынамын, жан ие-ай,
Жалғызым жазым болмасын.
Ендігісін өзің біл,

- Осыншама адамды
Жарылқаушы Алласын.
Ханбибіден болғанды-ай, —
Деп айтқансын анасы-ай,
Қарабек есінен танады-ай.
Ақылы ойран дал болып,
3540 Ойлап келіп қарады-ай.
Ойлап келіп отырса,
Шешесінің жоруы
Кеуіліне қонады-ай.
Бірге туса нағылсын
Ханбибіні мұғайын
Өлтіруге қарады-ай.
Осыны ойлап Қарабек,
Орнынан тұрады-ай.
Азбардағы Құлаға
3550 Жүгірумен барады-ай.
Үстіне ерін салады-ай,
Басына жүген ұрады-ай,
Жұптап айыл салады-ай.
Ер жолдасы бес қару
Беліне байлап алады-ай.
Атқа мініп ер төре,
Пірден жәрдем сұрады-ай.
Қасына ерген жолдас жоқ,
Жалғыз кетіп барады-ай.
3560 Жан серігі жалғыз ат
Астындағы Құланы-ай,
Атқа қамшы ұрады-ай.
Төрт аяғын ұсынып,
Айуан о да шабады-ай,
Дүбірі жерді жарады-ай.
Қысылғаннан Қарабек
Жалғыз шауып келеді,
Жын ұрғандай далада-ай.
Астындағы Аққұла ат
3570 Қара терге боянды-ай.
Өршеленіп ұмтылып,
Құлағын жығып қояндай,

- Қарабек те келеді-ай.
Қолға берсе со құлды
Өлтірмей, сірә, қоя ма,
Қимылдауға аянбай.
Өлсе де құлда арман жоқ,
Ханбибі атты арудың
Ақ төсіне жай алды-ай.
- 3580 Ханбибі мен Қабылан ер
Ашық болып қосылды
Қозы Көрпеш — Баяндай.
Қарабек те келеді,
«Жетейін, — деп, — күн шықпай.
Сол уақытта шамасы,
Таң да атуға таянды,
Көзі қыздың ілініп,
Дүбіріменен Құла аттың
Апаң шошып оянды-ай.
- 3590 Ояна сала Ханбибі:
— Тұр, Қабылан ер, тұр, — дейді,
Бізді Құдай ұрыпты-ай,
Жол терістен тұрыпты-ай.
Дүбірі шықты бір аттың,
Жер солқылдап барады,
Дүбірі шығар Құла аттың.
Түс көрген-ді алжыған
Менің шешем шерменде-ай.
Баласы мен екеуі
- 3600 Біреуі түс көргенді-ай,
Жатқаныңды білгенді-ай.
«Өлтіріп кел, бар болса» деп,
Алжыған ақыл бергенді-ай.
Азау жақтан және де
Қызыл мұнар жел соқты,
Тынысы шығар Құла аттың.
Қаһарланып, қаттанып,
Бермен қарай аттанып,
Төбесінен қан жауғыр,
- 3610 Тумай кеткір Қарабек
Жақын жерге келгенді-ай.

- Шапшаңырақ қаша көр,
Атқа қамшы баса көр.
Көрінгенше қарасы,
Қарағым, таудан аса көр.
Атаңа нәлет қалмақтың
Қабыл болмай тобасы-ай,
Жыртыла жазды жағасы-ай.
Жар болмады бабасы-ай,
3620 Қалмаққа болды тамаша-ай.
Неге десең себебі —
Келмей қалды қашуға
Қабылан ердің шамасы-ай,
Нағып келсін шамасы-ай.
Қарабек те сығалап
Қыздың жетті ағасы-ай.
Көрініп қалды арасы-ай,
Жуықтап қалды арасы-ай,
Үйге келді жанаса-ай.
3630 Көрінгенсін қалмақтың,
Көбейіп қайғы, сәнасы-ай,
Кетерін қайда біле алмай,
Жылап қоя беріпті,
Отыра сала балаша-ай.
Құдай салды қарғап-ай,
Көзінің жасы парлап-ай,
Жылай берді зарлап-ай,
Қорыққаннан қалмақ-ай,
Не қыларын біле алмай,
3640 Шайнаулы отыр бармағы-ай.
Ханбибі де қысылып,
Сиынды зарлап Аллаға-ай.
Қаша алмайтын болғасын,
Қыздың тапқан айласы —
Қарабекке көрсетпей,
Қабылан мінген Қара атты
Кіргізеді ордаға-ай.
Дүбірімен Қара аттың
«Кісінеп тұрмас үйде» деп,
3650 Іліп жатыр басына

- Жем толтырып дорбаға-ай.
Ханбибі мұны ойлады-ай,
Ағасының алдынан
Өтірік жылап бармаққа-ай,
Дізгіннен алмаққа-ай,
Бөтен жолға салмаққа-ай.
Қарабекке көрсетпей,
Қабыланды алып қалмаққа-ай.
Алдынан төре тұрады,
3660 Қорыққанынан Қабылан ер
«Амал қыл» деп еңіреп,
Ханбибіге жылады-ай,
Құлды құдай ұрады-ай.
Шын қорыққаны емес пе,
Далада емес о доңыз
Үйде отырып бұғады-ай.
Қорыққанынан Ханбибі
Енді айла қылады-ай.
«Көрмесін, — деп, — қара атты»,
3670 Үйге әкеліп тығады-ай.
Ағасының алдынан
Өтірік жылап шығады-ай.
Алдынан жылап шыққансын,
Кідіріп төре тұрады-ай.
Келе жатқан мәнісін
Ханбибі енді сұрады-ай.
— Айналайын, ағеке,
Осыншама сасқандай,
Бармай жатып ауылға,
3680 Бермен қарап қашқандай,
Көрдің қандай дұшпанды-ай,
Неден желдің пышпандай?
Неңдей жаман түс көрдің,
Не сыпатты іс көрдің,
Не ойға түс көрдің
Біліп тұрмын мен, — деді-ай.
Тұла бойым қалтырап,
Қорқып тұрмын, ағеке,
Кідірмей айтшы сен? — дейді-ай.

Қарабек кідірмей үйге кірмекші болып келе жатыр еді, қарындасы алдынан жылап шыққан соң, тұла бойы балқып былай дейді:

- 3690 Қарабек сонда айтады:
— Осыдан үйге барғансын,
Халық жиналып келгенсін,
Қауышып халықты көргенсін,
Есендігін білгенсін,
Келген халықпен сөйлесіп,
Мәжіліспен отырып,
Жатар уақыт болғансын,
Таратып халықты жатуға,
Салды шешем мамықты-ай.
- 3700 Жатқаннан соң, Ханбибі-ай,
Ұйықтап кетіп түс көрдім,
Ер басына күш көрдім,
Оңай емес іс көрдім.
Түсімді баян етейін,
Кешегі қашқан қалмақтар
Қаласына барыпты-ай,
Еліне салық салыпты-ай,
Әскер жинап алыпты-ай,
Азғантай емес толықты-ай.
- 3710 Бермен қарай аттанып,
Қалмақ қаптап келіпті-ай.
Басшысына алыпты
Әрбір жайсаң шонықты-ай.
Алдын тосып қалмақтың,
Жаттайын деп барамын.
Шамам келсе қалмақты,
Айтайын деп барамын.
Шапшаң жүр де алып бер,
Кешегі жатқан жерімде
- 3720 Алпыс масақ қалыпты-ай.
Ханбибі сонда айтады:
— Ешнәрсе емес, бұл болса,
Айналайын, ағеке-ай.
Болып қалған іс пе, — деп,

- Келіп еді ішім күйіп-ай.
Түсте көрген іс болса,
Тілегіңді тілейін,
Кеулімді тыйып-ай.
Жәрдем болғай пірлерің
Құдайдың өзі иіп-ай.
- 3730 Қарсыласқан дұшпаннан
Дәрежең болғай биік-ай.
Сенің үшін сау келсем,
Құдай жолың болғаным,
Жанымды, аға, қиып-ай.
Жанымды қимай қайтейін,
Сен болмасаң кім келер
Құла дүзде отырған
Қарсыласқан дұшпаннан
Мола құсап үйіме-ай.
- 3740 Сен ауылға қайтқансын,
Қойып едім, ағеке,
Төсегіңді жиып-ай.
Жатыр екен масағың,
Жан қалтама салып ем,
Орамалға түйіп-ай.
Масақты тауып алып ем,
Жан қалтама салып ем.
Сүйдеді де қол ұрып,
Сипай берді жанын-ай,
- 3750 Суырып берді қалтадан.
Қабылан атты қалмақтың
Жүргізбес болды маңына.
Қарабек атты төренің
Ханбибі есін тандырды-ай.
Не дерін білмей Қарабек,
Енді сөзін алдырды-ай.
Амалменен Ханбибі
Қабыланды есен қалдырып-ай.
Қарабек атты ер төре
- 3760 Тоқтауға беті шыдамай,
Жүре берді далаға-ай.
Мықтап басы қаңғыра,

- Жөн алдына шабады-ай.
Бара жатып Қарабек
Ойлайды ақыл және де,
Ойлап ақыл табады-ай.
Ойлап тапқан ақылы
Бір жыраға келді де,
Атына шідер салады-ай.
- 3770 Төбеге шығып Қарабек,
Қарауылдап қарады-ай.
«Үйден шықсаң, сен қалмақ,
Басыңды нағып алайын,
Сөйтіп ойран салайын».
Сырттан торып бағады-ай,
Ханбibi оны білмейді-ай.
Масаттанып бойына,
Толғап кетіп барады-ай.
Сонда айтқаны апаңның:
- 3780 — Әй, Қабылан ер, Қабылан ер,
Қосылғаның шайырды-ай.
Шайырлығын айтайын,
Тура келген қаза еді-ай.
Қарабекті қайырды-ай,
Өлімнен сені айырды-ай.
Егер үйге кіргенде,
Кесер еді мойынды-ай,
Істер еді тойыңды-ай,
Көрсетер еді ойынды-ай,
- 3790 Жаздырмас еді бойыңды-ай.
Сүйіншімді бер, Қабылан,
Қарабек асыл жойылды-ай.
Айтайын саған ойымды-ай,
Өліп кетсем де арман жоқ,
Тура келген қазадан
Айырып қалдым басыңды-ай.

Қарабек қырдан асқансын, қорыққаннан Қабылан: — Хан-
bibi шырағым, Қарабектен менің көкірегім суығанымен, бұл
панайда жүре алмаспын, — деп қорқамын. Сенің кеуіліңді
қимай жүріп өліп кетем бе деп қорқамын. Бұл қалай болған?

Маған тізесі батты. Ендігі айланы өзің тапсаң, менің өлмеген нем қалды?! Қабыланға қарап отырып Ханбибі бір сөз айтты:

- Айтатұғын, Қабылан ер,
Енді менің сөзім бар.
Сен сарғайған таңдай ата бер,
3800 Қызарған күндей бата бер,
Бұйырған дәмді тата бер,
Кідірмей енді қайта бер.
Жер ортасы Тасбұлақ,
Тасбұлаққа бар дағы,
Он айға шейін жата бер.
Азық қылып сау болсаң,
Құлан мен киікті ата бер,
Тамашаға бата бер.
Он айға шейін бармасам,
3810 Онда еліңе қайта бер.
Көрмесек те еліңнің
Азаматы бар шығар,
Бәріне сәлем айта бер.
Мен талдап шашымды өрейін,
Ант арқылы саған мен
Уағдамды берейін.
Жатамын деп ант етіп,
Уағданды сен де бер.
Мен де саған сенейін,
3820 Кеуіліңе келмейін.
Білсе қуып жетер, — деп,
Қорқып тұрмын ағамнан.
Алдап-сулап айламен
Есебін тауып бармасам,
Мұныма түсін, қарағым,
Нағылып саған ерейін.
Жатамын десең айтып кет,
Сен кеткенсін мен неге
Жайыма қарап жүрейін.
3830 Ашықтықпен бас қосқан,
Жұбайым, сені көрмесем,
Басымнан кетпейді уайым.

- Ағам түгіл, сен үшін
Жанымды құрбан қылайын.
Бауырым екен демейін,
Талабымды оң қылса,
Алдап-сулап, айлалап,
Тасбұлаққа жөнелейін.
Тасбұлаққа барған соң,
3840 Амалын тауып өлтіріп,
Қарабекті көмейін.
Сеніменен қосылып,
Жалғанда дәурен сүрейін.
Жаман айтпай, жақсы жоқ,
Бұ дегенге жетпесем,
Қарағым, сенің ізінде
Ер көрместен өлейін.
Қауысар күнім бар болса,
Қияметте көрейін.
3850 Кідірмей енді жүре бер,
Қайта-қайта аман бол,
Қарағым, енді не дейін?!

Ханбибі осыны айтқансын, қалмақтың көңіліне мынандай мысал кіріп: «Осы Ханбибі үшін жығынымды қырдырып не бітіріп қайтамын. Бұл мұратқа жетпесем, қайтуым керек емес пе, танауымды жырдырып» деген ойға түсіп, «Иә, қалай болғанмен оның айтқанын қылып, ізінде жүріп өлейін» деген мысал кіріп, Ханбибіге былай дейді:

- Онда менің, Ханбибі-ау,
Тасбұлақта жатқаным,
Он айға шейін баққаным,
Айтқаныңды ұққаным.
Он айға шейін жатпасам,
Мені тапсыр Құдайға.
Он айға шейін бармасам,
3860 Біреуге кеуіл шатқаның,
Менен жақсы тапқаның.
Біліп алып онда мен
Сені Құдай атқанын,

Енді аман бол, Ханбибі,
Онда еліме қайтқаным.

- Осыны айтып болған соң,
Амандасып, қоштасып,
Қабылан атқа мінеді-ай.
«Көреді, — деп, — Қарабек»,
3870 Енді қашып жөнелді-ай.
Үйден шықты бұ қалмақ
Қарабек қашан көреді-ай.
Шоқтеректі далдалап,
Жабындыны қуалап,
Қорыққаннан зандалап,
Қарабекке қарауды
Көрсетпе алдалап.
Қорыққанынан Қабылан ер
Бара жатыр бүлініп,
3880 Жан көзіне көрініп.
Қабылан үйден шыққанда,
Бағып жатқан Қарабек
Көзі кетіп ілініп,
Көрмей қалды қалмақты.
Қабылан атты қалмақтың
Тілеуін Құдай беріпті-ай.
Тұмай кеткір Ханбибі
Со қалмақты шығарып,
Біраз жерге еріпті-ай.
3890 Таудан асып кеткен соң,
Ханбибі үйге қайтады-ай.
Кейін қарай жүріпті-ай,
Таудан құлап кетеді-ай.
Таудан құлай бергенде,
Ар жағынан үйінің,
Жырасында бір таудың
Қаңтарулы байлаған
Аққұла атты көріпті-ай.
Мұғайын біліп қалмақтың,
3900 Қарабектің келгенін,
Сырттан торып баққанын,

Өлтіруге жатқанын
Мұғайын апаң біліпті-ай.

Ханбибі Аққұла атты көрген соң, әр нәрсе көңіліне түсіп,
үйіне келіп киімдерін шешіп тастап, атты көрген жерге қарай
келе жатыр.

- Үйге келіп Ханбибі,
Киімін шешіп тастады-ай.
Қабылан кетіп қалған соң,
Жатқанынан таспайды-ай.
Өтірік жылап алдауға
Тағы да айла бастады-ай.
- 3910 Жалаң аяқ, жалаң бас,
Ханбибі кетіп барады-ай.
Көрген жерге келеді-ай,
Қарабекті қарады-ай.
Өзінен бұрын табады-ай,
Байлап қойған Құла атты-ай.
Аттың бергі қасында-ай,
Бір шоқының басында-ай
Ордаға қарап Қарабек,
Етпетінен құлапты-ай.
- 3920 Балдағын ұстап қолына,
Суырылып азғантай
Алмасы жатыр қынапта-ай.
Сол алмасты көрген соң,
Ұйықтағанын білген соң,
Алмасын алып білдірмей,
Шабарға кеулі ұнатты-ай.
Және ойланып Ханбибі,
«Пірлер қағып өтпес, деп,
Шапқанмен кесіп кетпес» деп,
- 3930 Бұ талапты қойды да,
Басын шайқап оятты-ай,
Оятып жатып жылапты-ай:
— Айналайын, ағеке-ай,
Көтерсеңші басыңды-ай.
Жатқаныңа бұл келіп,
Іші құрғыр шошынды-ай.

- Мен Құдайға не жаздым,
Қас қыла беріп досымды-ай.
Жазығым жоқ, жапам жоқ,
3940 Жаңа өспірім жасымда-ай.
Ағайын, халықты көргізбей,
Ата-анам көзімді асырды-ай.
Енді өлуге таянып,
Еңіреп-жылап жүргенде,
Сені есен көрсетіп,
Кеулімді Құдай тасырды-ай.
Тасқаны құрысын, ағеке-ай,
Және кеулім басылды-ай.
Есімде жоқ, сен аға,
3950 Ойлайды деген осындай,
Бүктің ғой бүйтіп насырды-ай.
Бірдеңені көрдің бе,
Кереметпен білдің бе?
Кіммен кеулім қосылар-ай,
Айтсайшы, аға, жасырмай.
Мойныма қойып кінәмді,
Жаудырсайшы тасыңды-ай,
Турасайшы шашымды-ай.
Іштемемді сезбесең,
3960 Жөн деймісің осыңды-ай.
Жамандық саған ойласам,
Түсірмей ме төбемнен
Құдай менің жасымды-ай?!
Айналайын, ағеке-ай,
Жазығым жүда саған жоқ,
Бері аттанып шапқандай,
Сырттан торып баққандай.
Біліп тұрмын мен мұны,
Бөлеге сол шатқанды-ай,
3970 Шешенді Құдай атқанды-ай,
Ортаға отты жаққанды-ай,
Мені саған шаққанды-ай.
Бар дегенде тоқталмай,
Нақақтан бөле жапқанды-ай.
Неден болды шерменде-ай,

- Көрінде де тек жатпас
Ол алжыған өлгенде-ай.
Біліп тұрмын мен мұны
Саған шағым бергенді-ай,
3980 Соған кеулің сенгенді-ай.
Жасымызда айырып
Екеуімізді жіберген,
Тағы сондай алжыған
Айыруға жүргенді-ай.
Тіліне оның ергенше,
Өкпелесең болмай ма,
Өзің сезіп білгендей,
Бірдеңені көргендей.
Мына қылған ісіңе
3990 Іші-бауырым өртеніп,
Тұла бойым өртенді-ай.
Қарамды құрт сен менің
Тірілей көрге көмгендей,
Тіліне оның ергендей
Немді көрді онымен
Тіліне еріп келгендей.
Өзің есен келген соң,
Сенімен бірге жүрген соң,
Көптен бері жүр еді
4000 Кеуілім болып шат, — дейді-ай,
Қылдың, шеше, қап! — дейді-ай.
Айналайын, ағаке,
Нансаң кеулім ақ дейді-ай.
Енді сенен тілеймін
Бір бес-алты ай қайтпастан
Менімен бірге жат, — дейді-ай,
Бұйырған дәмді тат, — дейді-ай.
Еріге қойсаң аң аулап,
Құлан мен киік ат, — дейді-ай,
4010 Сыртымнан торып бақ, — дейді-ай.
Сүйтіп менің, ағаке,
Кінәм болса тап, — дейді-ай.
Мойныма қойып тап тағы
Найзаменен шаныш, — дейді-ай,

- Қылышпенен шап, — дейді-ай,
Бетіме күйе жақ, — дейді-ай,
Артыма қазық қақ, — дейді-ай.
Шабуға қолың бармаса,
Масқара қылып тірілей,
4020 Сартқа апарып сат, — дейді-ай.
Қылмаймын десең осыны,
Осы арада өлейін,
Расыңды айт, — дейді-ай,
Қолыңнан көміп қайт, — дейді-ай.
Өтірік күліп және де-ай,
Отырып келіп далада-ай,
Өтірік ойбай салады-ай.
«Жарамын, — деп, — ішімді»
Қолына пышақ алады-ай.
- 4030 Мекерлік пен өтірік
Өлуге апаң қылады-ай.
Соны айтса да Қарабек
Жасы жетіп ақылы
Толықтаған бала еді-ай.
Айтқанына иланып,
«Түс — түлкінің боғы», — деп,
Қызға тағы нанады-ай.
— Маңдайыңнан күн қағар,
Таңдайыңнан шөл қағар,
- 4040 Табаныңнан тас қағар,
Жалаң аяқ, жалаң бас
Нағылып жаяу келдің, — деп,
Аққұла атқа мінгізіп,
Жетектеп кетіп барады-ай.
Бауырының сөзіне
Тұла бойы елжіреп,
Ашуы бойдан тарады-ай.
- 4050 Мұныменен бұл тұрсын,
Ендігі сөзді естіңдер,
Қарындасы Ханбибі
Бірге туған бауырға
Қандай нәрсе қылады-ай.

- Қарабектің қарандар,
Алдау сөзге ерісін.
Ақыры бір күн жайдырар
Бүйтіп жүріп терісін.
Өтірік жылап Ханбибі,
Ұзайтып алды өрісін.
Мұныменен бұл тұрсын,
4060 Әлеумет, енді тыңдаңдар,
Екі күңнің мәнісін.
Қорыққаннан Ханбибі
«Айтад, — деп, — Қабыланды»
Киіндіріп шақтайды
Екі күңді күні үшін.
Шашбауының шашақтап
Моншақтайды желісін.
— Елде-кенде күндер сол
Түге алмай жүрген кісіні
4070 Айналдырып әкеліп,
Себеппенен қарашы,
Алланың бақыт бергенін.
Ханбибінің бүгінгі
Көрген күні құрысын,
Бұрынғы тастады ұрысын.
Қорыққанынан біржола
Шығармады дыбысын.
Екі күңге Ханбибі
Ішпегенін ішкізді-ай,
4080 Кимегенін кигізді-ай,
Білмегенін білгізді-ай.
Тыңшы қып жүрген күндерді
Бажаңдатып күлдірді-ай.
Күлкімен бетін арылтып,
Талдап шашын өргізді-ай,
Көрмегенін көргізді-ай,
Сараман дәуірін сүргізді-ай,
Өзімен қатар жүргізді-ай.
Уағында масығып
4090 Қол ұзартып аспанға,
Әпер депті жұлдызды-ай.

- Жұлдыз емей немене
 Азап салды бір жола
 Кигіз деп бархыт құндызды-ай,
 Қорқытты жаман бұл қызды-ай.
 Қорыққаны емес пе,
 Тұрмайды күндер құндыздай.
 Өздері жатып төсекте,
 Ханбибіні тұрғызды-ай.
- 4100 Қорыққанын біліп мұғайын,
 Қыз амалын қылғызды-ай.
 Дәмді тамақ ішірді,
 Жақсы киім кигізді.
 Күннен қорқып Ханбибі,
 Бүйтіп соры қайнады-ай.
 Кердең кетті бұл күндер,
 «Кердең кетті бұл күн» деп,
 Себебін тапса Ханбибі,
 Өлтіруге ойлайды-ай.
- 4110 «Өлтіремін қалай» деп,
 Ханбибі ойлап қарады-ай.
 Одан басқа амал жоқ,
 Күннен-күнге екі күн
 Кердең кетіп барады-ай.
 Ханбибінің күнінен
 Пәлеге басы қалады-ай.
 «Айта ма, — деп, — қит етсе»,
 Қорқып есін танады-ай,
 Іші оттай жанады-ай.
- 4120 Өлтірейін деп еді,
 «Неге өлтірдің жазықсыз?» —
 Деп айтар деп қорқады-ай.

Ханбибінің шарадай басы шақшадай болып, қорқып, ағасына айтады деп, оларды өлтірудің жолын іздеп, әр түрлі ойға кетеді.

Осыны ойлап Ханбибі,
 Екі күнді шақырып,
 Қасына жақын алады-ай.

- Шақырып алып алдайды
Екі күнді баладай,
Күндер оған нанады-ай.
Ханбибінің кеуліне
- 4130 Осы ақылы жарады-ай.
Алдап айтқан сөзіне
Екі күңі сенеді-ай.
— Күлсек бірге күлейік,
Жыласақ бірге жылайық.
Бірімізді-біріміз
Есен қыл деп сұрайық.
Осы күнгі шын кеулім
Бірге туған сендерді
Сіңілім құсап көремін.
- 4140 Көруімнің себебі —
Мәгар сендер жоқ болсаң,
Жалғыз өзім бұл үйде
Отырар едім шұнайып.
Ойнап-күліп сендермен,
Мен отырмын сынайып.
Бұ себепті сендерге
Нағылсам да лайық.
Өзім есен-сау күнде
- 4150 Еш нәрседен кем болып,
Тарықпассыз мұңайып.
Мен сендерге, күндерім,
Айтатұғын сөзім бар.
Қарабек кешке келгенсін,
Жорта араз болайық,
Өтірік жанжал салайық,
Төбелесіп қалайық.
Недер екен Қарекем,
Кеулін байқап сыналық.
Ойын ойнап осындай,
- 4160 Бір тамаша қылайық.
Ханбибі және айтады:
— Кешке таман болғанда,
Қарекемді көргенсін,
Үйге жақын келгенсін,

- Далаға шығып екеуің,
Ұрыс-жанжал салыңдар,
Қолыңа пышақ алыңдар.
Өп-өтірік сермесіп,
Біріңізді-бірің жарыңдар.
- 4170 Екеуіңді түйгіштеп,
Өп-өтірік ұрармын,
Менімен де араз болыңдар.
Тұр десем де тұрмаңдар,
Екі жерде екеуің
Бүркеніп жатып қалыңдар.
Екі күнге жүреді
Ханбибі атты апаңыз.
Ұрыса алмай, тілі байланып,
Ханбибі енді табады
- 4180 Осы ақылды ойланып.
Осы ақылды тапқансын,
Кеулі қалды жайланып.
Сорлы енді екі күң
Осы сөзге иланып,
Қарабек келгенсін,
Ұрысуға сайланды-ай.
Себеппен өлсе екеуі,
Кім қалады қиналып.
Қарабек кешке келгенсін,
- 4190 Далаға шығып екі күң,
Айтқан сөзге иланып,
Төбелесіп қалады-ай,
Қолына пышақ алады-ай.
Өп-өтірік семсеріп,
Біріне-бірі салады-ай.
«Ойын ба деп, шын ба» деп,
Қарабек соған қарады-ай.
Қарап еді Қарабек
Екі күңді айырып
- 4200 Ханбибі жүр арада-ай,
«Енді қойсаң нетті» деп.
Сол екеуін Ханбибі
Өп-өтірік сабады-ай.

- Сабап еді түйгілеп,
Екі жерде екеуі
Бүктісіп жатып қалады-ай.
Екі күң жатып қалғансын,
Мекерлікпен Ханбибі
Қарабекке жылады-ай,
4210 Ханбибі сонда сөйледі:
— Осы екеуі болған соң,
Өзіме ермек қылуға
Киіндіріп, ас беріп,
Асырап едім баладай.
О қылғаным болмады,
Тойынғансын масығып,
Күнде бір ұрыс салады-ай.
4220 Қой дегенге қоймайды,
Өшігіп кейіп барады-ай.
Ұрыса қалсам мәгарда,
Қолына пышақ алады-ай.
Бүйте берсе бір күні
Бірін-бірі жарады-ай,
Бір күн өліп қалады-ай.
Ұрыспа деп айтып қой,
Жаңғыз өзім бұл үйде
Отырамын нағылып,
Сен жүресің далада-ай?!
4230 Кеулінде не болсын,
Екі күңге ақырып,
Қарабек соған нанады-ай.
«Өшігіп жүріп екі күң,
Бірін-бірі жарды, — деп,
Күндер өліп қалды, — деп,
Қарабек атты ер төре
Істеткеніме нанады», — деп
Айтайын деп Ханбибі,
Осылай айла қылады-ай.
4240 Ашықтықтың дертіне
Шыдай алмай Ханбибі,
Дос тұтынды көпірді-ай.
Өлтіруге ойлады

Бірге тумыш жақынды-ай.
 Екі күнді бұрыннан
 Өлтіруге Ханбибі
 Ойлап тапты ақылды-ай.
 Нені білсін бейшара,
 Ойын деп жатыр ойына.
 4250 Ажал оғы атылды-ай,
 Күндер мықтап шатылды-ай.
 Мекерлік пен өтірік
 Нандырады Ханбибі
 Қарабектей батырды-ай.
 Бұл нанғаны емес пе,
 Ашуланып Қарабек,
 Екі күнге ақырды-ай.

Қарабектің ойында еш нәрсе жоқ. Қарындасы жылап егіліп сөз айтқан соң, күндердің істерін теріс көріп, күнге ақырып, толғап мынадай дейді.

Қарабек сонда айтады:
 — Тұрыңдар, күндер тартыспа,
 4260 Енді екінші ұрыспай,
 Ретіңмен құрыңдар,
 Істейтұғын жұмысқа-ай.
 Тұр десе тұрып Ханбибі,
 Отыр десе тырс етіп,
 Орыныңнан жылыспай.
 Ханбибі ұрыспа дегенде,
 Төбелесің дұрыспа-ай?
 Жүдө құрлы көрмейін
 Өлімді құмырсқа-ай.
 4270 Мұнан былай екінші
 Істеме, күндер, бұл істі-ай.
 Енді екінші ұрыссаң,
 Атаңа нәлет шұнақ күң,
 Тапсырармын қылышқа-ай.
 Осыны айтып ер төре,
 Енді ордаға барады-ай.
 Мәслихатпен отырып,

- Тамақтанып жатады-ай.
Таң атқасын аттанып,
4280 Далаға қарай тартады-ай.
Далаға кетпей қарауыл
Әне қарауыл қалады-ай.
Және екіншісі аң аулап,
Құлан мен киік атады-ай.
Далада жүріп Қарабек,
Кеш болғасын қайтады-ай.
Ханбибі атты апаңыз
Қарекемді өтірік
Нандырдық деп ыржаңдап,
4290 Екі күнді күлдіріп,
Тамашаға батады-ай.
Ұмыттырып жіберіп,
Енді бір күн Ханбибі
«Барайық, — деп — отынға»,
Екі күннің беліне
Отын жібін шалыпты-ай.
Алып барып аулаққа,
Келмесін бе қуаты.
Екі күннің тас қылып
Қол-аяғын байлапты-ай.
4300 Күндер енді қорықты-ай,
«Апеке» деп жалынып,
Әбден жылап тарықты-ай,
«Төбелесіп өліпті-ай», —
Деп айтсын деп Ханбибі
Шотпен бірін-бірін шауыпты,
Пышақпенен бірін жарыпты.
Екі күнді өлтіріп,
Айқастырып салыпты.
Енді кешке келгесін,
4310 Ағасының алдына
Ханбибі жылап барыпты,
Өп-өтірік қамықты-ай.
— Айналайын, ағеке,
Кетіп еді отынға
Аспап алып екі күң.

- Кешіккесін барып ем,
Төбелесіп екеуі,
Бірін-бірі шауыпты,
Бірін-бірі жарыпты,
4320 Екі күң өліп қалыпты.
Жалғыз қалдым, аға, — деп,
Өтірік жылап Ханбибі,
Баса алмапты жылауын.
— Қайдағыны шығарып,
Күңдер құрысын, жылама,
Өзіміз есен болайық, — деп,
Қарабек соған наныпты-ай.
Қарабек атты ағасын
Осылайша Ханбибі
4330 Оңашалап алыпты-ай.
Енді қалмас төреңіз
Бір бөлеге жолықты-ай.
Соныменен, жігіттер,
Ойлап тұрса апаңыз,
Кешегі Қабылан кеткелі
Есептеп тұрса бір күні
Напа бес ай болыпты-ай.
Баратұғын жездеме
Уәдесі болыпты-ай.
4340 Алдап-сулап ағасын,
Тасбұлақтың басына
Салмаққа отыр жорықты-ай.
Тумай кеткір бейбақтың
Кебіні отқа жаныпты-ай.
Бірдемесі бар болса,
Білермін деп Қарабек,
Бес айға шейін аңғарып,
Алып жүрді есіне-ай.
Тумай кеткір бейбақтың
4350 Қайдан білсін ісін-ай.
Уәде байлап о қашан
Бітіріп қойды ісін-ай.
Келіп-кеткен адам жоқ,
Қарабек білсін несін-ай.

- Осынау деп Ханбибі,
Өп-өтірік айналып,
Асты-үсті түсіп-ай,
Бірге жатып, бір тұрып,
Қосылып тамақ ішіп-ай,
4360 Құлынтайдай айқасып,
Кеуілдері өсіп-ай.
Кеуілі сеніп апаңа,
Ұмытып кетті Қарабек
Көрген жаман түсін-ай,
Түсінде көрген ісін-ай.
Ұмыттырып жіберіп
Тумай кеткір Ханбибі,
Тілеуін Құдай кесіп-ай.
Алдап-сулап ағасын,
4370 Тасбұлақтың басына
Кетпек болды көшіп-ай.
Амалын тапса ылаждап,
Басын қоспақ кеуілі
Қабылан сынды досына-ай.
Қабылан атты қалмақты
Ойнатар болды түсіне-ай.

Енді ағасын Тасбұлаққа апару туралы сөзді Ханбибіден есітсеңдер.

- Қарабек пен Ханбибі
Екеуі қатар тең өсті-ай.
Оңаша жатып далада,
4380 Кеуілдері тел өсті-ай.
Бір күні енді Ханбибі
Қарабекке айтады:
— Кәдірханның ұл мен қыз
Екеуі бірдей батыр, — деп.
Жаудың келер бетінде,
Елдің қиян шетінде,
Бері асырмай қалмақты
Табан тіреп жатыр, — деп.
Ел үстіне келтірмей,

- 4390 Бұл жатқаны ақыл, — деп.
Бірақ енді, Қареке,
Өз кеуліме келіп тұр
Жеріңізді бұ жатқан
Ауылға жуық-жақын, — деп.
Мұсылман мен кәпірдің
Шегіне барып қонайық,
Енді сонда болайық,
Ұната қойсаң мақұл, — деп,
Бұл арада жатқан соң,
- 4400 Елге қайтып барған соң,
Кімнің аузын кім тияр,
«Алыс жерге бармады» деп,
Айта ма деп қорқамын
Қатар құрбы адамың.
«Мақтамаңдар, Қарабек
Батыр емес қатын» — деп.
Және айтады Ханбибі:
— Айналайын, ағеке-ай,
Жеткенің жоқ сен әлі
- 4410 Жиырманың жасына-ай.
Мұсылман мен кәпірден
Қайратың тұр асып-ай,
Мені саған қосып-ай.
Халық айтып жүр, білемін,
Кәдірханның ұл мен қыз
Қыл жалаулы қалмақтың
Жатыр деп алдын тосып-ай.
Ақ Тағала Құдайым
Берді деген осы ма-ай.
- 4420 Ұзағынан бергей, — деп,
Күнде тәубе қыламын,
Қуанып кеулім түсіп-ай!
Және айтайын, ағеке,
Көзі қорқып кешегі
Кеткен қалмақ қашып-ай,
Халқына барып айтқан-ды
Дабысыңды шашып-ай.
Дабысыңды есіткен,

- Қалмақ сенің, ағеке,
4430 Талап қылмас келуге
Бермен қарай басып-ай.
Өзің есен-сау күнде
Еш нәрседен, ағеке,
Сескенбеймін шошып-ай.
Жақын жатып осынша,
Ауылдың жуық қасына-ай,
Жатырмыз неден жасып-ай.
- 4440 Алыс жерге бармадық,
Қайратымыз осы ма-ай?
Мақұл десең ойласып,
Ағеке, барып қонайық
Тасбұлақтың басына-ай.
Және айтады Ханбибі:
— Құлағың салшы, жан аға-ай,
Мақұл десең ойласып,
Соған барып қонайық,
Бір бес-алты ай болайық.
Дұшпан келсе асып-ай,
- 4450 Сол арада қырайық,
Пірден жәрдем сұрайық.
Егер дұшпан келмесе,
Аңдысын аңдып қарайық.
Жолықпаса еш нәрсе,
Қашанғы жата берейік,
Онда, ағеке, кідірмей,
Ауылға көшіп барайық.
Осылайша қылмасақ,
Жата берген бұл жерде
- 4460 Басқа болмас лайық.

Қарабек «мақұл» деп айтып салды. Ендігі сөзді Ханбибіден естіңіздер.

Ханбибіге Қарабек
Құстан жаман елікті-ай.
Еліккені емес пе,
Жалған айтты демеді-ай.

- Бұған кеулі сеніпті-ай,
Айтқанына еріпті-ай.
«Көшейік» деп бұл сөзін
Әбден мақұл көріпті-ай.
Атқа мініп сол күні
- 4470 Іздеп кетті көлікті.
Рас болса айтуы,
Қарабек атты ер төре
Отарда жатқан малынан
Сексен нар алып келіпті-ай.
Ханбибінің шынымен
Тілегін Құдай беріпті-ай.
Көшетұғын болған соң,
Кеулі тасып өсіпті-ай,
Көтеріліп желіпті-ай.
- 4480 Басын қосса қалмаққа,
Салмаққа жүр бүлікті-ай.
Жын ұрғандай жалма-жан
Үйдің бауын шешіпті-ай.
Қарабек пен Ханбибі
Көшетұғын болған соң,
Кідірмелік десіпті-ай.
Сексен нарға жүк артып,
Тасбұлақтың басына,
Қабылан ердің қасына
- 4490 Алдап-сулап ағасын,
Ханбибі енді көшіпті-ай.
Тасбұлаққа көшкенсін,
Ханбибідей арудың
Кеулінде арман қалмайды-ай.
Күні-түні бір етіп,
Ұйқыға көзін үйретіп,
Түйенің басын жетелеп,
Жол жуығын төтелеп,
Ханбибі жаяу зырлайды-ай,
- 4500 Күн батырмай қонбайды-ай.
Қанша жаяу жүрсе де,
Арып-ашып талмайды-ай.
Жол-жөнекей Ханбибі

- Қалам ба деп кідіртіп,
Отын-суын қамдайды-ай.
Күн батырмай қоймайды-ай,
Түйенің қомын алмайды-ай.
Жетемін деп асығып,
Ханбибі атты апаңыз
- 4510 Бір күн еру болмайды-ай.
Түсінсеңіз бұл сөзге
Қыз кебінін жалмайды-ай.
Қарабекті Ханбибі
Алдап жүріп айламен
Көшіріп алып кетеді
Бәрі себеп Құдайдан.
Сол бұлақтың басында
Тататұғын дәмі бар,
Аулайтұғын аңы бар.
- 4520 Онан басқа Қарабек
Тілге ермесе не етеді?
Екі дария су кешіп,
Ылай судан су ішіп,
Қорлықпенен күн кешіп,
Қырық күн көшіп арада,
Тасбұлақтың басына,
Қабылан қалмақ қасына
Апаң азар жетеді-ай.
Оңдамай ма Құдайы
- 4530 Әр пенденің тілегін,
Бере берсе осындай.
Қалмақ та болса Қабылан
Жайсаң екен нәсілді-ай.
Уағдаға жетпекке,
Жатыр екен кетпестен
Тасбұлақтың басында-ай.
Таң атқан соң аң аулап,
Жатады екен кеш болса,
Бұтадан соққан қосында-ай.
- 4540 Ханбибіге қарайлап
Неше күн жатты далада.
Қабылан көпті көргенсін,

- Қарабектен қорыққанынан
«Көріп қалар төре» деп,
Астындағы қара атты
Жыраға тығып жасырды-ай.
Тасбұлақтың басына
Орда келіп қонады-ай.
Ханбибі мен Қабыланға
4550 Бір тамаша болды-ай,
Бірін-бірі ұнады-ай.
Қабылан енді көрген соң,
Уәдеге жеткен соң,
Қызға кеуілі толады-ай.
Жүрегі симай аблығып,
Қуанғаннан батырдың
Көзінің жасы шығады-ай.
Соныменен Ханбибі
Енді орданы тігеді-ай.
4560 Үйді тігіп болған соң,
Әм қарауыл аң аулап,
Келейін деп Қарабек
Аққұла атқа мінеді-ай,
Қаруын белге іледі-ай,
Үйден шығып жөнеді-ай.
Тауға шығып Қарабек
Жер райын көреді-ай.
Қарабектің кеткенін
Қабылан енді көреді-ай.
4570 Қарабек асып кеткен соң,
Маң-маң басып Қабылан,
Үйге қарай жүреді-ай,
Үйге жақын келеді-ай,
Ордаға кіріп енеді-ай.
Ашық болып қосылып,
Ханбибі мен Қабыланның
Тілегін Құдай береді-ай.

Енді Ханбибі мен Қабылан басын қосты. Бас қосқаны болмаса, көңілдегі мүддесі біткен жоқ. Көңілдегі мүддесі Қарабекті өлтіріп, екеуі басын қосып, қалмақтың еліне барып, Қабылан

Ханбибіні көрсетіп, халқына ноғайлыны біткердім деп мақтанбақ еді. Ханбибінің еріп кетсе, Қарабек қуып өлтіреді дегені еді. Сол Қарабекті өлтіріп, алаңсыз кетемін деген мұдуға еді. Қарабек еш нәрсемен ісі жоқ, аңын аулап жүре берсін. Ендігі әңгімені Ханбибіден естіңіз.

- Қарабек енді аң аулап,
Кешке таман болған соң,
4580 Ауылға қайтып барады-ай.
Ісі болғасын Ханбибі,
«Келіп қалар ағам» деп,
Ханбибі шығып қарады-ай.
Қарабекті көрді де,
Қайтып келіп Ханбибі,
Кеу сандық құлпын алады-ай.
Алып барып Қабыланды
Кеу сандыққа салады-ай.
Кеу сандықтың ішінде
4590 Қабылан жатып қалады-ай.
Кеу сандық құлпы алынды-ай,
Ішіне Қабылан салынды-ай.
«Білдірме» деп Ханбибі,
Бір Құдайға жалынды-ай.
Қарабекті Ханбибі
Өлтіруге сағынды-ай.
Қарабекте жазық жоқ,
Не тобасын жаңылды-ай.
Бірге туған егізі
4600 Сол бейбаққа нағылды-ай?
Ханбибі енді бір күні:
— Қабылан, бермен кел, — деді-ай
Өлтіруге ағамды
Ойлап тұрмын мен, — деді-ай.
Қалай қылса өледі,
Ақыл тауып бер, — деді-ай.
Ақыл тауып бер дағы
Қызығымды көр, — деді-ай.
Өлтіремін дегенге
4610 Бұған Қабылан сенбейді-ай.

- Сенбегені емес пе,
 Қайырып қызға сөйледі-ай.
 Сөйлегенде бұй деді:
 — Қарабек сенің, Ханбибі,
 Үйректің жүні өттесің,
 Қаздың жүні қаттасың,
 Бірге туған тектессің,
 Қысылған жерде түптессің.
 Өлтіремін дегенге
 4620 Оған кеулім сенбейді-ай.
 Шынтуайтқа келген соң,
 Екі көзің көрген соң,
 Қия алмассың сен, — дейді-ай.
 Шынымен қисаң ағаңды,
 Онда маған ант етіп,
 Уағданды бер дейді-ай.
 Ақыл тауып берейін
 Кезіп жүріп мен, — дейді.
 Ханбибі сонда сөйледі:
 4630 — Қабылан саған не дейін,
 Өлтірмесем ағамды,
 Балаша алдап мен неге,
 Ертіп келдім мен неге,
 Ертіп келдім соңыма?
 Оңашалап әкеліп,
 Тигіздім неге қолыңа?
 Мұнан артық ант бар ма,
 «Алла-билла ағамды
 Өлтіремін мен», — деймін,
 4640 Көп сөйлемей, Қабылан, сен
 Ақыл тауып бер, — деймін.

— Олай болса Қарабек ертең далаға бармақ болсын, ат ерттеп жатқанда қасына барып, мұңайып тұрып:— Ей, аға, ғайыптан болған төресің, құлан менен бұланның сен қызығын көресің. Қарсыласқан дұшпанға қозғалтпай азар бересің. Мен ішім пысып жалғыз өзім үйде отыра алмадым, тілімді алсаң бүгін екеуміз ойнасақ қайтеді, — де. Сені қимас, батыр аңқау, «ер көдек» деген, ойнаймын деп айтар.

«Ойнаймын» деген сөз аузынан шықса, үйге ертіп келіп, ақ киізді жайып жіберіп, хан асықты ойна. Сәске мезгіл болғанда, бетіңнің қанын қашырып, қолыңдағы асықты от басына шаш, мұңайып отырсаң, не болды деп сұрар, сосын айт, «қол тұзақ деген ойын бар, соны ойнаймын» деп. Сенің айтқаныңды қылар. Ойнай қалса, қол тұзақпен қолын байла. Үзілместей болса, мені сандықтан шығарғайсың. Менің Қарабектен көкірегім суып қалған, қорқамын. Қолы шешіліп кетсе, сен де өлесің, мен де өлемін, ендігісін өзің біл. Сенің ерлігіңе сенемін, — деді.

Қалмақ сандықта жата берсін. Қарабек таңертең ат ерттеп жатқанда, Ханбибі баяғы қалмақтың айтқан сөзімен ағасының қасына келіп, мұңайып әңгімесін айтады.

Сонда Қарабек: — Ойбай, қарағым-ай, ондай болса, мен де ішім пысып отыра алмаған соң, атқа мінетін едім. Сонда екеуіміз асық ойналық, — деп, атын жіберіп, қарындасы екеуі үйге келіп, ақ киізді жайып, хан асықты ойнап жатқаны.

Ақ киізді жаяды,
 Ойнады ханнан асықты-ай.
 Тумай кеткір Ханбибі
 Сәске мезгіл болғанда,
 Өп-өтірік томсарып,
 Бетінің қаны қашыпты-ай.
 Қолындағы асықты-ай
 От басына шашыпты-ай.

4650 Қарабек атты төрені
 Өлтіруге асықты-ай.
 Асықпай бейбақ не қылсын,
 Жауға кеуіл қосыпты-ай.
 Мекерлікпен мұңайды-ай,
 Асықты шашып жіберіп,
 Шалқасынан құлайды-ай.
 Құлаған соң шошынып:
 — Не болды? — деп Қарабек,
 Ханбибіден сұрайды-ай.

4660 Атаң менен анады,
 Ағайын, туған еліңді,
 Сағындың ба, шырағым,

Құрбы-құрдас теңіңді?
Түсің қашып томсарып,
Кеулің неге бөлінді-ай?
Айналайын, егізім,
Айтшы, маған жөніңді-ай?

- Ханбибі сонда сөйледі-ай,
Сөйлегенде бүй дейді-ай:
- 4670 — Есен болса орнында
Отырған-ды ел, — дейді,
Өзің есен-сау жүрсең,
Халық ойыңа келмейді.
Өне бойы, ағеке,
Бір ойынды ойнасақ,
Одан жүдеп меңдейді-ай.
Әрбір түрлі ойналық,
Кешке шейін, әйтеуір,
Тілегімді бер, — дейді-ай.
- 4680 Шын көңілімен ойналық,
Берменірек кел, — дейді-ай.
Қол тұзақты ойнаймын
Енді бір, аға, мен дейді-ай.
Есітіп, а, Құдайлап, осы сөзді,
Сандықта жатыр Қабылан жайнап көзі.
«Жар болып Құдай өзі сақтаса» деп,
Ойлайды өлтіретін келді кезі.
- Ойнаймын қол тұзақты, ағеке, — деп,
Өтініп Ханбибінің сұрады өзі.
- 4690 — Қол тұзақ жаман ырым болады, — деп,
Бұл енді Қарабектің айтқан сөзі:
- Батырлар қайыңнан оқ жонатұғын,
Оқ жонса, қорамсағы толатұғын.
Бір күні кәрі келсе Құдіреттің,
Пендесін әрбір жолға салатұғын.
- Алшаңдап жүрсе дағы ер жігіттің,
Бір күні өлсе кеулі солатұғын.

Ойналық өзге ойынды, Ханбибіжан,
Қол тұзақ жаман ырым болатұғын.

- 4700 Ханбибі және айтады Қарабекке:
— Отырмын ішім пысып босқа-текке.
Қазақтың жаман деген тіліне еріп,
Шығуға отырмысың жекпе-жекке.

Ағаеке, болып тұрмыз рулы елдей,
Онан да отыр деп айт ойыным келмей.
Жамандық-жақсылық білмеймісің,
Отырсың тілегімді неге бермей?

Қолымды байлап алып өлтірер, — деп,
Ағаеке, отырмысың маған сенбей.

- 4710 Қарабек сонда айтады Ханбибіге
Ырымың айтуының себебі:

— Мен түнде қарындасым болдым дықты,
Айтайын дықты болып көргенімді-ай.
Қолымнан келді дағы біреу тұтты-ай,
Байлады жіберместен алып жіпті-ай.

Жұлқынып үземін деп үзе алмадым,
Білмедім жіп екенін неткен мықты-ай.
Қоймады оныменен және дағы,
Ішіме асып келіп пышақ тықты-ай.

- 4720 Пышағы өтпеген соң және дағы,
Итеріп алып барып отқа жықты-ай.
Бетімді жалын шарпып күйер болдым,
Қарлығып көкірегім түтін жұтты-ай.

Сонан соң не болғаным біле алмадым,
Қорқытып қабырғамды жаман сықты.
Қараңғы көрінбестей тұман басты-ай,
Тұманда өзім қалып, атым шықты-ай.

- Қарабек көрген түсін айтты болып,
Мұңайып кеуіліне қайғы толып.
4730 Ханбибі қуанады көрген түске,
Өтірік жақсылыққа жатыр жорып.
- Адамзат не көрмейді ұйықтап жатқан,
Қареке, бір жігітсің пірлер баққан.
Жар болып пірің шығар қолдан тұтқан,
Қалыпты бұрынғыдан түс жорытқан.
- Ағеке, өмір жасың ұзақ болар,
Бұл түстен сенің ісің бекер қорыққан.
Ішіңе шайтан шығар пышақ тыққан,
Итеріп алып барып отқа жаққан.
- 4740 Осындай жын-шайтанды көріп қаққан,
Ағеке, бабаң шығар тұмандатқан.
Жүдө, аға, қорқатұғын ешнәрсе жоқ,
Бөле жоқ саған келген дұшпан жақтан.
- Қалмаса қазір түсіп шаңырақтан,
«Қолымды байлап алып өлтірер», — деп,
Қорықпаса, бірақ, тегі мен бейбақтан
Ағеке, бір нәрсе сезсең, сақтан.
- Атадан ойын-күлкі қалған мұра,
Ойыннан кімді көрдің бөле тапқан.
4750 Көрмесең бір нәрсемді біліп-сезіп,
Ойнасаң ойнымды кеулім шапқан.
- Ханбибі мекерлікпен кеулін айтты,
Былайша Қарабектен жауап қайтты:
— Ханбибі, жаман қиял ойламалық,
Біріміз-бірімізді байламалық.
«Демейін өлтіред», деп байлап алып,
Тіл алсаң, Ханбибіжан, ойнамалық.
- Ағеке, бір нәрсемді білгенің-ай,
Білмесең қайда маған сенгенің-ай.

4760 Құрысын бүйтіп тірі жүргендігім,
Осымен екі қорлық көргенім-ай.

Ханбибі осыны айтып құлайды екен,
Көзіне түкірік жағып жылайды екен.
Ақкөңіл, сұмдығы жоқ Қарабек те,
Не қылып егізіне шыдайды екен,
«Шырағым, қайдағыға жасыма, — деп,
Қарағым, түрегел», — деп сұрайды екен.

Болған соң жаман ырым айтып едім,
Басымды жамандықтан тартып едім.
4770 Ендеше түрегеліп ойна дейді-ай,
Әншейін түс көрген соң айтып едім.

Жігіттер, Ханбибіні Құдай ұрып,
Өтірік жатыр еді бекер қылып.
Байлауға жіп іздейді бұл антұрған,
Жалма-жан орнынан қарғып тұрып.

Енді ойнай бер деп Қарабектен рұқсат болған соң, қыздың көңілі қош болып, ойнауға кірісті, сөзді Ханбибіден естіңдер.

«Ойнай бер» деп айтқан соң,
Қыздың іші жылыпты-ай.
Орнынан тұрыпты-ай,
Қынай белін буыпты-ай.
4780 Төр алдына барады-ай,
Жүкті ақтарып қарады-ай.
Бұрын ескен жөке арқан,
Үзілместей берік арқан,
Соны тауып алады-ай,
Суға апарып салады-ай,
Қызыққа шалып таңады-ай.
— Тарт, ағеке, тарт, — деді-ай,
Тартып еді, тарс кетті-ай.
Темірден құрсау салады-ай,
4790 Тарт, ағеке, тарт, — дейді-ай.
Үзіліп темір шарт кетті-ай,

- Бәрін де үзіп жоқ етті-ай.
Темірден құрсау салса да,
Жөке арқанмен шалса да,
Бәрін де талқан қылады-ай,
Жіп түгіл темір сынады-ай.
Қайраты ердің ұнады-ай,
Қызды Құдай ұрады-ай.
Не қыларын біле алмай,
4800 Самсөз болып тұрады-ай.
Өйткенменен тұрмады-ай,
Қарабектен сұрады-ай:
— Айналайын, жан аға,
Тәңір ашқай жолыңды-ай.
Қыз да болсам мен едім
Іште ерген соңыңа-ай.
Темірден құрсау салсам да,
Жөке арқанмен шалсам да,
Бәрін де үзіп жоқ еттің,
4810 Қайнаттың менің сорымды-ай.
Маған айтпай, аеке,
Кімге айтасың сырыңды-ай.
Өзің айтшы, аеке,
Не бекітер қолыңды-ай?
Сұрағанын көрмей жек,
Отырмады қарап тек.
Мұнша аңқау болар ма,
Ханбибіге жасырмай,
Сырын айтты Қарабек:
4820 — Жорғадан артық, қарағым,
Аққұла аттың жүрісі-ай.
Қара тасты кеседі
Ағаңның алмас қылышы-ай.
Қалмақтарды атқанда,
Қаһарланып тартқанда,
Үзілмек түгіл біржола
Созылған жоқ, шырағым,
Сарыжамның кірісі-ай.
Ханбибі, саған айтайын,
4830 Үзілмеген мәнісі:

Бұрап таққан үш өрлеп,
Сарыжамның кірісі-ай
Бұғының қалың терісі-ай.
Бір бекітсе, қарағым,
Со бекітер қолымды-ай,
Сонымен байлап көр деймін.
Егер о да үзілсе,
Одан басқа нәрсені
Бекітер деп білмеймін.

- 4840 Сүйдеген соң Ханбибі
Сарыжаның кірісін
Ағытып шапшаң алыпты-ай.
«Жібіп сазға келсін» деп,
Ыссы суға салыпты-ай,
Әбден жібіп болыпты-ай.
Ештеме жоқ ойында-ай,
Ойын деп біреу ойлады-ай.
Ханбибі енді төренің
Екі қолын байлады-ай.
- 4850 Байлап болып шиелеп,
Тарт, ағеке, тарт, — деді-ай.
Тартайын деп ұмтылды-ай,
Олай-бұлай жұлқынды-ай.
Үземін деп зорланып,
Батыр енді алқынды-ай,
Үзе алмаған сықылды-ай.
Қарға біткен қалың ет
Қол басына сыпырылды-ай.
Дымы құрып үзе алмай,
- 4860 Төре қарап отырды-ай.
Не қылып үзсін шиелеп
Қазықпен таңып шалғанды-ай.
Әрбір түрлі жұлқынып,
Үземін деп бағады-ай.
Зорлағаны сондай бар,
Түлкі іштің жеңінен
Шұбырып қан ағады-ай.
Жар болмаса пірлері,

- Өлімге төре жарады-ай.
4870 Жұлқынған сайын үзе алмай,
Тумай кеткір Ханбибі
Жаны кіріп барады-ай.
Бекінбестен түр еді
Күніменен Ханбибі,
Қаны қашып қуарып.
Бекінгенін білген соң,
Қаны тасып қуанып,
Ойға біткен шалғындай
Омырау жағы дем алып,
4880 Дүрия кемзал етегі
Жерге түсіп шұбалып,
Ақ білегін сыбанып,
Құдайдан үзген үмітін
Бауырдан артық көріпті-ай
Бір қалмақтың жігітін.
Орнынан тұрып шапшаңдап,
Қолына алды кілтін.
Көнбесін бе пендесі
Алладан болған жарлыққа.
4890 Кәпелімде төрені
Құдай салды тарлыққа-ай.
Жазылған іс болған соң,
Көнбесін бе қорлыққа-ай.
Тумай кеткір Ханбибі
Кілтін алып қолына,
Жүре берді сандыққа-ай.
Аяғын шапшаң басады-ай,
Қуанып бейбақ тасады-ай.
Қуанбай апаң не қылсын,
4900 Жауға кеулін қосады-ай.
Қарабектей төрені
Өлтіруге ұқсады-ай.
Өзі қылды өзіне,
Қарабекті Құдайым
Аңқау қылып жасады-ай.
Кілтін алып қолына,
Сандығына барған соң,

- Сезіктеніп шошынып,
Бетінің қаны қашады-ай,
4910 Төре мықтап сасады-ай.
Бара сала Ханбибі
Кеу сандықты ашады-ай.
Ашып еді сандықты-ай,
Қабылан тұрды діңкип,
Қырқылмаған қозыдай,
Төбе шашы үрпип.
Басын шайқап Қарабек,
Бармағын барша шайнады-ай.
Шайнағанмен не толсын,
4920 Іс өткен соң пайда жоқ.
Қос бүйрегі солқылдап,
Көзінің жасы мөлтілдеп,
Қамығады тарығып.
Сандықтан Қабылан тұрған соң,
Өлмеймін деген ойда жоқ.
Қалмақты көріп Қарабек,
Айтады ол былай деп:
— Сөз айтамын, ер Қабылан,
Қасыма таман кел, Қабылан.
4930 Күйеу болдың, сен Қабылан,
Қайнаған болдым мен, Қабылан.
Намаз оқып екі рет,
Иманымды айтайын,
Осыған сабыр бер, Қабылан.
Және айтады Қарабек:
— Қарындасым, Ханбибі-ай,
Талдап шашыңды өргендей,
Қалмақтан төмен көргендей,
Атасы басқа қалмаққа
4940 Қолымды байлап бергендей,
Не жазығым бар еді-ай?!
Тәңіріден тап дейді-ай,
Бүйтеріңді білмедім,
Кеулі құрғыр-ақ, — дейді-ай,
Алдап соқтың, қап, — дейді-ай.
Енді саған айтқанмен

- Сөзім келмес шақ, — дейді-ай.
Шапқанын көзім көрмесін,
Атқанын көзім көрмесін,
4950 Киімімді әкеліп,
Басымды бүркеп жап, — дейді-ай.
Қабылан, сенен тілегім —
Адыра қалғыр алмасым
Өзіменен шап дейді-ай.
Шыбынымды қинамай
Басымды бірден қақ, — дейді-ай.
Сүйт деген соң, Қабылан ер
Өз алмасын суырды-ай.
Суырмай қалмақ не қылсын,
4960 Қарындасы Ханбибі
Байлап беріп Қабыланға
«Шап» деп кейіп бұйырды-ай.
Жалғаншыда жан төтті,
Өлу құрғыр қиынды-ай.
Қабырғасы сөгілді-ай,
Аш күзендей бүгілді-ай.
Көзінің жасы төгілді-ай,
Иманын айтып үйірді-ай.
Қолын байлап салғасын,
4970 Тілегі қабыл болғасын,
Қыздың кеулі тынады-ай,
Төрені Құдай ұрады-ай.
Шынын айтып бауыр деп,
Өзіне-өзі қылады-ай.
Өлімге мойнын бұрады-ай,
Иманын айтып болады-ай.
Жігіттер енді және де-ай
Білмесін бе айуан,
Жан серігі жалғыз ат
4980 Жібергелі ертеден
Оттамастан түр еді-ай.
Дыбысын біліп төренің,
Ши тұтқан үйдің сыртынан
Іргеге келіп құлады-ай.
Оқыранып, күрсініп,

- Сөйлейін десе тілі жоқ,
Көзінен жасы төгіліп,
Қимай о да жылады-ай.
Өлі тиген немедей
- 4990 Арман-бермен дөңбекшіп,
Аунап енді тұрыпты-ай.
Түрегеліп Аққұла ат
Тұмсығымен сүзіпті-ай.
Жабықтан мойнын салыпты-ай,
Аққұла ат та қамықты-ай.
Қарабекке кісінеп,
Сөйлейтұғын тілі жоқ,
Адамнан жаман зарықты-ай.
Аққұла атты көрген соң,
- 5000 Адамдай жылап келген соң,
Қарабек атты төренің
Іші өртеніп жаныпты-ай.
Қол байлаулы, аяқ бос,
Тағаты болмай көрген соң,
Қасына тұрып барыпты-ай.
Мойнын құшып Құла аттың,
Қайғы басып тарықты-ай.
Қабылан қалмақ ер екен,
Нәсілі қалмақ болса да,
- 5010 Заты асыл төре екен.
Аты мен өзі төренің
Шұрқырасып жатқан соң,
Суырып алған қылышын
Қынабына салыпты-ай.
Және бейбақ Ханбибі:
— Жылдам шауып таста, — деп,
Қынабына салдырмай,
Алмасты ұстай алыпты-ай.
Оған Қабылан болмады-ай,
- 5020 Қыздың тілін алмады-ай.
«Ішіндегі арманын
Айтып кетсін төре» деп,
Сүйеніп жүкке қалыпты-ай.
Сабыр қылмай нағылсын,

- Қайрат қылар қолы жоқ,
Өлтірерін таныпты-ай
Қарабек атты төренің.
Әмірі дағы Алланың,
Бірге туған бауырлас
- 5030 Дұшпан болды жақыны-ай.
Кім көнбейді осындай
Жақынның жаққан отына-ай.
Байламай апаң нағылсын,
Патша қызы болса да,
Қалама-ай уәзір затына-ай.
Байлайды екен ағасын,
Не қылып қолы батып-ай?
Бейбақтығы емес пе,
Дұшпанға болды қатын-ай.
- 5040 Мұнысымен бұл тұрсын,
Әлеумет, енді, тыңдаңдар,
Қарабектің сөзі бұл
Арыздасқан атына-ай.
Қарабек атты төре еді-ай,
Аршын басты Құла аттың
Қасына жақын келеді-ай.
Мойнын құшып Құла аттың,
Еңіреп сөлей береді-ай:
— Аршын басты Аққұла ат,
- 5050 Сен құлында емдің, тайда емдің,
Құнаныңда арда емдің,
Дөненіңде үйреттім.
Бес жасыңа келгенде,
Белің жуан болсын деп,
Бес бедеуге салдырып,
Жібектен арқан сүйреттім.
Алты жаста ақтаттым,
Аттай мұрның қанаттым.
Алшаңдатып ойнаттым,
- 5060 Арпа, бидай асаттым.
Жеті жасқа келгенде,
Жер топылды желгенде.
Көзі қорықты дұшпанның

- Көлденеңнен көргенде.
Қарындасым Ханбибі
Қолымды алдап байлады-ай,
Бауырым деп сенгенде-ай!
Болады екен дүние-ай,
Әйел деген шерменде-ай!
- 5070 Өстер ме еді, не пайда,
Інім болып ергенде-ай?!
Жалғыздығым ойда жоқ,
Жүруші едім қайғысыз,
Аққұла ат, сені мінгенде-ай!
Қара май жағып арқаңа,
Шаруаға салар қалмақтар,
Қарабек иең өлгенде-ай!
Сегізіне келгенде,
Серкежан деген ат болдың.
- 5080 Бір жақынның дертінен
Мен қалмаққа мат болдым.
Қайтармын деп жүргенде,
Бұл бөлеге тап болдым.
Тоғызыңда толыстың,
Жау қарасын көргенде,
Ауыздықпен қарыстың,
Ұшқан құспен жарыстың.
Тоқтата алмай сені мен,
Басыңменен алыстым.
- 5090 Сен астымда жүргенде,
Қырық мың жығын қалмақпен
Жалғыз өзім алыстым.
Кеткен жері жоқ еді
Дұшпаныма намыстың.
Он жасыңа келгенде,
Ауыздығың кемірдің,
Жауды көрсең елірдің.
Жеті мінбей жіберсем,
Ет алып толып семірдің.
- 5100 Арымасын саған деп,
Кішміштен жем ілдім.
Өлерімде Аққұла ат,

- Бауырым білмей, сен білдің,
Туғаным болған Аққұла ат,
Қорғаным болған Аққұла ат,
Қызығыңды көре алмай,
Күнім өтті не пайда,
Таусылғаны өмірдің.
Тар құрсақта бір жатқан,
5110 Бір аяқтан дәм татқан,
Тай-құлындай тебіскен,
Таласып емшек еміскен,
Дұшпан болды өзіме
Бірге туған егізім.
Тым болмаса, дүния-ай,
Бір жасар да емес арамыз.
Құдайдан болып жазамыз,
Бауырдан болып жаламыз,
Алланың қылған ісіне
5120 Бар ма айла-шарамыз.
Қозғалуға бұл күнде
Келмей отыр шамамыз.
Бұйрығыңа, Құдайым,
Қарсылығым жүдә жоқ.
Аяқ-қолым тас болып,
Ұрысып өлмей дұшпанмен
Өзімді-өзім байлаттым,
Осыған қапа боламыз.
Бір арманым, екінші,
5130 «Ұл мен қызым келер деп,
Қауышып тірі көрдім» деп,
Екі көзі төрт болып,
Отырған шығар еңіреп
Атамыз бен анамыз.
Соларға сәлем бере алмай,
Халық аралап жүре алмай,
Ел қарасын көре алмай,
Арманда кетіп барамын.
Және арманым үшінші —
5140 Иесіз қалып барады-ай
Дүние Азау қаламыз.

- Ие болар Азауға
Жоқ еді іні, ағамыз.
Алды-артын жалмаған
Бір әкеден дарамыз.
«Жалғыздың жары — Құдай» деп,
Айтушы еді үлкендер.
Не себептен, Құдайым,
Болмады қабыл тобамыз?
- 5150 Қайда кеттің, келсеңші,
Көзімнің жасын көрсеңші,
Келіп жәрдем берсеңші,
Сиынған жеті бабамыз!
Болмасаң пірлер панамыз,
Қалар болды көмусіз
Арманда кетті балаңыз.
Мен молдадан келгенде-ай,
Қауышып халықты көргенде-ай,
Түспеген соң көзіме,
- 5160 Егізім қайда дегенде-ай,
Білген екен қасқалар,
«Қондырдық, — деп, — аулаққа»
Айтқан еді жұртым-ай.
Ханбибі, сені ата-анам
«Көрме, — деп айтты, — шенінді-ай.
Егерде барсаң қасына,
Көресің, — деді, — көрінді-ай.
Береді, — деді, — өлімді-ай».
- Мұныңды қайдан білейін,
- 5170 Онда оларға кейіп ем,
Рақым етпей балаңа,
Айтқандарың рас па?
Рас болса оңбассың,
Шығарма деп үніңді,
Келтірме деп жынымды,
Егізімді көрмесем,
Тапшас деп кеулім тынымды-ай.
Кетемін деп түнемей,
Орнымнан тұрып ем,
- 5180 Барма деген сендердің

- Алмаймын деп тіліңді-ай.
Кетерімді білді де,
Қонып кет деп жабысып,
Екі қасқа бүлінді-ай.
Жіберместей болған соң,
Амалсыздан жатып ем.
Жатқанменен, Ханбибі-ау,
Сен есіме түскенде,
Ілінген көзім жоқ еді.
- 5190 Құдайдың Кәдір түнінде,
Оны ойласам, сорлылар,
Білген екен жәйінді.
Тілін алмай солардың
Мұсылманнан ақсүйек
Қосамын деп теңінді-ай.
Бермеспін, — деп, — қалмаққа,
Соғыс қылып жүр едім,
Өлімге байлап басымды-ай
Көз болады маған деп,
- 5200 Сен өлтірген екенсің,
Жазықсыз екі күңімді-ай.
Өлгеннен соң екі күң,
Бергенің маған жоқ еді-ай,
Көшейік деп тынымды-ай.
Еш нәрсе жоқ ойымда,
Білейін қайдан мұныңды-ай.
Жүр екенсің басыңда-ақ
Кәпірге беріп дінінді-ай.
Өсіп едік екеуміз
- 5210 Айқасып тай мен құлындай.
Енді сенен тілегім —
Қалмағыңа ұстатпай,
Өзің кигіз кебіңді-ай,
Терең қаздыр көрімді-ай.
Тастап кетпе көмүсіз,
Ит пен құсқа жем қылып,
Менің асыл денемді-ай.
Жан кеудеден шыққанша,
Тастамаймын ауыздан,

- 5220 Сиынған жеті пірім-ай.
Жау көзіме көрінді-ай,
Сиынған балаң сүрінді-ай.
Пірлерден жәрдем болмаса,
Шықпақ болды кеудеден
Тәтті жаным шырындай.
От жаға алмай барамын
Қарағай мен қайыңның
Қалың біткен тозынан.
Су іше алмай барамын
- 5230 Тосын, Торғай, Тобылдың
Тұңғиықты суынан.
Отырғаным мен бүйтіп,
Алдымда ағам жоғынан,
Артымда інім жоғынан.
Алдымда ағам бар болса,
Артымда інім бар болса,
Бауырым неге кешікті,
Келем-ді деп ендігі,
Келмес пе еді соңымнан?!
- 5240 Жалғыздықтың дертінен
Қабылан атты бұл қалмақ
Тау ет жер болды қоңымнан.
Желім шығып солымнан,
Жалғаншыдан барамын,
Желім шықпай оңымнан.
Құдіреті дағы Алланың,
Құтылсын ба пендесі
Атқан ажал оғынан.
Құданың ісі болса да,
- 5250 Өлер едім армансыз,
Сен айырдың, Ханбибі-ай,
Қайрат қылар қолымнан.
Сені бағып қаңғырып,
Жүрдім қалып жолымнан.
Байлап қойып қолымды,
Кеу сандықтың ішінен-ай
Қалмағыңды шығарып,
«Шауып таста, шапшаң» деп,

- Отырғаның сыбанып.
5260 Қайдан білсін мұныңды
Қасқа болған ата-анаң!
«Ұл мен қызым келер» деп,
Отырған шығар қуанып.
Бізден басқа перзент жоқ,
Отырар кімге жұбанып.
Екі бірдей қасқаның
Қалғандығы қуарып.
Жүргенін қайдан білейін,
Кеулі қалмаққа қозып-ай.
- 5270 Көшейік [деп] айтқасын,
Қайғырғаным жоқ еді.
Қалмақтың қайдан білейін
Жатқанын қияда тосып-ай.
Қолымды байлап жатқан соң,
Үзілместей болған соң,
Сезіктендім осы жерде,
Кілт алып қолына,
Төрге қарап жүрген соң,
Аяғын шапшаң басып-ай.
- 5280 Мұғайын білдім сандықты
Жібергенде ашып-ай.
Сандықтан Қабылан шыққан соң,
Не болғанын білмедім,
Сескеніп жаным шошып-ай.
Бүйтіп менің, Ханбибі-ау,
Обалыма қалғанша,
Кеуліңді қосқан қалмақпен
Кетсең нетті қашып-ай!
Соған деген ықылас
- 5290 Артып еді-ау кеуілің.
Ұшырассаң қайтерсің
Сенің көзіңнің жасына-ай.
«Шапшаң шап» деп қайқайып,
Ата дұшпан секілді
Осы тұрған пиғылың.
Жуымайсың қасыма-ай,
Айтқаныңа ерем деп,

- Ата-ана, халқымнан
Көзім кетті асып-ай.
5300 Өттең қалтық дүние-ай,
Дымым құрып осындай,
Отырғанда сасып-ай,
Азаудағы ноғайдан
Біреу келсе басыма-ай!
Халқымнан шығып қаңғырдым,
Тіршілікте көре алман
Әкемнің тіккен қосын-ай.
Айтушы еді үлкендер
«Жалғыздық, шіркін, осыны-ай».
5310 Көтермеске айла жоқ
Алладан болған өкімді-ай.
Сеніменен, Ханбибі-ау,
Өсіп едік екеуіміз,
Егіз қозы секілді-ай.
Енді сенен тілегім
Ит пен құсқа жем қылмай,
Менің аппақ етімді-ай,
Жасырып кет бетімді-ай.
Қайрылмастай маған сен,
5320 Байқап тұрмын ниетіңді-ай.
Өлмеймін деген ойда жоқ.

- Осыны айтып Қарабек,
Ханбибіге өтіңді-ай.
Ендігі сөзін айттырмай,
Ханбибі сонда сөйлейді-ай:
— Қабылан саған айтайын,
Осы отырған Қарабек
Бауырым еді-ау бір күнде-ай.
Саған кеуілім қосқан соң,
5330 Өлімге қидым бұл күнде-ай.
Мен қиғанда төркінді-ай,
Кеулің неге іркілді-ай?
Шошитұғын нәрсе жоқ,
Байлап қолы беркінді-ай.
Көп сөйлетпей, Қабылан, сен,

- Шауып таста шіркінді-ай,
Бата алмасаң шабуға,
«Шабайын, — деп, — өзім-ақ,
Алмасқа апаң ұмтылды-ай,
5340 Шыныменен жұлқынды-ай.
Тынышын ала берген соң,
Түрегеліп Қабылан ер,
Шабар болған сықылды-ай.
Қынаптағы алмасты
Суырып қолға алыпты-ай,
Қасына жақын барыпты-ай.
Таянып қалмақ барған соң,
Төренің есі ауыпты-ай.
Сонда қалмақ «Алла» деп,
5350 Қарын әзер шауыпты-ай.
Тасбұлақтың басында-ай,
Қарабектің жеті пір
Жүреді екен қасында-ай.
Шабайын деп жатқанда,
Балаға алтын құс болып,
Темірден қақпақ жауыпты-ай,
Қылышы өтпей қалыпты-ай.
Өтпеген соң Ханбибі
5360 Қолына пышақ алыпты-ай,
Қақ жүректен салыпты-ай.
Бабалары көрді де,
Қолыменен қағыпты-ай.
Бір қаққаннан өтсін бе,
Сырғанап пышақ тайыпты-ай.
Есіркеп Алла көріпті-ай,
Қарабек атты төреңіз
Екі өлімнен қалыпты-ай.
«Үһ» деп демін алыпты-ай,
Ханбибі есін таныпты-ай.
5370 Не қырларын біле алмай,
Өртеніп іші жаныпты-ай.
Қарап тұрмай жөне де,
Ханбибі айтты қалмаққа-ай:
— Қабылан атты ер, — деді-ай,

- Қысылып болды жан, — деді-ай,
Қарап тұрма, сен, — деді-ай,
Жағасынан ал, — деді-ай.
Сүйреп шапшаң бар, — деді-ай,
Тасбұлаққа сал, — деді-ай.
- 5380 Салайық та, қашайық,
Қимылда шапшаң, бол! — деді-ай.
Қорқып тұрған бұл қалмақ
Айтқанына наныпты-ай,
Қасына жетіп барыпты-ай,
Мойнына шылбыр салыпты-ай.
Мойнына салып шылбырды,
Тартайын деп жатқанда-ай,
Пірлер келіп қасына,
Жабыла ұстай алыпты-ай.
- 5390 Тартып еді зорланып,
Сонда дағы Қарабек
Жылжымастан қалыпты-ай.
Қарап тұрмай қалмаққа,
Және айтыпты Ханбибі:
— Қабылан, саған айтайын,
Қылышпенен шапсаң өтпеді-ай,
Сүйреп әлің жетпеді-ай.
Біліп тұрмын мен, — деді-ай,
Пірі болды жар, — деді-ай.
- 5400 Енді қылар амалың —
Тасбұлаққа бар, — деді-ай.
Тасбұлақтың басында
Жиылған томар бар, — деді-ай.
Алып келіп арқалап,
Жығып тастап орданы
Үстіне үйе сал, — деді-ай.
Пір де Алланың пендесі,
Оттан қашпас жан болмас,
Томарменен өртеп көр, — деді-ай.
- 5410 Онда да отқа күймесе,
Кідіре беріп не етейік,
Бастың қамын етейік,
Атқа мініп кетейік,

- Еліңе шапшаң жетейік.
Сүйдеген соң Қабылан ер
Беліне арқан шалады-ай.
Тоқсан түйе томарды
Екі арқалап барады-ай.
Жығып тастап орданы,
5420 Үстіне қол салады-ай.
Жел жағынан от қойсаң,
Томар парлап жанады-ай.
Пір де Алланың пендесі,
Күйетұғын болады-ай.
Күйетұғын болған соң,
Пірлер тайып барады-ай.
Қарабек оттай жанады-ай,
Өлуге төре қарады-ай.
Осы тапқан айласы
5430 Ханбибінің жарады-ай.
Жарағанмен болмады-ай,
Пірлер қайта қамады-ай,
Келіп ол да қалады-ай.
Жай бұлтын шығарып,
Қара нөсер жауады-ай.
Жанып тұрған томары
Көмір болып қалады-ай.
Сол уақытта Қарабек
5440 Көзін ашып жіберіп,
Көтеріп басын алады-ай.
Қарабек атты төре еді,
Жанған томар сөнеді,
Тілегін Алла береді-ай.
Күймеген соң Ханбибі
Қашайын деп оңтайлап,
Жүген алып қолына,
Аққұла атқа жөнеді-ай.
Жібергелі оттамай
Аршын басты Аққұла ат,
5450 Қасында үйдің жүр еді-ай.
Бара сала Ханбибі
Аршын басты Құла атты

- Ол ұстайын деп еді-ай.
Мініп алып қашарын
Айуан енді біледі-ай.
Ұстатпады жануар
Алдынан барса, тістеді-ай,
Артынан барса, тебеді-ай.
Тиіп кетсе тұяғы,
5460 Жазымы жоқ өледі-ай.
Жуи алмай қасына,
Жануарым, «төк-төк» деп,
Айналдырып көреді-ай.
Ұстатпасын білген соң,
Не жаздым деп еңіреп,
Көзіңнің жасын төгеді-ай.
Ұстай алмай Құла атты,
Қабыланға қайтып келеді-ай.
Сол уақытта Қарабек
5470 Қабыланға толғай береді-ай:
— Қабылан атты ер, — деді-ай,
Айтатұғын сөзім бар,
Қасыма жақын кел, — деді-ай.
Алмаспенен шапсаң да,
Мойныма арқан тақсаң да,
Томар үйіп үстіме,
Көрік басып жақсаң да,
Жәрдем болды пір, — дейді-ай.
Енді төре өлмейді-ай,
5480 Мұны да ойлап біл, — деді-ай,
Қолымды босат, сен, — деді-ай.
Босата қойсаң қолымды,
Бұл дүниеде жиғаным,
Ол дүниеде иманым,
Құран қойып ортаға,
Дос болайын мен, — деді-ай.
Сүйдеп еді Қарабек,
Қабылан қалмақ ер екен,
Уәдеге иланып,
5490 Ерлігімен жүр екен,
Дос боламын десіпті-ай.

- Дос боламын деген соң,
Қарабектің келді де,
Қабылан қолын шешіпті-ай.
Ханбибі атты арудың
Тілеуін Құдай кесіпті-ай.
Босанған соң ер төре,
Кеулі тасып өсіпті-ай.
Ұялғаннан кіруге
- 5500 Ханбибі атты апаңыз
Таба алмай жүр тесікті-ай.
Қабылан батыр шешкен соң,
Төренің қолы бос болды-ай.
Себеппенен қауышып,
Екі батыр дос болды-ай,
Жалғаншыда хош болды-ай.
Құран қойып ортаға,
Қарабек пен Қабылан ер
Қияметтік дос болды-ай.
- 5510 Иманы бар әйелде
Ақырында Құдайым
Бермей қоймас пендеге-ай.
Қабылан кеуіл қоймады,
Алаң болып өңгеге-ай.
Сабақ алып төреден
Оқу болды ермегі-ай.
Кеуіл қойды шынымен
Ақ дініме сенбекке-ай.
Қияметке барғанда,
- 5520 Ол пейішке кірмекке-ай,
Пірлермен бірге жүрмекке-ай,
Құданың жүзін көрмекке-ай.
Со бұлақтың басында
Он жыл жатып оқыды.
Мұсылман болып ақиқат,
Келтіріп тілін келмеген-ай.
Шын мұсылман болған соң,
Қарабек енді ойлайды-ай
Ханбибіні некелеп,
- 5530 Қабылан ерге бермекке-ай.

- Берейін деп айтқасын,
Қабылан сонда сөйлейді-ай:
— Қарабек, саған айтайын,
Сен тұрсаң, бірге тұрайын,
Жүрсең бірге, жүрейін.
Жаныңнан сенің қалмаймын,
Қатын бала, ата-ана,
Халқым бар, — деп, — артымда,
Мен қалмаққа бармайын.
- 5540 Қалмаққа барсам және де,
Бұзылады бұ дінім.
Қияметке барғанда,
Онда тағы көр зада-ай.
Көбінімді жалмаймын,
Бұзылған соң қайтадан,
Тозаққа қайтіп жанбаймын.
Азғырмаса Құдайым,
Енді екінші тәубе еттім,
Аузыма алам салмаймын.
- 5550 Дінім бұзық уақытта,
Сеніменен дос болдым,
Айта көрме, Қарабек,
Ханбибіні алмаймын.
Дос болған соң сенімен,
Енді мені өлтірмек,
Көкірегін аңдаймын.
Шошынғаннан осыдан,
Өтініп саған зарлаймын.
Тілімді алсаң, Қарабек,
- 5560 Жуытпа мұны қасыңа.
Алмасыңмен бөліп кет,
Шабуға қолың бармаса,
Тірілей жерге көміп кет,
Әйтеуір, өлім беріп кет.
Немесе маған өлтір де,
Көтеріп жерге ұрайын.
Көйлегін кебін қылайын,
Бір шұқырға тығайын.
Дос болған соң сенімен,

- 5570 Енді мені өлтірмек,
Аңғарып жүрмін сыңайын.
Мен неғылып қорықпайын,
Атам басқа қалмақпын.
Қандай қылды өзіңді,
Бірге туған сыбайың.
Соны көзім көрген соң,
Тақ өтсем де жалғаннан,
Алдырмасын Құдайым.
Тірілей қойсаң өлтірмей,
- 5580 Жалғаншының жүзінде, мырза-ай.
Осыдан шықпас шырайың.

Қарабек Қабыланға айтты: — Қалмақтың ортасында отырған бір шамалы ноғайлы едік. Балалықтың салдарынан елден шығып кетіп, осындай жұмысқа ұшырадық. Тасбұлақтың басында көп жаттық. Мұны өлтіруге болмай тұр. Үйткені Кәдірханның ұлы мен қызы екеуі бірдей батыр еді. Жаудың келер бетінде, елдің қиыр шетінде бері қалмақты асырмай, табан тіреп жатыр еді. Аяғында бірін-бірі өлтіріп келіпті деген сөзге ұшыраймын ғой. Екінші, Ханбибіні алып барып ата-анасының алдында, халқының алдында күнәсін мойнына қойып, сол арада өлтірмесе, жалғыз жүріп мұны өлтіру қолымнан келмейді. Қабылан, мен саған әңгімемді айтып, кеуілім қош болғаннан бергі жерде елді ойлап шыққанымды есеп қылып тұрсам, он жыл, он ай болған екен. Мен елден кеткенде, бес жасар қарындасым бар еді. Әке-шешем үшеуі еді. Елге кімнің ие болып кеткенін білмеймін. Бірақ тоқсан құлым бар еді. Тоқсанның бастығы Қодар деген бір құлым қайратты асқан нар еді. Шеттен жау келсе, қолға ие болар деген де кеуілімде бар еді. Соған арқа сүйеймін. Болмаса менде ешбір пана жоқ. Мен осы елге қайтамын дегеннен, ежелгі жара көкірегім аблығып сендермен бірге жүре алатын емеспін. Ханбибі мен екеуің екі атпен артынан келерсіңдер, — деп, досы Қабыланнан ұлықсат сұрап, көкірегін тоқтата алмай, Аққұла атқа қамшыны басып, Қарабек елге қарай келе жатқан секілді.

Осыны айтып Қарабек,
Еліне озбақ болыпты-ай.

- Ханбибі мен Қабылан ер
Олар кейін қалыпты-ай.
Жатып-жатып Қарабек
Және іздеп халықты-ай
Жаңғыздық деген кәріпті-ай,
«Халқым не қылып қалды» деп,
5590 Келе жатып тарықты-ай.
Жетейін деп еліне,
Атқа қамшы салыпты-ай.
Қара терге боялып,
Аққұла ат қатты шауыпты-ай.
Күн-түн қатып шапса да,
Шаршап Құла ат жалықпай,
Секіреді айуан
Сүтке тойған қодықтай.
Арада екі күн қоныпты-ай,
5600 Үшеуі қонақ болыпты-ай.
Үшінші күні бесінде
Сақалы қылдай ұзарған,
Көзі құрдай қызарған,
Жұмыр торсық мойнында-ай,
Қарғы таяқ қолында-ай,
Азғантай қойдың соңында-ай,
Азып қалған Қарабек
Шал қойшыға жолықты-ай.
Сәлем берсе Қарабек,
5610 Сәлемін құптап алыпты-ай.
Аңғарып тұрса Қарабек,
Шаруа өзінің қолы екен,
Түсінен байқап таныпты-ай.
Құлағың сал, әлеумет,
Осы шалдан Қарабек
Әңгімеге қанықты-ай.
Сәлемдесіп болған соң,
Шалың сонда сөйлейді-ай.
— А, жас жігіт, жол болсын,
5620 Жеке басың қол болсын,
Азғантай болмай, мол болсын!
Қарсы алдыңа қарасам,

- Өзірейілдің түсі бар.
Білегіңе қарасам,
Өзіреттің күші бар.
Келбетіңе қарасам,
Беліңе алмас буғандай,
Қашқан жауды қуғандай,
Мұсылманды қорғанды-ай,
5630 Меңземеймін қараға.
Сүйегің асыл сұлтансың,
Перизаттан туғандай.
Жөніңді өзің айтпасаң,
Танымайды бұл атаң
Қорлық көрген сор маңдай.
Ат құйрығын өресің,
Дүбір-дүбір желесің.
Жер қиырын көресің,
Кімнен туған төресің?
5640 Жөніңді айтып берсеңші,
Қай жерлерден келесің?
Қарабек сонда айтады:
— Біліп тұрсың, қойшы ағай,
Кіреукем бар денемде-ай,
Алмасым бар белімде-ай,
Білдірейін кеулімді-ай.
Мына биік біткен нұралы-ай,
Тобылғылы жыралы-ай,
Бұл қандай жерлердің таулары?
5650 Буал тартып, қаз қонған
Қай жерлердің көлдері-ай?
Көл жағалай отырған
Қай патшаның елдері-ай?
Әуелі ата, сен маған,
Өзің айтшы жөніңді-ай?
Сонда қойшы айтады-ай:
— Тобылғылы, жыралы-ай,
Биік біткен нұралы-ай,
Біткен тасы қыналы-ай
5660 Кендірлінің тауы еді-ай.
Буал тартып, қаз қонған

- Қоғалының көлі еді-ай.
Көл жағалай отырған
Заманның түзу шағында-ай,
Қарабек ердің барында-ай,
Азау ноғай ағасы
Кәдірханның елі еді-ай.
Бұл заманды билеген
Кәдірхан деген хан еді-ай.
- 5670 Кәдірхан атты патшаның
Тоқсан құлы бар еді-ай.
Тоқсанының бастығы
Қодар деген бір құлы
Қайраты асқан нар еді-ай.
Құлды Құдай атты ғой,
Кәдірхандай падиша
Сол құлынан тапты ғой.
Келмеген соң баласы,
«Өлген-ді» деп ендігі
- 5680 Ханның елін қорқытып,
Үш қайтара шапты ғой.
Азаудағы ноғайға
Тізесі жаман батты ғой.
Кәдірханды түсіріп,
Мінді Қодар тақты ғой.
Қодар билік салды ғой,
Ноғай есін танды ғой.
Не қыларын біле алмай,
Өртеніп іші жанды ғой.
- 5690 Оныменен қойды ма,
Ермек қылған патшаның
Жалғыз қызы бар еді,
Қорқытып оны алды ғой.
Әкесі мен шешесі
Күнде қарап жылайды
Жалғызының жолына-ай,
Неге ере кетпедік, — деп, — соңына-ай.
Менің атым — Ажырық,
Және болған Қодар хан.
- 5700 Жүз қаралы қойменен

- Кәдірхан атты қасқаның
Беріп еді қолына.
Мен солардың бүгінде
Суы болса, әкеліп,
Отыны болса, аламын,
Оты болса, жарамын,
Отын-судан босанып,
Алдымдағы қойымды
Оттықты жерге бағамын.
- 5710 Сүт шықсын деп соларға
Күніне үш суғарып барамын.
Дұрыс болып Құдайға,
Кеудеден жаным шыққанша
Солардың бабын табамын.
Және айтады Ажырық:
— Кәдірхан түгіл Қарабек
Өркімге де керекті-ай.
Қарабектің тұсында
Қымыз ішіп, ет жеген
- 5720 Құл да болса, қасқа едім,
Бие сауған көнекке-ай.
Қарабектің жоғынан
Қалып жүр басым кебекке-ай.
Кәрі қойдан сүт шықпай,
Осы күнде қор болдым,
Айналатын, шырағым,
Етпеген кебекке-ай.
Және айтады Ажырық,
Елдің жайы осылай.
- 5730 Менің жайып жүргенім
Кәдірханның қойы еді-ай.
Тал шыбықтай бұралған
Ханыша қыздың тойы еді-ай.
Сол Ханышаның тойы еді,
Көзіңді сал, шырағым,
Ана жүрген көп кісі
Алтыннан қабақ аттырып,
Күмістен табақ тарттырып,
Аты болса, шаптырып,

- 5740 Дағарасын қақтырып,
Бір отауды әкеліп,
Кілең түбітпенен жаптырып,
Баулығына зер салып,
Өңкей барқыт тақтырып,
Маңдайша мен таяушын
Сары алтыннан соқтырып,
Шаңырақтың ортасына
Алтыннан күмбез қақтырып,
Отау болады түтінге деп,
- 5750 Ішіне шамды жақтырып,
Ет салғыз деп және де,
Күні-түні бақтырып,
Аяққа суды құймаға,
Қожа-молда жимаға,
Ақ некесін қимаға,
Басына жаулық салмаға,
Қатын қылып алмаға.
Менен ішер қымыз жоқ
Қодар құлдың ойында.
- 5760 Осылайша Қарабек
Өңгімеге қанықты-ай.
Осы сөзді есітіп,
Барша есінен таныпты-ай,
Өртеніп іші жаныпты-ай.
Күйіп кетіп Қарабек,
Ауылға қарай шауыпты-ай.
Келе жатып ер төре
Және де ақыл тауыпты-ай.
Түсе сала атынан,
- 5770 Киімін шешіп алыпты-ай,
Қаруын шешіп алыпты-ай.
Аққұла аттың үстіне
Шылбырменен таңыпты-ай.
Бір тал қылын суырып,
Жан қалтаға салыпты-ай.
Пердесін бұзып киініп,
Қайқы таяқ қолға алып,
Қодар жатқан ордаға

- Бейшара болып барыпты-ай.
5780 Бір уақытта Қарабек
Хан баласы төре еді-ай.
Құдайдың салған ісіне
Кім де болса көнеді-ай.
Хандар жатқан ордаға
Қарабек келіп енеді-ай,
Кіріп сәлем береді-ай.
Алты қатын басында-ай,
Алпыс қатын қасында-ай,
Орамалмен желпіген
5790 Құс төсектің үстінде
Көтеріп алып кеудесін
Ақырып сөйлей береді-ай:
— Осыншама асқан кім?
Ұлықсатсыз, биліксіз
Есікті келіп ашқан кім,
Төрге күлді шашқан кім?
Сыпайының қатынын
Еңсесінен басқан кім,
Бұл үйге бар деп қосқан кім?
5800 Танысың ба, қатындар,
Мына келген шошқаң кім?
Ит болмасаң біліксіз,
Үйге неге енесің?
Арызың болса, ай, шошқа,
Бүгіннен соң келерсің,
Келіп арыз берерсің.
Көп ұзамай шығып кет,
Енді қорлық көрерсің.
Осы сөзбен төренің
5810 Жүнін жаман жығады-ай,
Қабырғасын сығады-ай.
«Бұл шұнақ құл таныр» деп,
Төре төмен бұғады-ай.
Әрбір-әрбір сөздерін
Кеуіліне ұғады-ай.
Ыза болды Қарабек,
Оны Қодар білсін бе?!

- Үстіне киген шекпеннен
Тұтам бір түгі шығады-ай.
5820 Қарабек сонда айтады:
— Кіргенімді шам көрме,
Қодар, саған айтайын,
Мен ат құйрығын өріппін,
Дүбір-дүбір желіппін.
Бұл күнде арып тұрсам да,
Өзімнің болған шағымда
Өздеріңдей, ай, Қодар,
Патшаларменен шерік ем.
Елімді Қабылан шапқан соң,
5830 Екі шешем бар еді,
Кезегімен жетелеп,
Бүгін ел шетіне келіп ем.
Алған екен өлтіріп
Қарабек мінген Аққұла ат.
Қабылан атты қалмақтың
Қосарында көріп ем,
Сол себептен бұл үйге
Биліксіз келіп кіріп ем.
Қуанғаннан, өзің біл, жезде,
5840 Сүйінші сұрай келіп ем.
Сонда Қодар айтады:
— Осылай ма еді, балдызым,
Рас болса бұл сөзің,
Алайын деп жатырмын
Өлпештеген хан қызын.
Енді неден қорқайын,
Өлтірген болса Қабылан ер
Кәдірханның жалғызын.
Енді менің, балдызым,
5850 Сөзіме құлақ сал, — дейді-ай.
Тірі ме деп Қарабек,
Сескенуші еді жан, — дейді-ай.
Рас болса бұл сөзің,
Кеулім болды шат, — дейді-ай.
Неден болсын арманым,
Таққа мініп бұл күнде,

- Халыққа болдым хан, — дейді-ай.
Балдызым, Құдай қуантсын,
Далаға шық кідірмей.
- 5860 Майлы қазан бар толы,
Майын қалқып ал, — дейді-ай,
Сүйінші болсын сол, — дейді-ай.
Сүйдеген соң Қарабек
Далаға шығып аңқыды-ай.
Бір ошақтың қасында-ай,
Кірлі жаулық басында-ай,
Жақ терісі қалтадай,
Екі тісі балтадай,
Құрсауы кеткен шелектей,
- 5870 Түбі түскен көнектей
Отыр екен бір кемпір.
Қарабек соған барды да,
Лақтырып жіберіп,
Қазанның майын қалқыды-ай.
Тобылғының түтіні
Омырауға шалқыды-ай.
Қазанның жерді тарпыды,
Кемпір салды ойбайды-ай.
Ойбайлаған дауысын
- 5880 Кешке шейін қоймады-ай:
— Кәдірханның дәуірінде-ай
Мұнан қорлық бар ма еді-ай.
Телі мен тентек тыймастай
Бұл айбатсыз хан ба еді?
Қарабек сонда айтады-ай:
— Айналайын, шешеке-ай,
Не күндер бастан өтпеді-ай.
Бұрын қорлық көрмесең,
Осы айтқаның еп пе еді-ай?
- 5890 Қасқа болған бұл балаң,
Деген күйде жетпеді-ай.
Той менікі, шешеке-ай,
Май менікі, шешеке-ай,
Сойып жатқан биліксіз
Қой менікі, шешеке-ай.

- Тым болмаса мен сорға
Қазанның майы көп пе еді-ай?
Қарабек атты төренің
Сөзіне кемпір түсінбей,
5900 Ойбай салып ол кемпір,
Ханға кірді арызға-ай.
Қодарға барып айтады:
— Атан да емес нарлықты-ай,
Нар көтерер сандықтай
Отырсың Қодар төсеніп
Құс төсекті мамықтай.
Төренді түзу бермесең,
Мықты менен асылдың
Бәрін тегіс көрмесең,
5910 Жүре алмассың игеріп
Бүкіл ноғай халықты-ай.
Бір мықты адам келді де,
Көрсетті жана зорлықты-ай,
Көріп келдім қорлықты-ай.
Теңдігімді алып бер,
Патша болсаң орнықты-ай.
Шашымнан алып сабады-ай,
Құтырған иттей талады-ай.
Шақыртып алып ұзатпай,
5920 Теңдігімді алып бер
Қорлығы өтіп барады-ай.
Осыны айтып мұңайып,
Кемпір жаман жылады-ай.
Сонда Қодар айтады-ай:
— Есітіндер ме, қатындар!
Кемпір неден зарланды-ай,
Болыпты неден арманы-ай?!
Осы күнде қараңдар,
Сонда айтады қатындар:
5930 — Әлгі жігіт барғанды-ай,
Қазанын тартып алғанды-ай.
Қазанынан айрылып,
Кемпір сорлы қалғанды-ай.
— Айтсаңдаршы, қатындар,

- Енді кемпір кетпей ме?
Ақ шашымен таласып,
Өз басына еп дей ме,
Әркім мұны сөкпей ме?
Толып жатқан қазан көп,
5940 Майы құрғыр жетпей ме?
Айтып Қодар кеңесіп,
Осылай берді төресін.
Қодар сүйтіп айтқасын,
Келіндері шығарды
Итеріп үйден енесін.
Кемпір шығып кеткесін,
Соныменен кеш болды-ай.
Кеш болған соң жиналып,
Ноғайлының бозбала
5950 Қайындайын қайысып,
Емендейін сығылып,
Жүндері қатты сығылып,
Құл Қодардан қорыққанынан
Шыбын жаны шағынып,
Бір-біріне тығылып,
Ханышаға келеді-ай,
Келе жылай береді:
— Әй, Ханыша, Ханыша,
Қасқа болған Қарабек
5960 Астына мінген [атының]
Құйрық жалын өрмеді-ай,
Дүбір-дүбір желмеді-ай,
Беліне қару ілмеді-ай,
Осындай тойға да келмеді-ай.
Бұл қызықты көрмеді-ай,
Талабың сорлы жүрмеді-ай.
Ағеке есен-сау келіп,
Батасын да бермеді-ай.
Малды баққан бір құлмен
5970 Күнің өтіп барады-ай.
Не көрдім деп кетесің,
Жоқтасаңшы ағанды-ай,
Көтерейік кеуілді-ай.

Қасқа болған Қарекен
Жоқтаусыз тастар ер ме еді-ай!

Кәдірханның қызы Ханыша шешесі Зәуренейді шақырып алып:

— Шеше, халықтың іші толды, біздің де ішіміз толды. Өмірді босқа өткергендей болып, қапалықта отырмын, жігіттерді алып келіп, өлең айтқыз, мен де солармен бірге қосылып ән салып, ішімдегі дертімді шығарар едім, — деді. Зәуреней жігіттерге келіп: — Шырақтарым-ау, халықтың да, қыздың да іші толды. Қыздың тұсына барып, бір-екі ауыз өлең айтсаңдаршы, — деп еді.

— Ой, әшейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас, недеп жүр осы қақпас, — деп жігіттер мазақ етті.

Зәуреней еңіреп жылап жүріп, басында кемпірменен керісіп, аяғында келісіп, бір шелек майды бөлісіп жатқан Қарабекке келеді.

— Ай, шырағым, сендей жалғыз балам бар еді, бір қызымның себебінен елден кеткеніне он жыл, он ай болады. Балам кеткенде байым Кәдірхан тақта еді, жас үлкейіп жеткен соң, күш-қуаты біткен соң, әлсірегенін біліп, Қодар деген құлым: «Осының баласы өлмей не қылды дейсің», — деп, елімді үш қайтара шауып алып, балам кеткенде ермек қылып отырған бес-алты жасар қызымды ықтиярсыз алам деп той істеп жатыр. «Кеуілімді көтергендей бір бозбалаларды алып кел» деп жұмсап еді, бозбалалар: «Әшейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас, не деп жүр осы қақпас», — деп мазақ қылып кетті. — Түрің басқа бала көрінесің, шырағым, сол қыздың тұсына барып, бес-алты ауыз өлең айтсаңшы. Майы құрысын, май керек болса, осы Қодардың берген жүз көрі саулығы бар, қойшысымен алдыңа салайын, — дейді.

Қарабек жылап тұрған шешесіне көзі түсіп: — Ойбай, шешей, құлдан бұрын сен байыттың ғой, жүз қой берсең, онда май құрсын не етелік, сенің қызыметіңді етелік, бұл арадан кетелік, шаршамай-ақ жетелік, — деп, майды қағып тастап, шешесіне еріп жүре береді.

Зәуреней кім екенін қайдан білсін, ізіне еріп келді. Қыз үйде отырып, шешесіне еріп келе жатқан жігіттің түрінің басқа екенін біліп, қарап тұрып: «Бұл біздің Азау қаласындағы адам

емес қой, түрі бөлек қой. Бұл кімде болса, өзінен бұрын бұған жауап айтып, жөнін сұрайын» деген көңіліне келіп, жақындап келгеннен айқайлап, бір ауыз өлеңмен қыз сөйлеп жатыр.

Ертті де осыны айтып жүре берді-ай,
Шешесі танымастан ертіп келді-ай.
Ішінде үйдің тұрып қыз да көрді-ай,
Келгенін айтысуға және білді-ай.

5980 Тоқтаусыз қыз да өлеңді қоя берді-ай,
Сондағы Ханышаның айтқан сөзі-ай:
— Әй, жігіт, жақынырақ бермен келің,
Сенімен айтысайын болсаң теңім.

Артықпын деген сенен сөзім емес,
Пенденің Құдай білер артық-кемін.
Сенімен өлең айтып, шықса желім,
Отырмын кете ме деп қайғы-шерім.

Бір жігіт ел қорғаны болмас ерің,
Өзіңнен қай адамға кетсе кегің.
5990 Бере ме тілегенмен оны қадап,
Жақсы екен онан дағы бұйрықты өлім.

Ағайын, халық-халайық ата-тегің,
Айтшы, аға, кім болады аты-жөнің?
Жөніңді біліп алып сөйлемесем,
Пендеге кім біледі бар ма сенім.

Қайғылы Ханышаның болған өзі-ай,
Мұны айтып жылауда отыр екі көзі-ай.
Есітіп қыздың сөзін болғаннан соң,
Сондағы Қарабектің айтқан сөзі-ай.

6000 — Тау-таудан таза гүлді терген ермін,
Тұлпар мініп құйрығын өрген ермін.
Сөз айтсам, қарындасым, желденермін,
Шошынып, кімнен қорқып тебіренермін.

- Қалай айт, олай айтсаң, ар көрмеймін,
Әйтеуір, бір пендемін тең келермін.
Теңдіден қайткенімде кем келермін
Бәйгесі қызыл тілдің жел сөз болса,
Қаңбақтай ұшқан желге дөңгелермін,
6010 Себеп бұл қатарымды жеңген ермін.
Кеулімді біліп алып шын сөйлесең,
Саған мен қисық келмей, жөн келермін.
Ойлаймын өлтіруге адамға да,
Жасырмай шынымды айтып берген ермін.
Кеулім ақ, дұшпаныма сенген ермін,
Себеппен халықтан шығып жүрген ермін.
Төрт бұрышын дүниенің кезіп келген
Жақсылық-жамандықты көрген ермін.
Шырағым, жөн сұрасаң, қарындасым,
Әйтеуір, затым ноғай мұсылманмын,
6020 Алыстан шәһарым қашып келген ермін.

Айтысса екі кісі болады сын,
Жақсылар, жалған емес, мұнысы шын.
Қарабек сөзін айтып болғаннан соң,
Сондағы Ханышаның жауабы бұл:

- Тау-таудан таза гүлді тердің бе, аға-ай.
Құйрығын тұлпар мініп, өрдің бе, аға-ай?
Сөзіне мен кәпірдің сендіңіз бе, аға-ай,
Шының ба, алыс жерден келдің бе, аға-ай?
Шын айтсаң, мен де айтайын мұң-зарымды,
6030 Бұл күнде ішім толған қайғы-сәна-ай.

Қасқамын ашылмаған мен бір бағы-ай,
Ортадан ері кетіп елге пана-ай.
Біржола иесіз қалып Азау қала-ай,
Мен түгіл көп халықтың кетіп сәні-ай.

Құр отыр кеудесінде шықпай жаны-ай,
Сәніңнің кеткені емес пе, аға-ай.
Үстіне кілең жібек киіп қалмай,
Қос жорға парлап жегіп, тағып таға-ай.

Салдырып мойнына әсемдікке,
6040 Жана да мың теңгелік алқа-ай.
Күймелі-пәуескелі мініп шана-ай,
Отырған орны әкемнің алтын тағы-ай.

Тұрғанда оны өзің біліп,
Ағаке, мұнан артық қорлық бар ма-ай?!
Әкемнің қасына ерген уәзірлері
Болып жүр қорыққанынан құлға малай.

Осындай азар қорлық көргеннен соң,
Дұшпанға осылайша болдық таба-ай.
Біз көрген бұл қорлықтың есебі жоқ,
6050 Ағаке, жігіт болсаң ақылың дана-ай,
Қарашы өзің ойлап, қылып шама-ай.

Және де сөз айтайын, ағажан-ай,
Халқыңнан себебіне шықтың қалай?
Төрт бұрышын дүниенің кездің бе, аға-ай,
Халқыңнан кісі өлтіріп бездің бе, аға-ай?

Немесе жоқ жоғалтып
Жүрдің бе, аға-ай?
Кезгенің рас болса дүнианы,
Көп болды халық сұлтаны ғайып болды,
6060 Төрені Қарабектей көрдің бе, аға-ай?

Болып тұр кеткеніне он жыл, он ай,
Хабарын біліп соның сездің бе, аға-ай.
Сүйінші қара, басым біліп шешен,
Өлісін-тірісін білдің бе, аға-ай.

— Халқымнан, қарындасым, безгенім жоқ,
Себеппен не жерлерді кезгенім жоқ.
Шығып ем әр шәһарды көрейін деп,
Халқыммен араз болып жүргенім жоқ.
Сонымен мен көрмеген елдерім жоқ,
6070 Және де мен шықпаған белдерім жоқ.

Сескеніп жақынымнан жалғыз жүрдім,
Басқаға бір Құдайдан сенгенім жоқ.

Шырағым, нелер жанып сөнгенім жоқ,
Сонда да бұйрық жетпей өлгенім жоқ.
Аралап сонша жерді жүргеніммен,
Ағанды Қарабектей көргенім жоқ.

— Ағеке-ау, сөз айтамын сендей затқа,
Ұсайды тілің қалам, кеудең хатқа,
Барғаның рас па, аға-ау, әр халыққа,
6080 Ермісің таныс болып жүрген жатқа?
Мұсылман болсаң, аға, дұрысыңды айт,
Қашырып жауап айтпа әрбір жаққа.
Ағеке, дұрыс айтсаң, бұрыс айтпай,
Көп жасып, бір Аллаға ісің жаққай.
Бұл күнде, аға, маған тұрман тақпа,
Кеудеден жаным отыр шықпай шаққа-ай,
Отырмын қорлықпенен жанып отқа-ай.
Ойлашы, жанбайтұғын орын бар ма,
Жұрт сұрап, құл мінген соң алтын таққа-ай.

6090 Той қылып, ықтиярсыз халықты жинап,
Некелеп алмаққа отыр оқып құтпа-ай.
Жақпады не қылмысым Қадыр Хаққа-ай,
Қор қылды ақырында мұндай қылып,
Атама разы емен қонған баққа-ай.
Келеді жүре бергім құла дүзге
Біржола халықтан шығып, мініп атқа-ай.
Ұзамай жақсылығы бола ма, — деп,
Кетуге және тұрмын тағы батпай.
Жыламаймын көп ұзатпай тілек бер, — деп,
6100 Әйелдің пірі болса Бибі Патима.
Бермесе тілегімді көп ұзатпай,
Жөн көріп отырмасын бұл қорлыққа-ай.

Көп кезең ол жерлерге барып па едің,
Қонды деп есітіп ем Тасбұлаққа-ай.
Басында Тасбұлақтың жатыр деген

Хабары тиіп еді бір құлаққа-ай.
 Көрсең де, көрмесең де дұрысыңды айт,
 Өтірік жауап айтпа мен бейбаққа-ай.

- Біржола айтқаныңа еріп кеттім,
 6110 Көп жерге мен де талай келіп кеттім.
 Шынымды енді айтайын, қарындасым,
 Жасымнан, бөтен шеһардың дәмін таттым.
 Қызмет қылып пірдің отын жақтым,
 Екінші жақынымның кеулін бақтым.
 Мен қорғап жақынымды жауға шауып,
 Дұшпанның ерегiскен басын қақтым.
 Ешкімнің тілін алмай қорғаймын деп,
 Бөлеге өз басымды өзім шаттым.
 Тауында қорлық көрдім бейне Қаптың,
 6120 Дүнияда бұ жалғыздық қиын екен,
 Көп жылап жалғыздықтың зарын тарттым.
 Жақыным жат болды деп кімге айтайын,
 Оны мен жылы қымтап мықтап жаптым.
 Ашылар, шын жыласаң, сенің бақытың,
 Құдайым шын тілесем, бермей қалмас,
 Иесі келмей қалмас мүлік пен тақтың.
 Білмейді халқым, жүдө, хабарымды,
 Далада судай сіңіп, тастай баттым.
 Шырағым, енді саған жалған айтпан,
 6130 Арқасы жауыр болып мінген аттың,
 Сол айтқан бұлағыңда біраз жаттым,
 Киікпен азық қылып құлан аттым.
 Болмаса басқа жерде таса етіп,
 Басын да көре алмадың Тасбұлақтың.
- Бұл күнде ішім жалын, сыртым түтін,
 Басымнан арылмады қырсық бұлтың.
 Зарлады күннен күнге іште дертім,
 Бұ жаққан көріп тұрсың құлдың өртің.
 Тас қылып халықты жинап бір күн, бір түн,
 6140 Таянды мені аларға енді, шіркін.
 Өлісі-тірісінен мен ағамның
 Отырмын біле алмай әлі еркін.

Келмесе айтып жүрген менің сертім,
Мен көріп отырмаспын құлдың көркін.
Болмаса, жалғыз ағам өлген болса,
Қылайын құлға тиіп кімді төркін?
Кездім деп жер шәһарды айтқаннан соң,
Білер деп сұрап едім бар үмітім.
Ағаке, енді өзін көрмесең де,
6150 Көрдің бе көшіп кеткен үйдің жұртын?

— Кеуліңді біліп тұрмын мен де ашып,
Ағаңа шын жыласаң болып ашық,
Күн туар Ақ жарылқап, қарындасым.
Көзімнің жасын көргей, бағыңды
Ағаңмен қауыштырғай Құдай қосып.
Не пайда ел шетіне қараласаң,
Бұл тойға келсе ағаң араласып,
Қуанып кетер едің қандай тасып,
Дұшпаның болар еді қандай пасық.
6160 Жарты ырыс, жақсы лебіз деп айтамын,
Сау болса жүрген ер ме халықтан қашып.
Кеткелі он жыл, он ай болды десең,
Шырағым, осы арадан тұрмын шошып.
Ол жерде үйдің, жұртын көргенім жоқ,
Қалмаса жаңбыр жауып, шалғын басып.

— Күн қайда келетұғын, ағажаным,
Мұғайым келгендігі болып мәлім.
Арманым сонда менің болар ма еді,
Бауыздап, ішіп өлсем құлдың қанын.
6170 Қорқытып үш қайтара елді шауып,
Әкемнің тартып алып мінді тағын.
Бетіне қарайтұғын біреуі жоқ,
Қорыққаннан бүкіл ноғай болды бағын.
Қуалап ата-анамды ел шетіне,
Даламда боздап отыр кемпір-шалым.
Қинады Құдай алмай бекер жанын,
Екеуі жалғызының тартып зарын.
Бірі хан болған шақта, бірі ханым,
Дәурені өтіп кетті болып сағым.

- 6180 Көмүсіз құла дүзде қалар болды,
Осыған болмасын ба кеулім жарым.
Бұл күнде сыртым түтін, ішім жалын,
Ашпаған бейбақ болдым Құдай бағын.
Ағаке, көшкен жұрттан көрмесең де,
Көрдің бе үйдің сынған сағанағын?
Мұғайын ол арада қонған болсаң,
Қазылған көрдің бе, аға, жер ошағын?
- Айтайын, тыңда мұны, Ханышажан-ай,
Көп айттың құл деп қорлап басынып-ай.
- 6190 Жүрмесін құлға жетіп осының-ай,
Қайратын жеңген болса асырып-ай.
Ойыңды істейтұғын ішке сақта-ай,
Айтқаның жұртқа кетер шашылып-ай.
Күн туып, ақ жарылар ағаң келіп,
Қауышсаң көп ұзамай қосылып-ай,
Ықпалдың, жүрер бағың ашылып-ай.
Еш нәрсе Тасбұлақта көргенім жоқ,
Шырағым, не қылайын жасырып-ай.
- Ағаке, ақылың артық дариядай,
6200 Мүсіркеп ақыл айтсаң жарияды-ай.
Қорлыққа көрген азар айтпағанша,
Себепсіз бейбақ көйтіп жыласын-ай.
Жаңылған қасқа болдым тобасына-ай,
Бар ма екен жер жүзінде мендей сорлы,
Тірілей алған Құдай ағасын-ай.
Азарды маған берген Ақ Тағала
Салмасын мұсылманның баласына-ай.
Сөзімнің енді айтайын расын-ай,
Бұ күнше өлмей тірі отырғаным,
6210 Елдегі қожа, молда, бақсы, балшы
«Ағамды келед» деп тұр бал ашып-ай.
«Ұзамай көрісесің» деп айтып отыр,
Қуантып атасы мен анасын-ай.
Қалмас деп бүгін-ертең келеді деп,
Күн кесіп және де тұр шамасын-ай.
Келмесе бүгін-ертең осы кеуілім,

- Қасына жақын барып жанасып-ай,
Құлменен отыра алман жарасып-ай.
Қорлықты құлға тиіп көргенімше,
6220 Өлемін құла дүзде адасып-ай.
Мен күліп отыра алман тірі болып,
Азаудың иесіз қалған қаласында-ай.
Ағеке-ау, сен айтпайсың, біліп тұрсың,
Мені сен әрбір жолға саласың-ай.
Ағеке, мен бейбақты алжастырмай,
Көрсен де айт, ең түбінде моласын-ай.
- Халқымда жоқ болған соң тұрағым-ай,
Көп жүрдім жаһан кезіп лағып-ай.
Кездім деп жер жаһанды айтқаннан соң,
6230 Ағанды, Ханышажан, сұрадың-ай,
Сағынып ағанды айтып жыладың-ай,
Кеуліме бұл жылауың ұнады-ай,
Сонда да шынымды айтпай шыдадым-ай.
Жетерсің шын жыласаң мұратыңа,
Кеуліңді дұрыс екен сынадым-ай.
Енді мен білгенімді айтпай болмас,
Ертерек естіп едім бір хабарды
Бір жігіт, бір қызбен жатыр деген
Мекендеп Тасбұлақтың бұлағында-ай.
6240 «Әкетті деп қалмақ ұстап екеуін» деп,
Және де тиіп еді құлағыма-ай.
Еш нәрсе мұнан басқа білгенім жоқ,
Білмеймін со болмаса, шырағым-ай,
- Келгеннен біліп едім білгеніңді,
Айтпадың күніменен көргеніңді.
Тірі деп үміт қылып жүргенімде,
Ағеке-ау, естірдің өлгенімді-ай.
Айтуы басқалардың жалған екен,
Дұп-дұрыс, жатуы рас Тасбұлақта.
6250 Бір жігіт бір қызбенен жатыр деген
Дыбысы қалмақтарға барған екен.
Жатыр деп сұлу қыз есіткен соң,
Бір қалмақ ашық болып аламын деп,

- Қасына әскер жинап барған екен.
 Көп қалмақ құмырсқадай талған екен,
 «Қалмаққа бауырымды бермеймін» деп,
 Ағекем жалғыз ұрыс салған екен.
 Қасында көмегі жоқ жалғыз қу бас,
 6260 Шамасы келмей өліп қалған екен.
 Қалмақтар Ханбибіні алған екен,
 Өлуін ағекемнің енді білдім,
 Себебі сол бейбақтан болған екен.
 Дүние-ай, менің күнім солған екен,
 Бақ құсы шұнақ қонған екен.
 Ағамды отыр едім көремін, — деп,
 Бақсының айтқанына сенемін, — деп,
 Айқасып ағамменен жүремін, — деп,
 Бір жайлы мен ендігі болар едім.
 Бірталай көп отырдым қорлық көріп,
 6270 Тіліне бақсылардың сенемін, — деп.
 Ханыша осыны айтып болды дағы,
 «Мұғайын шыныменен өлемін» деп.
 Өлмекке белін байлап қиды жанды-ай,
 Қолына өлмек болып пышақ алды-ай.
 Қолына пышақ алып ішке салды-ай,
 Салдырмай тамам қатын ұстай алды-ай.
- Қатындар қолын барып ұстаған соң,
 Биһуш боп сол арада талып қалды-ай.
 Қарабек Ханбибіден көрді азарды,
 6280 Қарабек боламын деп бұ да сондай.
 Шыныменен өлетұғын болғаннан соң,
 Қарабек Ханышаға сонда нанды-ай.
 Мұғайып рас кеулін танып алып,
 Қасына жақынырақ тұрды барып.
 — Жоқ деген сол ағаңыз біз болмалық,
 Қарашы, Ханышажан, жарық алып.
- Ханыша көз алдында талып қалды-ай,
 Болғансын өлетұғын сонда нанды-ай.
 Қарабек «мен ағаңмын» деген сөзі
 6290 Ол қыздың құлағына тал-тал барды-ай.

Талпынып тұрамын деп ет пісірім,
Сол шақта азар есін жиып алды-ай.
Ханыша есін жиып алғаннан соң,
Қолына шам көтеріп, жарық алды-ай,

Ағасын Қарабектей танып алды-ай,
Тәтті екен бауыр, шіркін, шырын-балдай.
Құшақтап Қарабекті таныған соң,
Ханыша түн ішінде ойбай салды-ай.

6300 Топырлап жұрттың бөрі толып қалды-ай,
Ноғайға бір тамаша болып қалды-ай.
Ойбайын о да естіп Ханышаның,
Отауда Қодар кейіп айқай салды-ай.

Сонда Қодар ақырды-ай:
— Түнде салған ойбайға
Жүрегім қорқып шошынды-ай.
Менсінбей-ақ жүр екен
Мен секілді асылды-ай.
Онан басқа о бейбақ,
Неге ойбай салады-ай?

6310 Маған бір басы қосылды-ай,
Бүктің бүйтіп насырды-ай.
Менсінбесең мені сен,
Ұмытпа, бәлем, осыңды-ай,
Қор қылармын басыңды-ай.
Басыңнан таяқ айырмай,
Жұлармын күнде шашыңды-ай.
Әлі күнге құм құймай
Сол бейбақтың аузына,
Қайда кетті қырылғыр,
6320 Ноғайлар жоқ па қасында-ай?
Тілдеріңді алмаса,
Өзім жайын қылайын,
Әкеліңдер осында-ай.
Қойдырмасаң ойбайын,
Енді өзім барармын,
Шашынан алып сабармын,

- Жүдө өлтіріп салармын,
Қатынсыз-ақ қалармын.
Ханның қызы болмаса,
6330 Қарадан-ақ алармын.
Енді қойдыр, ноғайлар,
Бәріңді де қырармын,
Тегіс ойран салармын.
Қодар сүйтіп жатқанда,
Бір-екі қатын бар еді-ай
Осы күнде Қодарды
Байынан артық көреді-ай.
Неге десең себебі —
Жеңгелікке жүреді-ай.
- 6340 Алдап-сулап Қодардан
Көп дүние жеп еді-ай.
Қарабектің келгенін
Со қатындар біледі-ай,
Жүгірумен келеді-ай.
«Шошытайық құлды» деп,
Келе жатып екеуі,
Біржың-ыржың күледі-ай.
Келіп бір үйге енеді-ай,
«Келіпті, — деп, — Қарабек»
- 6350 Құлға хабар береді-ай.
Шошып кетіп құл Қодар,
«Уһ» десе ақырып,
Аузынан шыққан лебінен
Томар оты сөнеді-ай.
Сасқанынан құл Қодар:
— Тойы құрысын, кеткелік,
Бастың қамын етелік,
Жылқымызға жетелік,
Мұнда отырып не етелік.
- 6360 Байлап қойған жүгіріп
Тайторы атқа келеді-ай.
Ер салуға асығып,
Жайдақ мініп ноқтамен
Түн ортасы болғанда,
Қодар қашып жөнеді-ай.

- Қарабек келді деген соң,
Қодар қашты деген соң,
Бүкіл ноғай аңдайды-ай,
Кемпір-шалы қалмайды-ай.
- 6370 Келе жатып қуанып,
Көзінен жасы парлайды-ай.
Жетіп келсе жиылып,
Жаман тымақ басында-ай,
Біреу отыр жыбынып
Ханышаның қасында-ай.
Қарабек деген сөзіне
Бүкіл ноғай нанбайды-ай:
— Осында ма еді Қарабек,
Отқа салды қаншық, — деп,
- 6380 Қодар келсе қырар, — деп,
Енемізді ұрар, — деп,
Бәрі бірдей зарлайды — ай.
Ханыша мен ноғайдың
Өрелі оты жанбайды-ай.
Құл Қодардан қорыққаннан
«Ашылмағыр бағы» деп,
Ханыша қызды қарғайды-ай.
Нанбай, шулап ел жатты-ай,
Бауырлас, шіркін, тым төтті-ай.
- 6390 Айқайлап сүйіп ағасын,
Қасқа болған Ханыша
Ұйқы көрмей түн қатты-ай.
Дүз жиырма төрт сағатта,
Бір уақытта таң атты-ай.
Таң атқан соң Қарабек,
Жер ошаққа барады-ай.
Алып келіп жылқының
Қу тезегін қалады-ай.
Шырпы бар ма о күнде,
- 6400 Шақпақ шағып жағады-ай.
Шағып еді жанады-ай,
От қызыл шоқ болады-ай.
Аққұла аттың бір тал қыл
Жан қалтадан алады-ай,

- Қызыл шоққа салады-ай.
Қоңырсып еді тұтанып,
Аршын басты Аққұла ат
Айуан желіп барады-ай.
Келгеннен соң Аққұла ат,
6410 Киімін киіп алады-ай,
Қаруын асып алады-ай.
Бүкіл ноғай баласы
Сонда барып нанады-ай.
Қарабекті айналып,
Бәрі тегіс қамады-ай.
«Өтірік пе, рас па?»
Ұзағынан бергей» деп,
Бозқасқалап қалады-ай.
6420 Ақ күн туып ноғайға,
Қуанысып қалады-ай.
Қашқан жауға қатын ер,
Түнде қашқан Қодарды
Қарабек атты төреңіз
Сәскеде қуып барады-ай.
Бара жатып қу Қодар,
О да толғап барады-ай:
— Тайторыма жарасқан
Желе басқан текірек.
Қарабек сұлтан келген соң,
6430 Ноғайдың жұрты көкірек.
Ай, Тайторым, жүріп бақ,
Мінер күнім бүгінді-ай,
Жүрер күнің бүгінді-ай,
Бүгіннен соң қиынды-ай.
Бір ерніңмен көк тіреп,
Бір ерніңмен жер тіреп,
Жол жуығын төтелеп,
Әшейінде құтырып,
Басушы едің шекелеп.
6440 Қара басып келе ме,
Қояннан жаман сескендің.
Ханның қызы Ханыша
Бұта түбін баспай-ақ,

- Не қылғаным некелеп?
Ақырында келгенде,
Жетпесең басқа игі еді-ай.
Осыны айтып қашады,
Тайторы атты төбелеп.
Айтып ауыз жұмғанша-ай,
6450 Құйындай шаңы бұрқырап,
Атқан оқтай зырқырап,
Аршын басты Құла атпен
Қарабек қуып келеді-ай.
Екі көзі артында-ай,
Бұрылып қарай береді-ай.
Қорықпасын ба бейшара,
Жетсе өлерін біледі-ай.
Бір төбеге шыққанда,
Көзін салса артына,
6460 Қарабекті көреді-ай.
Сасқанынан құл Қодар
Бұрылып түсіп қашады-ай
Таспалының жолына-ай.
Қарабек атты төренің
Желі шығып оңынан,
Көріп бір түсті соңына-ай.
Көргеннен соң ұзамай,
Тиіпті найза қоңына-ай.
Қан жылысып ағыпты
6470 Құлдың қызыл тонына-ай.
Қасқа болған Қодардың,
Бәрекелде, сорына-ай.
Қарабек атты төренің
Түсіп қалды қолына-ай.
Найзаменен Қодарды
Аударып аттан алады-ай,
Мойнына шылбыр салады-ай.
Тайторыға қосақтап,
Өлтірмеді о жерде,
6480 Тірілей айдап барады-ай.
Қуған екен сәскеде,
Қайта қуып Қодарды-ай,

- Бесін уағы болғанда,
 Елден барып құлады-ай.
 Бүкіл ноғай жиналып,
 Қыз, қатыны қалмастан
 Келе жатқан Қодарға
 Тамаша етіп қарады-ай,
 Жиналысып тұрады-ай.
- 6490 Келгеннен соң құл Қодар
 «Бір білместік болды» деп,
 «Алыңдар, — деп, — айырып»,
 Көп кісіге жылады-ай.
 Сүйдегенде Ханыша,
 «Маған бер» [деп] өтініп,
 Ағасынан сұрады-ай,
 Барып құлды тіледі-ай.
 Сұраған соң Қарабек
 Ханышаға береді-ай.
- 6500 Қатындарға ұстатып,
 Ханышаға алып жөнеді-ай.
 Ол жиылған көп кісі
 Сұрағансын Ханыша,
 Өлтірерін біледі-ай.
 «Шынымен тілеп алды» деп,
 Қасқа бір Қодар сөйледі-ай.
 «Құтылдым, — деп, — өлімнен»
 Ыржың-ыржың күледі-ай.
 Соныменен Ханыша
- 6510 Бір оңаша үйге келеді-ай,
 Қодарды алып енеді-ай.
 Қасқа болған құл Қодар
 Кірмеймін оған демеді-ай.
- Үйге кіріп құл Қодар,
 Отырған соң Ханыша,
 Құс кездігін суырды-ай,
 Қамамасын қуырдай,
 Өлтіруге бұрылдай:
 — Атаңа нәлет, шұнақ құл,
- 6520 Көрмесімді көрдім, — деп,

- Талай азар бердің, — деп,
Тілекті беріп Құдайым,
Құтылып кетпей келдің, — деп,
Қатындарға ұстатып,
Отырғызып қарады-ай.
Әуелі бастап ханыша
Екі көзін алады-ай.
Көзінен аққан қара қан
Үсті-басын бояды-ай,
6530 Тірілей құлды сояды-ай.
Қорлықпенен өлтіріп,
Құлдың басын жарады-ай.
— Ішпесіңді іштің, — деп,
Төменгі ернін теседі-ай.
Кимесіңді кидің, — деп,
Екі қарын кеседі-ай,
Қиналып жанын кешеді-ай.
Азап қылып өзіне,
Қодар сонда батырың
6540 Жалғаншыдан көшеді-ай.
— Әкем киген төжіні
Сен әкемнен алдың, — деп,
Осы басқа салдың, — деп,
Бас терісін жұлады-ай.
Жұртта қалған қаншықтың
Күшігіндей ұлиды.
Құлағын кесіп жымпитып,
Мұрнын кесіп сымпитып,
Осылайша Ханыша
6550 Өлтіреді құлды тымпитып.

Ендігі сөзді тыңдаңыз,
Құл осылай өліпті-ай.
«Балаң аман келеді» деп,
Барып хабар беріпті-ай.
Енді әкесі Кәдірхан
Халқы қалмай еріпті-ай.
Көкірегі күрілдеп,
Көзінің алды іріңдеп,

- Буындары дірілдеп,
6560 Азар жүріп келіпті-ай,
Қаласына келіп кіріпті-ай,
Көргенінен жылайды-ай:
— Әулие қоймай түнеген,
Бір Алладан тілеген,
Сенің әкең мен бе едім?!
Өлдім-талдым дегенде,
Өштім-жандым дегенде,
Кеттім-бардым дегенде,
Тілеп алған Құдайдан
Жалғыз балам сен бе едің?!
- 6570 Келер күнде келмедің,
Көрер күнде көрмедің,
Тілеп алған бала едің,
Бір игілік көрмедім.
Сен туғалы мен қайта
Жасым жетпей қартайып,
Күйікпенен меңдедім.
Далаға кеттің лағып,
Өлі екенін білмедім,
Тірі екенін білмедім.
- 6580 Көзімнің жасы көл дедім,
Не қорлыққа көнбедім.
Сен есіме түскенде,
Нелер жанып, сөнбедім.
Жалын шығып кеудемнен
Тірімін, бірақ өлмедім.
Кәйтiп сұрап алып ем,
Қайтпады сенен еңбегім.
Өмірім өтті жылаумен,
Жадырап дәурен сүрмедім.
- 6590 Не қылайын сонда да,
Артымда тірі қал дағы.
Көрген мен-ақ көрейін,
Құрыған мен-ақ құриын.
Сағынып көрген, шырағым,
Жалғызым, есен жүр ме едің?!
Енді ізінен ұзамай,

- Шешесі еді Зәуреней
Келе жатыр ойбайлап.
— Тірі келген балаңа
- 6600 Ойбайлама, ханым, — деп,
Өңкей қатын келеді,
Қолын ұстап қой-қойлап.
Келе жатып жылайды:
— Құланның атқан қодығым,
Көлден тартқан борығым,
Сен барыңда, жалғызым,
Алтыннан екен бұрымым,
Күмістен екен тұлымым.
Сен кеткен соң, жалғызым,
- 6610 Желге тозды бұрымым,
Күнге күйді тұлымым.
Күйдірді жаман қылығың,
Қодардың көрдім қорлығың.
Айтатұғын не сөз бар,
Көрген соң құлдың қорлығын.
Құрып қала жаздады-ай
Артында қалған орының.
Далаға кеттің лағып,
Болмады елде тыным-ай.
- 6620 Не қылайын айтсам да,
Аман-есен келдің бе,
Өлгенде көрген, құлыным!
Мекендеп барып жаттың ба,
Адырлы таудың бұлағын?
Хабарыңды, жалғызым,
Есітпеді құлағым.
Далаға кеттің лағып,
Болмады елде тұрағың.
Екі мезгіл үн салып,
- 6630 Сені жоқтап жыладым.
«Көрсетіп ал, — деп, — көзіңді»
Мен Алладан сұрадым.
Енді құрттай кідірсең,
Кетіп еді сияғың,
Бүлініп еді-ау бұяғың.

- Көрген біз-ақ көрейік,
Аман-есен келдің бе,
Өлгенде көрген тұяғым,
Сағынып көрген шырағым?!
- 6640 Не қылғаның бейбақтың,
Айналайын, жалғызым,
Тіліне мұнша ергенің,
Далада қаңғып жүргенің?!
Осынша азар көрсетіп,
Бізге қорлық бергенің?!
Түспеді ме ойыңа
Иесіз қалған елдерің?!
Сені жоқтап үн салып,
Екі мезгіл еңіредім,
- 6650 Күйікпенен меңдедім.
Сені сұрап алғалы
Қайда дәурен сүргенім.
Неден болды себебі,
Не қылғаның, жалғызым,
Кешігіп мұнша келгенің?!
Осының бәрін айтсам да,
Жүз мың шүкір Аллаға.
Жауды бүгін сөндірдің,
Тірілді бүгін өлгенім.
- 6660 Өңім бе, Құдай, түсім бе,
Өтірік пе, рас па,
Жалғызым, сені көргенім?!
Осыны айтып анасы,
Қарабекті сүйеді,
Бетіне ауызы тиеді-ай.
Перзент деген құлын-ды,
Ана деген бие еді.
Биелігі емес пе,
Еміреніп сүйген соң,
- 6670 Қатып қалған тас емшек
Өңірін жауып кетеді-ай,
Бойы балқып иеді-ай.
Анасы мен баласы
Шұрқырасып жатқан соң,

- Бүкіл ноғай жылады-ай.
Мауқын басып көрісіп,
Жылап-сықтап болған соң,
Ортаға алып төрені,
Халқы қатар тұрады-ай:
6680 — Мұнша неге жүрдің? — деп,
Кешігіп неге келдің? — деп,
Не оқиға көрдің? — деп,
Халқы енді сұрады-ай.
Сұраған соң халқына,
Қарабек жауап қылады-ай.
Қысылған жерде Қарабек
Бір Аллаға асылды-ай.
Келмеген соң Қарабек
Өлді деп халқы шошынды-ай.
6690 Келмесе де Қарабек,
Жәрдем болып пірлері,
Халқына есен қосылды-ай.
Айта алмады ұялып,
Бірге туған бауырын
Іс қылды деп осындай,
Зат болғаны нәсілді-ай.
Айтайын десе қылғанын
Бүйтер болды насырды-ай.
Ханбибінің қылғанын
6700 Айта алмай халыққа сасады-ай.
Оны айта алмай халқына,
Өтірік жауап қашырды-ай.
Сонда берген жауабы:
— Жаттым, — депті бардым да,
Тасбұлақтың басына.
Жатуымның себебі —
Қалмақ келсе аттанып,
Соғысарға ойладым,
Елге қарап асырмай.
6710 Себебі осы басында,
Тасбұлақта жаттым, — деп,
Қалмақтың жолын бақтым, — деп,
Келмеген соң аң аулап,

- Құлан мен киік аттым, — деп,
Тамашаға баттым, — деп,
Бұйырған дәмді таттым, — деп.
Бүгін-ертең ізімнен
Ханбибі де келед, — деп.
Осыны айтты Қарабек,
6720 — Халықты сағынып қайттым, — деп.
Осыны айтып болады-ай,
Халық соған нанады-ай.
Аузын ашып-жұмғанша,
Көк есегі астында,
Ақ дәстәрі басында
Бір пірәдар тап болып,
Көп кісіні жарады-ай.
Қарабектің алдына
Қарама-қарсы барады-ай,
6730 Бара заулап салады-ай.
Қарабек атты төренің
Өтірігін шығарып,
Ұялтуға қарады-ай.
Ұялғаннан Қарабек
Қатты есін танады-ай.
Сондағы пірдің айтқаны:
— Болып еді Қарабек
Тергенің таудың шиесі,
Қанша айтсаң да бола ма
6740 Өтірік сөздің жүйесі?
Бұған, ноғай, нанбаңдар,
Қашаннан бері мен едім
Бағып жүрген иесі.
Қылғанымды жасырдың,
Қарабек, сенің бетіңе
Жағылсын қазан күйесі.
Қарындасың Ханбибі
Талдап шашын өргенде,
Бауырым деп сенгенде,
6750 Қалмақтан төмен көргенде,
Қабылан атты қалмаққа
Қолыңды байлап бергенде,

- Өлтіруге ойланып,
Қасыңа қалмақ келгенде,
Суырып алып алмасын
Қаһарын жазып шапқан кім?
Шабайын деп жатқанда,
Темірден қақпақ жапқан кім?
Қарындасың Ханбибі
- 6760 Құс кездікті алғанда,
Құрсағына салғанда,
Не болар едің, бейшара,
Жарылып өліп қалғанда
Қолыменен қаққан кім?
Қарындасың Ханбибі
Ақыл тауып бергенде,
Салайын деп құдыққа
Қасыңа қалмақ келгенде,
Шылбыр салып мойныңа,
- 6770 Сүйрейін деп жатқанда,
Орыныңнан қозғалтпай,
Етегіңнен тартқан кім,
Ұмыттың ба осыны?
Томар үйіп үстіңе,
Көрік басып жаққан кім,
Қарлығып түтін жұтқан кім,
Талпынып отта жатқан кім?
Өлейін деп жатқанда,
Жай бұлтын шығарып,
- 6780 Қара нөсер жаудырып,
Жанған отты сөндіріп,
Осы айланы тапқан кім?
Неше өлімнен құтқарып
Басыңды қорғап баққан кім?
Көрген ісі осылай,
Енді, ноғай, нанбаңдар,
Екіншілей сөзіне!
Мен де енді екінші
Көріне қалмақ көзіне,
- 6790 Көп ұзамай баланың
Азар жетер өзіне.

- Осыны айтып берді де,
Енді көзге түспеді.
Көзді ашып-жұмғанша,
Ғайып болып жөнелді-ай.
Қарабектің сөзіне
Бүкіл ноғай қаныпты-ай.
«Осылайша, Қарабектің, өйтеуір
Кешігуі жаман» деп,
6800 Ноғай бұған наныпты-ай.
Ханбибінің Қарабек
Кесіріне жолықты-ай.
Пірсіз батыр кәріпті-ай,
Кесірінен қаншықтың
Айрылып пірден қалыпты-ай.
Кеткеннен соң пірінің,
Айналасын тауыпты-ай.
Не қыларын біле алмай,
Өртеніп іші жаныпты-ай.
6810 Кейінменен бұл тұрсын,
Таң атқан соң, сәскеде
Кейін қалған Қабыланмен
Ханбибіге барыпты-ай.
Оңашалап үй тігіп,
Ішіне кілем жайдырып,
Үстіне көрпе салыпты-ай.
Барқытпенен тыстаған
Салдырып және мамықты-ай.
Қабылан атты достасын
6720Құрметке төре алыпты-ай.
Сағынып қалған атаны,
Ұялғаннан Ханбибі
Көре алмады халықты-ай.
Ұялғаннан келе алмай,
Ата-анасын көре алмай,
Қабылан ердің қасында-ай
6827 Ханбибі де болыпты-ай.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ЕР ТАРҒЫН

«Ер Тарғын» — ноғайлы дәуірінің тарихи оқиғаларын суреттейтін жыр. Жыр қазақ халқының арасына кең таралған. «Ер тарғын» жырын алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, баспа жүзінде жариялаған — орыс миссионері, түркітанушы Н. Ильминский. Ғалым бұл нұсқаны табын руының атақты жыршысы Марабай ақыннан жазып алып, 1862 жылы Қазан қаласында бастырған¹. Мұнан кейін жырдың осы нұсқасы өзгеріссіз 1892, 1893, 1909, 1913 жылдары жарық көрді. Бұл басылымдардан кейін, яғни Қазан төңкерісіне дейін және сонан кейінгі жерде «Ер Тарғын» жыры өзге де қазақ эпостарымен қатар сан рет қайта басылды².

1939 жылғы басылымнан кейін көптеген қазақ фольклорының туындыларымен қатар, «Ер Тарғын» эпосын жариялауға тыйым салынды. Тек өткен ғасырдың 50-жылдарының соңынан бастап, «Ер Тарғынға» оралудың сәті түсті.

1957 жылы Қазақ ССР академиясының Тіл және әдебиет институты М.О.Әуезов пен Н.Смирнованың басқаруымен Қазақ ССР ғылым академиясының баспасынан «Ер Тарғын» жырын жеке кітап етіп шығарды (баспаға дайындаған Қ. Жұмалиев т.б.) 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өтетін он күндігіне байланысты «Ер Тарғын» қазақ және орыс тілінде шыққан «Қазақ эпосы» жинақтарында жарияланды. Бұдан

¹ Ер Тарғын. – Қазан: Қазан университетінің баспасы, 1862.

² Радлов В. Ер Тарғын // Образцы народной литературы тюркских племен... 3-том. СПб, 1870. С. 119-166; Саркин Н. Ер Тарғын. – Оренбург, 1904; Ер Тарғын // Батырлар. / Бастырып шығарушы – Ә. Диваев. – Ташкент, 1922; Ер Тарғын. – Москва, 1923; Ер Тарғын // Батырлар жыры. – Қызылорда, 1933; Ер Тарғын // Батырлар. – Алматы, 1939.

кейін «Ер Тарғын» халық ауыз әдебиеті жинақтарында, хрестоматияларда жиі жарияланып тұрды³. Н. Ильминский бастырып шығарған Марабай варианты «Ер Тарғын» жайындағы жырлардың негізгі нұсқасы болып есептеледі. Батырлар жырының жинақтарына, хрестоматияларға еніп, көпшіліктің пайдаланып жүргені осы нұсқа.

Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың бірнеше нұсқасы сақтаулы. Олардың арасында Ә. Диваев, Қ. Иманов, Н. Нұрғалиұлы, З. Бекарыстанов, Н. Саркин т.б нұсқалары сақталған. Олардың әрқайсысына ғылыми сипаттама берілген.⁴ Жыр нұсқалары арасында айырмашылық аз. Жырдың сюжеттік нұсқалары қазақтан басқа башқұрт халқының ауыз әдебиетінде сақталған. Осы жырдың сюжеті бойынша Е. Г. Брусиловский «Ер Тарғын» атты опера жазды.

Қазан төңкерісіне дейін «Ер Тарғын» жыры арнайы зерттелген жоқ. Аталған жыр туралы ғылыми пікірлер мен зерттеу еңбектер Кеңестік дәуірде ғана туа бастады. Бұл жөнінде алғаш рет зерттеу жазып, пікір айтқан — М. Әуезов болды.⁵ Мұнан кейін Қ. Жұмалиев, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдулин, Т. Сыдықов Р. Бердібаев, Ш. Ыбыраев сияқты ғалымдар жыр туралы өз пікірлерін білдіріп, жырдың шығу төркінін, тарихқа қатысын, идеялық мазмұнын, сюжетін, кейіпкерлерін образын, көркемдік ерекшеліктерін т.б сөз етті.⁶

³ Ер Тарғын // Батырлар жыры. 1-том. / Баспаға дайындағандар: М. Ғұмарова, В. Уахатов. – Алматы, 1963; Ер Тарғын // Ақсауыт. 1- том / Құрастырған – О. Нұрмағанбетова. – Алматы, 1977.-269-309-бб; Ер Тарғын // Батырлар жыры. 3-том / Баспаға әзірлеп, түсініктерін жазған – М. Ғұмарова. – Алматы, 1987. – 17-143-бб.; Ер Тарғын // Ел қазынасы – ескі сөз / Құрастырып, түсініктерін жазғандар: С. Қасқабасов, К. Матыжанов. – Алматы, 1993.

⁴ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 61-73-бб.

⁵ Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Ташкент, 1927.

⁶ Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті: Оқулық. – Алматы, 1949; Жұмалиев Қ. Эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958; Орлов А.О. Казахский героический эпос. – Москва, 1945; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972; Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991; Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1993; Ыбырай Ш. Эпос өлемі. – Алматы, 1993.

Қазан басылымында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. Эпоста Тарғынның кім екендігі бірден айтылмайды. Жыр Тарғынға қатысы жоқ жайды суреттеуден басталады. Яғни қалың қолмен торғауыт еліне аттанған Ақшахан жеңіліске ұшырайды. Әскерінің жан-жаққа қаша бастаған кезінде, Қырымның еліне барып, алғашқыда елеусіздеу болып жүрген Тарғын бір өзі жаудың әскерін жеңіп, осы ұрыста өзін танытады. Осыдан бастап Тарғын образы даралана бастайды.

Жырдың композициясы: Тарғынның торғауыттармен соғысы; Ақжүністі алып қашуы; Қарт Қожақпен кездесуі; Тарғынның Домбауыл батырды жекпе-жекте жеңуі; жаудың қалың қолымен соғысып, оған тойтарыс беруі сияқты эпизодтардан құрылған. Жырдағы осы әңгімелер Тарғынның іс-әрекетімен тікелей байланысты өрбіп, шебер суреттелген. Сөйтіп, жырда сырт жауға қарсы ұрыс майданында ерлік жасаған Тарғынның бейнесі жасалған. Сол сияқты басқа да кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті шебер суреттеледі. Жырда қысылған жерде қайрат беретін, қиын жерде ақыл табатын ел қамқоршысы батырдың сенімді сергі, сүйікті жары, ақылшысы Ақжүністің де образы үлкен шеберлікпен сомдалған. Әйелдер бейнесін суреттейтін мұндай көріністер қазақтың қаһармандық эпостарында ғана емес, сонымен қатар бурят⁷ халқының батырлық жырларында да кездеседі. Сол сияқты эпоста айрықша ықыласпен суреттелген бейненің бірі — Тарлан тұлпары. Жырда батырға сын сағатта көмек беретін Тарлан жүйрік қана емес, қысылтаяң, тар кездегі алғашқы жәрдемшісі, ақылшысы ретінде суреттеледі. Жүйрік аттың осындай сипатта көрінетін тұстарын қазақтың «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қарабек батыр» сияқты қаһармандық эпостарынан және бурят халқының эпосы «Гэсэрдэн;» тува халқының аңызы «Бокту — Кириш пен Бора Шәлліден», башқұрттың «Заятөлек пен Сусұлу» аңызынан, қалмақтың қаһармандық эпосы «Жәңгірден» кездестіруге болады.

Жинаққа еніп отырған нұсқаның бір ерекшелігі — жыр оқиғасын дамытуда, адам образдарын жасауда жыршы көптеген айшықты теңеу, эпитет, метафора, әсірелеу, шендестіру т.б көркем тілдің әр алуан түрлерін мол пайдаланған.

⁷ Кузьмина Е. Н. Женские образы в героическом эпосе бурятского народа. – Новосибирск, 1980. – С. 146.

Марабай жырлаған «Ер Тарғын» жырының нұсқасы дәстүрлі эпикалық стилде халықтың бай да көркем тілмен өрілген таңдаулы эпостардың қатарына жатады. Мәтінде басқа тілден енген аздаған сөздер кездеседі. Олардың қазіргі қазақ тіліндегі баламалары томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды. «Ер Тарғын» жырының 1870, 1922, 1933, 1939, 1958, 1977, 1987 т.б. жылдары басылған мәтіндерін Қазан (1913) басылымымен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында мынандай мәселелер анықталды:

а) Жоғарыда аталған басылымдардың бәрі де Марабай нұсқасын жариялаған.

ә) 1870, 1922, 1933 жылғы басылымдарда «бек» сөзін «би» деп өзгерткені болмаса, мәтін ешбір өзгеріссіз жарияланған.

б) 1939, 1958, 1977, 1987 жылғы басылымдарда жырдың қарасөзбен баяндалатын тұстарына аздаған редакция жасалған.

в) 1958, 1987 жылдардағы басылымдарда кейбір өлең жолдары өзгертілген.

Мысалы: (түпнұсқа, 320-жол «Жаттың жаман болмағы») деген өлең жолы «Жаудың жаман болмағы», (түпнұсқа, 484-жол. «Маған теңіңнен сенің не пайда?») деп басылған жолы «Тегіңнен сенің не пайда?», (түпнұсқа, 514-жол «Жер төпелді желгенде») деген жолы «Жер дүбірледі желгенде» болып өзгертілген.

г) Емлелік қателер көп кеткен.

Осындай кемшіліктерге қарамастан, жоғарыда аталған басылымдардың құрастырушылары фольклорлық шығарманың мәтінін түпнұсқа күйінде беруге тырысқан. Мәтінді жинаққа дайындау барысында осы сияқты олқылықтар түзетіліп, түпнұсқа мәтіні қалпына келтірілді.

Томға ұсынылып отырған «Ер Тарғын» жырының мәтіні 1913 жылғы Қазан басылымы бойынша әзірленді.

Оспан Қисықұлы нұсқасы. «Ер Тарғын» жырының аталған варианты 1904 жылы Орынбор қаласында жарияланған⁸ Жырдың қолжазбасы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында

⁸ Ер Тарғын. Шығарушы: Н. Саркин. – Оренбург, 1904.

сақтаулы⁹ Жинаушысы — Н. Саркин. Ол «Ер Тарғын» жырын Қостанай уезі, Кеңарал болысы, 12-ауылдың тұрғыны Оспан Қисықұлынан жазып алған. Қолжазба қорға 1930 жылы түскен, бірақ кім тапсырғаны белгісіз. Шығарма бір жолды сары қағазға қара сиямен жазылған.

Оспан Қисықұлы жырлаған «Ер Тарғын» нұсқасы туралы пікір айтқан ғалымдардың бірі — Қ. Жұмалиев.¹⁰

«Ер Тарғын» жырының бірнеше нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Оспан Қисықұлы жырлауында «Ер Тарғын» эпосының байырғы желісі барынша сақталып, жырдағы кейіпкерлердің есімдері, мінездемелері мен көптеген өлең шумақтары да ұқсас болып келгенімен, кейбір айырмашылықтары да бар екені байқалды. Мысалы, бұл нұсқада басқа варианттарда бар 1. Ақшаханның Ақжүніс атты қызын суреттейтін тұсы, Ханзаданың Тарғын мен Ақжүністі Бұлғыр тауындағы Шаған деген жайлауға тастап кеткенде, олардың азығы таусылып, Ханзададан ешбір адам келмей тарыққан кезде Тарғынның айтқан толғауы т.б эпизодтар кездеспейді. 2. Жырдың кейбір көріністері қысқартылып берілген. 3. Жалмағанбеттің есімін Қалмамбет деп атайды. 4. Оқиғаның көпшілігі қара сөзбен баяндалған.

Қысқасы, жыршы Ильминский нұсқасымен жете таныс болған. «Ер Тарғын» жырының түпкі сюжетін жадында сақтай отырып, қысқартып, ықшамдап өзіндік стильмен жырлаған деп санаймыз. Аталған мәтінде араб, парсы, жергілікті сөздер барынша аз кездеседі. Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздердің қазақ тіліндегі баламалары томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Ер Тарғын» жырының мәтіні ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы қолжазбадан (Ш. 373, 1-дөп) еш өзгертусіз дайындалды.

Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқасы. Бұл нұсқа алғаш рет «Тарғын батыр жыры» деген атпен 1987 жылы «Батырлар жырының» 3-томында жарияланған.¹¹ Жырдың түпнұсқасы

⁹ Ер Тарғын. Ш. 373 (ОҒК). – Жинаушысы – Н. Саркин.

¹⁰ Қазақ әдебиетінің тарихы. 1- том, бірінші кітап. – Алматы, 1960. – 385-б.

¹¹ Тарғын батыр жыры // Батырлар жыры. 3-том. Баспаға әзірлеп түсініктерін жазған – М. Ғұмарова. – Алматы, 1987. – 143-161-бб.

Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы.¹² Қолжазба «Батыр Тарғын» деп аталады. Ал папканың ішкі бетіне «Ер Тарғын батыр туралы поэма» және титульдік бетінде «Ер Тарғын» жыры деп жазған.

Бұл шығарманы Әміре Ыспанұлы Нұрғали Нұрқасымұлы деген жыршыдан Семей обылысы, Шұбартау ауданында жазып алған. Қорға 1939 жылы түскен. Мәтін сарғыш қағазға қарындашпен араб әрпінде жазылған. Нұрқасым нұсқасы Тарғынның Ақшаханға келуінен бұрынғы өмірін суреттеуден басталады. Яғни ерте заманда ноғайлы елінде Астархан деген хан болғаны; бұл елде Тарғынның да өсіп, ер жеткені, жалғыз аты Тарланды құлын күнінен бастап өсіргені; Тарғынның жігіттік, батырлық құрған шағы т.б. баяндалады. Нұсқа «Ер Тарғын» жырының бұрынғы баспа бетін көрген және жарияланбаған нұсқаларының бастапқы тарауы сияқты. Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқасының тілі көркем, оқиғасы қызықты. Мәтінде араб, парсы т.б. тілдерден енген сөздер жоқтың қасы.

1987 жылы жарияланған «Тарғын батыр жыры» осы нұсқасының мәтінін түпнұсқамен (Ш. 424. ОҒК) салыстырғанда елеулі айырмашылықтар кездескен жоқ.

Томға ұсынылып отырған жыр мәтіні аталған қолжазбадан тікелей (Ш. 424. ОҒК) әзірленді.

Қ. Алпысбаева

ЕР КӨКШЕ

«Ер Көкше» қазақ халқына кең тараған көне жырлардың бірі. Бұл шығарма (В.В. Радлов, Н. Потанин еңбектерінде) «Ер Көкше» не «Ер Қосай» деген атпен орыс халқына ертеден таныс, тіпті қырғыздардың «Манас» жырының ішінде Көкше есімі бастан аяқ кездесіп отырады.

«Ер Көкше» батырлық жырын алғаш қағаз бетіне түсірген В.В. Радлов 1870 жылы өзінің еңбегінде¹ басып шығарады.

¹² Ер Тарғын. 424 (ОҒК) Жыршысы – Нұрқасым Нұрғалиұлы. Жинаушысы – Әміре Ыспанұлы.

¹ Радлов В.В. Ер Көкше // Образцы народной литературы тюркских племен... 3-том. – СПб., 1870. – 88-119 стр.

Еңбегінде Ақмола, Семей, Ташкентті мекендейтін елдерді аралап, хат танымайтын адамдардың айтуынан жазып алғандығын айтады. Н. Потанин де өз еңбектерінде «Ер Көкше» туралы ғылыми зерттеулер² жасағанын көреміз.

Қазір ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Ер Көкшенің бірнеше нұсқалары сақтаулы тұр.

Олардың арасында В. Радлов, Г. Потанин, Мұрын жырау, К. Көшкіншіұлы, А. Хангелдин, Б. Сарманов, Машһүр Жүсіп т.б. нұсқалары сақталған. Мұрын жырау мен Мәшһүр Жүсіп нұсқаларына ғылыми сипаттама берілген³. Жырлардың мазмұны ұқсас болғанымен, айырмашылықтары да жоқ емес. Ш.Уәлиханов пен Г. Потаниннің еңбектерінің оқиғасы бір болып келеді. Екеуінде де Қосай әкесінің кегін алуға кеткенде артында қалған елін қара қыпшақтан шыққан Қобыланды жаулап алады.

Г. Потанин ел аралап жүріп кездестірген халық әдебиет үлгілерін орыс тілін білетін жастардың көмегімен аудартып алып отырған. Аудармашыдан ба, әлде айтушыдан ба жырлардың сюжеттері кейде ауысып, алмасып кеткен сияқты. Қосай Қобыландыны азат етеді. Ал Қобыландының барлық вариантында Қосаймен соғысыпты деген оқиғалар кездеспейді.

В. Радлов, Г. Потанин, Ш. Уәлиханов айтуынша, бұл жырдың аты «Ер Көкше», ал А. Хангелдин, Мұрын жырау жырдың атын «Ер Қосай» деп атайды. В.Радлов жинаған «Ер Көкше» мен Мәшһүр Жүсіптің жинаған «Ер Көкшесінің» мазмұны, оқиға желісі, кісі аттары бір болғанымен, айырмашылығы да бар. В.Радлов вариантында Ер Көкше соғыс үстінде өлсе, Мәшһүр Жүсіпте соғыстан қайтып келе жатып жолда өледі.

В. Радлов нұсқасы бойынша, Қосай батыр Жаңбыршыұлы Темірбайды, темір үй ішіндегі тоқсан сиырдың сүтін ішетін Сары баланы және Күрең арғымақты өлтіреді, Мәшһүр Жүсіпте темір үйдегі Сары баланы, Күреңді өлтіреді.

² Потанин Г.Н. Ер Көкше және оның баласы Ер Қосай // Казахско-киргизские и алтайские легенды, предания и сказки. – М., 1947.

³ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 282-290-бб.

«Ер Көкше» жыры қарасөзі мен өлең шумақтары аралас келеді. Кімнен қашан жазып алғаны белгісіз. Бұл шығарманың мазмұнына, стиліне келетін болсақ, батырлық эпостан гөрі ертегіге жақын⁴. Мысалы Көкшенің жан жолдасы Манаша соғысып жүріп, маңдайына оқ тиіп, өліп қалады. Соғыс біткен соң өлген кісілерді аралап жүріп, Көкше Манашаны тауып алып, маңдайынан оғын суырып алып, қара дәріні құйып еді, жан бітіп, қырық кісімен бірге тұрып кетті. Және алып күшті Темірбай соғыста Қосайды өлтіріп қояды. Сары аттың айтуымен сүйіктісі Ботақыз өлген кісілердің өтін жинап, Қосайдың мұрнына құйғанда жан бітеді.

«Ер Көкше» жырын В.Радлов 1870 жылы, Г. Потанин (Ер Көкше және баласы Ер Қосай) 1881, 1918 жылы, («Қазақ әдебиетінің тарихы», 1 том, 1 кітап – тек ғылыми түсініктеме берілген) 1960 жылы, «Батырлар жыры» 3 томда (49-62 бет) 1987 жылдары баспа бетін көрді.

Жырдың құрылымына келсек, бас-аяғы толық, 7-8 буында жыр үлгісімен жазылған. Өлең жолдарының ұйқастары жақсы үйлескен. Оқиға желісі өте қысқа, қызықты берілген. Кейбір эпостық жырларда қас батырдың ақылшысы оның сүйікті әйелі болса, бұл шығармада Сары атпен ақылдасады, аттың айтуыменен Ботақыз өлген кісілердің өтін жиып, мұрнына құю арқылы өлімнен алып қалады.

Жинаққа еніп отырған нұсқаның басқа эпостық жырлардан айырмашылығы — мұнда теңеу, метафора, әсірелеу әдістері өте әлсіз берілген, яғни өте аз орын береді. Араб, парсы сөздері кездеспейді. Бұл жырға текстологиялық және орфографиялық жұмыстар жүргізіліп, тыныс белгілері, емшелері бір жүйеге келтірілді.

Томға ұсынылып отырған бұл жыр В. Радловтың 1870 жылғы түпнұсқасынан алынып, еш өзгертусіз дайындалды.

Қ. Тастанов

⁴ Батырлар жыры. 3 том. – Алматы: Жазушы, 1987. – 49-62-беттер.

ЕР ҚОСАЙ

«Ер Қосай» — қазақ даласына кең танымал халықтық шығармалардың бірі. ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасында және М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында «Ер Қосай» жырының бірнеше нұсқалары сақтаулы тұр.

Олар: 1938 жылы А. Хангелдин тапсырған «Ер Қосай» нұсқасы, 1947 жылы Мұрын жыраудан баласы Дәулет жазып алып, тапсырған «Қосай батыр» жыры, Мәшһүр Жүсіп жинаған «Ер Көкше» жыры, Құрбанбай жыраудан жазып алынған «Ер Қосай» жыры, 1947 жылы А. Шамшатова жазып алған «Ер Қосай» ертегісі, 1948 жылы Маңғыстау экспедициясы әкелген «Көкше батыр» жырының қолжазбасы т.б. нұсқалары.

А. Хангелдин тапсырған нұсқа 1961 жылы «Батырлар жырының» 2-томында¹, 1977 жылы «Ақсауыттың» 2-томында², 1987 жылы «Батырлар жырының» 3-томында³ жарық көрді. «Ер Қосай» жырының 1961, 1977, 1987 жылдары шыққан мәтіндерін ОҒК-ның сирек қорында сақтаулы қолжазба нұсқасымен (Ш 664, 1-дәп.) салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде мәтіндердің еш өзгертусіз алынғаны анықталды.

Ал 1987 жылғы басылымды түпнұсқамен салыстырып көрсек, кітаптағы дінге байланысты кейбір өлең жолдарының түсіп қалғаны, мәшінкеге басқан кезде арасынан кейбір өлең жолдары қалып кеткен. Жырда 72-өлең жолынан бастап, 81-өлең жолына дейін жоқ болып шықты. Мысалы:

Алты ағамның соңынан
Шаһит кебінін киейін.
Әуедегі жұлдыз-ды,
Суда ойнайды құндызы.
Бибі Фатима піріміз,
Қосайды соған тапсырдым.
Жер астында оқ жонған,

¹ Ер Қосай // Батырлар жыры. 2-том. – Алматы, 1961. – 15-74-беттер.

² Ер Қосай // Ақсауыт. 2-том. – Алматы, 1977. – 5-56-беттер.

³ Ер Қосай // Батырлар жыры. 3-том. – Алматы: Жазушы, 1987. – 63-107-беттер.

Шаһизында жас бала,
Қосайды соған тапсырдым.

А. Хангелдин тапсырған «Ер Қосай» қиссасы сарғыш қағазға араб әрпімен жазылған, көлемі 54 бет. Бұл жырдың оқиғасы Ер Көкшенің қалмақтардан алты ағасының кегін алудан басталады. Қосай әкесінің хабарын сұрайын деп қосынның алдынан шығады. Осы кезде Қосай сегіз жаста болатын. Әкесінің өлгенін біліп, қырық жолдасыменен жолға шығады. Жыр соңында әкесінің кегін алып, олжалы болып, Ботаны алып қайтады. Басқа эпостардағыдай батырлық сарын басымырақ кездеседі. Ер Қосайға:

«Ер Қосай заулап жөнелді,
Лашын құстай қалшылдап.
Жеңсіз берен киінді,
Қабағын тастай түйінді,

немесе:

Ақ сұңқардай шүйілді.
Шу дегенін білген соң,
Табаны жерге тимеді.
Табанына тиген тас
Саз балшықтай иленді»,

деген сияқты дәстүрлі әрі тұрақты эпитет, теңеулер көптеп қолданылған. Жыр 7-8 буынды өлең аралас қарасөзбен баяндалған. Оқиға желісі қысқа, қызықты беріледі.

Бұл шығармада араб-парсы және қазақтың ескі (архаизм) сөздері де кездеседі. Ондай сөздер қазіргі тілге бейімделіп, томның соңындағы арнайы сөздікте топтастырылды. Жырға текстологиялық және орфографиялық жұмыстар жүргізіліп, мәтін емлесі бір жүйеге келтірілді.

Томға ұсынылып отырған «Ер Қосай» жырының мәтіні ОҒК қорында сақтаулы қолжазба (Ш 664, 1-дәп) бойынша ешбір өзгертусіз өзірленді.

Қ. Тастанов

САЙЫН БАТЫР

«Ер Сайын» — қазақ арасында кең тараған, халық сүйіспеншілігіне бөленген жыр.

«Ер Сайын» жыры жөнінде алғаш пікір білдірген — орыс ғалымы В.В.Стасов¹. Ол өз еңбегінде түркі-монғол эпосын орыс былиналарымен салыстыра отырып, ондағы көптеген белгілердің орыс эпостарында жоқ екендігін көрсетеді. Осы пікірін дәлелдеу барысында «Ер Сайын» жырынан мысалдар келтіреді.

«Ер Сайын» жыры алғаш рет академик В.В. Радловтың 1870 жылы шыққан «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и в Джунгарских степях» атты кітабының 3-томында (СПб., 1870. — 166-221-бб.) «Сайын батыр» деген атпен жарияланды².

Аталған эпос мәтіні кеңес дәуірінде Мәскеуде 1926 жылы жеке кітап болып шықты³. 1922 жылы Ташкентте⁴, 1933 жылы С. Сейфулин құрастырған «Батырлар жыры» жинағында⁵ жарияланса, С. Мұқанов 1939 жылы «Батырлар» атты эпостар жинағына енгізген⁶. Кейін «Ер Сайын» жырының мәтіні 1992 жылы «Қазақтың батырлық эпосы», Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» атты кітапта, 1993 жылы «Ақ сандық», 1994 жылы «Ел қазынасы — ескі сөз» атты жинақтарда басылды⁷. Эпостың ықшамдалған нұсқасы А. Пенковскийдің аударуымен «Литературный Казахстан» (Алматы, 1935, №2, 3, 4; 1938 № 8, 9, 11) журналында орыс тілінде жарияланды.

¹ Стасов В.В. Происхождение русских былин. Т.2. — Москва, 1868.

² Сонда. — 316-б.

³ Ер Сайын (Жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткерген Байтұрсынұлы Ахмет). — Мәскеу, 1926.

⁴ Ер Сайын. — Ташкент, 1922.

⁵ Сайын батыр // Батырлар жырының жинағы / Кітапты құрастырған — С. Сейфуллин — Алматы, 1933. — 185-226-бб.

⁶ Ер Сайын // Батырлар / Кітапты құрастырып, түсініктемелерін жазған — С. Мұқанов — Алматы, 1939. — 345-бб.

⁷ Сайын батыр // Қазақтың батырлық эпосы / Құрастырып, түсініктемелерін жазған — С. Дәуітов. — Алматы, 1992. — 170-216-бб. Сайын батыр // М. Ж. Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері / Құрастырған — С. Дәуітов. — Алматы, 1992. — 170-216-бб; Сайын батыр // Ақ сандық / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: С. Қасқабасов, К. Матыжанов. — Алматы, 1994. — 206-250-бб.

«Ер Сайын» жыры туралы М. Өуезов, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ө. Марғұлан, А.С. Орлов, Қ. Жұмалиев, Ө. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, Ш. Ыбыраев т.б. ғалымдар әр түрлі еңбектерінде жазып зерттесе, зерттеуші Г. Абитова «Ер Сайын жырының поэтикасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация жазды⁸.

Аталған жырда архаикалық жырларға және классикалық қаһармандық эпостарға тән сарындар мол. Олар: Бозмонайдың баласыздық қайғысы, болашақ батырдың ғажайып туысы, жедел жетілуі, қолдаушы пірлердің аян беруі, түс көру мен түс жору, батырлық соғыстардың әсіреленіп берілуі, қаһарманды мінсіз етіп көрсетуі т.б. Жырдағы мұндай мотивтер «Алпамыс», «Қобыланды», «Орақ — Мамай» т.б қазақ эпостарына тән ортақ, дәстүрлі сарындар. Мәселен, Сайынның әйелі жайсыз түс көріп, шошып оянады:

— Мен бүгін бір түс көрдім,
 Жауырыным тола қара шаш
 Жайылыңқы көрінді.
 Бедерленген бес тырнақ
 Қанға малыңқы көрінді.
 Шешем берген боқшасы
 Шашылыңқы көрінді.
 Жауда жүрген балаңның
 Астында жүрген Ақбоз ат
 Құйрығы келте көрінді.
 Қолына алған ақ сүңгі
 Үзіліңкі көрінді...

Бұл түсте Ер Сайынның басына бір қауіп-қатердің түскенін сездіреді. Батырдың әйелі Аюбике Сайынды іздеп келіп, өліп қалған батырды «аюдың майын» жағып тірілтіп алады.

⁸ Өуезов М. Әдебиет тарихы. – Ташкент, 1927; Сейфоллаұлы С. Қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Қызылорда, 1932; Марғұлан Ө. Халық жырын туғызудағы мотивтер // Халық мұғалімі. 1939, №2. – 119-132-бб.; Орлов А.С. Казахский героический эпос. – Москва – Ленинград, 1945; Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1993; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993; Абитова Г. Ер Сайын жырының поэтикасы. Филол. ғылым. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссерт. авторефераты. – Түркістан, 2007.

Қаһарманның «өліп-тірілуі» сюжеті алтайлықтардың «Алтай — Сайын Салам» атты ертегісінде кездеседі.

Қаһармандық жырларға тән белгілердің бірі — ел қамқоршысы батырдың сұлу жары, әрі ақылшы, көмекшісінің бейнесінің жасалуы болса, аталған жырдан да Аюбике бейнесінен «мінсіз жардың» барлық қасиеттерін табуға болады. Сонымен қатар ол өлген жанды тірілте алатын қасиетке де ие. Бұл бейнесімен «Қозы Көрпеш — Баян сұлудағы» Баянға, «Ер Қосай» жырындағы Ботақызға т.б ұқсас.

Сөйтіп, жырда Сайынның ауруынан айығып, қалмақтың Еламан, Жоламан атты батырларымен соғысы; Бөгенбай мен Киікбайды ертіп Қобыландының келуі; олардың қамалды бұзуы; Киікбайдың әкесін танымағандықтан, әкесіне найза сілтеуі; әкесінің баласын тануы; олардың жеңіске жетуі т.б әңгіме болады. Осылардың бәрі қаһарман есімімен байланысты дамып отырады.

В.В. Радлов жариялаған нұсқаның тілі көркем. Мәтінде аздаған араб, парсы, татар сөздері кездеседі. Эпос мәтінінде ұшырайтын түсініксіз сөздер томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

«Ер Сайын» жырының 1933, 1939, 1992, 1994 жылдары басылған мәтіндерін В.В. Радлов нұсқасымен (СПб, 1870) салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында:

1. Жоғарыда аталған басылымдардың бәрі В.В. Радлов жариялаған мәтін екені анықталды.

2. 1939 жылғы басылымда 1300, 1301, 1342, 1343-ші өлең жолдары түсіп қалған. Мәтінде кездесетін «алаш» сөзі «ел», «тайпа» деп өзгертілген.

3. 1992 жылғы басылымдарда жинаушының өз тарапынан қосқан өлең жолдары бар екені анықталды. Мысалы: 128-жолға «Әнін қосып жылайды», 148-жолға «Оң жағыма кіргізіп», 461-жолға «Көрмейсің бе ыңғайын» т.б. жаңадан енген. Ал 199-жолдағы «От жағалай отырып» деген өлең жолы «Отының басын толтырып», 466-жолдағы «Бәрімізді қырады» деген өлең жолы «Бізді тегіс қырады» деп өзгертілген т.б.

Осындай кемшіліктерге қарамастан, құрастырушылар 1933, 1939, 1992, 1994 жылдардағы басылымдарда фольклорлық шығарманың мәтінін түпнұсқа күйінде беруге тырысқан.

Мәтінді жинаққа дайындау барысында осы секілді кемшіліктер түзетіліп, түпнұсқа қалпына келтірілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында «Ер Тарғын» жырының Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Р. Игнатьев, Қ. Иманов т.б. жинаған қолжазбалары сақтаулы. Олардың арасында сюжеттік айырмашылықтар аз. Бәрі де В.В. Радлов бастырған мәтіннен алшақ кетпейді.

Томға ұсынылып отырған «Сайын батыр» жырының мәтіні 1870 жылы Радлов шығарған «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и в Джунгарских степях» атты жинақтан (3-том, 166-221-бб.) еш өзгертусіз даярланды.

ҚИССА-И ҚАРАБЕК БАТЫР

Аталған эпос алғаш рет «Қисса-и Қарабек» деген атпен 1882 жылы Қазанда басылып шықты¹. Жырды Омбы аймағы, Мұқыр өзенінің бойында тұратын Шоқаманұлы Әлжаннан жазып алып, баспаға дайындап берген — Мәулекей Жұмашев. «Қарабек батыр» жырының тағы бір көлемді нұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы². «Қарабек батыр» шығармасы жайлы Б. Жақыбаев, М. Ғұмарова, С. Қорабай сынды зерттеушілердің еңбектерінде сөз болады³.

Аталған жыр мәтіні одан кейін 1961 жылы шыққан «Батырлар жырының» 2- томында⁴, 1977 жылы шыққан «Ақсауыт» кітабының 2- томында⁵ басылды.

¹ Қисса-и-Қарабек / Бастырған – Ш. Хұсайынов балалары. Н.Н. Вячеслав баспаханасы. – Қазан, 1882.

² Қарабек батыр. III. 670 (ОФК). Жыршысы – Жаңаберген Бітімбайұлы.

³ Жақыбаев Б. Батырлар жыры. 2-том. Алматы, 1951. – 4-б.; Ғұмарова М. Бұрын зерттелмеген жырлар // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Бірінші кітап. – Алматы, 1960. – 429-500-бб.; Қорабай С. Қарабек батыр // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2003. – 546-б.

⁴ Қарабек батыр // Батырлар жыры. 2- том. / Құрастырғандар: М. Ғұмарова, О. Нұрмағанбетова, Б. Уахатов. – Алматы, 1961. – 77-142-бб.

⁵ Қарабек батыр // Ақсауыт. 2- том. / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған – О. Нұрмағанбетова. – Алматы, 1977. – 167-219-бб.

Қазан басылымының мәтіні өлеңмен жазылған. Көлемі — 2030 жол. Әлжан нұсқасының оқиғасы Қарабектің қалмақ ханы Қараманға аттануынан басталады. Жырдың құрылымы төмендегідей эпизодтардан құрылған: Қарабектің қалмақтың қалың қолын жеңуі; Қараманды қолға түсіруі; Ханбибінің Қарабекке опасыздық жасауы; Қарабектің елін Қабылан құлдан азат етуі; Қаныкей мен Тыныкейді құтқаруы; Ханбибіні жаза-лауы т.б. Осы көріністердің бәрі жырда қызықты оқиғаға өзек болған. Эпоста бас қаһармандардың ерлік істері әсерлі де шебер суреттелген.

«Қисса-и Қарабек» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын түс көру, бал ашу, киім ауыстыру, қорғаушы пірлер сияқты сарындар қамтылған.

Қазан нұсқасы көркем, шұрайлы тілмен жырланған. Мәтінде аздаған араб, парсы, татар сөздері кездеседі. Эпос мәтінде ұшырасатын түсініксіз сөздер томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды. «Қарабек жырының» 1961, 1977 жылдары басылған мәтіндерін Әлжан (Қазан, 1882) нұсқасымен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізгенде басылымдарда төмендегідей кемшіліктер кеткені анықталды:

1. 1977 жылғы басылым 1961 жылы шыққан мәтінді өзгеріссіз қайталайтыны анықталды.

2. Өлең жолдарының өзгертілген, түсіп қалған жерлері кездесті.

Мысалы, Ханбибінің сұлулығын суреттейтін тұсы:

Қазан басылымы:
(160-бет)

1961, 1977 ж.ж. басылым
(77, 167-66).

Хор қызындай саналы,
Құдіретімен берілген.
Ішкен асы шіркіннің
Тамағынан көрінген.
Алпыстағы шалдардың
Тұла бойын идірген.
Оны көрген жігіттер
Өлейін десе өле алмай,
Өз жанын қия алмай,

Хор қызындай саналы,
Құдыретімен берілген.
Ішкен асы шіркіннің
Тамағынан көрінген.
Алпыстағы шалдарды
Өзегін өртеп күйдірген.
Ғашық болған жігіттер
Өлейін десе өле алмай,
Өз жанын қия алмай,

Қолына тіпті тигізбей,
 Диуана қылып жүргізген,
 Қылығымен күйдірген,
 Мінезімен сүйдірген.
 Осы қыздың атыны....

Маңынан бірін жуытпай,
 Диуана қылып жүргізген.

 Үшбу қыздың есімін...

Түпнұсқадағы асты сызылған өлең жолдары аталған басылымдарда түсіп қалған және өзгертілген. Сол себепті, біріншіден, өлең ұйқасы бұзылған, екіншіден, ішкі мазмұн көркемдігі біртұтастығынан айрылған.

3. Кейбір өлең шумақтарын тұтастай өзгертуге жол берілген. Дәлелді болу үшін төмендегі салыстыруды келтірейік:

Түпнұсқа: (838-841 — жолдар):

«Біздерге жалғыз бала не қылады» деп,
 Көп қалмақ тауға қарай жүре берді.
 Кеткенін жау қалмақтың көргеннен соң,
 Ұйықтап сол арада жатып қалды...

1961, 1977 басылымдардағы осы жолдар былай өзгертілген:

«Біздерге не қылмақшы жалғыз бала» —
 Деп қалмақ бетін бұрды Қаратауға.
 Кеткенін жаудың әбден сезді дағы,
 Қарабек жатты шалқып маңғаздана...

4. Құрастырушылар көп жағдайда мәтінді көркемдеуге тырысқан. Өз жандарынан сөз тіркестерін, өлең шумақтарын қосқан т.б. 5. Емлелік қателер көп кездеседі. Мәтінді жинаққа дайындау барысында осы сияқты кемшіліктер түзетіліп, түпнұсқа мәтіні қалпына келтірілді.

Томға ұсынылып отырған «Қисса-и Қарабек» жырының мәтіні түпнұсқа бойынша (Қазан, 1882) берілді.

Қ. Алпысбаева

ҚАРАБЕК БАТЫР

«Қарабек батыр» жырының ең көлемдісі, сюжеті толық әрі ел арасына кең таралғаны — Жаңаберген Бітімбайұлы жырлаған нұсқа. Эпосты Жаңаберген жырау әкесі Бітімбайдан үйреніп, ел арасында жырлап жүрген. «Қарабек батыр» жырының мәтінін 1940 жылы Жаңаберген Бітімбайұлының айтуынан қағазға түсірген фольклор экспедицияның мүшесі — Марат Ахметов. Қолжазба ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы¹. Шығарма бір жолды дәптер қағаздарына екі түсті сиямен латын әріпінде жазылған. Көлемі — 6720 жол. Жаңаберген жырлаған «Қарабек батыр» нұсқасы туралы ой-пікірлер М. Ғұмарова, С. Қорабаев сынды зерттеушілердің зерттеулерінде кездеседі.²

Осы нұсқа алғаш рет 1987 жылы шыққан «Батырлар жырының» 3- томында жарияланды³.

Жырдың экспозициясы Қарабектің дүниеге келмей тұрып, он екі баулы ноғайда жасы алпысқа келген Қәдірхан хан мен оның Зәуреней атты әйелінің болғанын, қалмақ елінің ханы Қәдірханның байлығын өз қолдарына түсіруді көздегенін, халық қалмақ шабуылының әсерінен қонысынан айрылып жадап-жүдеген жағдайын суреттейтін мотив — сипаттамадан басталады. Қартайған ата-ананың басына басқыншылардың қауіп-қатері төнген жағдайда Қәдірхан мен Зәуреней Құдайдан бала тілеп, әулиелерге түнеп, дүние кезеді. Тілектері қабыл болып, Қарабек атты ұл мен Ханбибі атты қыз көреді. Болашақ батырдыңғажайыптуумотиві «Алпамыс» жырыныңбарлықверсияларында, «Мұңлық — Зарлық», «Шора батыр», «Қобыланды батыр», «Едіге батыр», жырларында, алтайлықтардың «Маадай — Қара», қырғыздың «Манас» жыры, «Монғолдың құпия шежіресі» сияқты эпостық шығармаларда кездеседі. Міне, осылай жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, дүние кезуі кездейсоқ емес. Олардың арман-мақсаты — атадан қалған мал-мүлікке ие болатын, ұрпағын жалғастыратын мұрагер, сондай-ақ ел-жұртына қорған болатын батыр іздеу. Бұдан кейін жырда

¹ Қарабек батыр. III. 670 (ОҒК)

² Аталған еңбек.

³ Қарабек // Батырлар жыры. 3- том / Құрастырып, ғылыми түсініктемесін жазған — М. Ғұмарова. — Алматы, 1987.

батырдың, балалық шағы, тәрбиесі, ержеткеннен кейінгі үш соғысын, яғни Қабылан бастаған «қыл жалаулы» қалмақты бес мезгілде қыруы; Ақжан бастаған жаудың тас-талқанын шығаруы; Қодар құл бастаған «тоқсан құлды» жеңуі т.б. баяндалады.

Аталған жырдың сюжеттік құрылымында басқа да қазақ эпостарындағы секілді, батырға лайық тұлпар, түс көру, бал ашу, киім ауыстыру сияқты тұрақты мотивтер ұшырайды.

«Қарабек батыр» жырының Қазан басылымының (1882) мәтіні мен Жаңаберген Бітімбайұлы нұсқасын салыстырып қарағанымызда, олардың оқиға дамуында, өлең құрылысында және көлемі жағынан біраз өзгешеліктері бар екенін көреміз:

1. Қазан басылымының көлемі 2030 жол болса, Жаңаберген нұсқасының көлемі 6720 жолды құрайды.

2. Мәулекей нұсқасында оқиға Қарабектің Қараманға қарсы аттануымен басталса, Жаңаберген нұсқасында Қадірханның Құдайдан бала тілеуінен басталады.

3. Жаңаберген нұсқасында Қарабектің балалық шағы, ерліктері түгел қамтылып т.б.эпизодтар ұзақ суреттеледі.

4. Қазан басылымында Қарабектің Қаныкей, Тыныкей деген екі апасы болса, екінші нұсқада Ханыша деген қарындасы болады.

5. Қазан басылымында қалмақ батырының есімі Қараман болса, Жаңаберген нұсқасында — Қабылан ер.

6. Жаңаберген нұсқасында құлдың аты — Қодар.

7. Мәулекей нұсқасында Қарабек өзіне опасыздық жасаған қарындасы Ханбибіні аяусыз жазаласа, Жаңаберген нұсқасында қарындасына кешірім жасайды т.б.

Осы екі нұсқаны салыстыра зерттеу нәтижесінде Жаңаберген ақын Мәулекей бастырған «Қарабек батыр» эпосын жетік білген. Сол нұсқаны негізге ала отырып, жырдың ұтымды жерлерін сақтап, эпостың кей жерлерінде бірқатар оқиғаларды және эпизодтарды кеңейте, түрлендіре отырып, өзіндік стильмен жырлаған деп санаймыз.

Жаңаберген нұсқасы тіл көркемдігі жағынан да шебер жырланған. Мәтінде аздаған ғана араб, парсы және жергілікті сөздер кездеседі. Жырдың өн бойында кездескен жат жерлік сөздер қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Қазынаға кірейік,
Шашайық алтын-күмісті-ай... ..

Осы бір шамалы салыстырудың өзінен байқағанымыз — ба-
сылымда өлең жолдарының көп түсіп қалуы. Жырдың басынан
аяғына дейін созылған осы сынды кемшіліктер жинаушының
қолтаңбасын дұрыс түсінбегендіктен кеткен қателер деп ойлай-
мыз.

Мәтінді жинаққа даярлау барысында мұндай кемшіліктер
жөнделіп, түпнұсқа қалпына келтірілді.

Томға ұсынылып отырған «Қарабек батыр» жырының мәтіні
ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған түпнұсқа (Ш.
670) бойынша әзірленді.

Қ. Алпысбаева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»^{*}.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

^{*} Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Аплатон — Платон Афиналық (б.д.д. 427-347) — ежелгі грек [иунан] философы, идеализмнің негізін салушы. 407 жылы Соқратпен танысып, оның ең сүйікті шәкірттерінің бірі болды. Өмірінің соңғы жылдарын Афинада өткізіп, көптеген еңбектер жазып, лекция оқыған. Платон жөнінде оның өз шәкірттері мен Аристотельдің атақты шәкірті Аристоксен көп жазған.

Қазақтар оны көбінесе «Аплатон» деп атаған.

Ахмет (Мыс., Түркістанда Ахмет) /а/ — Түркістанда ХІ-ХІІ ғ. өмір сүрген, сол жерде жерленген Ахмет Йасауиді айтып отыр.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыпты-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Баба түкті Шапты Әзіз — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды бо-

лып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Өзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар, ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба түкті Шашты Өзіз — Қожа Ахмет Йасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Дәуіт — Құранда аталатын пайғамбарлардың бірі, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Оның есіміне байланысты көптеген шығыс аңыздары қазақ арасында кең тараған.

Ескендір Зұлқарнайын [б.д.д. 356-323] — Македонияның атышулы патшасы Александр Македонский. Ол туралы ертегі, аңыз, әңгімелер Шығыс пен Батыс халықтары фольклорында кең тараған. Сондай-ақ оған біраз әдеби шығармалар арналған. Солардың ішінде шығыстың классиктері [Низами, Фердоуси, Абай т.б.] поэмаларының орны ерекше. Солардың басым көпшілігінде Ескендір Зұлқарнайын әрі батыр, әрі кемеңгер қолбасшы, әділетшіл, құдіреті күшті, «аруағына» көптеген ел табынған, аты өшпейтін қасиетті адам деп бейнеленеді.

Зұлқарнайын (Зу-л Қарнайн — «қосмүйізді») — Құран кейіпкерінің лақап аты. Дерекнамашылардың пікірі әрқилы, біреулері Зұлқарнайын — Александр Македонский десе, екіншілері Йеменнің бір патшасы дейді. Оның лақап аты, Рұм мен Парсыны билегендіктен, бейнелеп қойылған деп жорамалданады. Оның патшалармен жүргізген соғыстары туралы әр алуан аңыз бар; ол мәңгі жасайтын қасиет дарытатын қайнар бұлақты іздеп, Батысқа аттанған деседі. Араб аңыздарында осыған ұқсас лақап аты бар әлденеше кейіпкерлер суреттелген. Солардың бірі — Лахм патшасы әл-Мунзир, екіншісі Йемен патшасы әл-Әкрам (ол да «мүйізді»). Алайда бұл атақ Александр Македонскийге байланысты көбірек тараған, өйткені ол мүйізді Құдай Юпитер — Амонға ұқсастырыла бейнеленген. Құран әңгімесі де дәл осы бейнеге, нақтырақ айтқанда «Александр туралы романның» сириялық нұсқасының тұспалдарына меңзейді. Құдіреттіліктің, молшылық пен биліктің бейнесі ретінде мүйіз сарыны Ежелгі Шығыстың аңыз-әңгімелерінде өте көп тараған. Александр туралы аңыздар желісі өзге әңгімелермен ұласа келіп, орта ғасырда түрлі халықтардың жырлары мен хикаяла-

рына өзек болған. Низами мен Науаидың осы тақырыптағы дастандары айрықша кең танылды.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Лұқпан хакім — ол туралы исламға дейінгі араб хикаяларында біраз аңыздар сақталған. Құран Кәрімде Лұқпанға 31-сүре арналған. Мұнда Лұқпан «бір Құдайлық» бағытын насихаттаған, Алла Тағалаға шын берілген данышпан адам ретінде аталады. Лұқпанның арабша аты — Лұқман әл-Хаким, яғни хәкім Лұқпан. Лұқпан — ақыл иесі, көріпкел, емші делініп, оның есімі көптеген Шығыс халықтарының ертегі, жыр, аңыздарында құрметпен әңгімеленген. Қазақ арасында да «Лұқпан хәкім айтыпты» дейтін бірсыпыра сөздер бар.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбу-л Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

Хазіретші Расул алла 570* жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың алғашқы бұйрық, жарлықтары [уахи] рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түскен. Мұхаммед (с.а.с.) Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды 610 жылы 40 жасында уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Медине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Мәңкүр-Нәңкүр — О дүниеде қабір ішінде адамнан сұрақ-жауап алатын періштелер.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Қуббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Рүстем — Иран, Тұран елдеріне ортақ жартылай мифтік әрі фольклорлық кейіпкер. Оның есімі Орта ғасырдан бергі дәуірдегі мұсылмандық шығыс әдебиетінде тұрақты орын алған, былайша айтқанда, ертегі, аңыз, хикая-дастандарда ол — батырлық пен ерліктің ғажайып үлгісі. Рүстем деген сөз қаһармандық пен орасан зор күштіліктің мәніндегі эпитетке айналған. Рүстем батырдың шығу тегі парсы елінде ертеде өткен Кианилер патшалығының әулеттерімен тығыз қатысты екенін аңғарамыз. Атасы Сам палуан мен әкесі Зал (Дастан) да ерен күштің иелері болған. Рүстемнің өзінен өрбіген Сұһрап, Дарап, Пәрамириз, Баһрам тағы басқа ұлдары да шетінен жүрек жұтқан сайыпқыран батыр ретінде сипатталады. Парсының атақты шайыры Әбілқасым Фердауси ат-Тусидің

«Шаһнамесіндегі» басты оқиғалардың бәріне дерлік Рүстем мен оның ұрпақтары қатысады. Онда Иран мен Тұран елдері арасындағы көп жылдық қырғи-қабақ соғыстардың шежіресі баяндалған. Осы ұлы шығарманы қазақ тіліне толық, әрі көркем тілмен көмкеріп аударушы — Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Дарынды қазақ ақынының бұл еңбегі өзі өмірден қапыда озғаннан соң, жиырма жылдан аса уақыттан кейін ғана жарық көрген. 1961 жылы «Шаһнаменің» Тұрмағамбет аударған нұсқасы біраз бөлігі қысқартылып, «Рүстем-Дастан» деген атпен кітап болып басылды. Тәжік, орыс режиссерлары парсы тіліндегі туындының негізінде «Рүстем мен Сұһраб», «Сияуыш» т.б. кинофильмдер түсірген.

Сүлеймен — Қасиетті Құран есімі аталған пайғамбар һәм екі адам-хайуан, дүние падишашы, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Фатима, (Бибі-Бәтима) (635 жылы қайтыс болған) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы

күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима — шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Шаһаруар — [шаһар /п/ — төрт, йар /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халифа — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Ысрапыл — діни аңыздар бойынша, қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгенін сырнай арқылы жеткізеді. Ысрапылдың негізгі қызметі — Алланың талаптарын, әмірлерін басқа періштелерге хабарлау.

СӨЗДІК

Агузу билла /а/ — Алла, қорғай гөр («Ықылас» сүресі, -аят)
Адырна /к.с./ — садаққа байлайтын, қайыстан өріп жасалған бау

Азбан /ж/ — бұрын үйірге, күйекке, келеге түсіп, кейіннен кестірілген еркек мал (айғыр, қошқар)

Ақдәстәр — ақ матадан жасалатын орауыш, бас киім

Алтын қабақ — той-мерекелерде биік ағаштың басына теңге қойып ату ойыны немесе «Жамбы» деп аталған

Алты жақсы /көне/ — қазақ әдет-ғұрпындағы қылмыстық іс-әрекет кезінде өлген адамға берілетін құн (Мыс: алты жақсы — алты түйе)

Арда емген /ж/ — құлын күнінен құнанына дейін еміп, ақ жілік болған жылқы

Аса таяқ — аңыз бойынша, Мұса пайғамбардың қасиетті таяғын солай деп атаған. «Аса» арабша «таяқ» деген сөз

Асхаба /а/ — көпшілік, Мұхаммед Пайғамбардың серіктерін айтады

Атыны /т/ — аты, есімі

Аусаршы — есерсоқ, жеңіл ойлы адам

Ашына /п/ — көңілдес, тамыр, таныс

Әлқисса /а/ — әңгіме, қара сөз

Баз кешу /п.т./ — күдер ұзу, тастап безіп кету

Башап /п/ — күзетші, жендет

Бәден /п/ — дене, шырай, көрік

Бегрек /т/ — бек, өте

Бисмилла /а/ — Алла атымен бастаймын

Биһуш /п/ — көңілсіз; ессіз болу, естен танып қалу

Биһін /п./ — жақсылық, аяушылық ету

Бұқаржай /к.с./ — Бұқара қаласында жасалған садақ

Біл — ерте кездегі қару түрі

Гөзал /т/ — 1.көрікті, әдемі, сүйікті, 2.киік, қарақұйрық

Ғаусыл — ең таза су

Ғаусыл-Ғияс — ең таза түсіп тазаланған әулиелердің әулиесі деген мағынада

Ғафыл /а/ — аңыз болу, білмеу, аңқаулық

Ғаяр, аяр /а/ — айлакер

Ғибрат /а/ — үлгі, өнеге

Ғұсыл /а/ — бүтін денені жуу, яғни намаз оқу алдындағы тазалану

Дәндер — піл сүйегінен жасалған тарақ

Дәруіш /п/ — дін жолын дәріптеп, ел кезіп жүретін тақуа, сопы адам

Диуана /д/ — ризығын көктен тілеп кәсіпсіз жүретін адам.

Дойыр — өзегіне қорғасын салып өрілген сабы қысқа, жуан өрмелі қамшы

Долана — таулы аймақтарда өсетін жеміс ағашы.

Дулыға — құрама болаттан жасалатын бас киім. Жаугершілік кезінде киеді

Дүлдүл — діни аңыздарда Мұхаммед /с.а.с./ пайғамбардың күйеу баласы Өзіреті Әлидің тұлпары. Кейін ерекше жүйрік аттарды атаған

Дықты — қапалы ренжулі,

Ебей — шөптің аты

Жайшы — алдаушы, сиқыршы

Жамбы /көне/ — әр түрлі формада құйылған, салмағы әр қалай ақша орнына жүрген таза, сом күміс.

Жәуміт — 1.Түркімен халқын құрайтын белгілі рулардың бірі; 2.жексұрын, қарғыс сөз

Жеңсіз берен — болаттан торлап тоқылған сауыт

Жұңқұд /а/ — жөйіт, яхуди, еврей Мұса пайғамбарының үмбеттері

Жығын /т/ — жиын, топ

Жылауан /т/ — өзекше, жылға

Зайыры /а/ — анығы деген мағынада

Зарпы /а/ — қайғы, мұң

Зияпат — рахаттану, жаны жай табу, артықша құрметке ие болу

Зұллы /т/ — шаш, айдар

Зұлпықар — діни аңыздарда Өзіреті Әлидің қылышын солай атаған. Кейін асыл болаттан соққан қылышты осылай атап кеткен

Зуррият /а/ — жұрағат, тұқым

Иман /а/ — сенім

Кәләм /а/ — Құран, Алланың сөзі

Кәлима /а/ — сөз

Кәнәп — өте жұқа мата, бөз

Кәтеп — нардың өркешіне жүк арту үшін ағаштан жасалған

қом

Кебек — кішкене құс

Келеп — шумақ, оралған жіп

Кеулік — таудың қуысы

Көбең — құр жіберген жылқы

Кандек (хандақ) — ор, терең шұңқыр бекініс

Көр — оң мың солып білмейтін наданды айтады

Күдері — иі қанған былғары, тері

Күмәнді — ауыспалы мағынасында жүкті болуды айтып

отыр

Күпір болу — Құдайға сенбеу, имансыздық

Күрзі /к.с./ — басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар

Кіреуке /к.с./ — оқтан, найзадан қорғану үшін жорыққа кие-етін темір сауыт

Қадір түні /д.с./ — ораза айының соңғы күндерінде келетін қасиетті түн

Қалжа — жас босанған әйелге арналып сойылған мал, қой еті

Қалмаржан /ж.с./ — бас киім, ертеде жас келіншектер киген

Қамқа /к.с./ — зер талшықтары қосылып тоқылған жібек

мата

Қар /т/ — бұзық әйел, зинақор

Қасам /т/ — ант су ішу

Қолаң /т/ — қалың, тығыз өскен шаш

Құй /ж.с./ — мейлі, болса болсын

Құлпы — Жібектің бір түрі (атлас)

Құс кездік — басы құстың тұмсығына ұқсас пышақ, кездік

Қымыз мұрын — бие байлағанда алғашқы ашыған қымызынан «қымыз мұрындық» деп жасайтын ел дәстүрі

Қырпу /т/ — дулығаның астынан киетін киіз қалпақ

Лыпа /т/ — ішкіім, ыстан, жұқа жейде

Мағрип /а/ — батыс

Мақшар /а/ — қиямет күнінде болатын сот күні.

Малғұн /а/ — шайтан, ібіліс

Мардуд /п/ — жолы болмаған, қарғысқа ұшыраған жан

Мат /п/ — жығылу, сүріну, жеңіліс табу

Машириқ /а/ — шығыс

Мәдел алмау /п./т./ — күдіктенбеу, күмәнданбау

Мәрт /п/ — ерлік, жомарттық

Мөкесі /ж.с./ — реті, жөні

Мөлде — діндар адамдар киетін ұзын шапан

Мұғайын /а/ — анық, айқын

Мұндар /т/ — құл, бейшара

Мұнәсіп /а/ — жарасымды, лайықты, жағдай, қызмет

Мысыр ету — жайлы мекен ету

Намазшам /п/ — Исламдағы бес намаз уақытының бірі күн
батар сәтте оқылады

Насақ /а/ — төртіп, жүйе

Некен /т/ — жеке, саяқ

Некес /п/ — жат, бейтаныс

Нияз /п/ — Құдай жолына берілетін садақа, салық

Нөпір /а/ — қалың, көпшілік, қосын

Нұра — өзенді, салалы жер

Ораза /а/ — Исламдағы бес парыздың бірі, отыз күн ауыз бе-
кітіп, жат қылықтардан аулақ болу

Өншік — қара жабу

Патиха /а/ — Қасиетті Құранның бірінші сүресі («Фати-
ха»)

Пәс /п/ — төмен, аласа.

Пейіш /п/ — жұмақ. Діни ұғым бойынша, жәннатиқа күнәсіз
адамдарғана барады тұратын орны

Перғауын /а/ — Ежелгі Мысыр патшалары, фараон

Пешене /п/ — маңдай, тағдыр

Пұшайман — сор, қайғылы болу

Пір /п/ — ақсақал, сопылардың ұстазы, қолдап, қорғаушы
әруақ

Пірдаршы — қамқоршы

Самсөз — дағдару, сөз таппай қалу

Сандал — ақ сүйектен жасалған орындық, бағалы, қатты ағаш

Сарыжа /к.с./ — садақ түрі

Селбі /п/ — 1. ағаштың қу бұтағы, бері; 2. болат қылыш

Тауфиқ /а/ — ынсап-қанағат, жәрдем, табыс, бақыт

Ұлфат /а/ — жақсылық; жақын болу

Үмбет /а/ — ел, қауым, жамағат, Мұхаммед пайғамбардың үмбеттері, мұсылмандар.

Фәләк /а/ — әлем, дөңгелек дүние

Фұрсат /а/ — ыңғайлы уақыт, мерзім

Фұшты /а/ — тарақ

Хадден /а/ — шектен, шамадан тыс

Хадиса /а/ — оқиға

Харап /а/ — бұзылу, қирау, апат

Хасыл /а/ — нәтиже, қорытынды; арманына, мақсатына жету; хасыл болды — тілегі орындалды

Хикаят /а/ — әңгіме баян, шытырман оқиға

Шаһдат (Шағдат) — жер бетіне жәннат жасаймын деп күнәлі болған патша

Шаһит — дін жолындағы соғыста өлген адам. Отанын адал қорғап өлген ер азамат

Шәһар, шәр /п/ — қала, кент

Шеттік — 1. кимешектің жағасына қадайтын өшекейлі күміс; 2. ат әбзелі

Шың — қазақтың көне соқпалы музыкалық аспабы. Жау-гершілік заманда дабыл, керней, сырнай сияқты аспаптарымен бірге пайдаланылған

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Астрахан — Ресейдің облыс орталығы. Еділ өзенінің екі жағалауын ала Каспий теңізінен 150 км қашықтықта орналасқан. III ғасырда хазарлардың астанасы болған. Ортағасырларда ноғай, қазақ жандарының астанасы ретінде белгілі тарихи қала. 1556 жылдан Ресей империясының қоластына көшті.

Азов (Азау теңізі) теңізі — Ресейдің Еуропалық бөлігінің оңтүстігіне орналасқан теңіз. Керч бұғазы арқылы Қара теңізбен байланысады.

Бұхара — (санскритше вихара — монастырь) — б. з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының осы аттас облысының орталығы.

Ертіс — Солтүстік мұзды мұхит алабында жатқан өзен. Қазақстан жерінен Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы, бастауын Алтай (Қытай) сілемдерінен алады.

Еділ (Итил) — Еуропадағы ең үлкен өзен. Ол өзеннің бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Ұзындығы 1330 шаршы шақырым. Еділге 200-ге жуық ірілі-ұсақты өзендер құяды.

Жайық — Каспий алабындағы өзен. Оралтауы, Башқұртстан, Орынбор, Батыс Қазақстан, Атырау облысы жерлерін басып, Каспий теңізіне құяды.

Қырым түбегі — Еуропаның оңтүстігіндегі түбек. Қара теңіз, Азов теңіздерімен Перекоп мойнағы арқылы шығыс Еуропа жазығымен ұштасады. солтүстік бөлігі жазық даламен, оңтүстік жағы Қырым тауларымен ұласады.

Қап тауы — Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан

құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты. Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп, бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Мекке — мұсылмандардың ең қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып қажылық рәсімін өтеу — исламның бес парызының бірі болып саналады.

Самарқан — IV ғасырда Марақанда деген атпен белгілі болған, Зеравшан өзенінің аңғарында орналасқан Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының осы аттас облысының орталығы.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Бітімбайұлы Жаңаберген — 1886 жылы Қызылорда облысына қарасты Арал ауданында туған. 1953 жылға дейін сол ауданда жұмыс істеп келген. «Қарабек батыр» жырын Жаңаберген ақын әкесі Бітімбайдан үйреніп, ел арасында жырлап жүрген.

Жұмашұлы Мәулекей — XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қиссашыл ақындардың бірі, қазақ фольклорын жинап, бастырушы. 1836 жылы Тобыл губерниясында туған. Ішкі Бөкей ордасында қазақ ауылдарында бала оқытып, ағартушылық жұмыстар жүргізген. Өзінің баспагерлік қызметін «Қисса Тамимдер» (1866) атты діни дастанды кітап етіп шығарудан бастаған. Ел арасынан қисса-дастандарды жинап, Қазан қаласынан «Қисса Жұмжұма» (1881), «Дариға қыз» (1879), «Қисса Салсал» (1879), «Қисса Сейітбаттал» (1879) секілді фольклорлық шығармалардың жеке нұсқаларын бастырып шығарған.

Ильминский Н.И. (1822-1891) — Қазан университетінің профессоры, түркі халықтарының тілімен әдебиетін зерттеуші ғалым, ориенталист. Қазақ салт-санасы, тілі жөнінде «Древний обычай», (1860), «Материалы к изучению киргизского наречия» (1861) деген еңбектер жазған. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырған. Соның бірі — «Ер Тарғын».

Құлбайұлы Марабай (1841-1898) — Марабай Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, «Жаңа қоныс» деп аталатын жерде туған. Бала кезінен өлең айтып, домбыра тартып, асқан әнші, домбырашы атанады. Өз тұсындағы атақты ақын-жыршылардың қасына көп еріп, сөз өнерін үйренеді. Кейінірек өзі де айтысқа түседі. Марабайдың ақындық-жыршылық даңқы оның халық сүйіп, құмарта тыңдайтын батырлық жырларын айта бастаған кезінен бастап жайылады. «Қобыланды батыр»,

«Ер Тарғын» жырларының ең толық, ең көркем нұсқалары осы Марабайдан қалған мұра.

1860 жыдардың аяғында Марабайдан Ыбырай Алтынсарин «Қобыланды батыр» жырын, ал Н.И.Ильминский «Ер Тарғын» эпосын жазып алады.

Нұрғалиұлы Нұрқасым—1886 жылы бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Дағанды болысы, 10-ауылда туған. Руы — керей. Шұбартау елінде жыршы атанған соқыр Нұрқасым қазақтың дастан, қисса, батырлық жырларын жатқа білген. Репертуарында өлең, ертегілер, батырлық жыр-дастандар т.б; бар. Ақын «Ағыбай батыр» «Алаша хан» жырларын Әкімжан қажыдан (Семей облысы, Абай ауданы, Сарғалдақ ауылы, Есболат руынан), «Ер Тарғын» жырын Бейсенбай қызы Күлежаннан (Күлежан — Тобықты Бейсенбай ақынның қызы) үйренген.

Радлов Василий Васильевич (1837-1918)— ірі шығыстанушы, түркі тілдері мен фольклорының үлкен білгірі. Ұлты — неміс, Германияның Берлин қаласында дүниеге келген.

Берлин университетін бітіргеннен кейін болашақ ғалым Ресейге келеді. Ұзамай, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. Осы уақыттан бастап түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеумен белсене шұғылданады. В.В.Радлов әр түрлі ғылыми сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді ұқыпты түрде жинап, қағазға түсіреді.

1870 жылы В.В.Радлов «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары»... деген көптомдық еңбегінің үшінші томында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жариялады.

Саркин Николай— ұлты қазақ, шын аты-жөні Хакімжан Сәркеұлы. Оның туып-өскен жері— Қостанай уезі, Кеңарал болысы. Шіркеу қызметін атқарған. Кейін Омбыға қызметке (земское управоға) ауысады. Н. Саркин— өз қызметін атқара жүріп, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың ауыз әдебиет үлгілерін жинауға үлкен еңбек сіңірген адам. Ол 1904 жылы «Ер Тарғын» жырын Қисықов Оспанның айтуынан жазып алып, орыс тіліне аударған. Сол сияқты орыс тіліне қазақтың «Мақал-мәтелдерін», «Самұрық құс» ертегісін т.б. аударған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін шыққан кітаптар

1. Ер Тарғын. — Қазан, 1913.
2. Қисса — и — Қарабек батыр. — Қазан, 1882.
3. Радлов В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и... 3-том. — СПб., 1870.
4. Ер Тарғын. ОҒК, III. 373.
5. Тарғын батыр жыры. ОҒК, III. 424.
6. Қарабек батыр. ОҒК, III. 670.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Әуезов М. Қазақ әдебиеті. — Алматы, 1991.
2. Бердібаев Р. Эпос — ел қазынасы. — Алматы, 1982.
3. Гэсэр. Бурятский героический эпос. — М., 1973.
4. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974.
5. Жирмунский В. Тюркский героический эпос. — Москва, 1974.
6. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. 8 кл. — Алматы, 1943.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-ші кітап. — Алматы, 1960.
8. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: Е. Есова, Ү. Сүбханбердина, Д. Сейфуллина. — Алматы, 1986.
9. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975.

10. *Қоңыратбаев Т.* Эпос және этнос. — Алматы, 2000.
11. *Маадай—Кара.* Алтайский героический эпос. — М., 1973.
12. *Стасов В. В.* Происхождение русских былин. Т.2. — Москва, 1868.
13. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
14. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К. Баранов.* — М., 1968.
15. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
16. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
17. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
18. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
19. Персидско-русский словарь/ Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.
20. Татарско-русский словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1966.
21. Турецко-русский словарь. — М.: Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова Министерства образования и науки Республики Казахстан продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»). По состоянию на сегодняшний день Институтом подготовлено и издано сорок три тома фольклорных текстов, в том числе тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания, восемь томов дастанов романического (любовного) содержания, три тома исторических поэм, один том генеалогических дастанов, а также одиннадцать томов героического эпоса. Десять томов из этих изданий были посвящены фольклору казахов, проживающих в Китае. Читатели с радостью восприняли красиво украшенное новое издание фольклорных сборников. Публикация художественных образцов этим не ограничится.

Очередной 44 том вышеназванной серии посвящен классическим героическим эпосам. Этот том включает в себя эпические поэмы «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Сайын батыр» и «Қарабек батыр».

Основу содержания эпической поэмы «Ер Тарғын» составляют исторические события ногайлинского периода, который занимает важное место в эпохе национального становления казахского народа. Сохранилось несколько вариантов вышеназванного эпоса. Известно, что одним из широко распространенных высокохудожественных образцов этой эпической поэмы является вариант Марабая. Письменную фиксацию этого варианта эпической поэмы «Ер Тарғын» собственного исполнения певца осуществил русский миссионер Н. Ильминский в 60-х го-

дах XIX века и опубликовал его в 1862 году в издательстве «Университет» города Казани. Эпическая поэма «Ер Таргын» переиздавалась около двадцати раз (варианты А. Диваева, К. Иманова, Н. Нурғалиулы, З. Бекарыстанова, Н. Саркина и другие). Некоторые из них собрали образцы варианта Марабая из уст народа и опубликовали, а другие воспевали эпос, внося в него обновления, обогащая и развивая его содержание. В предлагаемый том, кроме варианта Марабая, который был опубликован в Казани, вошли варианты Оспана Кисыкулы и Нуркасыма Нурғалиулы.

Вошедшая в этот сборник эпическая поэма «Ер Көкше» известна среди народа с древних времен. Эта эпическая поэма относится к числу тех произведений, которые являются составными частями знаменитого эпического цикла «Сорок Крымских богатырей». В рукописном фонде хранятся варианты этого эпоса, записанные в исполнении Мурын жырау, собранные В. Радловым, М.Ж. Копеевым, Б. Саримановым. В этот том серии «Бабалар сөзі» вошел тот из образцов этой эпической поэмы, который издавался первым. Также в этот том был включен вариант эпической поэмы о сыне богатыря Кокше Ер Косай, собранный Асайыном Хангелдиным. Этот образец классического героического эпоса тоже пополняет ряд эпического цикла «Сорок Крымских богатырей». Существование в истории казахского эпоса таких циклов, какими являются «Аншыбай», «Парпария», «Куттыкия», «Едиге», «Нурадин», «Муса хан», «Орак — Мамай», «Карасай, Кази», «Шынтас — Торехан», «Кобыланды», «Бокенбай», где главный герой первого произведения является отцом главного героя следующего произведения, свидетельствует о том, что славная история наших предков порождала династию потомственных богатырей.

Варианты эпической поэмы «Ер Сайын», которые были собраны А. Байтурсыновом, М.Ж. Копеевым, Р. Игнатьевым, К. Имановым, сейчас хранятся в рукописных фондах ЦНБ и ИЛИ.

В 44 том серии «Бабалар сөзі» мы включили вариант этой эпической поэмы, который вошел в сборник «Образцов народной литературы тюркских племен», опубликованный В. Радловым в 1870 году.

Еще одним образцом казахского классического героического эпоса, который был подготовлен для издания в 44 томе серии

«Бабалар сөзі», является «Қарабек батыр». Как и во всех остальных произведениях, вошедших в данный том, в эпической поэме «Қарабек батыр» изображены исторические события ногайлинской эпохи. Два варианта эпической поэмы, вошедшие в этот сборник, ранее были опубликованы, но не стали объектом специального научного исследования. Один из них был напечатан в 1882 году в городе Казань гражданином Башкирии Маулкеем Юмашевым, а второй вариант записывал во время работы Аральской научной экспедиции 1940 года уроженец Аральского края Марат Ахметов в исполнении знаменитого жырау Жанабергена Битимбайулы. Из вышеуказанных вариантов эпоса «Қарабек батыр» последний отличается и объемом, и высокими художественными достоинствами. Вполне вероятно, что в деле усовершенствования этого варианта, который состоит из 6720 строк, участвовал близкий родственник вышеназванного певца-сказителя, выдающийся поэт, создатель и исполнитель своеобразных вариантов многих замечательных эпических поэм — Нуртуган Кенжегулулы. Самое главное то, что два варианта эпоса «Қарабек батыр», вошедшие в эту книгу, были сверены с рукописными материалами, и в результате такой работы были восстановлены те части этих вариантов, которые были упущены в предыдущих публикациях.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі» том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемых текстах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Объем тома — 31 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Madeni Mura» («Cultural heritage»).

At present the staff of the Institute has published forty three volumes of folklore texts including thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious-moral content, three volumes of historical poems, one volume of genealogic dastans and eleven volumes of heroic epos. Ten volumes of those editions were devoted to folklore of Kazakh people living in China. The readers were pleased to accept new beautiful edition of folklore collection. Publication of artistic patterns will be continued.

Volume 44 of the above mentioned series is devoted to the classical heroic eposes. This volume includes epic poems «Er Targyn», «Er Kokshe», «Sayin batyr», «Karabek batyr».

The content of the epic poem «Er Targyn» is based on historical events that happened during Nogaiy period that plays important role in the epoch of national development of Kazakh people. Several versions of the above mentioned epos have been conserved. It is known that one of the widely known highly artistic patterns of this epic poem is Marabai's version. Written record of this version of epic poem «Er Targyn» performed by the singer himself was made by Russian missionary N.Ilminsky in 60th of XIX century and it was published in 1862 at publishing house «University» in Kazan. Epic poem «Er Targyn» has been re-published about twenty times (versions of A.Divayev, K.Imanov, N.Nurgaliuly, Z.Bekarystanov, N.Sarkin and others). Some of them have collected patterns of Marabai's versions from people and have published them, others have performed epos inserting additions and enriching its content. The

proposed volume includes versions of Ospan Kisykuly and Nurkasyym Nurgaliuly except for Marabai's version that was published in Kazan.

Epic poem «Er Kokshe» included into this collection is known since ancient period. This epic poem refers to those works that are the components of the famous cycle «Forty Crimean warriors». Versions of this epos recorded in performance of Muryn zhyrau collected by V.Radlov, M.Z.Kopeev, B.Sarimanov are kept at the manuscript foundation. This volume of the series «Babalar sozi» includes the pattern of this version of epic poem about Er Kosai the son of warrior Kokshe collected by Asaiyn Khangeldin. This pattern of classical heroic epos also belongs to the epic cycle «Forty Crimean warriors». The existence in the history of Kazakh epos of such cycles as «Anshybai», «Parpariya», «Kuttikiya», «Edige», «Nuradyn», «Musa khan», «Orak-Mamai», «Karasai, Kazi», «Shyntas-Torekhan», «Kobylandi», «Bokenbai» where the main hero of the first work is the father of the main hero of the next work shows that there were dynasties of hereditary warriors in the glamour history of our ancestors.

Versions of epic poem «Er Sayin» that were collected by A.Baitursynov, M.Z.Kopeev, R.Ignatiev, K.Imanov are kept now at manuscript foundations of Central National Library and Institute of Literature and Art.

One more pattern of Kazakh classical heroic epos that was prepared for publication in volume 44 in the series «Babalar sozi» is «Karabek batyr». As in all other works included into this volume, epic poem «Karabek batyr» describes historical events of Nogaiy epoch. Two versions of this epic poem included into this collection have been earlier published but were not investigated as a special research topic. One of them was published in 1882 in Kazan city by Maulekei Umashev citizen of Bashkiria and the second version was recorded in 1940 by Marat Akhmetov resident of Aral region in performance of the famous zhyrau Zhanabergen Bitimbaiuly. From the mentioned versions of the epos «Karabek batyr» the recent one differs in volume and high artistic merits. Possibly the relative of the mentioned singer-narrator, prominent poet, creator and performer of the original versions of many remarkable epic poems Nurtugan Kenzhegululy, was involved into the activities on improvement of this version that includes 6720 lines. Main thing

is that two versions of the epos «Karabek batyr» included into this book have been compared with manuscript materials and as a result of such work, those parts of the versions that were missing in the previous editions have been restored.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Volume is 31 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Ер Тарғын (<i>Қазан басылымы, 1913</i>)	11
Ер Тарғын (<i>Оспан Қисықұлы нұсқасы</i>)	53
Тарғын батыр жыры (<i>Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқасы</i>)	65
Ер Көкше (<i>В.В. Радлов нұсқасы. СПб., 1870</i>)	86
Ер Қосай (<i>А. Хангелдин нұсқасы</i>)	99
Сайын батыр	156
Қисса-и Қарабек (<i>Қазан басылымы, 1882</i>)	205
Қарабек батыр (<i>Жаңаберген Бітімбайұлы нұсқасы</i>)	264

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	449
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	469
Сөздік	476
Жер-су атаулары	481
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	483
Шартты қысқартулар	485
Пайдаланылған әдебиеттер	486
Резюме	488
Summary	491

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

44 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*

Редакторы *Ү. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *М. Меңлібаева*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Баур» баспасы
ИБ № 2245

Теруге 28.04.07 жіберілді. Басуға 19.05.07 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 31,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 252.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-35-436-7

